

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

**Шакиров К.Н., Тапалова Р.Б. Мергембаева Н.Б.**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ САРАПТАМАСЫ:  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСІ»  
(Оқу-әдістемелік құрал)**

Алматы, 2013

ББК 67.99 (2) 94

әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылған

Рецензенттер:

Айдарбаев С.Ж. – заң ғылымдарының докторы

Айтмухамбетов Т.К. – заң ғылымдарының докторы

Алибеков С.Т. – заң ғылымдарының докторы

**Шакиров К.Н., Тапалова Р.Б. Мергембаева Н.Б.** Қазақстан Республикасындағы Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және өндірісі. Оқу-әдістемелік құрал: Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012 ж. – 269 б.

Аталған оқу-әдістемелік құралда Қазақстан Республикасының сот сараптама институтының іс жүргізушілігін ашатын және реттейтін ғылыми жағдайлар, құқықтық нормалар және әдістемелік материалдар көзделген. Оқу құралының мазмұны үйренушілерге арнайы ғылыми білімнің әкімшілік, азаматтық және қылмыстық сотөндірісінде тиімді қолдануына қатысты мәліметтерді игеріуге және бекітуге мүмкіндік береді.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына арналған, сол сияқты, аталған құрал құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне, адвокаттарға, судьяларға және сот сараптамалық мәселелерге қызушылық білдіретін оқырмандарға пайдалы болуы мүмкін.

ISBN \_\_\_\_\_

© Шакиров К.Н.  
© Тапалова Р.Б.  
© Мергембаева Н.Б.

## МАЗМҰНЫ

	Автордан .....	4
<i>Жалпы бөлімі</i>	<b><i>Сот сараптамасының теориялық және процессуалдық мәселелері.....</i></b>	<b>5</b>
1 тақырып.	Сот сараптамасының ғылыми және әдістемелік негіздері.....	5
2 тақырып	Сот өндірісіндегі тәжірбиелік қызметінің нысаны ретіндегі сот сараптамасы: ұғымы, пәні, міндеттері және объектілері .....	11
3 тақырып	Сот сараптамасының жіктелуі .....	18
4 тақырып	Сот сараптамасын тағайындаудың ұйымдастырушылық мәселелері. Қазақстан Республикасының сараптамалық мекемелері.....	23
5 тақырып	Сот сараптамасын тағайындаудың және жүргізудің процессуалдық мәселелері.....	30
6 тақырып	Сот сарапшының құқытық мәртебесі.....	38
7 тақырып	Сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезіндегі іске қатысушылардың процессуалдық құқықтары.....	44
8 тақырып	Сот сараптамасын жүргізудің әдістемелік негіздері .....	49
9 тақырып	Сарапшының қорытындысы: құрылымы, мазмұны және бағалануы.....	53
<i>Ерекше бөлімі</i>	<b><i>Сот сараптамасының жеке түрлерін тағайындаудың ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелері.....</i></b>	<b>60</b>
10 тақырып	Құжаттардың сот сараптамасы.....	60
11 тақырып	Трасологиялық сараптама .....	78
12 тақырып	Қарулардың және оларды қолдану іздерінің сот сараптамасы.....	88
13 тақырып	Сот- фонографиялық сараптамасы .....	96
14 тақырып	Материалдардың, заттардың және бұйымдардың сот сараптамасы .....	99
15 тақырып	Жол-көлік оқиғаларының және көлік құралдарының сот сараптамасы .....	114
16 тақырып	Өрт-техникалық сараптамасы .....	122
17 тақырып	Сот-экономикалық сараптамалары .....	130
18 тақырып	Сот-тауарлық сараптамалары .....	135
19 тақырып	Сот-құрылыстық сараптамасы .....	142
20 тақырып	Сот-технологиялық сараптамасы .....	149
21 тақырып	Сот-биологиялық сараптамасы .....	152
	Ұсынылатын әдебиеттер.....	161

## Авторлардан

Аталған оқу-әдістемелік құралдың мақсаты студенттерде арнайы ғылыми білімдердегі азаматтық, қылмыстық және әкімшілік өндірістегі тәжірбиелік қажеттіліктерін қанағаттандыруға икемделген заң ғылымының жеке саласы ретіндегі сот сараптамасы туралы жүйелі түсінікті қалыптастыру болып табылады.

Курс бағдарламасын әзірлеу кезінде оқып үйренушілердің белгілі бір сараптамалық мамандық бойынша даярлаудың әдістемелік негіздері аса ерекше және қажетті шарт ретінде сот-сараптамалық қызметтің саласы туралы жалпы теориялық білімдердің игерілуін талап ететіні ескерілген.

Осыған байланысты, аталған оқу құралында теориялық материал берілген, мұнда сот сараптамасының ғылыми және тәжірбиелік қызметтің саласы ретіндегі мәні жан-жақты талқыланады, атап айтсақ сот сараптамасының пәні, объектілері, міндеттері, жіктелуі, тағайындалуы, қылмыстық, әкімшілік және азаматтық іс бойынша сот сараптамаларын ұйымдастыру мен жүргізу, сот сараптамаларының жіктелуі, республикадағы сот сараптама мекемелері, сот сарапшыларының зерттеу әдіснамалары, сот дәлелі ретіндегі сот сарапшысының қорытындыларын бағалау ережелері және т.б. Басқа сөзбен айтқанда, оқу құралында сот өндірісіндегі процессуалдық институт ретіндегі сот сараптамасының тұжырымдамалық жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін кешенді мәселелері көрсетілген.

Игерілген білімді бекітуге арналған материал ретінде оқу құралында сот сараптаманы тағайындау кезіндегі қаралатын сұрақтарын көрсетіп, сот сараптаманың тәжірибесінде жиі кездесетін түрлері, пәні, объектілері мен мақсаттары туралы ақпараттары бар бөлімдер қарастырылған.

Аталған курсты оқудың негізгі шарты – оқып үйренушілердің процессуалды және материалды құқықтың нормаларын, сонымен қатар криминалистік ғылымның берік іргелі жағдайларын білуі болып табылады.

## ***I. Жалпы бөлімі. Сот сараптамасының теориялық және процессуалды мәселелері***

### **1 тақырып. Сот сараптамасының ғылыми және әдістемелік негіздері**

Өзінің дамуының қазіргі кезеңінде сот сараптамасының ғылыми негіздері пәнаралық жалпы теорияның қалыптасуын білдіретін – **сот экспертологиясы** болып табылады. Сот сараптамасының жалпы теориясы жеке ғылым ретінде танылуы екі түрлі қызметті атқарады: бір жағынан, қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процеске басқа ғылымдардан алынған мәліметтерді тарту бойынша мақсаттарды шешуге қабілетті біріктірілген білім ретіндегі оның теориялық жалпылау деңгейін атап көрсетеді, ал екінші жағынан – сол процессте қолданылатын басқа білімдерден оны шектеп отыру үшін қызмет етеді.

**Сот сараптамасы – сот өндірісіндегі арнайы сараптамалық білімдерді заңды және ғылыми негізделген түрде қолдану мақсатымен сот сараптамасының әдіснамалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін қалыптастыру және дамытудың заңдылықтарын анықтауға бағытталған білімнің саласы.**

**Сот сараптамасының пәні** ғылыми саланың бір бөлігі ретінде келесі заңдылықтардың оқып танылуын қарастырады:

- ***ғылыми білім ретіндегі сот сараптамасының қалыптасуының, құрылуы мен дамуының әдіснамасын көрсететін заңдылықтар;***
- ***сот-сараптамалық қызметінің процессуалдық мәнін зерттеуді және осы негізде оның құқықтық реттелуін жетілдіру бойынша ғылыми ұсыныстардың әзірленуін қамтамасыз ететін заңдылықтар;***
- ***сот өндірісіндегі сот сараптамалық қызметін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ғылыми ұйымдастыру және әдістемелік негіздерін қалыптастыру заңдылықтары.***

**Сот сараптамасының пәні** дегеніміз әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша нақты деректерді, мән-жайларды арнайы ғылыми білімді қолдана отырып анықтау. Сот сараптамасы сот өндірісіндегі зерттелетін оқиғалар мен мән-жайларды анықтау қызметі ретінде заңды нысанда ғылыми жағдайларды жүзеге асыратын және оның теориялық саласының пәні болып табылатын сот сараптамасының жалпы теориясы.

Сот сараптамасының жалпы теориясының мазмұны ғылыми білім ретінде оның міндеттері мен мақсаттарының ерекшеліктерінен туындайды. Ол үшін тану мақсаты дегеніміз жоғарыда көрсетілген заңдылықтардың пәндік саласы.

Сот сараптамасының міндеттері екі топқа бөлінеді: негізгі және арнайы.

**Негізгі міндеттері** – азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот өндірісіне процессуалдық заңға сәйкес, сот сараптамасының ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми негіздерін жетілдіру арқылы алуан-түрлі ғылымдардың деректерін тартуға жәрдем беру.

Негізгі міндеттері арнайы міндеттерді жүзеге асыру арқылы нақтыланады, атап айтсақ:

- сот сараптамасының ғылыми білім ретіндегі әдістемелік негіздерін қалыптастыру мен дамыту;
- сот-сараптамалық қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік жетілдіру мәселелерін әзірлеу;
- сот сараптамасының жеке теориясы мен ілімдерін дамыту;
- сараптамалық зерттеудің жаңа әдістерін әзірлеу және қолда бар құралдары мен әдістерін жетілдіру;
- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот өндірісіндегі сот сараптамасының нәтижелерін пайдаланудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіру және әзірлеу;
- шет мемлекеттердің озық тәжірбиелерін талдау және сот сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәжірбиесіне енгізу.

**Сот сараптамасының жүйесі** ғылыми білімнің саласы ретінде келесі құрылымдардан тұрады:

1. Сот сараптамасының теориясы мен әдіснамасына кіріспе.
2. Сот сараптамасының тәжірбиелік қызмет ретіндегі ғылыми негіздері.
3. Сот сараптамасының ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері.
4. Сот сараптамасын құқықтық реттеудің жалпы қағидалары.
5. Сот сараптамаларының жеке теориялары.

Өз кезегінде әрбір құрылымы өзінің құрамына келесі бөлімдерді енгізеді:

**1. Сот сараптамасының теориясы мен әдіснамасына кіріспе:**

1. Сот сараптамасының жалпы теориясының пәні.
2. Сот сараптамасы жалпы теориясының әдіснамалық негіздері.
3. Сот сараптамасы жалпы теориясының жүйесі.
4. Сот сараптамасы жалпы теориясының міндеттері мен қызметтері.
5. Сот сараптамасы жалпы теориясының ұғымы.

**2. Сот сараптамасының тәжірбиелік қызметі ретіндегі ғылыми негіздері:**

1. Тәжірбиелік қызмет ретіндегі сот сараптамасы туралы ілім.
2. Сот сараптамасының пәні туралы ілім.
3. Сот сараптамасының міндеттері және оларды шешу деңгейлері туралы ілім.
4. Сот сараптамасының объектілері туралы ілім.
5. Сот сараптамасының әдістері туралы ілім.
6. Сот сарапшысы және сараптамалық танымның құрылымы туралы ілім.
7. Сот сараптамасы жіктелуінің жалпы қағидааттары.

**3. Сот сараптамасының ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері:**

1. Сараптамалық қызметтің ұйымдастырушылық нысаны туралы ілім.
  2. Сараптамалық зерттеу әдістерін құру қағидаттары туралы ілім.
- 4. Сот сараптамасын құқықтық реттеудің жалпы қағидалары:**
1. Сот сараптамасы – сот өндірісіндегі арнайы білімнің институты ретінде.
  2. Сот сараптамасын құқықтық реттеудің негіздері.
  3. Сот сарапшысының қорытындысы – процессуалды дәлелдеу жүйесіндегі орны.
- 5. Сот сараптамаларының жеке теориялары.**

Ұсынылып отырған сот сараптама жүйесінде ең алдымен салыстырмалы түрдегі сот сараптамасының екі құрылымы біртұтас білім ретінде берілген: ғылыми және праксеологиялық (жалпы нормалардың негізінде қалыптасатын, тәжірбиенің жалпылануы мен жинақталуына бағытталған).

Сот сараптамасы жалпы теориясы жүйесінің ұсынылған нұсқасының ерекшелігі сот сараптамасының құрылымы ғылыми ережелеге негізделіп отырып, ары қарай сараптама қызметінің ғылыми талдау, сонымен қатар оны жүзеге асырудың құқықтық қағидаларының ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерінің тұрғысында дамуында жатыр.

Мысалы, егер бірінші бөлімі – сот сараптамасының теориясы мен әдіснамасына кіріспеден басталып – **ғылыми мазмұнға ие**, ғылыми білім ретінде жалпы теорияның мәселелерін анықтап беретін қағидалармен ұсынылса, керісінше жалпы теорияның басқа бөлімдерінде **сараптамалық қызметтің** ғылыми негіздерін тікелей сипаттайтын теориялық жағдайлары ашып көрсетіледі.

Қарастырылып отырған теорияның жүйелік құрамдас бөлігі ретінде сараптамалық қызметтің құқықтық бастамасына назар аударылуын, криминалистиканың, процессуалдық, қоғамдық, табиғи және техникалық ғылымдардың ғылыми жағдайларының құрылымдық компоненттері ретіндегі өзінің мазмұны бойынша сот сараптамасының жалпы теориясы ең алдымен заң ғылымының дамып жатқан саласы болып табылатынымен түсіндіреді. Бұл жерде Р.С.Белкин өз кезінде криминалистикалық ғылымды сыни жағынан сипаттап өткен оның заң тұрғысындағы мәнінің негіздемесі айтарлықтай құптарлық. Бұл негіздемелер құқықтық ғылымның саласы ретіндегі сот сараптамасының жалпы теориясына қатысты келесі белгілерге ие:

- оның пәні мен таным объектілері құқықтық құбылыстар саласында жатыр;
- оның қызметтік функциялары, ол шешетін мақсаттар мемлекеттік органдардың құқықтық салаларына, құқықтық процестерге (тергеу, сот талқылауы) жатады;
- сот сараптамасының жалпы теориясымен тәжірбиеге әзірленген барлық ұсыныстары қатаң түрде құқықтық сипатқа ие, заңға негізделген, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша ғылыми білімдерді процеске тарту негізінде объективті ақиқатты орнату қажеттілігімен

өмірге келген;

- аталған теорияның құқықтық мәні құқық танудың саласы ретінде оған тән нормативті-заңды функцияларда байқалады, оның ықпалымен сот сараптамасын реттеу саласындағы көптеген ғылыми ұсыныстар заңды деңгейде енгізіледі;
- сот сараптамасының жалпы теориясы көптеген ғылымдармен өзара байланысты, бірақ олардың байланысы құқыққа, процессуалды ғылымдарға және сараптау, тергеу мен сот практикасына негізделген оның бастапқы негізіне қатысы бойынша көмекші сипатта болады;
- сот сараптамасының жалпы тарихи теориясы да осы құқықтық ғылымдар – криминалистика мен қылмыстық процестің шеңберінде пайда болды.

Сот сараптамасы заң пәндерінің саласына жатқызылып және сараптамалық қызметтің қажеттіліктеріне сүйене отырып, бұл теория өзінің құрылымында сот сараптамасын құқықтық реттеудің қағидаларын көрсетеді, бұл сонымен қатар ол **құқықтық ғылыми теорияның** барлық белгілеріне ие деген тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Сот сараптамасының ғылыми әдіснамалық мәнін түсіну үшін келесі жағдайларды атап өткен жөн:

**Кез-келген білім саласының әдісі мен әдіснамасы оқытылып отырған теорияның объектісіне бағытталуы қажет, бірақ пәннің теориясы да, таным қызметінің теориясы да әдіснама болып табылмайды.**

Әдіснама болу үшін, теория белгілі бір өзгерістерге ұшырауы қажет және оның мәні сол саладағы ғылыми зерттеу үшін нұсқама болуы керек.

Өз кезегінде **әдіс** – ойлай алатын субъектіге қатысты тәсілдері, әдістері және процедуралар, зерттеу нормалары, нұсқамалары мен талаптары туралы білімдердің ерекше түрі. Аталған әдіс-тәсілдерді басшылыққа ала отырып, олар белгілі бір әрекеттерді жүзеге асырады, осылайша пайдаланылған ережелердің, олардың негізінде жатқан сәйкесінше білімдердің де ақиқаттылығын тексереді.

Әдістен айырмашылығы **әдіснаманың** мақсатына алынған нәтиженің теориялық негізділігі енеді, сонымен қатар ол зерттеудің талдау және техникалық жағына қарай, сондай-ақ зерттеушінің әрекетін реттемелеуге шоғырланады.

Басқа жағынан, **әдістемені әдіснамадан** айыра білу қажет, өйткені олар ерекшеліктеріне қатысты танымның жеке нысандары болып табылады. Осы жағдайда әдістеме – зерттеудің жеке ғылыми тәсілдердің жиынтығы бола тұра, көмектесуші әдістерге негізделеді және өзінің құрамына фактілі материалдарды өңдеу техникасын, дағдысын енгізеді. Сондықтан, әдістеме белгілі бір құбылыстардың, заттардың құрамын олардың белгілерін талдап-зерттеуге бағытталған.

ҚР «Сот-сараптамалық қызметі туралы» Заңында **сот сараптамалық зерттеудің әдістемесі** – деп белгілі бір сараптаманың түріне, тегіне қатысты мән-жайларды анықтау үшін қолданылатын әдістердің жүйесін айтады.

Әдіснама мен әдістеме бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ әдістеме бағынушылық маңызға ие.

**Осыған байланысты, теория таным процесінде танылатын заңдылықтарды түсіндіруге, сипаттауға және анықтауға бағытталған, ал әдіснама, олардың қатынастарын, тараптары мен құрамдарын танымдық деңгейде ашады және ғылыми әдіс, тәсіл ретіндегі сәйкес құралдарды зерттеу қызметінде әзірлеп, қолданады.** Сол себептен, таным қызметінің тек теориялық және тәжірбиелік деңгейін ажыратпай, сол сияқты оларды жүзеге асыратын әдістеріне де көңіл бөлу керек.

Заңды анықтамасына сәйкес – **сот-сараптамалық зерттеу әдісі** – сот сараптама объектілерін зерттеген кезде қолданылатын және сот сараптамасының пәніне қатысты логикалық және (немесе) көмектесуші әдіс-тәсілдердің жүйесі.

Сот сараптамасының әдістері – сот сараптама теориясы мен тәжірбиесінде кездесетін міндеттерді дұрыс шешу, олар жалпығылыми және арнайы болып жіктеледі.

**Жалпығылыми** дегеніміз – кез-келеген ғылым мен тәжірбиелік қызметте қолданылатын әдістер. Соңғылардың ішінде сезім-рационалдық, логикалық, математикалық, кибернетикалық әдістер кеңінен қолданылуда.

**Сезім-рационалдық әдістер:**

- бақылау – белгілі-бір объектіні, құбылысты, процессті зерттеу мақсатында қабылдау;
- сипаттау – объектілердің белгілерін графикалық және вербалды түрде бекіту;
- салыстыру – олардың байланыстары мен қатынастарын анықтау мақсатында қасиеттері мен белгілерін салыстыру;
- эксперимент – оның басқа оқиғалармен байланысын зерттеу үшін құбылыстарды, оқиғаларды қайта жаңғырту;
- моделдеу – белгілі-бір объектіні оның ұқсас затына ауыстыру арқылы зерттеу және оның белгілерін жаңғырту.

**Логикалық әдістер:**

- талдау – ойша қойылған бүтінді бөлшектерге бөлу;
- синтездеу – объектіні оның бүтінімені бірлігінде және оның бөлшектерінің өзара байланысында зерттеу;
- дедукция – жалпыдан жекеге тану процесі;
- индукция – жекеден жалпыға таным процесі;
- гипотеза – құбылыстар, фактілер, оқиғалар туралы болжау;
- аналогия – материалдық өмірдің объектілерін және олардың бейнелерін салыстыру.

**Арнайы** әдістер дегеніміз – екі немесе бірнеше ғылымның саласында қолданатын әдістерді шектеулі қолдану, мысалы физика, химия, антропология, социология, психология, биология т.с.с.

Арнайы әдістер сараптамалық тәжірбиеде екі үлкен топқа бөлінеді: **көрінбейтін және зерттелетін объектіні алғашқы күйге келтіретін**

**әдістер, олардың өздері суреттік, математикалық, химиялық, физикалық, биологиялық, кибернетикалық т.с.с. бөлінеді.**

Сот сараптамасында әдістерге және ғылыми-техникалық құралдарға жол берушілік талаптары заңдылық, ғылыми дәлелділігі, сенімділік, қауіпсіздік, тиімділік, үнемділік, этикалық, нормалардың сәйкес болуын білдіреді.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген жағдайлардың түйіні, сот сараптамасы теориясының таным қызметінің әдіснамасы ретінде жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған мәселелердің шеңберінде, сот сараптамасы жалпы теориясының маңызды функциясы ретінде гносеологиялық қызметті атап өткен жөн. Өйткені, тек аталған теория объективті шындықтың ақиқатты көрінісі болып табылады.

Бұл теорияға және де басқа күрделі қызметтер тән **түсіндірушілік және болжамдық.**

**Түсіндірушілік қызметі** өзінің мазмұнына процесстер, құбылыстар, оқиғаларға жалпы сипаттама береді. Белгілі-бір оқиғаларды арнайы терминдермен суреттей отырып, жалпы теория өзінің тілін қалыптастырады, сол арқылы сот сараптамасының білім ретіндегі ерекшеліктерін аша білетін объективті шындықтың заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік туады. Ғылыми әзірленген терминологияның арқасында материалды жүйелеу мен оны орнықтыру жағдайлары туындайды, содан аталған жағдай оқытылып отырған саланы тереңірек ұғынуға ықпал етеді.

Сот сараптамасы жалпы теориясының **болжамдық қызметі** ғылыми саланың заңдылықтарын тану туралы білімнің даму жолдарының алдын-ала болжамдарын айқындайды.

Бұл теориямен жүзеге асырылатын білімдерді жүйлеу және синтез, оның **жүйелеу қызметінің** арқасында, олардың қабылдануын жеңілдетеді, жұмысқа тартылған білімдерді, теорияның кейбір элементтері арасындағы терең байланыстарды анықтап қана қоймай, сонымен қатар теорияның және басқа ғылымдар арасындағы байланыстарды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, сот сараптамасы жалпы теориясының жеке білім ретінде орын алуы оның **әдіснамалық қызметін** қолдануында жатыр. Әдіснамалық қызметін қолдану барысында түсіндіру, синтездеу және болжау сияқты қызметтер орын алады.

Аталған жағдайлар жалпы теорияның әдіснамалық қызметін жүзеге асыру механизмі ретінде сот сараптамасы саласындағы жаңа білімді қалыптастырады.

Одан басқа, криминалистика және басқа да ғылымдармен жинақталған ғылыми әлеуетін қолдану сот сараптамасының жалпы теориясымен бейімделген әдістері арқылы жүзеге асырылады. Сол сияқты, бейімделген және теориялық тұрғыдан негізделген жаңа әдістер мен таным құралдары әдіснамалық қызметтің жүзеге асуы сот-сараптамалық қызметті одан әрі жетілдіріп, дамытады.

Аталған жағдайды ескере отырып, сот сараптамасы жалпы теориясының әдіснамалық қызметі екі түрлі көрініске ие. Ғылыми тұрғыда, ол ойлау қабілеттілік нысанда сараптамалық танымның теориялық қағидалары мен ойлаудың нақты тәсілі түріндегі сараптамалық танымның теориялық принциптерінде қалыптасады. Тәжірбиелік мағынада, аталған қызмет сараптамалық зерттеудің міндеттерін анықтау, нақтылау, түсіндіру ретінде және оны шешу үшін қажетті әдіс-тәсілдер, құралдар әзірлеуде көрініс табады.

## **2 тақырып. Сот сараптамасы сот өндірісіндегі тәжірбиелік қызметтің нысаны ретінде: ұғымы, пәні, міндеттері мен объектілері**

Сот сараптамасы **сот-сараптамалық қызметтің** белгілі түрі ретінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот сарапшының ғылыми арнайы білімін қолдана отырып жүргізілетін зерттеулер болып табылады. Аталған зерттеулердің шеңберінде зерттелуге жататын объектілердің құрамы мен белгілері анықталып оларға ғылыми баға беріледі.

Сот-сараптамалық қызметтің жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу Кодексімен, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу Кодексімен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық актілерімен (барлық соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) реттеледі.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңының 3 бабына сәйкес, сот-сараптамалық қызмет өз құрамына келесі жағдайларды кіргізеді:

- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізу;
- сот сараптама саласындағы ғылыми зерттеулер;
- сот сараптамасының ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі;
- сот сарапшыларды іріктеу, кәсіптік даярлығын және кәсіби біліктілігін арттыру.

Сот сараптамасы келесі қағидаларға сүйенеді:

- заңдылық;
- азаматтар мен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- сот сарапшының тәуелсіздігі;
- сот-сараптамалық зерттеу жүргізу кезінде әдістер мен ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жол берушілігі;
- сот-сараптамалық зерттеулердің объективтілігі, толықтылығы мен жан-жақтылығы;

- сот сарапшы кәсіби этикасын сақтауы.

Сот сараптамасының мақсаты істі дұрыс және мәні бойынша шешу үшін сот өндірісіндегі мән-жайларды анықтау болып табылады.

Мақсатына сай **сот сараптамасының пәні** қалыптасады, сот сараптамасының пәні дегеніміз *азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің нақты деректерін айтамыз және олар арнайы ғылыми білімді қолдана отырып анықталуға жатады.*

Сот сараптамасының нақты пәні оның **зерттеу міндеттеріне** қатысты, ол кең мағынада *белгілі-бір сараптамаға қатысты тергеушінің (соттың) нақты сұрақтарын айтамыз.*

Сот сараптамасының «пәні», «міндеттері», «сұрақтары» ұғымдарының бір-бірімен өзара байланысуын талдаған кезде, сараптаманың алдында тұратын сұрақтар мен міндеттер оның пәнін анықтауға мүмкіндік береді, бірақ оның мазмұнына кірмейді. Басқаша айтқанда, сараптамалық зерттеумен анықталатын мән-жайлар оның нақты міндеттермен детерминацияланады, сол арқылы зерттеу пәнінің мазмұнына кіретін нақты деректерді анықтайды.

Сот сараптамасының пәнін нақтылайтын сараптама міндеттерінің рөлі пәннің және оның ғылыми саласының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, тәжірибелік қызметтің қорытынды міндеттері теориялық негізде пайда болған мәселелердің қажеттіліктерін қанағаттандырады.

А.Р.Шляхов сот сараптамасының міндеттеріне ғылыми анықтама берген, ол сараптамалық міндетті сот сараптама пәнінің мәнін түсіну үшін әдістемелік негіз болып табылады. Сол сияқты, автордың айтуынша, сараптамалық міндеттер - сот сараптамасын тағайындаған кезде қойылатын нақты сұрақтар және сараптамалық зерттеудің әдістері мен теориясының дамуына қатысты базис ретінде ұғынады.

Аталған автордың ой-пікірін тұжырымдай отырып, сараптаманың міндеті мен оның алдына қойылатын сұрақтар ұқсас ұғымдар, осыған қатысты А.Р.Шляхов міндеттер ұғымының ғылыми анықтамасын бере отырып, олар тек белгілі-бір сараптаманың сұрақтарын шеше отырып жүзеге асатын процесс деген.

Жоғарыда аталған сот сараптамалық міндетке қатысты анықтама дәл сот сараптамасының жалпы теориясында қалыптасқан және соның негізінде сот сараптамасының жіктелуі, түрлер мен класстарға бөліну қағидасы қалыптасқан.

Сот сараптамасының міндеттері мақсаты ретінде белгілі-бір жағдайларда және ғылыммен әзірленген әдістер негізінде берілген, сол арқылы ол сот сараптамасының әдіснамалық мәнін ашып, олардың құрылымдық элементтерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Оларға келесілер жатады:

- оның шешімін қамтамасыз ететін шарттар (бастапқы мәліметтер)
- сараптамалық танымның ғылыми түрде әзірленген әдіс-тәсілдері мен құралдары.

Сараптамалық міндеттерді бағалаудың мазмұнды негізі сот сараптамасының пәндік саласын қалыптастыратын және сараптамалық таным міндеттерінің жалпы жүйесінде көрініс тапқан **диагностикалық, классификациялық, идентификациялық және жағдайлық** (ситуациялық) деңгейдегі міндеттерді айтамыз. Мұндай деңгейлер сараптамалық танымдық міндеттерді идентификациялық және идентификациялық емес деп жіктеуге мүмкіндік береді.

Тәжірбиелік мағынада аталған міндеттерді деңгейлеріне сай жіктеу әрбір деңгейдің мақсаттары мен міндеттерінің жағдайларын нақтылауға қатысты және сол класстарына, түрлеріне, тектеріне тәуелсіз сараптамалық міндеттерді шешуге қатысты әдістерді біріздендіруге (унификация) алғышарттар туындатады. Яғни, әрбір деңгейдегі міндеттерді шешу үшін әмбебап әдістемелер құруға мүмкіндік береді.

Деңгейлік бағыт сот сарапшының зерттелетін құбылысты тереңірек танып және анықталған фактіні жалпылауын ескереді.

Диагностикалық зерттеудің процесі классификациялық, идентификациялық, жағдайлық зерттеулерден ерекшеленеді. Аталған әр бір зерттеу өзінің жалпылау деңгейін мақсат етеді. Олардың ерекшелігі таным кезіндегі мазмұнына, объектілердің және қоршаған ортаның құбылыстары арасындағы өзара байланыстарын зерттеулерінде жатыр.

Жоғарда аталған жағдайлар, сараптамалық зерттеудің құрылымдық және иерархиялық жүйесі ретіндегі сараптамалық танымның бағалауына негіз бола отырып, кез-келген зерттеулердің алғышарты ретінде диагностикалық деңгейдегі міндеттер болады.

Диагностикалық зерттеулерсіз бірде-бір зерттеу жүргізуге болмайды, өйткені диагностикалық зерттеу арқылы материалды объектілердің пайда болу табиғаты, олардың зерттеу кезіндегі күйі анықталады.

Сот сараптамасының диагностикалық міндеттерін анықтай отырып, оның мақсаты зерттелетін объектілерді криминалистика, сот сараптамасының жалпы теориясы немесе өзге де білімдер саласының бұрыннан бері анықталған және жүйелендірілген деректерінің негізінде тануда жатыр.

Диагноз қою процесі зерттеліп отырған объектілердің белгілерін бір-бірімен салыстыру негізінде жүзеге асады. Мысалы, объектілердің белгілерін салыстырмалы түрде талдау із аяқ киіммен қалдырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тұжырымды сарапшы іздер туралы криминалистикалық ілімнің білімін пайдалана отырып жасайды. Объектілердің белгілерін талдау арқылы диагностикалық міндеті объектінің қай класқа жатқандығын анықтай алады. Осыған қатысты диагностикалық міндет классификациялық міндетпен біршама ұқсайды. Классификациялық міндет зерттеліп отырған объектінің табиғаты мен күйін танумен шектелмейді, сол сияқты салыстырмалы зерттеудің нәтижесінде ол объектінің қай класқа, қай текке, объектілердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтауға көмектеседі. **Классификациялық міндеттің**

**мақсаты** зерттеліп отырған объектінің тобын, тегін, класын салыстырмалы ғылыми әдісті қолдана отырып анықтауда жатыр.

Сот сараптамасында зерттеліп отырған объектінің тектік тобын анықтау классификациялық әлде идентификациялық міндетке жатады ма? - деген мәселе криминалистикалық әдебиеттерде жиі түрде орын алады.

Аталған мәселені шешу үшін осы зерттеудің екі деңгейі арасында тұрған мақсаттардың бағалануын талап етеді, оларға қатысты Н.В.Терзиев былай дейді: «Идентификация кезінде ол дәл сол объекті екені анықталады. Тектілік (топтық) белгісін анықтау кезінде зерттеліп отырған объект белгілі топқа жататыны, өзінің тегі немесе түрі бойынша осындай болып табылатыны ғана белгіленеді».<sup>1</sup>

Классификациялық міндеттің топтық тегін анықтауға баға беру мақсаты идентификациялық деңгейдің міндеті бола тұра, талдау жасауына кедергі болмайды, өйткені оның шешуі белгілі-бір объектінің тепе-теңдігін анықтаудың негізгі сатысы.

**Криминалистік идентификация** – дегеніміз қоршаған ортаның белгілі-бір көріністеріндегі объектінің өз-өзіне тепе-теңдігінің бар немесе жоқ болуын анықтайтын таным процесі. Яғни, зерттеліп отырған оқиғаға қатысы бар объектінің жекелігін анықтау.

Тепе-теңдікті анықтаудың тәжірбиелік мәні, идентификация нәтижелерінің (жағымды және жағымсыз) тергеліп отырған оқиғамен белгілі-бір объектінің байланыстылығын немесе оның жоқтығын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Аталған жағдай тергеу болжамдарын құрастыруға және оларды тексеруге өз ықпалын тигізе отырып, іс бойынша мән-жайларды анықтайды.

Диагностикалық, классификациялық және идентификациялық деңгейлердің бағынушылық қағидасына сай, Р.А.Кентлер былай деген: **«Идентификация таным процесі ретінде үш түрлі міндеттерді шешеді: объектіні тану, оларды топтастыру, нақты объектінің тепе-теңдігін анықтау.»**<sup>2</sup>

Жоғарыда қарастырылған сараптамалық міндеттерді шешу деңгейлері бір ерекшелікпен сипатталады – олардың таным пәнінде яғни, материалды дүниенің объектілерін тануға негізделген фактілі деректерде жатыр. Мұндай фактілі деректерді морфологиялық, субстанциялық және көлемді байланыстарын талдау арқылы зерттейді.

Осы құрамдар, яғни объектілер арасында орын алған генетикалық және функционалды байланыстары жағдайлық (ситуациялық) сараптамалық міндеттің пәнін құрайды.

Сараптамалық танымдағы жағдайлық (ситуациялық) деңгейі ретінде, біз тек криминалистикадағы жағдайлық сараптама туралы ой-елестерді ғана енгізбей, қарапайым жағдайларды талдау мазмұнын кіргізетін тар

<sup>1</sup>Терзиев Н. В. Лекции по криминалистике. М.: ВЮЗИ, 1951. С. 21.

<sup>2</sup>Кентлер Р. А. О сущности идентификации вообще и юридической в особенности // Вопр. криминалистики и судебной экспертизы. Душанбе: НИИСЭ, 1962. С. 83–84.

мағынадағы түсіндірмені де айтамыз. Олар жеке сараптаманың пәні болатынын ескереміз.

Жоғарыда көзделген тәсіл жағдайлық (ситуациялық) деңгей міндеттерінің мақсаттарын нақтылауға мүмкіндік береді. Бір жағынан – арнайы ғылыми білімді қолдана отырып оқиғаны толығымен анықтау, екінші жағынан – оқиғаның тек белгілі үзінділерін анықтау. Аталған деңгейдің міндеттерін екіге бөлу керек: жалпы және арнайы. Соңғысына келесілер жатады:

- әрекеттерді жасау тәсілдері;
- әрекетті жасау мүмкіндіктері;
- әрекетті жасаудың орны;
- әрекетті жасаудың уақыты;
- объектілердің өзара әрекеттесу механизмдері;
- объектінің өзгеру себептері мен жағдайлары,

сол сияқты, әрекет пен салдардың себепті байланысын анықтау.

Жағдайлық (ситуациялық) міндеттерді шешу ықпалдылық (интегралды) мазмұнға ие, сондықтан әр түрлі ғылым мен техника саласындағы арнайы білімдерді қажет етеді, сол арқылы сараптама кешенді мазмұнға ие болады. Жеке жағдайлық (ситуациялық) міндеттердің мақсаты көлемі жағынан тар, сондықтан олардың нәтижесі белгілі-бір ғана арнайы ғылыми саласының қолданылуымен алынады.

Жағдайлық (ситуациялық) деңгейдің міндеттерін бағалай отырып, олардың тиімді түрде шешілуі диагностикалық, классификациялық, идентификациялық зерттеулердің нәтижелерімен белгіленеді. Сонымен қатар, аталған диагностикалық, классификациялық, идентификациялық деңгейдегі міндеттер жағдайлық сараптаманың міндеті де болып табылады. Бірақ, тәжірбиелік жоспарда, жағдайлық (ситуациялық) деңгейдің міндеттері жеке мәртебеге ие бола тұрып, басқа міндеттерді шешуді қажет етпейтін жағдайлар да кездеседі. Мысалы, ату фактісінің мылтықтың тартпасын баспай атуға бола ма? немесе мәтін қай әдісті қолдана отырып жазылған? деген жағдайларды анықтауға қатысты т.с.с.

Сот сараптама міндеттерінің мәні мен мазмұны туралы мәселелерді түйіндеп, келесі қорытындыларды жасауға болады: сот сараптамасының ғылыми негіздерінің жүйелік даму мақсаттары сараптамалық таным құрылымында диагностикалық, классификациялық, жағдайлық (ситуациялық) және идентификациялық міндеттерге бөлінуі сәйкес келеді.

Диагностикалық, классификациялық, идентификациялық және жағдайлық (ситуациялық) міндеттерінің бір-бірінен бөліну критеріі олардың бір объектіні әр-түрлі аспектіден зерттеуінде жатыр. Аталған жағдай, әрбір деңгейдің зерттелу жағдайлары мен мақсаттарын нақтылауға бағытталған.

Сот сараптамасының міндеттерін дұрыс шешу үшін сараптамалық зерттеу объектісінің болуында және оның сапасында жатыр.

Сараптамалық зерттеудің объектісі дегеніміз – іс-жүргізу заңнамаларымен алынатын ақпараттардың қайнар көздері. Басқаша айтқанда, сараптамалық міндетті шешу үшін қажет істің материалдары. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу Кодексінің 248 бабына сәйкес, сараптаманың объектілеріне заттай дәлелдер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық ахуалы, мәйіттер, жануарлар, сараптамалық үлгілер, сондай-ақ қылмыстық іс материалдарындағы сараптама нысанасына жататын мәліметтер сараптама объектілері болып табылады.

Заңда көрсетілген сараптамалық объектілердің көпшілігіне қарамастан, сот сараптамалық объектілер үш топқа бөлінеді, олар: негізгі объектілер, салыстырмалы материалдар мен анықтамалық мазмұндағы материалдар. Негізгі материалдарға белгілі деректерді мазмұнында құрайтын объектілер жатады, мысалы заттық дәлелдемелер, екінші топ сараптамалық зерттеу үшін жіберілетін үлгілер. Үшінші топқа жататын объектілер анықтамалық мазмұнға ие болады, мысалы нұсқаулар, топтамалар (коллекциялар) т.с.с.

Заңға сәйкес, сараптама тағайындаған орган, сараптамалық зерттеуге жататын объектілердің шынайлығы мен жол берушілігіне кепіл береді, сол сияқты, оларды буып-түйюге, сараптама орнына немесе сарапшының өзіне қажет болған жағдайда жеткізуін қамтамасыз етеді.

Сараптамалық зерттеуді жүргізу кезінде салыстырмалы зерттеу үшін қажетті үлгілердің орны ерекше, әсіресе түпнұсқаны зерттеу мүмкін болмаған кезде.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер – диагностикалық, классификациялық, идентификациялық объектілермен салыстыру үшін сарапшыға жіберілетін материалды объектілер.

Сараптамалық зерттеу үшін алынатын үлгілер адамнан алынады (ҚР ҚІЖК 256 бабы) оларға: қан, ұрық, шаш, қиып алынған тырнақ, дененің сыртқы бетінің микроскопиялық қорытындылары, сілекей, тер және басқа бөлініп шығатындар, тері бедерінің ізі, тістің қалыбы, қолжазба мәтін, бұйымдар, адамның дағдысын бейнелейтін басқа материалдар, дауыс фонограммасы жатады. Үлгілерге сол сияқты, материалдардың, заттардың, шикізаттың, дайын өнімнің сынамалары, гильзалардың, оқтардың қару мен тетік іздерінің үлгілері алынады.

Пайда болу мазмұнына қарай үлгілер болған оқиғаға дейін (эксперименталды) және онымен байланысты емес (бос) болып бөлінеді. Эксперименталды үлгілер тергеушімен және сарапшымен алына алады. Тергеушімен үлгі алынған кезде қаулы шығарылады, онда келесі мәліметтер болу керек:

- үлгіні алған тұлға;
- үлгі алынатын тұлға (мекеме);
- қандай үлгілер және қандай мөлшерде алыну керек;
- үлгі тапсыру үшін тұлға қайда және кімге келуі керек;
- үлгі алынғаннан кейін кімге және қайда ол тапсырылуы керек.

ҚР ҚІЖК 259 бабында сараптамалық зерттеу үшін тергеушімен үлгілерді алудың келесі тәртібі берілген:

- Тергеуші адамды өзіне шақыртып немесе ол тұрған жерге келіп, оны үлгілер алу туралы қаулымен қолхат ала отырып таныстырады, оған және аталған тергеу іс-әрекетіне қатысушы өзге адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.
  - Тергеуші қажетті іс-әрекетті жеке өзі немесе маманның қатысуымен жүргізеді, үлгілер алады, оларды буып-түйіп, мөрмен бекітеді.
  - Тиісті жағдайларда үлгілерді сұрыптап алуды, тінтуді, эксгумацияны жүргізу арқылы немесе оларды жүргізумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Үлгілер сезіктіден, айыпталушыдан, жәбірленушіден, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізіліп отырған адамнан, оқиға болған жердегі немесе заттай дәлелдердегі іздерді өзге адамның қалдыруы мүмкін екені туралы жеткілікті деректер болған кезде үлгілері сол адамнан, бірақ аталған іздер қалдырылуы мүмкін жағдайлар туралы одан куә (жәбірленуші) ретінде жауап алынғаннан кейін ғана алынуы мүмкін.

Үлгілерді алу әдістері келесі болып бөлінеді:

- мәжбүрлеу – сезіктіден, айыпталушыдан;
- прокурор, соттың санкциясымен күштеп алу – жәбірленуші мен куәдан үлгілер алу, мұндай әрекетті жасауды а) сезікті, айыпталушы өзін қылмыс жасады деп әшкерелейтін айғақтарды тексеру үшін табанды түрде талап еткен, б) жыныстық аурулар мен өзге де жұқпалы ауруларды анықтау үшін, мұндай анықтау іс үшін маңызы болғанда үлгілер алу қажет болғанда,
- жәбірленуші мен куәнің – келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

Заң шығарушымен үлгіні сотпен алудың тәртібі белгіленген. Сот, кез-келген үлгілерді алуға құқылы, егер олардың зерттеулері іс үшін маңызды болса. Мысалы, сот адамның қасиетін көздейтін кез-келген үлгілерді ала-алады, сілекей, қан, тырнақ т.с.с.

Үлгілерді алу туралы негізделген қаулы шығарылады, сол сияқты үлгілер судьяның өзімен жеке немесе қажет болған кезде маманның не дәрігермен алына алады.

Үлгілерді судья, сарапшы, дәрігер немесе басқа мамандар алуға құқылы. Егер, үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің белгілі-бір сатысы болса, ол сарапшымен алына алады. Үлгілер тараптардан және үшінші тұлғалардан алына алады.

Судья өзіне тұлғаны шақырып үлгіні алу туралы ұйғарыммен таныстырады және оған, өзге де тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Бұл кезде судья жеке өзі немесе маманның қатысуымен үлгілерді алу үшін, оларды буып-түйюге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырады.

Алынған үлгілердің нәтижелері хаттамада тіркеледі (сот отырысында), мұнда үлгілерді алудың тәртібі, кезектілігі, қолданылған ғылыми-техникалық өзге де құралдар және үлгілердің өзі де сипатталады. Басқа кезде, судья үлгі алынатын тұлғаны дәрігер мен басқа мамандарға сәйкес тапсырысы бар ұйғарыммен бірге жібереді. Ұйғарымда аталған процессуалды әрекетке қатысатын қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілуі керек.

Судьяның тапсырысымен, дәрігер немесе өзге де маман үлгіні алу үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асырады. Алынған үлгілер буып-түйіліп, мөр басылады, кейін дәрігер немесе маманның жасаған ресми құжатымен бірге сотқа жібереді.

Зерттеу процесінде сарапшылармен эксперименталды үлгілер жасалынады және сол туралы ол қорытындыда көрсетеді. Мұндай үлгілерді жасау кезінде судья қатыса алады және сол туралы хаттамада бекітіледі. Зерттеуден кейін сарапшы үлгіні буып-түйіп, өзінің қорытындысына қосымша ретінде тіркейді.

Судьяның тапсырысы бойынша үлгіні алу маманға не дәрігерге тапсырылса, ол ресми құжат құрастырады, бұл құжатқа барлық қатысушылар қол қояды және құжат судьяға барлық іс материалдарымен қоса жіберіледі. Хаттамаға барлық алынған үлгілер тіркеледі.

ҚР ҚІЖК 262 бабында үлгілерді алу кезінде **тұлғалардың құқықтарын қорғау** жағдайлары көзделген. Атап айтсақ, үлгілер алудың әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуға тиіс. Жанға қатты батыра жасалатын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға бұған үлгілер алынуға тиісті адам, ал егер ол адам кәмелетке толмаған болса немесе психикалық ауру болса - оның заңды өкілдері жазбаша келісім берген жағдайда ғана жол беріледі.

### **3 тақырып. Сот сараптамасының жіктелуі**

Сот-сараптамалық қызметті ұйымдастыру барысында, сот сараптамалары жіктелуінің ғылыми заңдылығына қатысты мәселесі маңызды. Оның шешілуі бірнеше факторларға қатысты.

Ең алдымен, сараптаманың жіктелуі дегеніміз – сараптамалық білім саласының ғылыми жүйелендірілген түсінігі. Мұндай анықтама аталған тәжірбиелік және ғылыми сала туралы жүйелік түсінік алумен қатар, оның тәжірбиеде жүзеге асатын құрылымдық элементтерін бөлуге де мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, әрекеттердің соңында сот сараптамаларын жүргізуде көрініс табатын танымдық сараптамалық қызметтің құрылымдық элементтерінің дифференциациялануы, объективті критерилердің айқындалуын талап етеді, олардың негізделуі сот өндірісінде арнайы ретінде қолданылатын ғылыми білімдерді бөліп көрсету үшін қажет.

Сот өндірісінде ғылыми білімді арнайы деп көрсету әдістемелік негізде келесі мүмкіндіктерді анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- азаматтық және қылмыстық процестегі міндеттерді шешу үшін қолданылатын сараптамалық білімдердің өзектілігі;
- оның әзірлену және тәжірибелік маңыздылығының деңгейі;
- жетілдірудің мүмкінде жолдары;
- арнайы сараптамалық мамандықтардың тізімі және соған сәйкесінше сараптамалық мекемелердің талап бойынша құрылымдық құрылысы;
- сот-сараптамалық жүйесі үшін кадрлерді дайындаудың негізгі бағыттары.

Сот-сараптамалық қызмет тәжірибиесінде, А.Р.Шляховпен әзірленген сот сараптамасының жіктелуі қолдау тапқан. Сот сараптамасының жиынтығын автор тоғыз кластарға бөледі, олар<sup>3</sup>:

1. Криминалистикалық сараптамалар,
2. Сот инженерлі-көліктік сараптамалар,
3. Сот экономикалық сараптамалар,
4. Сот биологиялық сараптамалар,
5. Сот инженерлі-техникалық сараптамалар,
6. Сот инженерлі-технологиялық (материалдық) сараптамалар,
7. Сот ауыл-шаруашылық сараптамалар,
8. Сот-экологиялық сараптамалар,
9. Сот-медициналық және психофизиологиялық сараптамалар.

А.Р.Шляхов әр класты тектерге бөледі. Мысалы, криминалистикалық сараптамалардың кластың 20 тегі бар:

- сот-қолжазбатану;
- сот-авторлық;
- сот-фонетикалық (вокалографиялық);
- құжаттардың сот-техникалық сараптамасы;
- сот-трасологиялық;
- сот-баллистикалық;
- сот-портреттік;
- сот-фототехникалық (фотосуреттік);
- металлдан жасалған ақша белгілерінің сот сараптамасы;
- өшірілінген, кесілген (жаншылып жойылған) нөмерлерді (фирмалық заттаңбалар) қайта қалпына келтіру сот сараптамасы;
- сот-топырақ тану сараптамасы;
- бояу заттарының және қабаттардың сараптамасы;
- мұнай және жанар-жағар май өнімдерінің сот сараптамасы;
- талшықтар, талшықтық материалдар мен олардан жасалатын бұйымдардың сараптамасы;

---

<sup>3</sup> Классификация судебных экспертиз и типизация их задач. Материалы к Ученому совету. М. 1977, с. 8-11

- шыны, керамика (фарфор, фаянс) олардан жасалатын өнімдердің сараптамасы;
- металл, құймалар және микроіздер, микробөлшектерді зерттеудің сот сараптамасы;
- полимерлі материалдар, пластмасс және олардан жасалатын бұйымдардың сот сараптамасы;
- есірткі заттардың сараптамасы;
- темекі (махорка) олардан жасалатын бұйымдардың сараптамасы;
- одорографиялық (одорологиялық) сот сараптамасы.

Аталған кластар зерттеудің әдістемесін, объектісі мен пәнін негізге ала отырып, жіктеген. Үш негізді басшылыққа ала отырып А.Р.Шляховтын жіктелуін көптеген авторлар әлі күнге дейін пайдалы және дұрыс деп санайды.

Ал, О.В.Жгенти аталған сараптаманың жіктелуін (класс, тегі, түрлері) төрт деңгейге дейін қысқартты. Мұндай қысқартуды кибернетиканың қағидасына негіздеген: құрылымның қызмет етуі оның күрделілігінің азаяюына қатысты нәтиже береді.

Автор сараптаманың келесі класстарын ұсынады, олар:

- криминалистикалық;
- биолого-медициналық;
- экономикалық;
- инженерлі-техникалық;
- ауылшаруашылық;
- сот-көліктік.<sup>4</sup>

Автор әр бір сараптаманың класын түрлер мен түршелерге (подвиды) бөлуді ұсынған. Мысалы, криминалистикалық кластың келесі түрлері мен түршелері бар, олар: 1) құжаттардың криминалистикалық сараптамасы – қолжазба мен құжаттардың криминалистикалық-техникалық сараптамасы, 2) трасологиялық сараптама – дактилоскопиялық сараптама (қолдың іздері), аяқ киім және жалаңаяқтың іздер сараптамасы, тіс іздерінің сараптамасы, адамдардың киім-кешек сараптамасы, бұзу құралдары мен саймандардың сараптамасы (механоскопия), көлік құралдары іздерінің сараптамасы, жаппай өнім құралдарының сараптамасы (түйме, фурнитура), жануарлар іздерінің сараптамасы, 3) қарулардың және оқ-дәрілердің криминалистикалық сараптамасы (сот-баллистикалық сараптама) – оқ, гильзадағы іздер бойынша қару ойындысының идентификациялық сараптамасы, аңшылық қарудың идентификациялық сараптамасы т.с.с. 4) сот-портреттік сараптама (түрлер мен түршелерге бөлінбейді), 5) материалдар мен заттар, олардан жасалған бұйымдардың сараптамасы – талшық пен талшық материалдарының криминалистикалық сараптамасы, боялған қабаттар мен заттардың сараптамасы, мұнай, газ өнімдері материалдарының сот сараптамасы, шыны,

<sup>4</sup>Жгенти О. В. Классификация судебных экспертиз, ее роль и значение // Общетеорет. вопр. судебной экспертизы. М., 1982. С. 15 (Сб. науч. тр. / ВНИИСЭ).

керамика (фарфор, фаянс) олардан жасалатын өнімдердің сараптамасы, полимерлі материалдар, пластмасс және олардан жасалатын бұйымдардың сот сараптамасы.<sup>5</sup>

Біздің ойымызша, сот сараптамасының жіктелуіне тәжірбиелік мазмұндағы белгі ретінде сараптамалық зерттеу кезінде нақты ғылымның әдіснамасында қолданылатын білім жатады. Мұндай білім объективті заңдылықтарды тануға бағытталған және идеялардың қағидалардың, ұғымдар мен әдістердің жүйесі ретінде таным қызметінің құралына айналады.

Ғылыми білімнің әдіснамалық мазмұны криминалистика, экономика, техника мен өзге де ғылымдарды бір-бірінен ажыратудың негізінде жатыр. Өз құрамына пән, объект, әдістемені енгізе отырып, нақты міндеттерді шешуге бағытталған.

Біз ұсынып отырған сот сараптамасының топтастырылуы келесі негіздерге байланысты жіктеледі:

#### **Класс: Криминалистикалық сараптама**

##### **Сараптаманың тегі:**

- Құжаттардың сот сараптамасы
- Фонографиялық сот сараптамасы
- Трасологиялық сот сараптамасы
- Қарулар, жарылғыш заттардың, олардан қалған іздерді қолданудың сот сараптамасы
- Материалдар, заттар және бұйымдардың сот сараптамасы
- Портреттік сот сараптамасы
- Фототехникалық сот сараптамасы

#### **Класс: Сот экономикалық сараптама**

##### **Сараптаманың тегі:**

- Сот бухгалтерлік сараптама
- Қаржы-несиелік сот сараптамасы
- Қаржы-бюджеттік сот сараптамасы
- Сот тауарлық сот сараптамасы

#### **Класс: Сот инженерлі-техникалық сараптама**

##### **Сараптаманың тегі:**

- Жол-көлік оқиғалары мен көлік құралдарының сот сараптамасы
- Құрылыстық-техникалық сот сараптамасы
- Жарылғыш заттар техникасының сараптамасы
- Сот-технологиялық сараптама
- Компьютерлік жүйе мен технологиялардың сот сараптамасы
- Электро-техникалық жүйе мен жабдықтардың сот сараптамасы

#### **Класс: Сот-биологиялық және ауылшаруашылық сараптама**

##### **Сараптаманың тегі:**

- Сот-биологиялық сараптама

---

<sup>5</sup> Жгенти О.В. Классификация судебных экспертиз, ее роль и значение. Сб. научных трудов «Общетеоретические вопросы судебной экспертизы». М.: 1982, с.16-19

- Сот-ветеринариялық сараптама
- Сот зоотехникалық сараптама
- Сот-агробиологиялық сараптама
- Сот-агротехникалық сараптама

### **Класс: Сот дәрігерлі-психофизиологиялық сараптама**

#### **Сараптаманың тегі:**

- Сот-медициналық сараптама
- Сот-психиатриялық сараптама
- Сот-психологиялық сараптама

Сот сараптамасы кластарының қысқартылуы сараптамалық міндеттерді шешу үшін ғылыми білімдерді пайдалану деңгейін бағалаумен тікелей байланысты. Біз ұсынып отырған кластардың тізімі толық қамтылмаған, осыған қатысты аталған тізім белгілі бір білім саласында әзірлену деңгейіне қатысты және сот өндірісінің мұқтаждарық өзектілігіне сәйкес өзгеріп отырады.

Сараптамалардың нақты түрлеріне бөлінуі олардың белгілі бір жіктеулік категорияда болуы немесе болмауы сараптамалық зерттеудің өндірісіндегі сот тәжірбиелік сұраныстарымен және әдістемелік, оның ішіндегі жабдықтаумен қамтамасыз етіледі. Осыған қатысты, нақты сараптаманың белгілі бір түрлерге жатуы мұнда қолданылатын ғылыми білімге ғана қатысты емес, сол сияқты нақты сараптамалық салаға да байланысты.

Мысалы, трасологиялық сараптаманың тегі криминалистикалық білімге негізделіп отырып, келесі түрлерге бөлінеді:

- дактилоскопиялық сараптама;
- аяқ киім мен жалаңаяқ іздерінің сараптамасы;
- тіс, ерін және адамның басқа бөлшектерінің сараптамасы
- бұзу қаруының, саймандардың және құлыптау құралдары іздерінің сараптамасы;
- көлік-трасологиялық сараптамасы;
- бүтінді бөлшектеу идентификациялық сараптамасы.

Тәжірбиенің сұраныстарына және қолданылатын білімдерге сәйкес сараптамалардың түрлерге топтасу кластары мен тектеріне қатысты жіктеледі.

Аталған оқу құралында сот сараптама тәжірбиесінде жиі кездесетін және сот дәрігерлік-психофизиологиялық сараптамалардан басқа, сараптамалардың түрлері мен тектері қарастырылған.

Жоғарыда көрсетілген сот сараптамасының жіктелуімен қатар, өзге де сараптамалардың түрлері бар. Мәселен, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны шығарған кезде, оның ҚР «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексында көзделген сот сараптамаларының түрлері ескеріледі. Аталған заңдарда сот сараптамалары келесі түрлерге жіктеледі:

- **сарапшылар санына қарай** – жеке және комиссиялық;
- **зерттеу көлеміне қарай** – негізгі және қосымша;
- **жүргізу реттілігі бойынша** – алғашқы және қайталама;
- **білімдерді қолдану құрамына қарай** – тектік және кешенді.

Жеке сараптама тек бір ғана сарапшымен жүргізіледі, ал комиссиялық сараптама бірнеше сарапшылармен жүргізіледі. Комиссиялық сараптамаларды тағайындаудың негіздері күрделі сараптамаларды бірнеше мамандықтары бар бірдей сарапшылармен жүргізу болып табылады. Осы арқылы комиссиялық сараптама кешенді сараптамадан ерекшеленеді. Кешенді сараптама дегеніміз – әр-түрлі мамандықтары бар, өз құзыретінің шегінде ғана бірнеше сарапшылармен сараптамалық зерттеу жүргізуді айтамыз. Кешенді сараптаманың қорытындысы әр сарапшымен жүргізілген зерттеулердің нәтижесінің жиытығын құрайды. Жалпы сараптамалық зерттеудің нәтижелері тек құзыретті сарапшылармен бағаланып, қол қойылады.

Комиссиялық және кешенді сараптамаларда зерттеудің нәтижелерімен келіспеген сарапшылар немесе өз ой пікірлерін ұстанатындар туралы мәліметтер жалпы қорытындыда көрініс табады.

Сараптаманы тағайындау кезінде қосымша және қайталама сараптамаларды бір-бірінен нақты саралау керек.

Қосымша сараптаманы тағайындаудың негізі болып алғашқы жүргізілген сараптама қорытындысының анық немесе толық болмауын және бұрын зерттелген мән-жайларға қатысты жаңа сұрақтардың пайда болуын айтамыз. Заңға сәйкес, сараптама оны бұрын жүргізген сарапшыға немесе басқа сарапшыға тапсырылады.

Қайталама сараптама алғашқы сараптаманың сұрақтарын шешу үшін тағайындалады. Аталған сараптаманы тағайындаудың жағдайлары келесілер:

- **сарапшының алғашқы қорытындысы жеткіліксіз негізделген болса;**
- **сараптама жүргізілгенде процессуалды нормалардың бұзылуы орын алса.**

Қайталама сараптама әрқашан комиссиялардың құрамымен жүргізіледі. Алғашқы сараптаманы жүргізген сарапшылар қайталама сараптамаға кеңес, түсіндірме беру үшін қатыса алады, бірақ зерттеулерді жүргізе алмайды.

Қайталама және қосымша сараптама жүргізілгенде сарапшыларға алғашқы сараптаманың қорытындылары ұсынылуы қажет. Егер, екінші немесе келесі сараптама бірнеше негіздерге сәйкес тағайындалса, олардың біреуі қосымшаға, ал басқасы қайталамаға жатса, мұндай сараптама қайталама сараптаманың тәртібі бойынша жүргізіледі.

#### **4 тақырып. Сот сараптамасын тағайындаудың ұйымдастырушылық сұрақтары. Қазақстан Республикасының сот сараптама мекемелері**

Сот сараптамасын тағайындау барысында ұйымдастырушылық сұрақтарды шешіп алу қажет. Аталған жағдай процессуалдық шешім қабылдауға, сот сараптамалық мекемені тағайындауға немесе нақты сарапшыны таңдауға түрткі болады.

Ұйымдастырушылық сұрақтар сараптаманы тағайындаудың сатысына қатысты болады, олар өз алдына дайындық және сараптаманы тапсыру сатыларына бөлінеді.

Дайындық сатысы ұйымдастырушылық сұрақтарды шешуді қажет ететін келесі кезеңдерге бөлінеді:

- **Сараптаманы тағайындау туралы шешім қабылдау.**

Аталған кезең, алдын-ала тергеу процесі немесе сот талқылау кезінде, іс үшін маңызды мән-жайларды анықтау үшін арнайы ғылыми білімді қолдануды қажет ететін жағдайлардың пайда болуын білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, сот немесе тергеу үшін дәлелдерді арнайы ғылыми білімді қолдана отырып алу қажет болғанда, олар сот сараптамасын тағайындау туралы процессуалды шешім қабылдайды.

- **Сот сараптаманың нақты түрін анықтау.**

Аталған сұрақты шешу сараптамалық білімді тартуды қажет етеді. Осыған қатысты сот, тергеуші орын алатын сараптамалардың топтарын және олардың мүмкіндіктерін жақсы білуі қажет. Мәселен, сараптаманың процессуалдық түрін (қосымша, қайталама) қате анықтау, сараптаманы тағайындаудың процессуалдық кемшіліктеріне әкеп соғуы мүмкін, яғни сарапшының сараптама жүргізуден бас тартуын айтамыз.

- **Сараптамалық сұрақтарды шешетін міндеттерді анықтау.**

Тергеуші (сот) алдында тұрған міндеттерді нақты анықтап алуы қажет, ол өз алдына сараптамалық мақсаттарды шешуге ықпал етеді, сараптама жүргізудің қажетті және жеткілікті шектерін анықтайды.

- **Сарапшыға қойылатын сұрақтарды құрастыру.**

Тергеуші (сот) сараптаманың түрі мен міндеттерін анықтап алған соң, сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды анықтап алуы қажет. Дәлелдеу субъектілері әдістемелік және процессуалдық талаптарды басшылыққа ала отырып, сараптамалық сұрақтарды анықтау қажет. Сұрақтар сарапшының құзыретінің және мамандығының шегінен тыс болмауы қажет.

Сарапшының алдына қойылатын сұрақтар логикалық реттілікпен құрастырылуы қажет, яғни ең алдымен сот, тергеуге қажет маңызды жалпы фактілерді, кейін нақты мән-жайларды анықтау керек.

Өзінің мазмұны жағынан сарапшыға қойылатын сұрақтар нақты бола тұра, қатысушылар үшін қарапайым және түсінікті болуы қажет.

Заң шығарушымен сарапшыға құқықтық мазмұндағы сұрақтар қоюға тыйым салынады.

### **Сараптама жүргізу үшін қажетті алғашқы деректерді дайындау.**

Тергеуші (сот) сараптамаға жолданатын материалдармен танысып алуы қажет. Мұндай зерттеу объектілеріне сараптамалық зерттеу үшін қажет үлгілерді, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер бойынша материалдарды

оның ішіндегі зерттеуге жататын заттай дәлелдемелерді, құжаттарды айтамыз.

Алғашқы деректерді беру кезінде тергеуші (сот) аталған объектілерге қойылатын жол берушілік, шынайлық, қатыстылық сияқты процессуалдық талаптарды ескеруі қажет.

Сот сараптамасын тағайындау барысында, сараптаманы тапсыру сатысы маңызды рөлге ие, ол өз құрамына келесі элементтерді кіргізеді, олар:

- **Сараптаманы тағайындау туралы қаулы шығару;**
- **Сарапшыны немесе сараптамалық мекемені таңдау;**
- **Материалдарды сарапшыға не сараптама органдарына жіберу.**

Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулының нысаны мен мазмұны процессуалды құжат ретінде арнайы қарастырылуға жататын мәселе. Сол сияқты, жоғарыда көзделген ұйымдастырушылық сұрақтар аталған құжаттың орындалуына әсер етеді және оның жағдайларының сарапшы не сараптамалық мекемелермен толық түрде жүзеге асуына мүмкіндік береді.

**Материалдарды сараптамаға жіберу** дәлелдеу субъектілерімен тікелей не пошта арқылы жүзеге асырылады. Тергеуші (сот) барлық жағдайда сараптамалық объектілерді олардың қолайсыз үлкендіктігіне немесе басқа себептерге қатысты қаулымен бірге сараптамалық мекемеге жолдай алмайтынын да ескеру қажет. Мұндай жағдайда процессуалдық заңдардың талаптарына сәйкес, объектілердің қорғалуы және сараптамалық органдарға жеткізілуі қамтамасыз етіледі. Барлық жағдайда процесс жетекшілеріне сараптаманы тағайындау туралы қаулыны сарапшыға немесе сараптама органына жіберудің мерзімін тіркеу қажет.

Материалдарды сараптама органына жібергеннен кейін сарапшылар **сараптама жүргізудің мерзімі** тергеушімен (сот) белгіленетінін білуі қажет. Аталған мәселе «ҚР сараптамалық қызметі» туралы Заңның 25 бабымен реттеледі, ол өз алдына келесі жағдайларды белгілейді:

- Сот сараптамасын жүргізу мерзімі сот сараптамасы органы не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын, сот сарапшысы ретінде тартылған адам сот сараптамасын және оның объектілерін тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап есептеледі.
- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы көздеген ерекше жағдайларды қоспағанда, сот сараптамасын жүргізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.
- Сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзартуды сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) дәлелді өтініші бойынша сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) жүзеге асырады.

Сот сараптамасын жүргізу үшін адамның медициналық ұйымда

болу мерзімдерін ұзартудың ерекшеліктері осы Заңның 37-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген.

- Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындаудың жалпы критерийлерін, олардың күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы белгілейді.
- Осы Заңда белгіленген жағдайда сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру ол үшін негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін, бірақ он тәуліктен асырылмай жүргізіледі. Егер сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар көрсетілген мерзім ішінде жойылмаса, сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама жіберіледі.
- Сот сарапшысының қорытындысы не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама олар жасалғаннан кейін үш тәулік ішінде сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жіберіледі.

### **Қазақстан Республикасының сараптамалық мекемелері**

Қазақстан Республикасында сот сараптаманы жүргізу «ҚР сараптамалық қызмет» туралы Заңға сәйкес, арнайы және жеке органдармен жүзеге асырылады.

«ҚР сараптамалық қызмет» туралы Заңның 20 бабына сәйкес, сот сараптамалық мемлекеттік ұйымдардың жүйесіне кіреді:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптама органдары;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының сот сараптамасы органдарын, оның ішінде өздерінің функцияларына сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сараптамаларды жүргізу жатқызылған денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының мамандандырылған психиатриялық және наркологиялық ұйымдарын қамтитын сот сараптамасының мемлекеттік ұйымдарының жүйесі жүзеге асырады.

Қазіргі таңда, сот сараптамалық қызметті жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдардың ресми тізімдері жоқ. Аталған жағдай заңдылықтардың мәселелеріне жатады. Заңға сәйкес, сот сараптамалық қызметті жүзеге асыратын органдардың нақты тізімі болу керек, сол сияқты мұнда органдардың жүзеге асыратын қызметтері де болуы қажет.

Арнайы әдебиеттерде (Кузнецов О.Г.) аталған органдарға келесілер жатады:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары мен олардың аумақтық құрылымдары, олардың атқаратын қызметтері:

1) ҚР Әділет Министрлігінің Сот сараптама орталығында жүргізілетін сараптама түрлерін басашылыққа ала отырып, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық сот өндірісі салаларында сот-сараптамалық қызметті жүзеге асыру;

2) сот сараптаманы дайындау, тағайындау және оның нәтижелерін бағалауға қатысты судьялар, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

3) сот сараптама саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту;

4) сот сараптама түрлерінің тізімдеріне сәйкес, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

5) қызмет бағыты бойынша сот сарапшылардың кәсіби дайындығын, біліктілігін арттыру және оларды таңдау.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі жанындағы сот медицина орталығы және олардың аумақтық құрылымдарының қызметіне келесілер жатады:

1) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік саладағы сот өндірістері бойынша сот-сараптамалық қызметтің сот-медициналық сараптама түрлері:

- тірі адамдардың сараптамасы;
- мәйіттің сараптамасы;
- шығу тегі биологиялық заттай дәлелдемелер;
- іс материалдары бойынша;
- сот-химиялық;
- сот-токсикологиялық;
- криминалистикалық физико-техникалық сараптамасы.

2) сот сараптаманы дайындау, тағайындау және оның нәтижелерін бағалауға қатысты судьялар, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

3) сот-медициналық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

4) сот сараптамасының түрлерін жүзеге асырылудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

5) қызмет бағыты бойынша сот сарапшылардың кәсіби дайындығын, біліктілігін арттыру және оларды таңдау.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министірлігінің сот сараптама орталық зертханасы және оның аумақтық құрылымдарының (одан әрі ҚР ҚМ ССОЗ) атқаратын қызметтері:

1) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік саладағы сот өндірістері бойынша сот-сараптамалық қызметтің сот-медициналық сараптама түрлері:

- тірі адамдардың сараптамасы;
- мәйіттің сараптамасы;
- шығу тегі биологиялық заттай дәлелдемелер;

- іс материалдары бойынша;
- сот-химиялық;
- сот-психиатриялық;
- наркологиялық, токсикологиялық.

2) сот сараптаманы дайындау, тағайындау және оның нәтижелерін бағалауға қатысты судьялар, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

3) сот-медициналық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі жанындағы «Республикалық ғылыми-тәжірбиелік психиатрия, психотерапия және наркология орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, олардың атақаратын қызметі:

1) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік саладағы сот өндірістері бойынша сот-сараптамалық қызметтің тірі адамдардың сараптамасы түрлері:

- психиатриялық;
- психологиялық;
- психолого-психиатриялық;
- наркологиялық.

2) сот-психиатриялық сараптаманың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

3) қызмет бағыты бойынша сот сарапшылардың, психиатрлардың, психологтар мен наркологтардың кәсіби дайындығы, біліктілігін арттыру және оларды таңдау;

4) сот-медициналық психиатриялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Сот сараптамасын тағайындағаннан кейін, ол туралы қаулы сараптамалық мекеменің басшысына жіберіледі, оның өкілеттігі заңмен белгіленген. «ҚР сараптамалық қызметі» туралы Заңның 21 бабына сәйкес сот сараптамалық органның басшысы құқылы:

• егер:

- сот сараптамасын жүргізу үшін ұсынылған материалдар заң талаптарына сәйкес келмесе;

- осы сот сараптамасы органында қажетті арнаулы ғылыми білімі бар сот сарапшысы болмаса;

- сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген, сот сарапшысының алдына қойылған мәселелер оның құзыретінің шегінен тыс болса;

- осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы қажетті сот-сараптамалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік бермесе, тиісті дәлелдерді көрсете отырып, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды орындамастан және зерттеуге ұсынылған объектілерді сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) қайтаруға;

- сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды, егер олардың арнаулы ғылыми білімі қорытынды беру үшін қажет болса, сот сарапшылары комиссиясының құрамына енгізу туралы өтініш жасауға;

- сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында шет мемлекеттің сот сарапшысын тарту туралы өтініш жасауға;

- сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында сот сараптама ісін жүргізу мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтініш жасауға құқылы.

Сот сараптама органдарының жетекшілері құқылы емес:

- сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті зерттеу объектілерін дербес талап етуге;
- осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) келісімінсіз оны жүргізуге тартуға;
- сот сарапшысына нақты сот сараптамасы бойынша қорытындылардың мазмұнын алдын ала шешетін нұсқау беруге.

Аталған құқықтармен қатар, Заңның 22 бабына сәйкес, сот сараптама басшыларының келесі міндеттерін көздейді:

- қаулыны, ұйғарымды (сот сараптамасын тағайындау туралы) алған сәттен кейін, сараптаманы жүргізуді заң талаптарына сәйкес, сол органның нақты сот сарапшысына не комиссия сарапшыларына тапсыру;
- сот сарапшының тәуелсіздік қағидасын бұзбай, сот сараптамасын жүргізу мерзімінің, жан-жақтылығының, толықтылығының және объективтілігінің бұзылмауына қадағалау жасау, сараптамалық объектілерді сақтау;
- сот сараптаманы жүргізудің нәтижесінен мәлім болған деректерді жария етпеу;
- сараптамалық зерттеуді жүргізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету.

Заң бойынша сараптаманы сараптамалық мекемеден тыс жүргізуге қатысты ерекше талаптар қойылады. Атап айтсақ, сараптаманы тағайындаған орган міндетті:

- сот сарапшының құзыреттілігі мен жек басын куәландыру керек;
- оның процеске қатысушылығының барлығына қатысын анықтауы қажет;
- сарапшыға қарсылық білдіруге негіз бар жоғын тексеру;
- сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы шығару;
- заңмен қарастырылған құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
- жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы ескерту;
- аталған әрекеттерді жасағандығы туралы қаулыда белгілеу және оны сарапшының қолымен куәландыру;

- сарапшымен берілетін арыздар мен өтініштерді бекіту;
- өтінішті қанағаттандырмаған жағдайда дәлелді қаулы шығару.

## **Тақырып 5. Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің процессуалдық сұрақтары**

Сот сараптамасы процессуалдық құқықтың институты болғандықтан, оны тағайындау мен жүргізудің мәселелері процессуалдық заңның нормаларымен реттеледі. Аталған жағдай, заң бойынша арнайы білімдердің алдын-ала тергеуде қолданылу мәселелеріне қатысты орын алып отыр.

Мәселен, Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 240 бабына сәйкес, іс бойынша маңызы бар мән-жайлар материалдарды сарапшының арнайы білімді қолдану арқылы зерттеу нәтижесінде сараптама тағайындалады. Арнайы білімнің қылмыстық сот өндірісіне қатысатын өзге де қатысушыларда болуы, қылмыстық процессті жүргізетін тұлғаны қажетті жағдайларда сараптама тағайындаудан босатпайды.

Осыған орай, сот сараптамасының процессуалды институт ретінде қарастыруға болады, мәселен, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, қылмыстық істі сот сараптамасын тағайындамай қозғауға болмайтын жағдайларда, сот сараптамасы **қылмыстық іс қозғалғанға дейін** тағайындалуы мүмкін (ҚР ҚІЖК 242 бабының 2 бөлімі).

Одан басқа, алдын-ала тергеуде (сотта сияқты) заңға сәйкес, қылмыстық процессті жүргізетін органдар үшін сараптаманы тағайындау немесе тағайындамау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік берілмеген. Басқаша айтқанда, сараптама міндетті түрде тағайындалуы керек.

ҚР ҚІЖК 241 бабына сәйкес, сараптаманы міндетті түрде тағайындау

1. Егер іс бойынша:

1) өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін;

2) іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмағанда немесе олар күмән туғызғанда күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын;

3) күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық іс жүргізуде өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеті жөнінде күмән туғанда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін;

4) жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілетіне күмән туған жағдайда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін анықтау қажет болғанда;

5) істің өзге дәлелдермен дәйекті түрде анықталмайтын өзге де мән-жайын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

Егер айыпталушының психикалық жай-күйіне Қазақстан Республикасының [Қылмыстық кодексінде](#) өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасағаны

үшін күмән келтірілсе, сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінің 3 және 4-тармақтарында тізбеленген негіздемелер бойынша күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге, куәға амбулаториялық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады және жүргізіледі. Егер сарапшы стационарлық сот-психиатриялық сараптама жүргізбей және сынақтан өтушіні стационарлық тексеруге орналастырмай қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарлаған жағдайда, Кодекстің [247-бабының](#) тәртібімен қылмыстық іс бойынша стационарлық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады.

Сол сияқты, сот сараптамасын міндетті түрде тағайындау келесі құжаттарда қарастырылған: ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 нормативті қаулысы, ҚР Жоғарғы Сот Пленумының «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі қаулысы, ҚР Жоғарғы Сотының «Қорғау құқығын реттейтін Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын қолдану тәжірибесі туралы» 2002 жылғы 6 желтоқсандағы №26 нормативтік қаулысы.

Бұл жағдайларда сот-сараптамалық зерттеулердің объектілері ретінде келесі материалдар болып табылады:

- азаматтардың арызы (ҚР ҚІЖК 178 бабы), кінәсін мойындап келу (179), мемлекеттік органдардың немесе тұлғалардың, ұйымдарда басқарушылық қызмет атқаратын хабарламалары (180 бап), бұқаралық ақпарат қызметіндегі хабарламалар (181).

- ҚР ҚІЖК 182 бабына сәйкес, қылмыстық істі қозғауға құқық берілген лауазымды адамдардың және органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы;

- ҚР ҚІЖК-мен алдын-ала тергеуде жол берілетін процессуалдық әрекеттердің нәтижесінен алынған;

- ҚР ҚІЖК 125 бабымен (дәлелдемелерді жинау) көзделген тәртіпте талап етілген және ұсынылған.

Заң бойынша, мамандармен жүргізіліп алынған іс бойынша тексеру актісі, ревизия актісі, ведомстволық инспекция қорытындысының және зерттеу нәтижесі бойынша жасалған ресми құжаттардың болуы сол сұрақтарға қатысты сараптама тағайындауды жоққа шығармайды.

Алдын-ала тергеу кезінде сот сараптамасын тағайындау үшін, оны жүргізудің негіздері болуы қажет. Мұндай негіздер фактілі және заңды болып бөлінеді. Фактілі негіз дегеніміз – қылмыстық істі қозғау немесе тергеу процесінде арнайы ғылыми білімді қажет ететін жағдайларды айтамыз. Ал арнайы ғылыми білімнің тасушылары тек сот сарапшылары болып табылады.

Заңды негізі дегеніміз – сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы немесе ұйғарымды айтуға болады. Мәселен, «ҚР Сот-сараптамалық қызметі»

туралы Заңның 23 бабына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) заңда белгіленген тәртіппен шығарылған сот сараптамасын тағайындау туралы қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасын жүргізу үшін негіз болып табылады.

Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және сарапшының қорытынды беруі үшін қажетті зерттеу объектілерін және іс материалдарын ұсынады.

**Тірі адамдарды** сот сараптамалық зерттеу ерікті және еріксіз тәртіппен жүзеге асады. Егер, сот сараптамасы **ерікті тәртіппен** жүзеге асырылса, сот сараптама органына зерттелуге жататын тірі адамның жазбаша түрдегі келісімі қажет.

Егер сараптамалық зерттеуге жататын адам 18 жасқа толмаса не сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылса, аталған тұлғалар үшін келісімді олардың заңды өкілдері немесе қамқоршы органдар береді.

Тірі адамдарды сот сараптамалық зерттеу **еріксіз тәртіппен** жүзеге асырылуы заңда тікелей көрсетілген.

Сот сараптамасын алдын-ала тергеуде тағайындауға құқылы субъектілерге **анықтаушы, тергеуші, прокурор** (егер қылмыстық істі қозғау не қозғамау мәселесі прокурормен көзделсе).

Заңмен егер сот сараптамасын жалпы ережелерге қатысты жүргізу мүмкін болмаса, сот сараптамасын **бір рет** қана тағайындаудың жағдайлары көзделген. Заңға сәйкес, сот сараптамасын бір рет қана тағайындаудың келесі жағдайлары көрсетілген:

- сараптамалық түрлердің тізімінде көрсетілмеген сараптаманы тағайындау;

- сарапшы ретінде шетел мемлекетінің тұлғасы тартылса, шетел мемлекетінің сарапшысының Қазақстанда сот сараптаманы жүргізудің тәртіптері ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексі, ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексімен және «ҚР Сот сараптамалық қызмет» туралы Заңымен реттеледі.

Сонымен, бір реттік сараптаманы жүргізу тек ерекше жағдайларға қатысты орын алады.

Сот сараптамасын заңды негізге қатысты тағайындалуы қаулы болғандықтан, заңда оны құрастырудың талаптары көрсетілген. Мәселен, аталған құжаттың құрылымы қылмыстық іс жүргізу заңымен көзделген және ол кіріспе, сипаттау және қорытынды бөлімінен тұрады. **Кіріспе бөлімі** өзінің құрамына келесі мәліметтерді кіргізеді:

- қаулыны құрастыру орны мен мерзімі туралы;
- сараптаманы тағайындаған субъекті туралы;

- қаулы шығарылған іс туралы мәліметтер.

**Сипаттау бөлімі** келесі мәліметтерден тұрады:

- істің фабуласы туралы;
- сараптаманы тағайындау негіздері туралы;
- сараптамалық зерттеуге жіберілетін объектілер туралы;
- объектілерді алған орын, уақыты және мән-жайлар туралы;
- сараптамаға жіберілетін өзге де материалдар туралы;
- сарапшының қорытындысына ықпал ететін іс материалдары туралы.

**Қаулының қорытынды бөлімінде** көрсетіледі:

- сараптаманың түрі;
- сараптама арқылы шешілетін сұрақтар;
- сот сараптама органының атауы және сараптама жүргізетін тұлғаның аты-жөні;
- сараптамаға жіберілетін материалдардың тізімі.

Аталған мәліметтерден басқа қаулыда процеске қатысатын тұлғалардың өтініштері (сараптаманы тағайындауға қатысты) және олардың қанағаттандыру нәтижелері көрсетілуі тиіс. Қаулыда кімге қатысты сараптама жүргізіліп отыр, сол тұлғалардың және қылмыстық процесті жүргізетін адамдардың қатысқаны дұрысырақ.

Белгілі бір сараптаманы тағайындау туралы қаулыны шығару кезінде күрделі мәселелер туындағанда дәлелдеу субъектілерінің кеңес алу мақсатында мамандарға жолданғандары жөн. Атап айтсақ, нақты қандай сараптаманы тағайындау қажет және сараптамалық зерттеуге жіберілетін үлгілер мен объектілерді жинау, зерттеу және бағалауға, сараптамаға сұрақтар дайындау мен құрастыруға қатысты мамандардың көмегі қолданылуы қажет. Жоғарда көзделген сұрақтарды шешу үшін, сот сарапшыларының алдын-ала қаулыны дайындау кезінде маман ретінде қатысуына заң тыйым салмайды.

Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы процессуалды құжат болғандықтан, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, қаулыны орындау оны жолдаған органдар мен тұлғалар үшін міндетті болып табылады және олардың құзыретіне кіреді.

### **Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің соттағы ерекшеліктері**

Қазақстан Республикасының заңнамаларында сот талқылауына қатысты сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің ерекшеліктері көзделген. Аталған өзгешеліктер, тек сот талқылауының азаматтық, қылмыстық, әкімшілік процестегі ұйымдастыру мен жүргізілу тәртібі мен міндеттерінің ерекшеліктерін қамтымайды, сол сияқты қылмыстық процестің сатысы болып табылатын алдын-ала тергеу мен істі сотта қараудың (азаматтық процесс үшін – сот талқылауына істі дайындау және істі сотта қарау) өзгешеліктерін де қамтиды.

**Қылмыстық істер бойынша сараптаманы сотта жүргізу.** Сотта сараптаманы жүргізу кезінде оның алдын-ала тергеуде жүргізілуінің мүмкіндіктері де ескеріледі. Егер сараптама алдын-ала тергеу кезінде жүргізілсе, оның нәтижелері процесске қатысушылар үшін күмән тудырмаса, онда сот сараптаманың қорытындысын сотта жариялаумен шектеледі де сот сарапшысын сот процессіне шақырмайды.

ҚР ҚІЖК алдын-ала тергеуде сараптама жүргізілсе де сотқа сарапшыны шақырудың қажеттіліктерін нақты реттейді. Мұндай жағдайларға келесілер жатады:

- сараптамамен барлық сұрақтар шешілмесе;
- сарапшының қорытындысы күмән тудырса;
- сарапшының қорытындысы процесске қатысушылармен дауланса;
- қосымша сараптамалық сұрақтар пайда болса;
- күрделі істі мәні бойынша шешуге сараптаманың қорытындысы маңызды болса;
- сараптамалық объектілерді дұрыс бағалау мен сараптаманың қорытындысын дұрыс түсіндіру үшін;

Егер сараптама алдын-ала тергеу кезінде жүргізілмесе, ал оны жүргізу қажеттілігі туындаса, сот оны тағайындау туралы шешім қабылдап және басты сот талқылауына сарапшыны сараптама жүргізуді тапсыру үшін шақыртады.

Соттың бірінші сатысында сот сараптамасын тағайындау алдын-ала істі тыңдау және басты сот талқылауында анықталады.

ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасын тағайындау туралы» 26.11.2004 жылғы № 16 қаулысында алдын-ала істі тыңдау кезінде сот сараптамасын тағайындау туралы сотпен қаулы шығару тек нақты жағдайларда орын алады:

- тараптардың өтініштері бойынша;
- сараптаманы тағайындау дәлелдемені бағалаумен байланысты болмаса;
- ҚР ҚІЖК 241 бабына сәйкес, оны жүргізу міндетті болса.

Басты сот талқылауында тараптардың өтініштері бойынша немесе өзінің бастамасымен сот:

- сараптаманы тағайындайды (сарапшыны шақыртады);
- сараптаманың пәніне қатысты мән-жайларды зерттеу үшін сарапшыны қатысуға рұқсат береді;
- тараптарға сараптамалық сұрақтарды жазбаша түрде беруін ұсынады;
- қойылған сұрақтарды оқып және сот талқылауына қатысушыларының пікірлерін тыңдайды;
- өзінің қаулысымен іске қатысы жоқ және сарапшының құзыреттілігіне жатпайтын сұрақтарды алып тастайды;
- негізделген қаулысымен тараптармен ұсынылған сараптамалық объектілерді алып тастайды;

- қажет болғанда, сарапшымен қорытынды оқылғаннан кейін ҚР ҚІЖК 355 б. көзделген тәртіпке сәйкес одан жауап алады;
- қажет болғанда қайталама не қосымша сараптама тағайындайды.

Сонымен қатар, сараптаманы тағайындағанда, сот:

- жаңа сұрақтарды құрастырады;
- сотпен шығарылған сараптаманы тағайындау туралы қаулының көшірмесін ұсынады;
- ҚР ҚІЖК 83 бабымен қарастырылған құқықтар мен міндеттерді түсіндіреді;
- тараптардың пікірлерін тыңдағаннан кейін, сот сараптамасы аяқталғанға дейін сот отырысын кейінге қалдырады;
- сарапшының қорытындысын іске тіркейді.

Егер сотқа дейінгі сараптамалық қорытындыға тараптар күмән тудырмаса, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, сот сараптаманы тағайындамай ақ сот сарапшыдан жауап алумен шектеле алады. Сотта сарапшыдан жауап алудың тәртібі ҚР ҚІЖК 355 бабымен реттеледі, ол келесі жағдайларды енгізеді:

- жауап алу тек қорытынды жарияланғаннан кейін жүргізіледі, ҚР ҚІЖК 253 б. 3 бөлімін ескере отырып, қорытынды бойынша сұрақтар немесе оны түсіндіру, нақтылау, толықтырулар қажет болған жағдайлар;
- сот сарапшыға жауап алудың кез келген сатысында сұрақтар қоя алады;
- алдымен сарапшыға сұрақты сараптаманы тағайындауына бастама берген тарап қояды;
- егер сараптаманы қылмыстық процессті жүргізуші органның бастамасымен не тараптардың келісімімен тағайындалса, алдымен сұрақты сарапшыға айыптаушы, кейіннен қорғау тарабы қояды.

Сот талқылауында сараптаманы алдын-ала тергеу кезінде жүргізген не сотпен тағайындалған басқа сарапшы жүргізеді. Сараптама тікелей сотта не сараптамалық зерттеу жүргізуге ыңғайлы жерде жүргізіледі.

Төрағалық етуші судьяның рұқсатымен сарапшы сараптаманың пәніне қатысты келесі мән-жайларды зерттеуге қатыса алады:

- қылмыстық істердің материалдарымен танысуға;
- сараптамаға қатысты сот әрекеттеріне қатыса алады;
- жауап алынатын тұлғаларға қатысты сұрақтар құрастыруға (сараптамаға қатысты);
- жазбаша қорытынды беруге және оны сот отырысында жариялауға;
- ҚР ҚІЖК 83 б. көзделген өзге де құқықтарын жүзеге асыруға.

Сот отырысына қатысатын тараптар сот сараптамасын тағайындаған кезде келесі құқықтары бар:

- сараптамалық зерттеу ретінде материалдар мен құжаттарды ұсынуға;
- сараптамаға оны тағайындауға қатысты сұрақтарға өтініштер жасауға;
- сарапшыға сұрақтарды жазбаша түрде беруге.

Сотта жүргізілген сараптаманың процессуалдық түріне баға бергенде, ол өзінің құқықтық мәртебесі жағынан одан кейінгі жасалған сараптамалармен салыстырғанда алғашқы болып табылады. Мәселен, ҚР ҚІЖК 354 бабының 10 бөліміне сәйкес, сот отырысындағы қайталама не қосымша сараптама тек алғашқы сараптама сотта (алдын-ала тергеуде емес) жүргізілгеннен кейін пайда болады.

Қылмыстық процессте ҚР ҚІЖК 410 бабының 1 бөліміне сәйкес, тараптардың өтініштері немесе апелляциялық сатыдағы соттың бастамасымен сот-психиатриялық сараптама тағайындалуы мүмкін. Өзге де сараптамалар аталған соттың сатысында, тек қосымша материалдардың болуына және оларды сот талқылауында зерттеуді қажет етпейтін жағдайларға қатысты тағайындалады.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот сараптамасының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің құқықтық бастамасы қылмыстық істер бойынша сараптама жүргізумен көптеген ұқсас белгілері бар, бірақ олардың сот өндірісінде процессуалдық спецификасы бар.

Мәселен, азаматтық процессте сараптама тағайындаудың келесі нысандары бар:

- міндеттерін қамтамасыз ету тәртібінде;
- істі сот талқылауына дайындау;
- сот талқылауында.

Міндеттерін қамтамасыз ету – азаматтық процеске тән. ҚР АІЖК 74 бабына сәйкес, өздері үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну соңынан мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар іске қатысушы адамдар соттан осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сұрай алады. Дәлелдемелерді қамтамасыз етуді сараптаманы жүргізу арқылы сұрай алады.

Заңда, соттық түрде міндеттерін қамтамасыз етуден басқа міндеттерді нотариалды түрде қамтамасыз етуде көрсетілген. Мәселен, ҚР «Нотариат» туралы Заңының 99 бабына сәйкес, нотариус немесе консулдық мекеменің лауазымды тұлғалары сараптаманы тағайындай алады.

Аталған жағдайларда сараптаманы тағайындаудың негіздері мүдделі тұлғалардың арыздары болып табылады. Арыздарда келесі мәліметтер көрсетіледі:

- дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтініште қамтамасыз етілуге қажетті дәлелдемелер,
- растау үшін осы дәлелдемелер қажет мән-жайлар,
- өтініш берушіні қамтамасыз ету туралы өтініш жасауға итермелеген себептер,

- сондай-ақ қамтамасыз етілетін дәлелдемелер қажет болып отырған іс көрсетілуге тиіс.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтінішті қарау нәтижесі бойынша сот ұйғарым шығарады. Мұндай өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы судьяның ұйғарымына жекеше шағым берілуі мүмкін (ҚР АІЖК 75 б., 3 б.).

**Істі сот талқылауына дайындау тәртібінде** АІЖК 91 бабына сәйкес, судья сот сараптамасын тағайындау туралы ұйғарым шығаруға құқылы. Судья сараптаманы тағайындау туралы шешімді шығарғаннан кейін, тараптарды талапкердің не жауапкердің сараптаманы тағайындау туралы өтінішін қараудың уақыты, орны туралы хабарлайды. Бірақ, аталған тұлғалардың сотқа келмеуі өтінішті қарауға кедергі болмайды. Судья сотқа келген тараптарға сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды құрастыру құқықтарын түсіндіреді, бірақ сараптаманың алдына қойылатын нақты сұрақтар тізімін судьяның сараптаманы тағайындау туралы ұйғарымында көрсетіледі.

Сарапшының алдына ғылым, техника, өнер саласында арнайы білімді қажет ететін сұрақтар ғана қойылады. Сот құзыреттілігіндегі құқықтық мазмұндағы сұрақтар сараптама алдына қойылмайды.

Сараптаманы тағайындау туралы ұйғарым ҚР АІЖК 344 бабында көрсетілген тәртіпке сәйкес шағымдалады.

Аталған сатыда сараптама тағайындаудың негізгі мақсаты сот талқылауына толық көлемдегі дәлелдемелік ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан, сараптаманы сотқа дейінгі кезеңде тағайындаған дұрысырақ.

Жоғарыда көзделген сатыға қатысты АІЖК 305 бабына сәйкес, судья азаматтың психикалық ауруы немесе психикасының бұзылуы, ақылының кемістігі немесе психикасының өзге де сырқатты хал-жайы туралы деректер жеткілікті болған жағдайда істі соттың қарауына әзірлеу тәртібімен оның психикалық жай-күйін анықтау үшін сот-психикалық сараптама тағайындайды. Әрекетке қабілетсіз деп тану туралы іс қозғалған адам сараптамадан өтуден көрінеу жалтарған жағдайда сот психиатрдың қатысуымен өтетін сот отырысында азаматты сот-психиатриялық сараптама мәжбүрлеп жіберу туралы ұйғарым шығара алады.

Азаматтық істер бойынша сараптама тағайындау **сот талқылау** барысында орын алуға жол беріледі (АІЖК 91 б.). Алғашқы сараптама дайындалу сатысында орын алса, оған қатысты қосымша не қайталама сараптама жүргізілуге жол беріледі. Қажет болға кезде, сараптама қорытындысы жарияланғаннан кейін сарапшыдан жауап алынуы мүмкін. Іске қатысқан әрбір тұлға, сотқа сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды ұсынуға құқылы. Егер, судья ұсынылған сұрақтарды сарапшыға қоюға тыйым салса, оны сот негіздеуі қажет. Сот сараптамасын тағайындау туралы ұйғарымға **шағым не наразылық** келтірілуі мүмкін.

Сол сияқты азаматтық іс жүргізу заңымен көзделген өзге де жағдайларға назар аударылуы қажет:

1. Егер тараптар сараптамаға қатысудан бас тартса немесе оның жүргізілуіне кедергі келтірсе (сараптамаға келмесе, зерттеу үшін материалдар беруден бас тартса, сотқа объектілерді жеткізу мүмкін болмаса), ал мән-жайларға сәйкес, бұл тараптарсыз сараптаманы жүргізу мүмкін емес болса, сот қай тарап сараптамаға қатысудан жалтарып отырғандығын анықтап және оның іс үшін қаншалықты маңыздылығын белгілеген соң сараптаманы тағайындауды мүмкін немесе мүмкін емес деп табады.
2. Азаматтық істер бойынша сараптама зерттеу мазмұнына, объектілерді сотқа жеткізу мүмкіндігіне қарай сотта немесе соттан тыс жерде жүргізіледі.
3. Сараптамалық зерттеу объектілерінің шынайлығына, жол берушілігіне сот кепіл етеді.
4. Іске қатысушылар сараптама жүргізілуіне қатыса алады, егер олардың қатысуы соттан тыс жерде өткізіліп, сарапшылардың жұмыстарына кедергі келтірмесе. Қатысушы тұлғаларға сараптамаға қатысуға тыйым салынбаса, олар сараптаманың орны мен уақыты туралы алдын-ала ескертіледі. Олардың белгіленген жерге келмеуі сараптаманың жүргізілуіне кедергі болмайды.
5. Егер сараптама соттан тыс жерде жүргізіліп және іске қатысушы тұлғалар келсе, сот приставының міндетті түрде қатысуын сот шешеді.
6. Сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті емес, қорытындымен келіспеушілігін сот негіздеу қажет.

Азаматтық процесстегідей әкімшілік процессте де сот сараптамасының тағайындалуы мен жүргізілу тәртібі бірдей.

## **6 тақырып. Сот сарапшының құқықтық мәртебесі**

Сот сарапшысының құқықтық мәртебесін анықтау кезінде оның сот өндірісіндегі қолданатын арнайы білімінің және маман ретіндегі білімін бір-бірінен ажырату керек.

Аталған субъектілердің алуан-түрлі құқықтық реттеу мәртебесін ескере отырып, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, маман ретінде арнайы білімі бар кез- келген іске мүдделі емес тұлғалар бола алады.

Тұлғаны сот сарапшысы деп тану үшін, арнайы ғылыми білім мен оның іске мүдделі еместігі жеткіліксіз, сол сияқты сарапшының құзыреттілігін бекітетін және біліктілік куәлігін ҚР Әділет Министірлігі береді. Ал жеке сарапшылар өз қызметтерін Әділет Министірлігі беретін лицензия негізінде жүзеге асырады және оларды Қазақстан Республикасының сот сараптамалық Мемлекеттік реестріне енгізеді.

Мамандармен салыстырғанда сарапшыларды заң тәуелсіздік қағидасымен қамтамасыз етеді, яғни сот сараптамасының қызметіне ешкім араласа алмайды.

Жоғарыда аталған кепілдіктер мамандарда жоқ, олар тергеуші мен сотқа бағынады. Мамандарды шақыру түрі ерікті түрде жүзеге асырылады, ал сарапшыларды соттың (тергеуші) қаулы (ұйғарым) шығаруы арқылы шақырады. Сарапшының іске қатысуы оның арнайы ғылыми зерттеулерді жүргізуінде жатыр, ал маман іс бойынша дәлелдемелерді табу, бекіту және алып тастау үшін қатыстырылады.

Сот сарапшысы қызметінің нәтижесі процессуалдық құжаттарда өзінің көрінісін табады – мәселен, заңда дәлелдеме ретінде көзделген сарапшының қорытындысы, ал маманның қызметі тергеу (сот) әрекеттерін жүргізу хаттамаларында немесе хаттамамен қатар тіркелетін жазбаша құжаттарда көрсетіледі.

Тергеушінің (соттың) аталған субъектілердің қызметтерін бағалау салдарыда өзгеше. Заң бойынша дәлелдеу субъектілері, сарапшының қорытындысымен келіспесе, ол туралы негізделген қаулы шығару керек. Мұндай жағдай маманның қызметін бағалауға қатысты қолданылмайды, олардың қызметі тергеуші (сот) белгілеген жалпы тәртіп бойынша бағаланады.

Жоғарда көзделген мән-жайларды және сот өндірісіндегі міндеттерін ескере отырып, сот сарапшының және маманның құқықтары мен міндеттері реттеледі. Сот сарапшының мәртебесі нақты белгіленген, өйткені сот сараптамасы жеке процессуалдық әрекет болып табылады.

Маман мен сарапшының арасындағы ерекшеліктерді олардың қызметінің мазмұнымен толықтырған жөн. Мәселен, аталған тұлғалардың азаматтық және қылмыстық процессте қолданатын арнайы білімдерін бағалауымыз қажет.

Сот өндірісінде қолданатын арнайы білімдердің мазмұнына шек қоюдың бірнеше себептері бар, бастысы сараптамалық тәжірбиеге сүйенсек, сарапшының алдына құқықтық мазмұндағы сұрақтарды тергеу (сот) органдарымен қойылуы. Атап айтсақ, 2001 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы сотының № 21 «Азаматтық істерді сотқа дайындау» атты нормативті қаулысында, сот сарапшыларына құқықтық мазмұндағы сұрақтарды шешуге тыйым салады, аталған сұрақтарды шешу сот (тергеу) органдарының құзыреттілігінде жатыр.

Нақтысында сот сараптамасын маманның арнайы білімінен оның негізгі үш элементтері ажыратып отыр: арнайы ғылыми зерттеу барысында объектілердің белгілерін анықтау, олардың ғылыми анықтамасы және соның негізінде жаңа нәтижелі білім алуында. Кері жағдайда сот сараптамасының арнайы ғылыми білімге негізделе отырып, жасалатын зерттеу деп айту мүмкін емес. Ал маманның зерттеулері, белгіленген объектілердің белгілерін анықтау үшін ғылыми анықтаманы тұжырымдамайды (интерпритация), тек оларды анықтаумен шектеледі. Сол сияқты, мамандар дәлелдемелерді іздеу, бекіту және алу кезінде олардың құқықтық білімнің болуын қажет етеді (криминалист-маман).

Сонымен, сот сараптамасы сот өндірісіне арнайы білімді тартатын біліктілік нысанның бірі. Сот сараптамасы процессуалдық құқықтың институты ретінде ерекше белгілерге ие, соның нәтижесінде ол сараптаманың тағайындау, зерттеу жүргізу, нәтижелерін рәсімдеу және баға беру тәртіптерін реттейді. Оларға келесілер жатады:

- тергеушінің (соттың) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы (ұйғарым) шығару тапсырмасы;
- зерттеуді арнайы субъект – сот сарапшысы жүргізеді;
- сот сарапшысының құқықтыры мен міндеттерін көздейтін процессуалдық мәртебесі;
- сарапшының тәуелсіздік құқықтық кепілдері мен қорытындысы дұрыстығының құқықтық кепілдерінің заңмен белгіленуі;
- сот сарапшысында арнайы ғылыми білімнің болуы және соның негізінде фактілердің ғылыми негізделіп тұжырымдалуы;
- сарапшы қорытындысының – нәтижелі құжат ретінде процессуалдық реттелуі;
- сарапшы қорытындысының жеке дәлеледеме ретінде қарастырылуы;
- сарапшы қорытындысымен келіспеу шешімі дәлеледеу субъектілерімен негізделуі қажет;
- алғашқы сараптама қорытындысының негізсіз немесе оның дұрыстығы күмән тудыратын болса, не сараптаманың жүргізілуінде процессуалдық норманың ережелері едәуір бұзылған жағдайда қайталама сараптаманы тағайындау мен басқа сарапшыға сараптама жүргізуді тапсыру мүмкіндігі;

Сонымен, сот сараптамасы сот өндірісіне арнайы білімді тартатын біліктілік нысаны ретінде спецификалық белгілерге ие, сол арқылы сараптама дәлелдеу субъектісінің процессуалдық қызмет жүйесінде жеке құқықтық институт ретінде орын алады.

Қазақстан Республикасы «Сот-сараптамалық қызмет» туралы Заңның 1 бабында көрсетілгендей: сот сарапшысы – осы Заңның талаптарына сәйкес келетін, қылмыстық процесті жүргізуші орган (адам), сот не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) заңда белгіленген тәртіппен сот сараптамасын жүргізуді тапсырған адам.

Сот сарапшының мәртебесін құқықтық реттеудің негізгі жағдайларын білуі, тәжірибеде қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша арнайы білімнің сот өндірісінде қолданылуын қажет ететін жағдайларда, нақты сарапшыны іске тартудың мәселелерін дұрыс шешуге ықпал етеді.

Сарапшының сот өндірісінде қатысуының процессуалдық мәнін ескере отырып, оның зерттеу нәтижелерінің іс бойынша дәлелдеме болуына байланысты, заңгер сарапшының процессуалдық тұлға ретінде орын алуына қатысты белгілі бір талаптар қояды.

Мәселен, ҚР «Сот-сараптамалық қызмет» туралы Заңның 12 б. 2 бөліміне сәйкес, сараптаманы жүргізу:

1. сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
2. сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдарға;
3. осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

Мұндай тәртіп сот сараптама органдарының қызметкерлері болмайтын тұлғаларға және лицензиялары жоқ және заңның 12 б., 3 бөлімінде көзделген жағдайларға қатысты таралады.

Барлық жағдайларда сот сарапшысы ретіндегі тұлғалардың жоғары білімі және белгілі бір сараптаманың саласында арнайы ғылыми білімге ие болуы керек. Біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін сот сарапшысының белгілі-бір сараптаманың түрімен айналасуға қатысты біліктілік куәлігі беріледі және сот сарапшысының біліктілікке ие болу мәртебесі бекітіледі.

Біліктілік емтиханын қабылдау және біліктілік куәлігі Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігінің біліктілік комиссиясымен және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен жүзеге асырылады.

Сол сияқты, сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиялары бар адамдар туралы мәліметтер мақсаттарын және қалыптастырылу мен пайдаланылу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі. Осы Заңның 12-бабының 3- бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізілген сот сарапшысына тапсырады.

Сот тәртібімен әрекетке қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған не соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адам сот сарапшысы бола алмайды.

Тиісті заңдық факт орын алған күннен бастап үш жыл бойына:

- 1) соттылығы заңда белгіленген тәртіппен өтелген немесе алынған;
- 2) қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған;
- 3) мемлекеттік қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан, сот сараптамасы органдарынан теріс дәлелдермен босатылған;
- 4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айрылған тұлғалар;
- 5) ҚР Әділет министірлігінің сотқа берген талап арызы бойынша сот-сараптамалық қызметпен айналасуға рұқсат беретін лицензиясы келесі жағдайларда тоқтатылған:

- сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел не бірнеше қайтара бұзған;

- аттестаттау нәтижелерімен расталған кәсіптік даярлығының жеткіліксіз деңгейі салдарынан оның сот сарапшысы міндеттерін атқаруы мүмкін болмаған;
- аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда.

Сот сараптамалық қызметпен айналасуға тыйым беретін жағдайлар процессуалдық заңда көзделген. Мысалы, ҚР ҚІЖК 90, 96 бб. көзделген бас тартудың жалпы жағдайлары жатады. Нормаларға сәйкес, сарапшы іске келесі жағдайларда қатыса алмайды:

- егер ол анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға, сезіктіге, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, заңды өкілдеріне, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне қызметтік немесе өзге де байланыста болса немесе болып отырса;
- егер ол нәтижесі қылмыстық іс бойынша іс қозғау немесе қылмыстық ізге түсуді бастау үшін негіз болған тексеру немесе басқа да тексеріс әрекеттерін жүргізсе;
- егер оның құзыретті еместігі байқалса;
- егер ол іске, осы Кодекстің 224-бабына сәйкес сот медицинасы саласындағы дәрігер-маман ретінде адамның мәйітін қарауға қатысу жағдайларын қоспағанда, маман ретінде қатысса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

Барлық жағдайда сарапшының іске қатысу мәселесін процесті жүргізуші орган шешеді.

Сот сарапшы мәртебесінің негізгі белгісі оның заңмен көзделген құзыреттілігі болып табылады. Аталған аспект сот-сараптамалық қызмет туралы заңның талаптарымен реттеледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы «Сот-сараптамалық қызмет» туралы Заңның 18 бабына сәйкес, Сот сарапшысы құқылы:

1) сот сараптамасының нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға;

2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды өзіне беру туралы өтінішті мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге және сот отырыстарына қатысуға және оларға қатысушы адамдарға сот сараптамасының нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

4) өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты оларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

5) сараптаманы тағайындаған органның келісімі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда қамтылған

мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға, одан бас тартуды мәлімдеуге;

7) сот сараптамасын жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) және істі жүргізуге қатысатын өзге де адамдардың өзінің құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сот сараптамасын жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға **құқығы бар**.  
Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізуші органды, сотты, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органды (лауазымды адамды) хабардар етпестен, сот сараптамасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша процеске қатысушылармен келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды дербес жинауға;

3) егер сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) оған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге **құқылы емес**.

Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге;

3) заңмен көзделген жағдайларда, қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жіберуге;

4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге;

5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сот сараптамасын жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге;

7) сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасын жүргізу кезіндегі шығыстардың сметасын және келтірілген шығыстар туралы есепті табыс етуге **міндетті**.

Сарапшы жалған қорытынды бергені үшін ҚР ҚК 355 бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Осыған қатысты, сот сарапшысы

сараптама жүргізудің алдында жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылу туралы ескертілуі қажет.

## **7 тақырып. Сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезіндегі іске қатысушылардың процессуалдық құқықтары**

Республиканың заңнамаларымен іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдері белгіленген. Атап айтсақ, ҚР ҚІЖК баптарында тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары (15 бап), тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау (13 бап), кінәсіздік презумпциясы (19 бап), сот ісін жүргізуді тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру (23 бап) т.с.с.

Сот өндірісіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау кезінде, әсіресе сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу кезіндегі аталған жағдайларды қорғаудың кепілдіктері қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген. Мәселен, қылмыстық процесте сараптаманы тағайындау және оны жүргізу кезінде сезікті, жәбірленуші, куә және медициналық мәжбүрлеу шаралары қолданылған тұлға егер оның психикалық ахуалы мүмкіндік беретін болса, келесі құқықтарға ие:

- **сараптама жүргізілгенге дейін сараптаманы тағайындау туралы қаулымен танысып, құқықтарына қатысты түсініктеме ала алады, сол туралы хаттама жасалады;**
- **сарапшыдан бас тарту туралы өтініш беру немесе сот сараптама органының сараптама жүргізуге шеттету туралы сұраныс бере алады.**

Процесті жүргізуші орган қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру барысында ҚІЖК 96 б. сәйкес сарапшыдан бас тартудың негіздерін де түсіндіруі қажет.

- **нақты тұлғаны немесе сот сараптама органының нақты қызметкерін сарапшы ретінде тарту және комиссиямен сараптама жүргізу туралы сұраныс ете алады.**

Қылмыстық процесті жүргізуші орган сұранысты қарастыру кезінде, ұсынылып отырған сарапшының құзыреттілігін тексеру және одан бас тарту негіздерінің бар-жоғын тексеруі керек. Сараптаманы комиссиямен жүргізу үшін, ҚР ҚІЖК 249 б. көзделген негіздер орын алуы қажет.

- **сарапшыға қосымша сұрақтарды қою немесе қойылған сұрақтарға түсініктеме беру туралы сұраныс етуге.**

Сұранысты қарастыру барысында, процессті жүргізуші орган, сұрақтарды құрастыру нысанына көмек көрсетуі керек (егер сұрақтар арнайы ғылыми білімнің қолданылуын қажет етсе).

- **процесті жүргізуші органның рұқсатымен, сараптама жүргізуге қатысуға және сарапшыға түсініктеме беруге болады.**

Сот сараптамасын жүргізу процессуалдық әрекет болғандықтан және олардың нәтижелері хаттамаға енгізілетіндіктен, жәбірленуші, сезікті және өзге де тұлғалардың қатысуына рұқсат берген тұлға сараптамаға міндетті түрде қатысатын қатысушылардың қатарына жатқызылуы керек.

Сарапшының қызметіне араласпау мақсатында, басқа тұлғалардың қатысуы сараптамалық зерттеу кезінде ғана орын алады, ал зерттеудің нәтижелерін бағалағанда немесе талқылағанда өзге тұлғалардың қатысуына жол берілмейді. Жоғарыда аталған тұлғалардың қатысуы тек сараптаманың пәніне қатысты түсініктеме беруімен шектеледі. Сараптамалық зерттеу кезінде сезіктінің не айыпталушының қатысуы, сарапшыға сараптамаға қатысты материалдардың болуын анықтауға мүмкіндік береді.

- **Сараптамаға қатысты сарапшыға сұрақтар қоюға.**

Бұл сұрақтар: а) сарапшыға ұсынылған объектілер мен іс материалдардың толықтылығына; б) жүргізілетін зерттеудің ғылыми-әдістемелік негіздері, сарапшының қолданылатын әдіс-тәсілдері, техникалық құралдары; нақты сараптама бойынша анықтамалық әдебиеттер; в) зерттелетін объектілердің жарамдылығы мен сақталуы және т.б. қатысты болады.

Сараптамалық зерттеуге қатысқан процеске қатысушылар зерттеудің барысына араласуға тыйым салынады.

- **Сарапшының қорытындысымен немесе тергеушіге түскеннен кейін қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарламасымен танысуға, өзінің наразылықтарын ұсынуға, қосымша, қайталама немесе жаңа сараптама тағайындау туралы сұраныстарын ұсынуға.**

Аталған мәселеге қатысты ҚР ҚІЖК 244 б. сәйкес, егер сараптама адамды сезікті деп танығанға немесе айыпталушы ретінде іске тартқанға дейін жүргізілсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган оны сараптама тағайындау туралы қаулымен, сарапшының қорытындысымен таныстыруға және оның Кодекстің [254 б.-1 б.](#) көзделген құқығын түсіндіруге міндетті.

Аталған норма қылмыстық іс қозғалған адамға қатысты таралуы керек. Норманың кемшілігі оның бәсекелестік және тараптардың теңдік қағидаларына қайшы келуін айтамыз (ҚІЖК 23 б., 1 б.), өйткені аталған норма қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулы шығарған сәттен пайда болатын жәбірленуші туралы еш нәрсе айтпайды.

Ал, ҚІЖК 244 бабының және өзге де нормалардың атауында көзделгендей, айыптау және қорғау тарабы сот сараптама өндірісінде бірдей құқықтар мен міндеттерге ие.

ҚІЖК 244 б., 4 бөліміне сәйкес, жәбірленушілер мен куәларға, сондай-ақ қылмыс жасаудан зардап шеккен адамға және өзіне қатысты қылмыстық іс қозғау туралы мәселе шешіліп жатқан адамға сараптама жүргізу тек олардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі. Егер бұл адамдар кәмелетке толмаған болса немесе сот оларды әрекет қабілеті жоқ деп таныса, сараптама жүргізуге жазбаша келісімді олардың заңды өкілдері береді. Аталған ереже Кодекстің

241-бабында көзделген жағдайларда сараптама жүргізу үшін қолданылмайды. Аталған нормада сараптама жүргізу кезінде, сезіктіге, айыпталушыға және өзге де мүдделі тұлғаларға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының жүргізілу мәселелері қарастырылмаған.

Қорыта келе, қылмыстық істі қозғау сатысында сараптама қорытындысының нәтижесіне мүдделі, кейін жәбірленуші, сезікті, айыпталушы мәртебесіне ие болатын тұлғаларға қатысты заң олардың сараптаманы тағайындау, жүргізу немесе оның нәтижесін бағалауға қатысты құқықтарын заң нормаларында нақты сілтеме жоқ.

Аталған процессуалдық мәселені шешу барысында, ерекше орынға тірі адамдарға, олардың денесіне психофизиологиясына қатысты сараптама жүргізу жағдайларын айтамыз. ҚР ҚІЖК 14 б., 6 бөліміне сәйкес, ешкімді де адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп туғызатын іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға тартуға болмайды. Адамның жеке басына тиіспеушілікті бұзатын іс жүргізу әрекеттері адамның не оның заңды өкілінің еркіне қарсы осы Кодексте тікелей көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

ҚР «Сот-сараптамалық қызмет» туралы заңға сәйкес (33-бап), сараптама жүргізілетін тұлғалардың тізімі берілген.

Тірі адамдарға қатысты сараптама жүргізу тек медициналық ұйымда немесе басқа да жағдайы көзделген жерлерде жүргізіледі және ол тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерімен қамтамасыз етеді. Сот сараптамасы кезінде, тірі адамды стационарлық зерттеу қажет болса, ол медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін (34 бап).

Егер тұлғаға қатысты сот-сараптамалық зерттеуді стационарлық жағдайда жүргізуін талап етсе, ол арнайы медициналық мекемеге сот сараптамасын тағайындау туралы қаулының (анықтаманың) негізінде орналастырылады.

Қамауға алынбаған тұлғаны медициналық мекемеге сот-психиатриялық сараптаманы жүзеге асыру үшін еріксіз орналастыру, тек сот шешімінің негізінде жүргізіледі. Қамауға алынбаған тұлғаны медициналық мекемеге сот-медициналық сараптаманы жүзеге асыру үшін еріксіз орналастыру, тек сот шешімінің негізінде немесе прокурордың санкциясымен жүргізіледі.

2004 жылғы 26 қарашадағы ҚР Жоғарғы Сотының түсініктемесі бойынша, егер тұлғаға қатысты сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезінде ол уақытша психикалық ауруға шалдықса және сол ауру сараптама жүргізуге кедергі келтірсе, соған қатысты ол тұлғаны мәжбүрлеу түрінде медициналық стационарға орналастыру үшін соттың қаулысы қажет. Аталған жағдайда ҚР ҚІЖК 50 б., 4 бөліміне сәйкес өндіріс бойынша қылмыстық іс қысқартылады. Бұл жағдайда сот сараптамасын тағайындаған орган, жиырма төрт сағаттың ішінде сот сараптамасы жүргізілетін медициналық ұйымға орналастырылған тұлғаның орналасу жері туралы оның кәмелетке толған туыс-тумаларына, егер мұндай тұлғалар болмаса тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына хабарлауы қажет.

Заңда, сот сараптамасы жүргізілетін тұлғаның медициналық ұйымда болу мерзімдері туралы көзделген (37 бап).

Мәселен, адам сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымда отыз тәулікке дейінгі қажетті мерзімге орналастырылуы мүмкін. Мұндай мерзімнің созылуы, тек заңмен көзделген жағдайларда орын алады.

Тұлғаның медициналық ұйымда орналасу мерзімінің және оның ұзартылуының бұзылуы іске қатысты тұлғалармен, олардың немесе өзге де өкілдерімен шағымдалады.

Заңмен (38 бап) Сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі де қарастырылған.

Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) іс бойынша мәліметтер алу мақсатында олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыруға немесе оларға қысым жасауға (оның ішінде алдау, күш қолдану, қорқыту және өзге де заңсыз шаралар арқылы);

2) аталған адамдарды медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеулердің әдістерін қолдануға тыйым салынады.

Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы жүргізілетін адамды, баламалы әдістерді қоса алғанда, қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері туралы, болуы мүмкін ауырсыну сезімдері мен жанама әсерлер туралы оған түсінікті түрде хабардар етуге тиіс. Аталған хабарлама сот сараптамасы жүргізілетін адамның тиісті өтінішті мәлімдеген заңды өкіліне де беріледі. Сот сараптамасы жүргізілетін адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін.

Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар және өтініштер жасауға мүмкіндік беріледі. Заңда көзделген тәртіппен берілген шағымдар және өтініштер жиырма төрт сағаттың ішінде жолданым иесіне жіберіледі және цензураға жатпайды.

Адамға қатысты ерікті түрде жүргізілетін сот сараптамасы оның кез келген сатысында аталған адамның бастамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

*Қамауға алынбаған тұлғаға* қатысты сот-психиатриялық сараптама психиатриялық стационарда жүргізіледі. Психиатриялық стационарда сот-психиатриялық сараптама жүргізілетін тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңының нормалары таралады. Аталған тұлғалар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау заңнамаларына сәйкес психиатриялық стационар науқастарының құқықтарына ие.

*Қамауға алынған тұлғаларға* қатысты сот-психиатриялық сараптама психиатриялық стационарларда арнайы көзделген жерлерде жүргізіледі. Оларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу

заңының нормалары таралады және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау заңнамаларына сәйкес психиатриялық стационар науқастарының құқықтарына ие.

Сот-психиатриялық және сот-психологиялық сараптама құпия негізде жүзеге асырылады. Сот-сараптамалық зерттеулер тірі адамдардың киім-кешектерін шешіндіріп жүргізілгенде, тек сол жыныстың өкілі қатыса алады. Аталған шектеу зерттеу кезінде қатысатын дәрігерлер және медициналық қызметкерлер үшін де таралады.

**Тұлғаның құқықтарын қорғау сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алған кезде өзекті сипатқа ие. Осыған сәйкес, үлгілерді алудың әдіс-тәсілдері адамдардың денсаулығы мен өміріне зардап келтірмеуі қажет. Күрделі медициналық процедураларды не әдістерді қолдану, егер адам үшін ауыртпалық сезім тудыратын болса, ол сол тұлғаның келісімімен жүргізілуі керек. Аталған тұлға кәмелетке толмаған не психиатриялық ауыруға шалдыққан болса, оның өкілдерінің келісімімен ғана ол тұлғалардан сараптамалық зерттеу үшін үлгілері алынады (ҚІЖК 262 б.).**

Үлгілерді алу тергеу әрекеті болғандықтан, оны орындау үлгі алынатын тұлғалар үшін міндетті. Сезікті, айыпталушы үлгі алу үшін келуден бас тартса, олар еріксіз түрде алып келінеді. Жәбірленуші мен куәден үлгілер алу, мұндай әрекетті жасауды сезікті, айыпталушы өзін қылмыс жасады деп әшкерелейтін айғақтарды тексеру үшін табанды түрде талап еткеннен, сондай-ақ жыныстық аурулар мен өзге де жұқпалы ауруларды анықтау үшін, мұндай анықтау іс үшін маңызы болғанда үлгілер алу қажет болғаннан басқа жағдайларда, жәбірленуші мен куәнің келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін. Жәбірленушіден, куәден осы баптың екінші бөлігінде аталған жағдайларда, сондай-ақ өтініш берушіден және өтініш беруші қылмыс жасаған деп тікелей көрсеткен адамнан үлгілерді мәжбүрлеп алуға прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімі бойынша ғана жол беріледі (ҚІЖК 263 б).

Қатысушылардың құқықтарын қорғау кепілі туралы мәселені ескере отырып, Жоғарғы Соттың «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 26.11.2004 жылғы № 16 қаулысына сәйкес, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу, бекіту кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы елеулі түрде бұзылатын болса, соның негізінде сараптама жүргізіліп қорытынды жасалса, мұндай сарапшының қорытындысы жол берілмейтін дәлелдемелерге жатады. Аталған қаулылардың тізімінде процеске қатысушылардың сараптаманы тағайындау мен жүргізу кезінде құқықтарының бұзылуы туралы айтылған. Сол сияқты, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 20.04.2006 жылғы № 4 нормативті қаулысына сәйкес, сараптаманы уәкілеттігі жоқ орган тағайындаса, не қаулы шығарылмаса, не заңның өзге де бұзушылықтарының нәтижесінен сарапшының қорытындысы жасалса, мұндай қорытындының дәлелдемелік күші болмайды.

## **8 тақырып. Сот сараптамасын жүргізудің әдістемелік негіздері**

Құқық қорғау органдары мен сот органдары қызметкерлерінің сот сараптама өндірісінің әдістемелік негіздерін білуі – сот-сараптамалық қызметінің саласына арнайы ғылыми білімдерді тиімді тарту бойынша оның институционалды сот-сараптама қызметіне сәйкес келуін объективті бағалаудың міндетті белгісі.

Өз алдына сарапшылардың арнайы білімін қолдануы объектіні зерттеуге қатысты сараптамалық теория және тәжірбиемен әзірленген жүйелік бағыт, ол азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді дұрыс шешу үшін мүдделі. Аталған бағыт сараптамалық міндеттерді шешудің әдісінде өз көрінісін тапты және өзінің нысаны мен мазмұнына қарай сот сараптама теориясының сараптамалық зерттеудің әдістемесінде қалыптасқан.

Сараптамалық зерттеудің әдістемесі сот сараптама пәніне қатысты фактілі деректер мен объектілерді зерттеу мақсатына арналған әдістер мен техникалық құралдардың ғылыми-әзірленген нұсқаудың жүйесі. Біз қарастырып отырған жағдайда, жүйе дегеніміз сараптама процесінде интеллектуалды және техникалық әлеуетті қолданудың реттілігі мен мақсаттылығы.

Әдістеме өзінің мәні бойынша сараптама алдына қойылған міндеттерді шешуге бағытталған сарапшы әрекетінің алгоритмі болып табылады. Бұл жағдайда таным процесінің сатылылығын ескерген жөн, сол арқылы игерген білімнің негізінде зерттеу мақсатынан оның нәтижесіне көшуге болады.

Таным процесінің сатылылығы оның құрамында сатылардың бөлінуін білдіреді қажетті нәтижеге жетудің міндеттерін шешумен қамтамасыз етеді. Сараптамалық зерттеудің әдістемесін бағалауда келесі сатыларды бөліп көрсеткен жөн: дайындық, аналитикалық (объектілерді бөліп зерттеу), синтездеу (объектілерді салыстырып зерттеу), нәтижелік (зерттеу нәтижелерін бағалау), қорытынды (нәтижелерді рәсімдеп бекіту).

Әрбір аталған саты өзінің мазмұнына сай және ондағы әдістемелік талаптардың орындалуы сараптамалық міндеттердің шешілуі мен дәлелдеу субъектілерінің сарапшы қорытындысының дұрыс бағалануының кепілі. Әр біреуіне жеке-жеке тоқталайық, сол арқылы сот сараптамалық зерттеудің негізі шешіледі.

**Дайындық сатысы** сарапшының іс материалдарымен танысудан басталады, бұл процестің барысында алғашқы деректер талданып, шешілуге жататын сұрақтары нақтыланады және сараптамалық зерттеудің әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары таңдалады.

Сонымен, сараптама өндірісі тікелей сарапшымен жолдамалы хатты (қаулы, ұйғарым), іс материалдарының объектілері – заттай дәлелдемелерді алудан басталады.

Сот сараптамасын тағайындауға қатысты процесуалдық заңнаманың талаптары бұзылса, сарапшы үш күннен кешікпей сараптама тағайындаған тұлғаға хабарлайды.

Сарапшы объектінің әсіресе сыртқы көрінісіне аса назар аударуы керек, яғни объектіні алу, сақтау, буып-түю және жеткізу ережелерінің сақталуына және олардың жеткілігіне, зерттелу үшін жарамдылығына көңіл бөлуі қажет.

Егер сарапшыға қосымша материалдар қажет болса, мұндай материалдар сараптама тағайындаған органмен сұратылады. Аталған жағдайда сараптаманың мерзімі өтініш түскен, қосымша материалдар алған күннен немесе өтініштен бас тартқан күннен басталып тоқтатылады.

Өтінішті қанағаттандыру мүмкін болмағанда немесе одан бас тартқан жағдайда материалдар орындалмай қайтарылады.

Зерттеу үшін жіберілген алғашқы деректер толық, жеткілікті және жарамды болған кезде, сарапшы сараптаманың алдына қойылған сұрақтардың мәнін құқықтық және дұрыстығы жағынан анықтайды.

Бір уақытта сарапшының құзыреттілі мен материалды-техникалық базаның зерттеу үшін жарамдылығы тексеріледі.

Зерттеуге дейін сарапшы келесі жағдайларға сәйкес көзі жетсе:

- алдына қойылған сұрақтар сарапшының білімінің шеңберінен тыс;
- ұсынылған материалдар жарамсыз немесе қорытынды беру үшін жеткіліксіз, оларды толықтыру мүмкін емес;
- қойылған сұрақтарға ғылымның жағдайы мен сараптамалық тәжірибие жауап беруге мүмкіндігі жоқ, сарапшы қорытынды беру мүмкін еместігі туралы негізделген қорытынды беріп және оны сараптама тағайындаған тұлғаға жібереді.

**Аналитикалық саты** объектілерді бөліп зерттеуді білдіреді, олар әрбір объектіні жекешелендіру негізінде белгілі сатылардың болуымен түсіндіріледі. Мысалы, идентификациялық процесті нақтылау үшін диагностикалық және классификациялық міндеттерді шешу қажет, олар объектілердің жалпы белгілерін тану процесінен ол мәліметтердің жалпы топтық тегін анықтайтын ақпараттарға көшеді.

Диагностикалық міндеттер объектілерді жеке зерттеу сатысында шешіледі және идентификациялық міндеттерді шешудің алғашқы сатысы болып табылады. Негізгі мақсаты объектілерді жекешелендіру үшін қажет белгілерді тану мен бөлу. Зерттеудің мақсаттарына жету сот-сараптамамен әзірленетін арнайы білімдердің жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Олардың ішінде негізгі орынға тікелей зерттеу объектісінің сараптамалық жіктелу жүйесі жатады.

Арнайы әдебиеттерде із қалдырушы жүйе ретінде объектілердің жіктелуі әр-түрлі негіздерге қатысты беріледі. Мысалы, аяқ-киім өзінің типіне қатысты модельді, тұрмыстық, спорттық, әскери және т.б. болып бөлінеді. Жасалу әдісіне қарай – фабрикалық, қолдан жасалу т.с.с. болып бөлінеді. Жасалу материалдарына, оның басатын бөлігінің қалыптасуына қатысты т.с.с. аяқ-киімдер жіктеледі. Әр бір жіктелу жүйесінің элементтеріне қатысты белгілердің қайталанбас белгілерінің жиынтығы жатыр. Сол арқылы объектінің типтік қатыстылығы анықталып, олардың бағалануы

диагностикалық міндеттердің пәнін құрайды. Сот сарапшысы идентификациялық зерттеу әдістемесінің негізінде объектіні зерттеу кезінде сот сараптамасында қалыптасқан белгілердің жүйесіне сүйенеді, олардың жиынтығы екі топқа бөлінеді жалпы және жеке.

Диагностикалық зерттеудің негізінде алынған мәліметтер классификациялық міндеттерді шешу үшін – объектінің топтық белгісін анықтау үшін негіз болады. Аталған міндеттерді шешу кезінде объектінің сыртқы құрылысының морфологиялық белгілері бөлінеді және сол объектінің және оның көшірмесін салыстыру процесіне көшу үшін жеткілікті.

Жеке зерттеу келесі түрде жүзеге асырылады:

- объектілердің тұрақты құрамы мен белгілерін жүйелеу мен анықтау;
- объектілердің қайталанбас құрамы мен белгілерін жүйелеу мен анықтау;
- әр бір объектінің құрамы мен белгілерінің жеке жиынтығын анықтау.

**Синтездік саты**, оның мәні салыстырмалы зерттеуде жатыр және өзінің құрамына сараптамалық танымдағы объектілерді тендестірудегі бірқатар сатыларды қарастырады, оларға:

- диагностикалық және классификациялық міндеттерді объектілерді идентификациялау үшін жарамдылық пәніне қатысты шешу кезіндегі ақпараттарды талдау мен бағалау;
- объектілердің жеке белгілерінің өзгертілуі мен тұрақтылығына қатысты салыстырмалы зерттеу мен бағалау;
- салыстыруға жататын объектілердің сәйкес келетін қайталанбас белгілерін анықтау;
- объектілердің қайталанбас және тұрақтылық белгілерінің кешенін анықтау;
- сәкес келмеуін түсіндіру.

Сарапшы зерттеу барысында бақылау, өлшеу, салыстыру әдістерін қолдана отырып өзінің назарын объектілердің сыртқы белгілеріне аударады. Салыстырып отырған объектілердің тепе-теңдігін анықтау үшін қажетті жиынтықтарды анықтау объекті белгілерін із-көшірмелеріне дұрыс аударған кезінде ешқандай қиыншылықтар туындамайды. Бірақ, сараптамалық тәжірбиеде аталған жағдай трасологиялық сараптама бойынша кездеседі. Мәселен, объектілердің атрибутық құрамын зерттеу қажеттілігі туындағанда, оның құрамы мен құрылымының белгілерін алу мен бағалау арқылы зерттеу және қажетті әдіснаманы қолдану жүзеге асырылады. Аталған жағдайда, визуалды бастама негізінде құрастырылған сараптамалық зерттеудің дәстүрлі әдістерін қолдану күтілген нәтижені бермейді, сондықтан ол зерттелетін объектінің микроқұрылымына енетін сараптамалық талдаудың өзге де әдістерін алуды мақсат етеді.

**Қорытынды сатысы** сарапшының жүргізген зерттеулеріне баға беруін қарастырады, яғни, сарапшының алдына қойылған сұрақтарға жауаптар арнайы құжат – сарапшының қорытындысы. Қорытынды және анықталған

мән-жайлар бойынша негіздер, сол сияқты сарапшымен шешілмеген сұрақтар немесе сарапшымен жауап беруден бас тартылған сұрақтар қорытындының зерттеу бөлімінде көрсетіледі. Құжаттың қорытынды бөлімінде қорытынды логикалық және жүргізілген зерттеу және одан алынған нәтижелердің реттілігімен рәсімделеді.

Әр бір қойылған сұраққа мәні бойынша жауап беріледі немесе жауап беру мүмкін еместігі көрсетіледі. Нәтижелердің мазмұны қойылған міндеттерге (сұрақтарға) сәйкес болуы керек. Сарапшылардың қорытындылары оң кесімді және теріс, ықтималды оң және теріс болып бөлінеді.

**Кесімді нәтиже** – анықталған факті (мән-жай) бойынша ақиқатты қорытынды немесе оның жоқ болуы. Егер қойылған сұрақ бойынша кесімді нәтиже жасау мүмкін емес болса, зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, сарапшы ықтималды қорытынды бере алады.

**Альтернативті (ұқсас) нәтиже** – аталған екі фактінің біреуі орын алған жағдайды айтамыз. Аталған жағдайда дұрысырақ шешімді іс бойынша бар дәлелдемелердің жиынтығын бағалай отырып, дәлелдеу субъектісі таңдайды. Тәжірбиеде шартты нәтиже деген ұғымдар кездеседі, олар белгілі бір жағдайлар орын алған кезде оң нәтиже береді.

**Қорытынды нәтиже** - сараптамалық зерттеудің нәтижелерін рәсімдеуді білдіреді. Сараптамалық тәжірбиеде мазмұнды сараптамалық зерттеулер өзінің орнын сараптамалық қорытындыларда таппайды және керсінше, сапасыз нәтижелер қағаз жүзінде дұрыс рәсімделіп, көзбояушылық туғызады. Егер бұрмалау фактісін дәлелдеу субъектілерімен сарапшының қорытындысын біліктілік деңгейде бағалау мүмкін болса, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінің толық еместігін, сол сияқты сарапшы қорытындысын рәсімдеудің әдістемелік қателіктерін барлық жағдайда түзеу мүмкін емес.

Сарапшы қорытындысын рәсімдеудің қателіктерін аталған құжатты рәсімдеу ережелерін нормативті реттеу арқылы түзету мүмкін. Сарапшы қорытындысының мазмұны мен нысаны ҚР ҚДЖК 251 б., 2 бөлімінде және сот сараптама өндірісінің Нұсқауында, сонымен қатар ҚР Әділет Министрлігінің Сот сараптама орталығының арнайы зерттеулерінде бекітілген (ҚР Әділет Министрлігінің 2002 жылғы 24 қазандағы N 158 бұйрығы) .

Сонымен қатар, жоғарыдағы жағдайларды талдай отырып, сот сараптама зерттеулерін жүргізуі әдістемесі сот сараптама нәтижелерін бағалаудың қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, сараптамалық зерттеудің алуан-түрлі әдістемелік факторларын ескеру қажет, оларды тиімді жүзеге асыру кезінде туындайтын сұрақтарды шешу үшін сол мамандық мамандарының көмегіне жүгіну қажет.

## **9 тақырып. Сарапшының қорытындысы: құрылымы, мазмұны және бағалануы**

Қазақстан Республикасының «Сот-сараптамалық қызметі туралы» Заңының 1-ші бабына сәйкес, сарапшының қорытындысы – сот-сараптамалық зерттеудің реті мен нәтижелерін көрсететін заңға сәйкес рәсімделген құжат.

Сот өндірісінде сарапшының қорытындысы екі түрлі мәнге ие, біріншіден сот дәлелдемесінің түрі ретінде, екіншіден дәлелдеме көрсетілген процессуалды акті.

Сарапшының қорытындысы процессуалды акті ретінде рәсімделуі бірқатар процессуалды талаптарға ие. Сараптаманың қорытындысын рәсімдеу Қазақстан Республикасының «Сот-сараптамалық қызмет туралы» заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігінің Сот сараптама орталығында мамандандырылған зерттеулер мен Сот сараптамасын жүргізу туралы нұсқауы Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігінің 24 қазан 2002 ж. N 158 (өзгертулер мен толықтырулары бар) бұйрығымен және өзге де нормативті актілерімен бекітілген.

Сарапшының қорытындысы өзінің нысаны мен мазмұнына қарай өткізілетін сараптаманың процессуалды мәртебесін (алғашқы, қосымша, қайталама, комиссиялық, кешенді) білдіреді, сол сияқты оларды кіріспе, сипаттау және қорытынды бөлімдерге бөледі. Сонымен қатар, қосымша ретінде фототаблица, көшірме, сызбалар т.с.с. қорытындыға тіркеледі.

Қорытындының **кіріспе бөлімі** сараптамалық зерттеудің ұйымдастырушылық-басқарушылық аспектісін білдіреді. Мұнда келесі мәліметтер орын алады:

- сараптаманы тағайындаған орган мен тұлға;
- сараптаманы тағайындаудың негіздері (белгілі-бір іс бойынша қаулы немесе ұйғарым шығару);
- зерттеу объектілерінің тізімі (заттай дәлелдемелер, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер);
- объектілерді жеткізудің тәсілдері;
- сараптамаға қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер (аты-жөні, процессуалдық жағдайы);
- сараптаманың алдына қойылатын сұрақтар.

Бірнеше сұрақтар қойылған кезде, сарапшы ол сұрақтарды зерттеудің тәртібіне ыңғайлы ретте бірақ, мазмұнын жоғалтпайтындай топтастыра алады. Егер, сарапшыға қойылатын сұрақтар қаулыда немесе ұйғарымдарда нұсқауларға сәйкес құрастырылмаса, бірақ оның мазмұны сарапшыға түсінікті болса, сарапшы оның алғашқы мазмұның өзінің арнайы білімдеріне сәйкес қалай ұғынатынын мәлімдеуі қажет.

Фактілер құқықтық бағалауды қажет ететін жағдайларда, ескертпе ретінде сарапшы мұндай сұрақтарға жауап беру мүмкін еместігін түсіндіреді: қаулыда сұрақтар көрсетілгеннен кейін, сараптаманы тағайындаған органмен келісе отырып және заңнамаларды басшылыққа ала отырып, өз бастамасымен істің мәнін шешуге бағытталған сұрақтар қоя алады:

- ақысын төлеуге қатысты азаматтық іс бойынша сараптаманы тоқтата тұру;
- қосымша материалдар қажет ету туралы сарапшының сұранысы (арыздың берілген күні, оған алынған жауап, оны қарастырудың нәтижелері);
- сарапшы туралы мәліметтер (сарапшылар): аты-жөні, білімі, ғылыми дәрежесі, сараптамалық мамандығы, еңбек стажы;
- сарапшыны жалған жауап бергені үшін қылмытық жауапкершілікке тартылуы туралы мәлімет (арнайы зерттеулер жүргізілгенде аталған тармақша орын алмайды).

Қосымша, қайталама, комиссиялық, кешенді сараптама жүргізілгенде, сарапшы қорытындысының кіріспе бөлімінде, жоғарыда аталған жағдайлардан басқа, ерекше түрде сараптаманың түрі көрсетіледі, алғашқы сараптама туралы мәліметтер көзделеді, алғашқы сараптама қорытындысының күні мен номері, сол сарапшының аты-жөні, сараптама органының аталуы, фактілі мәліметтері мен нәтижелері, сол сияқты жаңадан сараптама тағайындалудың негіздері.

Қорытындының **зерттеу бөлімінде** барлық зерттеу процесі мен оның нәтижелері, анықталған фактілердің ғылыми негізделуі көрсетіледі, атап айтсақ:

- сыртқы қарау: сараптамалық зерттеуге жататын объектілердің күйі сипатталады;
- сараптамалық қараудың, эксперимент жүргізудің мақсаты мен жағдайлары мен нәтижелері көрсетіледі, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алынады;
- сараптамалық зерттеу кезінде қолданылған әдістердің тізімі, оларды қолданудың техникалық жағдайы, алынған нәтижелер;
- қойылған сұрақтарға жауап беру үшін сарапшымен қолданылатын анықтамалық-нормативті материалдарға сілтеме, зерттеу кезінде қолданылған арнайы әдебиттер, сол сияқты қолданылған иллюстрацияларға сілтеме;
- тергеу әрекеттерінің нәтижелері (жауап алу, қарау, эксперимент) егер олардың қорытынды беру кезінде маңызы болса;
- жеке зерттеу мен олардан алынған нәтижелерін бағалау.

Егер, сарапшының алдына қойылған сұрақтарға жауап берілмесе, зерттеу бөлімінде оның себептері көрсетіледі.

Зерттеу бөлімі сараптамалық білімі жоқ адамдарға түсінікті тілде жазылады, яғни аталған бөлімде қолданылатын терминдерге қосымша түсініктеме беріп талқылау қажет емес.

Сарапшымен қолданылған әдістемелерді толығымен бағалау мүмкін болғанда, қажет жағдайда, алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеру мүмкін болған сәтте ғана зерттеу әдіснамасын қолдануы суреттеледі.

**Синтездеу бөлімі** барлық жасалған зерттеудің нәтижесін білдіреді және жеке бөлім ретінде орын алады, егер:

- біршама объектілерді зерттеу қажет болса;
- күрделі объектілерді зерттеу;
- кешенді әдістерді қолдану қажет болса;
- кешенді және комиссиялық сараптамалар жүргізген жағдайда.

**Қорытынды бөлімінде** сараптаманың алдына қойылған сұрақтарға жауап беріледі. Нәтижелер әдеби тілдің нормаларына сәйкес қарастырылады (әр түрлі талқылануға жатпайды).

**Сараптаманың қорытындысы** сараптама жүргізген сарапшының қолымен куәландырылады, егер комиссиялық сарапшылармен жасалса, әр бір комиссия мүшесімен қол қойылады. Қорытындыға қойылған қолдар мекеменің мөрімен бекітіледі.

**Қорытынды бере алмау мүмкіндігі туралы хабарлама** процессуалды құжат ретінде 3 бөлімнен тұрады: кіріспе, негіздемеден және қорытындыдан тұрады. Кіріспе бөлімінде қорытынды бөліміндегі мәліметтер жазылады. Ал қорытынды бөлімінде әр бір қойылған сұрақтарға жауап беру мүмкін еместігі туралы хабарлама жазылады. Сарапшының қорытындысы сотта жарияланады және қазіргі кездегі техникаларды қолдану арқылы көрсетеді (аудио, бейне жазбалар, сызба, кестелер). Қорытындыны хабарлағаннан кейін, процестің қатысушылары сарапшыға қорытынды бойынша сұрақтар қоя алады.

Сарапшыдан жауап алу тек сарапшының қорытындысы жарияланғаннан кейін жүргізіледі және жүргізілген зерттеудің шегінде ғана сұрақтар қойылады.

Сот өндірісінде сарапшы қорытындысының орны ерекше, сондықтан оның жағдайларына дәлелдеменің қайнар көзі ретінде бағалауына жеткілікті түрде назар аудару қажет.

Ең алдымен қорытындыны бағалауды келесі жағдайларды ескеруі қажет: сарапшының қорытындысы дәлелдеме ретінде дәлелдеу субъектілері үшін міндетті емес, **қорытындымен келіспеу негізделген болуы керек.**

Сараптама қорытындысын дәлелдеме ретінде бағалаудың жалпы ережелерімен қатар, ғылыми негізделуі бар жағдайлар ерекше бағалауды қажет етеді.

Аталған жағдайда, қорытынды бойынша сұрақтар туындаса маманнан немесе тікелей сарапшыдан жауап алу жағдайы көзделген. Тергеу немесе сот талқылауында сарапшының қорытындысын бағалау өз құрамына оның қатыстылығын, шынайлығын, жол берушілігін және дәлелдемелік мәнін анықтауды енгізеді.

Тәжірбиеде сарапшы қорытындысының қатыстылығы туралы жағдай ешқандай қиындықтар тудырмайды, өйткені мұндай құжаттың пайда болуына арнайы ғылыми білімді тарту процедурасымен негізделеді.

Сарапшы қорытындысы жол берушілік критерилерін бағалау өз алдына сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің заңға сәйкес талаптарының сақталуын тексеруге бағытталған. Ол өз алдына келесі сұрақтарды шешуге бағытталған:

- сараптаманы тағайындау мен жүргізілуінің заңдылығы туралы;
- сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу кезінде процеске қатысушылардың құқықтарының сақталуы туралы;
- сот мәжілісінде сарапшыға сұрақтар қойылу процедурасының сақталуы туралы;
- сарапшының өкілеттігінің болуы мен оның шектен шығып кетпеу мәселесі туралы;
- сараптамалық зерттеу кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдерінің заң талаптарына сәйкес келуі туралы;
- сарапшы қорытындысының дұрыс рәсімделуі туралы;
- сарапшы қорытындысының реквизиттері мен сараптамаға қатысты өзге де құжаттардың дұрыс болуы туралы;
- сарапшыдан бас тарту негіздерінің жоқ болуы туралы шешіледі.

Сарапшының нәтижелерін бағалай отырып, сот не тергеуші сарапшының қандай материалдарды қолданғаны туралы олардың шынайлығын, іске қатыстылығын, зерттеуге жіберілген материалдардың жеткіліктілігіне, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілердің дұрыс алынуына назар аудару қажет. Объектілердің жеткіліксіз болуы – сарапшының қателіктеріне әкеп соғады.

Сонымен қатар, сарапшы қорытындысы – дәлелдемеге айналғаннан бұрын, оны бағалап отырған адамның ішкі сенім-нанымына сәйкес бағалануы керек. Дәлелдемелер заңсыз жолмен алынса, олардың заңды күші болмайды және олар айыптаудың негізіне алынбайды, сол сияқты кез-келген мән-жайларды дәлелдеу үшін пайдаланылмайды. Бұл жағдай сарапшының қорытындысына да сәйкес.

Жоғарда көзделген заң талаптары – дәлелдемелерді бағалаудағы сот пен тергеушінің ішкі сенім-нанымын қалыптастырудың белгілі-бір жағы. Оны бағалаудың **құқықтық негізі** деп атауға болады.

Сарапшының қорытындысын бағалау кезінде – оның процессуалдық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, логикалық т.с.с. жағдайларының маңызы зор. Олар тергеуші мен сотқа сарапшының алдына қойылған сұрақтар, оларды шешу үшін қолданылатын арнайы білімнің, сол сияқты сарапшы қорытындысының қатыстылығын, жол берушілігі мен негізділігі туралы сұрақтарды шешу үшін оның мәнін түсінуге жол береді.

Мәселен, сот сараптамасының процессуалды-ұйымдастырушылық қорытындыда орын алатын және бағаланатын элементтеріне жатады:

#### **Сараптаманы өткізудің уақыты.**

Аталған элементтің маңызы тек сараптама жүргізудің мерзімін анықтау үшін ғана емес, сол сияқты сараптама қылмыстық іс қозғалғанға дейін ба немесе кейін жүргізілді ма деген сұрақтарды шешу үшін де қажет. Бірінші жағдайда сараптаманы қылмыстық іс қозғағанға дейін тағайындаудың негіздерін анықтау және соған сәйкес қатысушылардың құқықтарын сақтау мәселелеріне бағалау.

#### **Сараптаманы жүргізудің орны.**

Заң бойынша сот сараптамасы сараптамалық мекемелерде, сол сияқты сараптама органынан тыс жерлерде жүргізіледі. Аталған жағдай сарапшының қорытындысын бағалағанда ескерілуі керек, өйткені заң бойынша, сараптаманы тағайындау туралы қаулыны ұсынған кезде сарапшының құқықтары мен міндеттері және жауапкершілігі түсіндіріледі (Сот сараптама органынан тыс жерде жүргізілсе).

**Сарапшы туралы мағлұмат** – (аты-жөні, білімі, мамандығы бойынша жұмыс стажы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы).

Көрсетілген элементтермен танысу сарапшының құзыреттілігі туралы деректерді бағалауға мүмкіндік береді, яғни оның арнайы білімінің бар жоғын анықтауға бағытталған. Аталған сұрақтар сараптаманы тағайындау кезінен басталады, бірақ оны талқылаудан тергеуші мен сотты сарапшының қорытындысын алған соң босатады. Сарапшының кәсіби құзыреттілігін бағалау тек олардың анкеталық деректерін танысумен шектелмейді, сол сияқты сараптамамен анықталған мән-жайларды тереңірек зерттеумен, сарапшының зерттеу кезінде қолданылған әдістерін, алынған нәтижелердің негізділігін де анықтаумен айналысады.

#### **Сараптаманы тағайындау негіздері.**

Аталған элемент тергеушімен және сотпен сараптаманы тағайындау үшін негіздерді бағалауды қарастырады, олар шартты түрде заңды және фактілі түрлерге бөлінеді. Сараптаманы тағайындау туралы қаулы (ұйғарым) сараптама тағайындаудың процессуалды негізі болып табылады. Аталған құжаттың мазмұны қорытындыда өз көрінісін табу керек, атап айтсақ сараптаманы тағайындаған тұлға, сараптамаға қойылған сұрақтар мен материалдар т.с.с.

Сараптама тағайындаудың фактілі негізі сот пен тергеу алдында туындайтын және арнайы білімнің қолдануы мен сарапшыға қойылатын сұрақтар болып табылады.

**Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және жалған жауап бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы хабарлау, сол сияқты осы мәліметтер туралы хабар алғандығын сарапшы өзінің қолымен куәландырады.** Аталған компонент тергеушімен және сотпен тексеріледі, өйткені сарапшы қорытындысының негізгі құрылымына жатады.

#### **Сарапшыға қойылатын сұрақтар.**

Аталған компонентпен тергеуші және соттың танысуы арқылы сарапшы қорытындыда барлық сұрақтарды көрсетті ме, ол сұрақтарды дұрыс түсінді ме, оларға жауап берді ме, қорытындыда құқықтық мазмұндағы сұрақтарға сарапшы жауап беруі туралы жағдайлар бар ма деген сұрақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен жүргізілген талдауында сараптаманың алдына мәселелерді қойған кезде, сұрақтарды қоюдың нысандары дұрыс сақталмағаны туралы мысалдар өте көп<sup>6</sup>.

**Сараптама жүргізілген кезде кім қатысты және ол қандай түсіндірме берді.**

Аталған шартты бағалау ең алдымен сараптамаға шақырылған тұлғаның қатысуы, онымен берілетін жауаптардың және оны сарапшының түсіну негізділігін бағалауда жатыр.

Сонымен, тергеуші, сот сарапшы қорытындысының процессуалды-ұйымдастырушылық элементін бағалаудың маңызы өте зор, ол сот-сараптамалық қызметтің заңдылық қағидасын жүзеге асыруды тексеруін қамтиды.

Сарапшының қорытындысын бағалаған кезде, сол сияқты сараптама жүргізу процесінің жан-жақтылығын, толықтылығын және объективтілігін бағалауда орын алады.

Мұндай бағалау сот және тергеушімен сараптамалық зерттеудің фактілі және әдістемелік жағын талдау кезінде орын алады және өз құрамына келесі сұрақтарды енгізеді:

- сарапшымен қандай сұрақтар шешілді;
- қылмыстық істің қандай материалдарын сарапшы қолданды;
- қандай объектілер зерттелген;
- қандай зерттеулер жүргізілді және қандай білімдердің негізінде;
- қойылған сұрақтар негізді ме;
- барлық немесе ішінара сұрақтарға жауап беруден бас тарту негізді ме;
- қолданылған әдістер негізді ме және олардың сапасы қаншалықты.

Аталған әрбір міндет сараптамалық зерттеудің сатысын көздейді, сондықтан ол сарапшы қорытындысының құрылымында бекітілуі тиіс, ол өз алдына кіріспе, зерттеу және қорытынды бөлімдерінен тұрады.

Мәселен, **қорытындының кіріспесінде** сот пен тергеушіге сараптамаға жіберілген материалдардың толықтығы мен шынайлығына назар аудару керек. Материалдардың шынайлығы ол материалдардың ақиқаттылығын, объектілердің алынуы мен бекітілуі заң талаптарына сәйкес келуін, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілердің дұрыс алынуын білдіреді.

**Қорытындының зерттеу бөлімінде** сараптамалық зерттеудің жүргізілу реті мен нәтижелері жазылады. Тергеуші мен соттың мақсаты сарапшы қорытындысының шынайлығы мен негізділігін жүргізілген сараптамалық зерттеуді талдау негізінде тексеру.

Сараптамалық зерттеудің толықтығы сараптамаға жіберілген материалдарды зерттеу мен сараптамаға қойылған сұрақтарға толығымен жауап беруді білдіреді.

Сонымен қатар, зерттеудің толықтығы алуан-түрлі зерттеу әдістерін қолдануда жатыр.

---

<sup>6</sup> Обобщение судебной практики по оценке экспертных заключений и по производству экспертизы в судах / Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан. - Алматы, 2004, №8. С.37-38

Сарапшымен қолданылған әдістеменің ғылыми негізділігі мен сапасын тексеру – сот пен тергеушінің әдістемелік жақтарын тексерудің негізгі құрылымы. Әдістеме ғылыми негізделген, ресми апробацияланған және бекітілген болу керек. Сарапшы толығымен зерттеуді жүргізіп, фактілерді дұрыс анықтау үшін қажетті нәтижелер жасап, олар сарапшымен дұрыс түсіндірілмеуі мүмкін, сондықтан мұндай қорытындылар негізсіз болып табылады.

Сарапшы қорытындысының зерттеу бөлімінің фактілі және әдістемелік жағын зерттеу кезінде сот пен тергеуші келесі мән-жайларды анықтау қажет:

- сарапшы қандай объектілерді анықтады және қандай әдістерді қолданды;
- олардың сипаттамасы қорытындымен сәйкес па;
- сараптамалық зерттеудің әдістемесі дұрыс таңдалды ма;
- олар қорытындыда толығымен сипатталған ба, сарапшы қолданылған әсітер мен әдістемеге қатысты пайдаланған ғылыми және әдістемелік әдебиеттердің тізімін көрсетті ме;
- қолданылған әдістеме қойылған міндеттерді шешуге бағытталған ба;
- қолданылған техникалық құралдар мен әдістер сипатталған ба;
- жүргізілген зерттеу арнайы білімнің даму деңгейіне және тағайындалған сараптаманың түріне сәйкес пе.

Зерттеу нәтижелерін бағалау, соның негізінде нәтижелерді түйіндеу оларды негіздеу тек сараптама қорытындысының қорытынды бөлімімен танысқан соң жүзеге асырылады. Мұндай баға беру – тергеумен және сотпен сарапшы нәтижесінің нақты деректерді талдаудың негізінде мүмкін. Нәтижелердің негізділігін тексеру үшін әр бір сарапшымен жасалған зерттеулердің нәтижелерін бағалау қажет.

Сонымен қатар, сараптаманың қорытындысын бағалау барысында, тек сараптамалық зерттеу ретін бағалаумен қатар оған қосымша болатын суретсипатты (иллюстрация) материалдарды талдау қажет.

**Суретсипат материалдарына** үлгілер, фотосуреттер, сызбалар сарапшының материалдарын бекітетін өзге де материалдар жатады. Сонымен, заңмен көзделген жағдай тергеуші мен сотқа сараптамалық қорытындының жүйелі түрде кіріспе, сипаттау және қорытынды бөлімдерін талдап бағалауға және оның нәтижелерін дәлелдеме ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

## II. Арнайы бөлімі

### *Сот сараптамасының жеке түрлерін тағайындаудың ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелері*

#### 10 тақырып. Құжаттардың сот сараптамасы

Құжаттардың сот сараптамасының тегі үшке бөлінеді: сот-қолжазба сараптамасы, құжаттардың сот-техникалық сараптамасы, сот-авторлық сараптамасы.

#### 10.1. Сот-қолжазбалық сараптама

**Объектілері.** Сот-қолжазбалық сараптамасының объектілері – әріптік-сандық жазбалары, қол таңбалар, қолмен жазылған әр түрлі түртінділер (символ). Аталған объектілер бірнеше түрге бөлінеді: әр түрлі жастағы (қарт адамдар, жасөспірімдер), сауатсыз және психикалық ауруға шалдыққан адамдармен, әр түрлі жағдайларда жазылған жазбалар (қолтаңбалар).

Объектілерге сәйкес сараптамалық әдістемелер жасалды: мысалы, сауатсыз, есірткі заттарымен, алкогольді мастық күйдегі қолжазбаларды (қолтаңбалар) зерттеу әдістемесі (әріптік түрде) т.с.с.

**Пәні.** Сот-қолжазбалық сараптаманың пәні азаматтық, қылмыстық және әкімшілік өндірістегі фактілер (мән-жайлар) және олар сот-қолжазба саласындағы арнайы білім негізінде анықталады.

**Міндеттері.** Сот-қолжазбалық сараптаманың міндеттері диагностикалық, ситуациялық, классификациялық және идентификациялық болып бөлінеді.

**Диагностикалық және ситуациялық міндеттер** белгілі-бір факторлардың қолжазбаға әсер етуін және қандай жағдайда қолжазба орындалғанын анықтайды (мас күйінде, отырып немесе тұрып жазғандығын, басқа тұлғаның қолжазбасына ұқсас етіп жазуы, стресс жағдайында т.с.с.). Аталған міндеттер сарапшының алдына жеке мақсат ретінде қойылып, бірақ қолжазбаны орындаған тұлғаны теңдестіру міндетімен қатар қосымша шешілуі мүмкін. Аталған міндеттерді шешу кезінде келесі сұрақтар қойылады:

- зерттеліп жатқан қолжазба әдейі өзгертіліп жазылған жоқ па ?
- зерттеліп жатқан қолжазба белгілі-бір тұлғаның қолжазбасына ұқсас етіп жазылған жоқ па ?
- зерттеліп жатқан қолжазбаны тұлға қандай қалыпта орындады ?
- зерттеліп жатқан қолжазба қандай да бір әдеттегідей емес күйде орындалды ма ?

Сот-қолжазбалық сараптамасына диагностикалық-ситуациялық өзге де сұрақтар қойылуы мүмкін, мәселен:

- «...» сөздер мен «...» сандар алғашқы құжатқа басқа тұлғамен қосымша жазылған жоқ па ?

- «...» сөздер мен «...» сандар алғашқы құжатқа басқа тұлғамен белгілі-бір факторлардың әсерімен қосымша жазылған жоқ па ?

**Классификациялық міндеттер** қолжазбаны жазған адамның жынысын, жасын, қолжазбаның ортақ белгілерін анықтауға бағытталған. Аталған міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады:

- зерттеліп жатқан қолжазба әйел не ер адаммен жазылған ба?
- зерттеліп жатқан қолжазбаны жазған адамның жасы ?
- қолжазба авторының білім деңгейі қандай ?
- қолжазба авторының жазу-қимылының дағдылары ?
- қолжазба оң не сол қолымен жазылды ма (қолы) ? т.с.с.

**Теңдестіру (идентификациялық) міндеттері** – белгілі-бір қолжазбаны орындаған адамның жазбаларының (сандық, әріптік) және оның жеке үзінділерінің жеке теңдестіруінің бар жоғын сол сияқты, жазбаларды олардың жеке үзінділері, қолтаңбаларды бір немесе бірнеше адам жазған жазбағандығын анықтайды.

Теңдестіру (идентификациялық) міндеттерінің шеңберінде келесі сұрақтар шешіледі:

- зерттеліп отырған құжат Н., П., немесе басқа тұлғалармен жазылған ба (құжаттың атауы, нақты жазулар, олардың құжатта орналасу реті);
- зерттеліп отырған құжатта Н., П., немесе басқа тұлғалармен сандық жазбалар жазылған ба (құжаттың атауы, нақты жазулар, олардың құжатта орналасу реті);
- зерттеліп отырған құжатта Н., П., немесе басқа тұлғалармен қолтаңбалар қойылған ба (қай тармақта, графада қолтаңба жазылған);
- бір немесе бірнеше тұлғалармен бірнеше құжаттарда немесе бір құжатта мәтіннің бір бөлігі олардың қолжазбалары (қолтаңбалар) орындалған ба (мысалы, кімнің атынан..., №.. бұйрықта көрсетілген т.с.с.).

### **Материалдарды рәсімдеуге дайындау:**

Сот-қолжазба сараптамасына жіберілетін материалдар:

- 1) зерттелетін объектілер: құжаттар – заттай дәлелдемелер (қолжазбалық мәтіндер, олардың үзінділері, қолтаңбалары, өзгеше жағдайларда жазылған сандық жазбалар, символдар);
- 2) салыстырмалы материалдар.

Сараптама тағайындаудың алдында тергеуші, сот құжаттарды нақты қарап шығуы керек. Қараудың нәтижесі зерттеудің нақты объектісін анықтауға (қолтаңба немесе қолжазба), қолжазбадағы (қолтаңба) жазбалардың ерекшеліктерін, белгілердің тұрақты деңгейін, қолжазбаның салыстырмалы үлгілерінің санын және сарапшы алдына қойылатын сұрақтардың дұрыстығын белгілеуге мүмкіндік береді. Жеке жағдайларда сараптаманы тағайындау туралы қаулыда сараптаманың пәніне қатысты мән-жайлар болуы қажет (құжатты, үлгіні орындаған жағдай, құжатты орындаған адамның құжатты орындаған кездегі денсаулығы) т.с.с.

Сот-қолжазба сараптамасын тағайындағанда сот, тергеуші зерттеуге жататын тікелей объектіні көрсетуі керек: толық мәтін немесе олардың үзінділері, сандық жазбалар, қолтаңбалар, символдар. Егер, сараптама реквизиттері жоқ қолжазбаларға қатысты тағайындалса, оның басты және қорытынды сөздері және олардың мөлшері жазылады (беттің саны т.с.с.). Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыдағы қолжазбаның үзіндісін зерттеу кезінде оның мәтіндегі сөздік мазмұны мен орналасу орны көрсетіледі. Егер сараптамаға қаулыдағы (ұйғарым) қолтаңбаны зерттеу жатса, онда кімнің атынан құжат орындалғандығы, оның құжатта орналасу жері (жолы, графасы) көрсетіледі.

Егер, зерттеу объектісі қолтаңба болып табылса және бұл құжатты орындаған тұлғаны анықтау қажет болса, онда сарапшыға сұрақ қояр алдында онда аталған қолтаңба кімнің атынан жасалған, оның аты-жөні т.с.с. көрсетілуі керек.

Тергеуші, сот сараптаманы тағайындаған соң сарапшыға зерттелуге жататын объектіні (мәтін, қолжазба мен қолтаңбаның үзінділері) ұсынуы керек. Сараптамаға зерттелуге жататын құжаттардың түпнұсқасы берілуі керек. Аталған талаптар көшірмелер арқылы қолжазбалардың өзгеруіне қандай жағдайлар әсер еткендігін анықтау үшін керек (кейбір кезде анықтау мүмкін емес).

Сот-қолжазба сараптамасына зерттелуге жататын материалдардан басқа салыстырмалы материалдар да ұсынылады. Сот-қолжазба сараптамасының міндеттерін шешу үшін салыстырмалық үлгінің үш түрі ұсынылады: *еркін, эксперименталды және шартты-ерікті үлгілер*.

Қолжазбаның *ерікті үлгілері* – субъектінің іске қатысты емес қолжазбаларын айтамыз. Ерікті үлгілерде субъектінің жазба-қозғалу дағдыларының қалыптасуына қатысты қолжазбаны әдейі өзгерту фактісі орын алуы мүмкін емес. Ерікті үлгілерге қызметтік жазбалар, өмірбаяны, арыз, жеке хаттар, дәріс т.с.с. жазбалар жатады.

Ерікті үлгілерге қойылатын талаптарға қолжазба сараптама жүргізіліп жатқан адамға қатысты болуы керек. Ол үшін сот немесе тергеуші жиналған құжаттарды оларды орындаған адамдарға ұсынудан бастайды. Нәтижелерін екі куәнің қатысуымен хаттамада тіркейді (ҚР ҚІЖК 223 б). Әрбір үлгі сол үлгіні орындаған адамның қолымен куәландырылады, мысалы: «Мәтін менімен орындалды. Қолтаңбасы...»

Егер қандай да бір мән-жайларға қатысты ерікті үлгі ретіндегі қолжазбаны (қолтаңба) орындаған субъектіге ұсыну мүмкін болмаса, олар сол субъект қызмет жасайтын немесе оның әріптестеріне, туыс-тумаларына ұсынылады және олардың аталған қолжазбамен танысқандығы туралы сараптаманы тағайындау туралы қаулыда бекітіледі.

Қолжазбаның үлгісі шынайлығы жағынан күдік тудыратын болса, оны сараптамаға ұсынудың қажеттілігі жоқ.

Сараптамаға ерікті салыстырмалы үлгілерді ұсыну үшін, оның зерттеліп отырған құжатпен сәйкес болуы ұсыныс ретінде қарастырылады.

Тергеушілер, соттар және сарапшылар үшін сәйкес болу шеңбері Әдістемеді көрсетілген<sup>7</sup>, атап айтсақ:

**жазуы және тілі бойынша** – ерікті салыстырмалы үлгілер зерттеліп отырған құжаттың тілінде болуы керек;

**жазылу уақыты бойынша** – ерікті салыстырмалы үлгілер зерттеліп отырған құжаттың жазылу уақытының арасы алшақ болмау керек ( аталған шеңберлер сақталмаса, сараптаманы өткізу, өткізбеуді сарапшы шешеді);

**мақсаты мен мазмұны бойынша** – жазылған стилінің ұқсас болуы. Мәселен зерттеліп жатқан құжат қызметтік жазба болса, онымен салыстырылатын үлгіде ұқсас стильде жазылу керек.

Қолжазбалардың аталған шеңберлері нақты тұлғада әр түрлі белгілеріне қатысты сипатталады:

**қолжазбаның материалдары бойынша** - үлгілер зерттеліп отырған құжаттың жазылған құралымен, мүмкіндік болса сондай парақта жазылуы керек. Жазу құралының және қолданылған материалдар қолжазбаның өзгеруіне елеулі әсер етеді. Соның нәтижесінен сарапшыға қолжазбаны орындаған тұлғаны анықтау бойынша қиындықтар туғызады. Әсіресе қолжазбаның өзгеруі жазған құралға қатысты, мәселен, сіріңке немесе плакаттық қаламұш арқылы жазу кезінде байқалады:

**орындау шартына қатысты** - егер зерттеліп отырған құжат әдеттегідей емес орындалса (тұрып немесе жылжып бара жатқан көлікте), онда ерікті салыстырмалы үлгілер ұқсас жағдайда жасалуы керек;

**орындаушының күйі бойынша** – егер қолжазба автормен әдеттегідей жан-күйде орындалмаса (ауырып немесе мас күйінде), онда ерікті салыстырмалы үлгілер ұқсас жағдайда жасалуы керек.

Тұлғаның әдеттегідей емес жан-күйі (ауыру, мас күйі, қолының сынуы т.с.с.) барлық жағдайда қолжазбаның өзгеруіне әкеп соғады. Егер ерікті салыстырмалы үлгілер қажетті талаптарға сәйкес алынбаса, онда ол сараптаманы жүргізуге мүмкіндік бермейді.

**Жазбаның мәтіні бойынша** – жазу жылдамдығының елеулі өсуінің немесе азаюының әсерінен тұлға жазудың жаңа түріне көше алады (жазба құрылымының күрт өзгеруі орын алуы мүмкін).

**Жазу тәсілі бойынша** – егер зерттеліп отырған жазба қандай да бір қаріп (мысалы сызбалық) немесе сол қолымен жазылса (оң қолымен әдетте жазса), онда соған ұқсас бос салыстырмалы үлгілерді табуға тырысу керек.

Қолжазбаны сол қолымен жазуын тексеру үшін бос салыстырмалы үлгілерді алу кезінде жазба тура сол қолымен орындалуы керек. Мұндай жағдайда ерікті салыстырмалы үлгілер жалпы талаптарға сәйкес алынады.

Ерікті үлгілерді қажетті көлемде алу, сол зерттеліп отырған қолжазбаның барлық белгілері мен сипаттарын салыстыру үшін жеткілікті болуын айтамыз. Үлгілерді алу санына қатысты біркелкі талаптар жоқ, әдетте ол үлгілер 5-6 беттен кем болмауы керек (жеке ісінің материалдары, арыздар, хаттар т.с.с.).

---

<sup>7</sup>Пособие для следователей, судей, экспертов.-М., Юридическая литература, 1988г., с.38-40

Кейбір кезде зерттеліп отырған жазбаның қысқа болуына қатысты үлгілер көп болуы керек.

**Қолжазбаның эксперименталды үлгілері** – бұл қолжазбалар қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істер бойынша тергеуші немесе сотпен тағайындаған сараптамалар үшін жіберіледі. Эксперименталды үлгілер, бос үлгілер сияқты жасалатын талаптарға сәйкес болуы керек.

Эксперименталды үлгілердің кемшілігі ретінде қолжазбаны орындайтын тұлғадан үлгі алған кезде, оның қолжазбаны (қолтаңбаны) әдейі өзгертіп жазуын айтуға болады.

Эксперименталды үлгілер салыстыру кезінде қажетті материалдардың бірі болып табылады. Мұндай үлгілерді алудың бірнеше түрлері бар:

- тергеушінің (сот) бақылауымен жазылатын қолжазба;
- қолжазбаны ерікті түрде өз бетімен жазу;
- тергеушінің жазған мәтінін көшіріп жазу арқылы эксперименталды үлгілер алу (зерттелуге жататын құжатты көшіріп жазуға мүмкіндік бермеу, өйткені ондай жазбаны әдейі көшіріп ұқсастырып жазу орын алады).

Сезіктіден эксперименталды үлгілерді алуының бірнеше сатыдан тұруы аталған тұлғадан қолжазбаларды толық және жан-жақты тексеруін қамтамасыз етеді.

Эксперименталды үлгілердің саны 10-12 беттен кем болмауы керек және қажет жағдайларда одан да көп алынуы мүмкін:

- егер құжатты жасау мен сараптаманы тағайындаудың арасындағы уақыт ұзақ болса;
- егер тергеушіде (сотта) немесе сарапшыда зерттеліп отырған қолжазба әдейі өзгертіліп немесе әдетсіз жағдайда жазылғандығы туралы күмән туса;
- егер зерттеліп отырған қолжазба қысқа жазылып, онда кездесетін белгілердің қолжазбада кездеспесе;

Мұндай кезде мақсаты және жағдайлары бойынша қолжазбалардың көп және алуан-түрлі болуы, олардың ұқсас белгілерінің жиі кездесуіне және тұрақтылығын анықтауға, сол сияқты салыстырмалы зерттеуді толық және жан-жақты талдауға, олардың нәтижелеріне дұрыс баға беруге мүмкіндік береді.

**Қолжазбаның шартты-ерікті үлгілері** – ол қылмыстық іс қозғалғаннан кейін орындалған құжаттағы қолжазбалар. Оларға: іс бойынша материалдар (түсініктеме, наразылық, жауап алынатын адамның жауап алу хаттамасы). Мұндай жағдайларда сарапшыға ерікті үлгілерді алу мүмкін еместігі туралы хабарландырылады. Сараптамалық зерттеуді жүргізу аталған жағдайларда қиындыққа ұшырайды, ал кейде қолжазбаның теңдестіру (идентификациялық) белгілері жеткілікті болса, сарапшының алдына қойылған сұрақтар шешіледі.

**Қолтаңбалық сараптаманы тағайындау кезінде салыстырмалық материалдарды дайындаудың ерекшеліктері.** Құжаттағы қолтаңбалар –

қолжазбалармен салыстырғанда сот-қолжазбалық сараптаманың ең жиі кездесетін объектісі. Өз аты-жөнін жиі жаза бергендіктен жазу-қимыл дағдылары қолтаңбада тезірек қалыптасады. Әр түрлі факторлардың әсер етуінен тұлғада әр түрлі құжаттарға қол қою кезінде әр түрлі қолтаңбасы қойылады.

Қолтаңбаның ерікті және эксперименталды үлгілерінен басқа сезіктіден басқа күдік тудыратын (тергеушімен, сотпен) өзгеде тұлғалардың қолтаңбаларының үлгілері алынады. Ерікті үлгілер ретінде еңбек шарттарында, есептеу түбіртектерінде, арыздарда кездесетін қолтаңбаларды айтамыз. Қолтаңбаның ерікті үлгілері 10-нан кем болмауы керек, ал кейде одан да көп болуы керек. Тергеушімен (сотпен) сезіктілерден және қолтаңбасы жалған түрде орындалған тұлғаның ерікті үлгілерімен қатар, эксперименталды үлгілері алынады. Ерікті үлгілерге еңбек шарттарындағы, арыздағы, төлем түбіртектеріндегі қолтаңбалар т.с.с. жатады. Ұсынылатын бос үлгілердің саны 10-нан кем болмау керек, кейде құжаттарды және оларды салыстыру үшін ұсынылған үлгілерді қарау сатысында, қолтаңбалардың алуан-түрлігі, жазылу-қозғалыс дағдыларының қолтаңба орындағандағы тұрақсыздығы орын алса, үлгілер 10-нан да көп данада ұсынылуы керек.

Қолтаңбалардың эксперименталды үлгілері жеке парақта интервалдың сақталуымен орындалуы керек. Қолтаңбаның үлгілері 30-40-тан кем болмауы керек (жеке парақта 5-6 қолтаңба).

Қолжазбалық сараптама тағайындаудың алдында тергеуші (сот) кімге қатысты сараптама жүргізіледі, соған қатысты ақпарат жинау керек: ұлты, жасы, жынысы, білімі, оқиғаға дейінгі қолжазбасы қандай болды, оқиғадан кейінгі қолжазбасы туралы мәлімет, қай қолымен әдетте жазады, көзілдірік киеді ма, жоқ па, шет тілде жаза алады ма, жоқ па, аталған жағдайлар сарапшының алдына қойылатын міндеттерді шешуге, салыстырмалы зерттеулердің нәтижелерін бағалауға және ерікті, эксперименталды үлгілердің саны мен көлемін анықтауға әсер етеді.

## **10.2. Құжаттардың сот-техникалық сараптамасы**

Құжаттардың сот-техникалық сараптамасының объектілері (ҚСТС) үш топқа бөлінеді:

1. құжаттың реквизиттері (оларға бланкілер, әр түрлі әдістермен жасалған мәтіндер, мөрлердің көшірмелері, қолтаңбалар, штамптар);
2. құжаттың материалдары (оларға қағаздар, сиялар, типографиялық бояулар, картондар т.с.с.);
3. құжаттардың бланкілері мен реквизиттерін дайындауға арналған техникалық құралдар (қалам, мөр, компьютер, принтер, көшірмелі аппарат, кассалық аппарат т.с.с.).

Кейбір кезде аталған сараптамаға типтік емес объектілер жіберіледі, мысалы, матадағы жазулар, алюмин қасығында тырнап жазылған жазулар т.с.с.

**ҚСТС пәні** азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердегі құжаттардың бләкілері мен реквизиттерін жасауға қатысты, сол сияқты жалған құжаттар жасауға қатысты т.с.с. фактілері (мән-жайлары) құрайды. Құжаттардың жалғандығына қатысты сарапшы-криминалист құжаттардың техникалық, ал тергеуші (сот) заңды сұрақтарын анықтайды. Мысалы, құжат мазмұнының өзгеруіне қатысты, алғашқы құжаттың мазмұны өшіру арқылы жойылғандығын анықтау бойынша тергеуші (сот) жойылудың ниетін, мақсатын анықтаса (ақшаның кем шығуы, иемдену т.с.с.), ал сарапшы ақшаның көшірме техникасымен (множитель техники) жасалғанын анықтайды. Осы бойынша сот аталған фактіні ақшалай белгілерді жалған жасау деп саралайды.

Аталған сараптама экономика саласындағы қылмыстар, құқық бұзушылықтарға қатысты, алаяқтық, кісі өлтіру, тонау т.с.с. қылмыстар бойынша тағайындалады.

**ҚСТС міндеттері** идентификациялық және классификациялық, диагностикалық, ситуациялық болып жіктеледі.

**Классификациялық міндеттер** компьютердің, принтердің моделін, жүйесін, типін анықтауға бағытталған.

**Диагностикалық және ситуациялық міндеттер** келесі мән-жайларды анықтауға бағытталған:

- құжат және оның үзінділерінің дайындалу тәсілін анықтауға (өзі жазған ба, полиграфиялық әдіспен жасалаған ба) мәтіннің алғашқы мазмұны қандай тәсілмен өзгерген ? (тазалау, қосып жазу, өшіру);
- құжаттың алғашқы мазмұнын анықтау (арнайы әдістерді қолдана отырып өшірілген, жоғары температураның әсерінен түссіздену арқылы аз көрінетін немесе мүлдем көрінбейтін жазуларды қалпына келтіру);
- құжаттың жасалу мерзімі (абсолютті, қатыстылығы), сол сияқты штрихтердің хронологиялық түрде жазылуы.

**Идентификациялық зерттеулер** объектілерді бір-бірімен теңдестіру мақсатында жүргізіледі:

- құжаттарды және олардың үзінділерін жасауға арналған нақты техникалық құралдар (мөрлер, қалам, қалып аппараттар т.с.с.);
- бүтінді бөлшектеу (жыртылған қағаздардың мазмұнын анықтау арқылы құжатты қалпына келтіру);
- құжаттарды жасау үшін қолданылған материалдарды теңдестіру (қағаздар, картондар, сиялар т.с.с.);
- құжаттың пайда болған көздерін анықтау (құжатты дайындау материалдары);
- құжатты немесе бланкіні техникалық орындаған тұлғаны анықтау.

Бірқелкі құжаттарға немесе олардың жеке үзінділеріне қатысты диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешіледі. Сот-тергеу тәжірбиесінде өзінің мазмұны жағынан ҚСТС үш түрінде қолданылатын

сұрақтар кездеседі: құжаттардың реквизиттерін зерттеу (қолмен жазылған жазулар мен қолтаңбалар); баспа құралдарының көшірмелері мен құжаттардың материалдарын зерттеу. Кейбір сұрақтарды шешу үшін, құжаттардың реквизиттері мен материалдарын зерттейтін кешенді әдістер қажет. Кейде аталған кешенге техникалық құралдарды (бланкілерді, реквизиттерді дайындауға арналған) зерттейтін әдістер де кіреді.

ҚСТС әдістемелік зерттеудің ерекшелігі – анықтауға қажетті мән-жайлардың диагностикалық міндеттерді шешкеннен кейін идентификациялық, ал кейде керсінше идентификациялық міндеттер диагностикалық сұрақтарды шешкеннен кейін қажет.

Құжаттардың сот-техникалық сараптамаларының алдына келесі сұрақтар қойылады:

**1) Алғашқы мазмұнының өзгеруіне қатысты жүргізілетін құжаттардың сараптамасы:**

- құжаттың алғашқы мазмұны өзгертілді ма, өзгертілсе қандай әдіспен (тазалау, қосып жазу, өшіру);
- егер құжаттың мәтіні (сандар, қолжазбалар) өзгертілсе, оның алғашқы мазмұны қандай?
- негізгі мәтін жазылған соң құжатта сандар, қолжазбалар, әріптер, штрихтер құжатта қосылып жазылған жоқ па?
- мәтіндік қолжазба (қолтаңба) көшірмелік әдістерді қолдана отырып жасалған жоқ па ?
- құжаттағы қолтаңба алдын-ала техникалық дайындық (карандаш, көшірме) арқылы орындалған жоқ па ?

**2) Орнын ауыстырып жабыстыруын анықтау мақсатымен жүргізілетін құжаттардың сараптамасы.**

- құжаттағы фотосурет қайта жабыстырылған жоқ па?
- ұсынылған құжатта маркілер қайта жабыстырылған жоқ па?

**3) Өшірілген, құйылған, өзге де оқуға мүмкін емес мәтіндерді анықтау бойынша сараптама:**

- құжаттағы өшірілген, құйылған, жоғары температуралық өңдеуге ұшыраған құжаттағы жазбалардың, әр түсті бетте көрінбейтін немесе аз көрінетін, жыртылған т.с.с. құжаттағы мазмұны жазбалары қандай?

**4) Жандырылған құжаттың сараптамасы:**

- жанған құжат беттеріндегі жазбалардың мазмұны қандай?
- жанған беттер қай құжатқа (жеке куәлік, еңбек кітапшасы т.с.с.) жатады?

**5) Мөр таңбалар көшірмелері мен штамптардың сараптамасы:**

- құжатқа мөр таңбаны (штамп) қандай әдіспен қойған?
- ұсынылған құжатқа мөр таңбаның (штамп) бір қалыбымен (клише) қойылды ма?
- зерттеліп отырған құжатта үлгі ретінде берілген қалыппен (клише) мөр таңба басылды ма ?

**6) Компьютер және өзге де көшірмелі техникамен дайындалған құжаттардың сараптамасы:**

- зерттеліп отырған құжаттағы әріптерді басу аппаратының типі қандай ?
- құжаттағы реквизиттердің суреттемелері жеке компьютердің (ЖК) принтер типімен алынған ба?
- құжатты дайындау кезінде қандай компьютерлік құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылды?
- бір немесе бірнеше құжаттар немесе оның үзінділері бір немесе бірнеше компьютерлік принтерлермен шығарылды ма?
- құжат реквизиттерінің суреттемелері қандай немесе бір мәтіндік немесе графикалық немесе өзге де редакторлармен алынған ба?
- аталған принтердің техникалық мүмкіндіктері дәл сондай сападағы құжатты дайындай ала ма?
- аталған құжат айыпталушыдан алынған түпнұсқаның сканері ретінде көшірме дайындау үшін қолданылған жоқ па?
- айыпталушыдан алынған компьютерлік құрал-жабдықтар құжаттың мәтінін алу үшін қолданылған жоқ па?
- құжаттың көшірмелері бір немесе бірнеше көшірмелі аппараттармен алынған ба?
- құжат көшірмесінің мазмұны әр түрлі құжаттың бөліктерінен монтаж арқылы алынған жоқ па?
- құжаттың мәтіні аталған принтер арқылы орындалған жоқ па?  
т.с.с.

**7) Бланкілер мен өзге де полиграфиялық өнімдердің сараптамасы:**

- аталған құжаттың мәтіні, бланкісі қандай әдіспен дайындалған?
- аталған құжаттың бланкісін дайындаған кезде қандай полиграфиялық техника қолданылған (немесе айыпталушыдан алынған әдебиеттер)?
- бланкіні дайындау кезінде қандай баспа нысаны қолданылды (қолымен немесе линотиптік жиынтық, стереотип т.с.с.)?
- аталған баспа өнімдері талаптарды сақтай отырып жасалған ба?
- ұсынылған құжат, әдебиет бір жиынтықтан басылды ма (нысан, қалып, стереотип)?
- ұсынылған құжат қандай аппараттың типімен (моделі, модификациясы) басылған?
- зерттеуге ұсынылған құжаттар, әдебиеттер бір әдіспен жасалған жоқ па?
- зерттеуге ұсынылған кітап қалай түптеп тігілген ?
- әдебиет қандай әдіспен түптеп тігілген ?
- қағаздар қандай әдіспен кесілген? т.с.с

**8) Компостерлік белгілер, кассалық чектер және өзге де құралдардың сараптамасы:**

- кассалық чектерде, телеграммаларда, компостирдің көшірмелерінде қандай да бір өзгерістер бар ма?
- егер болса, олар қандай әдіспен жасалған және олардың алғашқы белгілері қандай?
- ұсынылған чектерді (телеграммалар) басқан бақылау-кассалық машинкалардың типі мен моделі қандай?
- аталған бақылау-кассалық мәшинкасымен ұсынылған чектер жасалды ма?
- аталған компостермен ұсынылған көшірмелер алынды ма?
- бір бақылау-кассалық мәшинкасымен зерттеуге ұсынылған чектер (телеграфтық аппарат) басылды ма?
- бір компостермен көшірмелер алынды ма?
- зерттеуге ұсынылған кассалық чектер (телеграммалар) қашан басылды?

**9) Қиып өтетін штрихтарды қойылу ретінің хронологиясын анықтау:**

- құжаттың жасалу мерзімі оның күнтізбелік күніне сәйкес келе ма?
- құжат нақты жылы жасалған ба?
- нақты жазу мәшикасымен аталған құжат қашан жасалған?
- бірнеше құжат бір уақытта жасалды ма?
- қолтаңба ма немесе мәтін, немесе оның мөр таңбасы алғаш орындалды ма?
- құжаттың мәтіні, қолтаңба, мөрдің баспа-таңбасы қандай хронологиялық тәртіппен жасалған (қайсысы алғаш қайсысы кейін орындалған) ?
- құжаттың мәтіндері бір уақытта жасалған ба?
- зерттеліп отырған құжатта нақты жазулар қайта қосылып басылған жоқ па?

**10) Құжаттардың материалдарын дайындаудың сараптамасы:**

- құжаттағы мәтін қандай жазу құралдарымен орындалған (қалам, қарындаш, рейсфедер т.с.с.)?
- зерттеуге ұсынылған жазу құралымен (қалам, қарындаш т.с.с) құжаттағы жазулар, қолтаңбалар орындалған ба?
- зерттеуге ұсынылған құжат мәтінінің немесе оның үзінділері айыпталушыдан алынған сиямен орындалған жоқ па?
- материал (қағаз, типографиялық бояу) құжаттың нақты стандарт нормаларына сәйкес келе ма?
- құжаттың материалдары қандай кәсіпорында дайындалған?
- құжаттың материалы қашан жасалған және зерттеуге ұсынылған қағаздың нөмірі, маркісі қандай?
- зерттеуге ұсынылған қағаз бір партия, рулонға жатады ма?

- қағаздың нақты беті (үзіндісі) зерттеліп отырған қағаз немесе құжатқа жатады ма?
- кітаптің беттерін түптеу үшін қандай материалдар қолданылды?
- зерттеуге ұсынылған қағаздың жыртылған беттері (беттер, құжаттардың үзінділері) жасалу тәсілі, сақтау жағдайына сәйкес пайда болу көздері ортақ па?
- құжаттағы қолжазбалар қандай затпен өшірілген?
- айыпталушыдан алынған штемпельдік бояумен құжатқа мөр баспа-таңбасы қойылған жоқ па?
- құжаттың мәтіні бір көшірмелі қағазбен орындалған жоқ па?
- қағаздың жыртық түбектері қолжазбалар немесе оның реквизиттерінің бір бүтінін құраған жоқ па?
- зерттеуге ұсынылған желімнің типі қандай?
- айыпталушыдан алынған желім құжатты немесе кітапті дайындау үшін қолданылған жоқ па?

**11) Ақшалай белгілер мен құнды қағаздардың сараптамасы:**

- зерттеуге ұсынылған объект ақшалай белгіге сәйкес па?
- қандай әдіспен және қандай техникалық құралдарды пайдалану арқылы ақшалай белгі, құнды қағаз, лотерейлік билет жасалған?
- ұсынылған ақшалай купюралардың дайындалу әдістері бірдей ма?;
- аталған купюраларды өзге де құнды қағаздарды дайындау үшін айыпталушыдан алынған аппараттық немесе өзге де құралдар, қағаздар, бояулар қолданылған жоқ па ?

**12) Машинкамен жазылған мәтіндерді зерттеудің сараптамасы:**

Сот-тергеу тәжірбиесінде машинкамен жазылатын құжаттар орын алады, сондықтан аталған сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- құжат басылған жазу машинкасының жүйесі, типі, моделі қандай?
- аталған мәтін зерттеуге ұсынылған жазу машинкасында басылған жоқ па?
- ұсынылған машинкамен жазылған мәтін қандай данаға жатады? және бір мезгілде басылған даналардың бетбелгісі қанша?
- көшірмелі қағаз арқылы орындалған құжат данасының бір немесе әр түрлі бетбелгісіне басылды ма?
- мәтінді басу кезінде аталған машинканың лентасы қолданылған жоқ па?
- бір немесе бірнеше тұлғалармен мәтін орындалды ма?
- құжатты басудың мерзімі қандай? ол бір тұлғамен орындалған ба?
- құжаттың мазмұны жеке сөздерді, сандарды қосып жазудың нәтижесінде өзгертілген жоқ па?

- құжатты басып жазған тұлға жазу машинкасын басу дағдыларына ие ма?

Сұрақтардың аталған тізімі тергеушілер мен соттың сарапшының алдына сұрақтар қойып құрастырылғанда мысал ретінде қолданыла алады. Жоғарыда көзделген сұрақтардан басқа нақты жағдайға қатысты өзге де сұрақтар қойыла алады.

### **Материалдарды дайындау және рәсімдеу:**

Идентификациялық емес сұрақтарды шешу кезінде заттай дәлелдемелерді тікелей ұсыну керек: құжаттар және өзге де объектілер. Олар ақшалай белгілер, жеке куәлік, өсиет, төлем түбіртектері, алғашқы құжаттар, есеп регистрлері т.с.с. және типтік емес объектілер, мысалы: айыпталушыдан тінту кезінде алынған жазулары бар сіріңкенің қорабы.

Құжаттар – оқиға болған жерді қарау кезінде, тінтуде т.с.с. әрекеттердің нәтижесінен алынатын және сезікті не жәбірленушімен, азаматтық процесте талапкер не жауапкермен ұсынылатын заттай дәлелдемелер.

### **Құжатпен жұмыс істеудің ережесі – заттай дәлелдемелер.**

Криминалистикада құжаттармен жұмыс істеудің жалпы ережелері әзірленген, соған сәйкес тергеуші (сот) міндетті:

- сарапшыға құжаттарды қай күйінде табылды сол күйде ұсыну;
- құжаттарды – заттай дәлелдемелерді жеке конверттерде (пакеттер) сақтау, оларды іс материалдарына тіркемеу, умаждамау;
- құжаттарды күн сәулесінен, ылғал температурадан сақтау;
- құжаттарды пинцетпен алу, қолдың ізі, кірі қалмау үшін, өйткені ол құжаттың елеулі өзгеруіне әкеп соғады;
- құжаттарда арнайы белгілер, нұсқаулар жасауға тыйым салынады.

Құжаттағы жазбалардың алғашқы мазмұнын анықтау, олардың мазмұнын өзгертудің әдістерін анықтау сияқты сұрақтарды шешумен айналыспайды.

Идентификациялық сұрақтарды шешу үшін жіберілген үлгілерге нақты талаптар қойылады.

Мөртаңбалар мен штамптарды олардың көшірмелерімен салыстыруға қатысты сараптамасына зерттелуге жататын құжаттармен қатар салыстырылып отырған мөртаңба мен штамптардың бес-сегіз эксперименталды үлгілері жіберіледі. Үлгілерді әр түрлі бояу жылдамдығымен, бағытымен (оңға, солға, қағаз бетіне перпендикулярлы т.с.с.) қатты басу қысымдығымен және астына алуан-түрлі зат (қатты, жұмсақ) қою арқылы алу қажет. Үлгілерді не қағаздағы көшірмелерді алу туралы хаттамаларында көшірмелерді эксперименталды үлгілер ретінде алудың шарттары көрсетілуі керек, егер зерттеліп жатқан құжаттың дайындалуынан ұзақ мерзім өтсе (2-3 жыл және одан да көп), мөртаңбалар

мен штамп көшірмелерінің үлгісі сол бір жылдарда жасалған болуы керек және аталған сараптамаға жіберілуі қажет.

Егер сезіктіде алынған мөртаңба (штамп) арқылы зерттеліп отырған құжатқа мөр қойылғандығы туралы болжам туындаса, онда сол мөртаңбаны (штампы) сараптамаға жіберу керек. Ал бірақ, мөртаңбалар (штампы) оның ескіру мерзімінің өтуіне немесе заңды тұлғаның реквизитінің өзгеруіне байланысты жойылса, онда сараптамаға сол мөртаңбаның (штампының) көшірмесі бар құжаттың түпнұсқасы жіберіледі. Аталған құжаттардың саны мөртаңбаның көшірмесі қаншалықты құжатта нақты, жақсы көрінуіне қатысты алынады, олардың саны 5-6 аспау қажет.

Жазу мәшинкаларын идентификациялау қажет болса, зерттеліп отырған құжаттармен қатар, сарапшыға жазу машинкасымен жазылған (болжам бойынша, сол құжат басылған) мәтіндердің үлгілері берілуі керек. Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) істің елеулі мән-жайлары міндетті түрде көрсетіледі: зерттеліп отырған жазу машинкасы құжатты басқан сәттен үлгілерді алғанға дейін жөнделген жоқ па?, аталған мерзімде шрифт немесе жеке белгілері ауыстырылған жоқ па? т.с.с.

Жазу машинкасымен орындалған құжатты зерттеуге жібергенде оның нақты жазу машинкасында қашан орындалғандығын анықтау үшін, салыстырмалы материал ретінде сол машинкасында басылған мәтіндерді ұсыну керек.

Әр түрлі мезгілде қаламмен жазылған құжаттардың жазуларын зерттеуге жіберу кезінде сезіктіден алынған қаламды, сияны т.с.с. сараптамаға жіберу қажет.

Мөртаңбалардың (қалып) пішінін идентификациялау кезінде зерттеуге мөртаңба пішінімен басылған мәтін немесе оның қағаздағы көшірмелері жіберіледі.

Көшірмелер типографиялық бояулардың көп немесе аз пішінмен басылуы әр түрлі өңінің ашықтықтары арқылы дайындалады. Былғанған мөртаңбалардың (қалып) пішіні салыстырмалы материал алынған соң жуылып және содан кейін қосымша үлгілер дайындалады.

Құжат бланкісінің, мөрлердің, компостерлердің, қағаз бен басқа Құжаттарды техникалық сараптама (ТЭД) объектілерінің шеберханаларын немесе өндіруші-кәсіпорынын сәйкестендіру үшін келесі анықтамалық мәліметтер қажет: материалдарды, бланкілер мен басқа да заттарды жасайтын кәсіпорындар туралы; әр кәсіпорын бойынша өндіріс технологиясы туралы, тергеушіге қажетті мерзімнің ішінде әр кәсіпорынның сәйкесінше өнім үлгілері мен әр түрлі кезеңдер бойынша әр кәсіпорында аталған өнімнің қасиеттеріне сараптама жасау туралы мәліметтері.

Компьютерлерді, принтерлерді идентификациялау кезінде сараптамаға сол компьютермен және принтермен басылған құжаттардың түпнұсқасы ұсынылуы қажет. Сараптамаға техникалық құралдарды жіберген жөн (компьютер, принтер, сканер). Материалдарды, үлгілерді алу кезінде маманның көмегін пайдаланған жөн.

## **Арнайы қорғалу құралдарымен жабдықталған құжаттарды зерттеу сараптамасы**

Ақшалай белгілер, қатаң есептегі құжаттарды жалған жасау оқиғалары жиі орын алуына қатысты полиграфиялық өнімдердің даярлануын бүгінгі күні зерттеу қажеттіліктері туындайды.

Құжаттарды криминалистикалық зерттеу сараптамасының ерекшелігі (арнайы қорғалу құралдарымен жабдықталған құжаттар) оларды дайындау, қолдану және мерзімінің өтуіне қатысты жою ережелерінің өзектілігінде.

Арнайы қорғалу құралдарымен жабдықталған құжаттар – қатаң есептегі құжаттардың тізіміне жатады, оларға: ақшалай билеттер, чек кітапшалары, аккредитивтер, поштаны төлеу белгілері, құнды қағаздар, туу, неке туралы т.с.с. жатады.

Аталған құжаттардың бланкілерінде арнайы жалғандықтан қорғау құралдары бар. Қорғау құралдарының саны құжаттың маңыздылығына қатысты, олардың көпшілігі ақшалай белгілерде орын алады.

Сараптамаға ең алдымен құжаттардың өздері жіберіледі – заттай дәлелдемелер. Зерттелуге жататын құжаттардан басқа сараптамаға басқа да объектілер жіберіледі, олар айыпталушыдан алынған заттар: ұқсас құжаттар, жартылай фабрикаттар, аяғына дейін жасалмаған объектілер (мысалы, ақшалай белгісі бар қағаздар), ақшалай белгілердің түпнұсқасы, өзге де түпнұсқа ретінде қолданылған құжаттар, сол белгілерді жасаған техникалық құралдар, мөртаңбалар (типографиялық шрифт, қалып т.с.с.), құнды қағаздар, қолданылған материалдар (қағаз, қалам, сия, туш т.с.с.).

### **10.3 Сот авторлық (лингвистикалық) сараптама**

Сот авторлық сараптаманың **объектісі** – әр түрлі тасушылардағы адамның сөзі (электронды, қағаз беті т.с.с.). Сот авторлық сараптама – бұл ауызша және жазбаша мәтіндегі ерекшеліктерді талдай отырып, соның негізінде мәтіннің авторына мазмұндама берілуге бағытталған заңдылықтарды анықтайтын сала. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Сот сараптамасын және арнайы зерттеулерді жүргізу Нұсқаулығына сәйкес (24.10.2002 ж., №158), аталған сараптама тектерге бөлінеді, олар: сот авторлық және филологиялық, бірақ тектерге бөлудің қажеттілігі шамалы, өйткені аталған сараптамалардың объектілері бір – бұл адамның ойын жеткізетін сөз, сөз тіркестері, сөйлем.

Сот авторлық (лингвистикалық) сараптаманың **пәні** сарапшының арнайы білімін сот автортану саласында қолдану арқылы шешілетін фактілер (мән-жайлар).

Сот авторлық (лингвистикалық) сараптаманың **міндеттері** топтарға бөлінеді, олар: идентификациялық және идентификациялық емес (классификациялық, диагностикалық, ситуациялық).

**Классификациялық міндеттер** мәтіні бойынша авторды белгілі бір топқа жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы бойынша жатқызу, сол сияқты мәтіннің лингвистикалық, стилистикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Аталған міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады:

- зерттеліп отырған құжатты орындаған адамның жынысы;
- құжатты орындаған адамның жасы, білім деңгейі және жазу-сөйлеу дағдылары;
- құжат авторының әлеуметтік жағдайы мен кәсібі;
- зерттеліп отырған құжатты орындаған тұлғаның жазу-сөйлеу стилінің (ресми, публицистикалық т.с.с.) ғылыми дағдылары қандай?
- қазіргі қазақ, орыс тілдерінің лексикалық типі тіл тигізу лексикалық типке жатады ма?
- сөйлемде, сөз тіркесінде немесе сөздерде бір немесе бірнеше типтік тіл тигізу лексикалары бар ма?

**Диагностикалық және ситуациялық міндеттер** мәтінді жасаған кезде оны жасауға әсер еткен жағдайларды анықтауға бағытталған. Мұндай жағдайларға: мас күйінде және есіртке заттарды қолдана отырып жазу, өз сөзін әдейі өзгерту, басқа адамның дауысына ұқсас етіп сөйлеу, жеке сөйлемдердің мазмұнын анықтау т.с.с.

Диагностикалық сұрақтарды шешу кезінде келесі сұрақтар қойылады:

- қандай мағынада сөз сөйлемде немесе басылымда қолданылған?
- публикация мәтінінің елеулі жанрлық, психолінгвистикалық және стилистикалық ерекшеліктері;
- мақала мәтінінің композициялық құрылымы қандай, автор қандай әдеби әдістерді қолданады және олар публикацияның кейіпкерлерін қалай меңзейді?
- зерттеліп отырған мәтін белгілі бір тұлғаның сөйлеу дағдысына ұқсас құрастырылған жоқ па?
- зерттеліп отырған құжат әдеттегідей емес күйде орындалған жоқ па (мас күйінде)?

Сот авторлық (лингвистикалық) сараптаманың алдына басқа да диагностикалық сұрақтар қойылады, олар адамның ар-намысына, ар-ожданына, беделіне, нұқсан келтірумен және БАҚ мәтіндерінде тіл тигізу сөздерінің бар-жоғына т.с.с. байланысты.

Мәселен, сот-сараптамалық тәжірбие сот авторлық (лингвистикалық) сараптаманың алдына келесідей типтік сұрақтар қоюға болады:

- аталған мақалада (радиобағдарлама, телебағдарлама) нақты тұлға (тұлғалар) туралы (оның қызметі, моральдық, адамгершілік қасиеттері) теріс мәліметтер бар ма, нақты қандай сөзде теріс мәліметтер бар және олар қандай нысанда беріледі?

- бөлініп көрсетілген сөздердің лингвостилистикалық талдауы нақты, мысалға А. деген азамат, моральдық нормаларды, заңдылықтарды және қағидаларын бұзғанын дәлелдей ма?
- аталған сөйлемде заңды және жеке тұлғаның іскерлік беделін, арнамысына нұқсан келтіретін мәліметтер бар ма?
- аталған абзацтағы мәліметтер не мақала авторының көзқарасы фактілерді мақұлдайды ма (радиобағдарлама, телебағдарлама) ?
- мәтіндегі айтуларда азамат А. жеке тұлғасын бұрыс бағалайтын, оның қоршаған адамдардың алдында беделін, өз өзіне сыйлы болу қасиеттеріне нұқсан келтіретін т.с.с. сөздер бар ма?
- мәтінде А. есімді азаматтың жеке басына қатысты жалпылама сипаттағы және оның абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын әдепсіз түріндегі теріс бағалау сөздері бар ма?
- «...» газетінің ... жылғы № ... санындағы «...» мақаланың мәтінінде («...» телеарнасымен көрсетілген сюжеттерде) А. есімді азаматтың жеке адамгершілік қасиеттерін қорлауға бағытталған ерсі түрде айтылған сөздер бар ма?
- «...» газетінің ... жылғы № ... санындағы «...» мақаланың мәтінінде («...» телеарнасымен көрсетілген сюжеттерде) басқа әлеуметтік категориялармен салыстыру бойынша қандай-да бір ұлттық, конфессиялық немесе әлеуметтік топтың атына теріс бағалауы бар сөздер бар ма?
- қандай-да бір ұлттың, конфессияның, этникалық топтың өкілдеріне қатысты геноцидті, депортацияны, репрессияны оң бағалау, мақтау сөздері бар ма?
- қандай-да бір этникалық, конфессиялық немесе әлеуметтік топтың конституциялық құқықтары мен азаматтардың бас бостандығын шектеуге шақыру талаптары бар сөздер бар ма?
- басқа бір топтың есебінен қандай-да бір әлеуметтік топтың пайдасына бағытталған әрекеттерге шақыруға арналған және директивті түріндегі сөздер бар ма және т.б.

**Сәйкестендіру (идентификационные) міндеттер** бір тұлғаның нақты бір мәтінді немесе бірнеше мәтіндерді жасағанын, мәтіннің бөлек фрагменттерін бір тұлға жасағанын анықтау болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- зерттеліп жатқан құжаттың мәтіні кіммен, Н., П. есімді тұлғамен немесе басқа адаммен жасалған (оның атауын, нақты жазуларын және олардың құжаттар орналасуын көрсету керек);
- бірнеше құжаттардағы мәтіндер бір немесе бірнеше тұлғалармен жасалды ма, немесе бір құжаттағы мәтіннің кейбір бөлшектері.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сот-авторлық сараптамалық зерттеуге жіберілетін материалдар құжаттар болып табылады. Олар заттай дәлелдемер (хаттар, сол сияқты

жыртылған жазбалардың үзінділері немесе компьютерлік мәтіндер, бейне кассеталар т.с.с.).

Сараптама тағайындаудың алдында тергеуші (сот) құжаттарды мұқият қарап шығуы керек. Қараудың нәтижесі зерттеудің нақты объектісін анықтауға және сарапшының алдына дұрыс сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Сирек жағдайларда сараптаманы тағайындау туралы қаулыда сараптаманың пәніне жататын мән-жайлар енгізілуі керек (зерттеуге жататын құжаттарды табу жағдайлары, мәтіндердің үлгісі т.с.с.).

Сот-авторлық сараптаманы тағайындау туралы қаулыны шығару кезінде тергеуші (сот) нақты объектіні көрсетуі керек: мәтін немесе оның үзінділері. Егер қолжазбаларға олардың реквизиттеріне қатысты емес сараптама тағайындалса, оның бастапқы және соңғы сөздері және мөлшері көрсетіледі (жолдарының және беттерінің саны). Қолжазбаның үзінділерін зерттегенде оның мәтіндегі орналасу орны мен мазмұны анықталады. Сараптама тағайындаған соң тергеуші (сот) сарапшыға зерттелетін объектісі бар құжатты ұсынуы керек.

Мәтіннің мазмұндық мағынасын анықтау үшін (жағымсыз теріс баға беруінің орын алуы) зерттелетін мәтіннің (қолхат, мақала, газет басылымы, диктофондық қолжазба) өзі ұсынылса жеткілікті т.с.с.

Сот-авторлық сараптаманың идентификациялық емес міндеттерін шешу үшін адамның сөйлеу үлгісінің үш түрін ұсыну керек: ерікті, экспериментальды және шартты-ерікті.

***Сөйлеу дағдыларының ерікті үлгілері*** – бұл жүргізіліп отырған сараптама бойынша субъектінің іске қатысты емес мәтінді орындауы. Ерікті үлгілерде сөйлеу дағдыларын әдейі бұрмалау орын алмайды, өйткені субъект үлгінің сот сараптамасында қолданылуы туралы білмейді.

Ерікті үлгілердің мәтіндері ретінде қызметтік хатқа, жеке хаттарға, баяндамалар т.с.с. қатысты жазбаларды жатқызуға болады. Олар тінту, алу немесе іске қатысушылардың (жәбірленуші, сезікті, жауапкер) өз еркімен ұсынылуы мүмкін. Үлгілерге негізгі талап ретінде зерттелуге жататын ерікті үлгі сараптама жүргізіліп отырған тұлғаныкі болуы керек. Аталған жағдайға көз жеткізу үшін сот, тергеуші жинақталған құжаттарды соның атынан жазылған тұлғаға ұсынады. Нәтижелер қарау хаттамасында куәгерлердің қатысуымен тіркеледі (ҚР ҚІЖК 233 б.) әр бір үлгі оны орындаған тұлғамен куәландырылады, мысалы: «Мәтін менімен орындалған. Қолы...»

Егер қандайда бір себептерге қатысты субъектіге ерікті үлгілерді ұсынуға мүмкіндік болмаса, сол субъектінің жұмыс істейтін орнына ұсынылады, оның әріптестеріне, туыс-тумалары, таныстарына ұсынылады және ол туралы сараптаманы тағайындау туралы қаулыда көрсетіледі.

Ерікті үлгілерді сараптамаға ұсынудың бірден-бір талабы болып олардың зерттелуге жататын объектілермен бірдей болуы. Объектілер мен ерікті үлгілердің ұқсастылығының шеңбері тергеушілер, соттар, сарапшыларға арналған оқу құралында қалыптастырылды, оларға жатады:

**тіл бойынша мазмұндама** – ерікті үлгілер зерттеліп отырған мәтін тілінде жазылуы керек;

**жазылу уақыты бойынша** - ерікті үлгілер зерттеліп отырған мәтіннің арасындағы жазылу уақыты ұзақ болмауы керек (бірақ үлгілерсіз сараптамалық қорытынды беру, бермеу туралы сұрақты сарапшы шешеді);

**мақсаты мен мазмұны бойынша** – ерікті үлгілер бір функционалды стильмен жазылу керек – жеке хаттар, қызметтік хаттар, ғылыми мақала, есеп т.с.с.;

**автордың жан-күйіне қатысты** – зерттеліп отырған құжат автормен қандай да әдеттегідей емес жан-күйде орындалуын анықтау (стресс, мас күйінде) үлгі ретіндегі сол күйінде жасалған ерікті үлгілер болып табылатын жазбаларды ұсыну керек.

Жатқа айтып жаздыратын экспериментальды үлгілер ақпаратты-салыстыру материалы ретінде қолданылмайды.

Үлгілердің жеткілікті болуы – бұл сараптамалық зерттеуді толық және жан-жақты салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін көлем. Ұсынылатын үлгілердің саны туралы бекітілген ұсыныстар жоқ, бірақ бос үлгілердің саны 25-30-дан кем болмауы кейбір кезде оданда көп болуы керек (қолжазбаны қарау кезінде ол қысқа болса).

**Сөйлеудің экспериментальды үлгілері** – азаматтық, қылмыстық істер немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша тергеушімен (сотпен) тағайындалатын сараптамаларға қатысты орындалатын мәтіндер. Экспериментальды үлгілер ерікті үлгілер сияқты зерттеліп отырған объектілердің көлемімен сәйкес болуы керек.

Экспериментальды үлгілердің кемшілігі ретінде орындаушының өз сөйлеу дағдысын әдейілеп өзгертуін айтамыз.

Экспериментальды үлгілердің кейбір қасиеттері салыстырмалы зерттеу кезінде оны қажетті материалға айналдырады. Мұндай үлгілер тергеушімен немесе өз еркімен ұсынған бос мазмұндаманы алуында жатыр.

Сезіктіден экспериментальды үлгілерді таңдап алу бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, бұл тұлғаның сөйлеу дағдыларының бірнеше вариацияларының толық түрде көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Экспериментальды үлгілер 500 сөзден кем алынбайды, үлгілердің саны оданда көп алынуы мүмкін егер зерттеліп отырған құжат пен тағайындалған сараптаманың жүргізу уақытының арасы алшақ болса. Сонымен қатар аталған жағдай тергеушінің (сот) зерттеліп отырған мәтін әдейі өзгертіліп әдеттегідей емес жағдайда жазылғандығына күдік туса. Мұндай жағдайда мақсатына және орындау жағдайларына қарай алуан-түрлігі сөйлеудің түрлі варианттарын анықтауға мүмкіндік береді.

**Сөйлеудің ерікті үлгілері** – дегеніміз қылмыстық іс қозғалғаннан кейін құжаттарда бекітіліген сөйлеу. Оларға іс бойынша материалдар жатады (түсініктеме, арыздар, жауап алудың хаттамалары (өз қолымен жазылған)).

Мұндай жағдайларда, ерікті үлгілерді ұсынбаудың себептері туралы сарапшыға хабарланады. Ол кезде сараптамалық зерттеу қиындайды, бірақ, үлгілердегі сөйлеу дағдыларының сәйкестендіру белгілерінің жиынтығы жеткілікті болған кейбір жағдайларда, сарапшыға қойылған сұрақтар бәрібір шешілуі мүмкін.

## 11 тақырып. Трасологиялық сараптама

Трасологиялық сараптаманың зерттеу **объектісі** материалдық дүние заттарының сыртқы құрылысы және олардың із қабылдаушы заттардың бетінде бейнеленіп қалуын айтамыз. Трасологиялық сараптаманың объектілері адам, жануар, бұзу құралдары, көлік құралдары, жаппай өндірістің бұйымдары. Аталған объектілердің қасиеттері, жіктелуі туралы сипаттама криминалистикалық техниканың бөлімі болып табылатын – трассологияда беріледі. Трасологиялық сараптама объектілеріне қатысты келесі түрлерге бөлінеді:

- адамның қолының, аяқ киімінің, тістерінің трассологиялық сараптамасы;
- құлыптап жабылатын, қорғағыш механизм мен бұзу құралдарының сот сараптамасы;
- көлік іздерінің сот сараптамасы (аталған сараптама түрінің мүмкіндіктері 13.3 бөлімінде қарастырылады);
- жануарлар іздерінің сот сараптамасы;
- жаппай өндіріс бұйымдарының сот сараптамасы;
- қылмыскердің, жәбірленушінің киімдеріндегі механикалық іздердің сот сараптамасы;
- бөлшекті бүтін бойынша анықтаудың сот сараптамасы.

Трасологиялық сараптаманың **пәні** ретінде іздерді (қол, аяқ, аяқ киім, жануардың іздері, бұзу құралдарының, көлік құралдарының іздері т.б.) зерттеу негізінде анықталатын фактілі деректер болып табылады. Трасологиялық сараптама арқылы анықталатын фактілі деректер көптеген қылмыстарды тергеу кезінде қажетті.

Трасологиялық сараптаманың **міндеттері** екі топқа бөлінеді: идентификациялық және идентификациялық емес (классификациялық, диагностикалық және ситуациялық).

**Диагностикалық** міндеттер іздерді табу мен бекітуге және із қалдырған объектімен теңдестіру үшін жарамдылығын анықтауға бағытталған.

**Классификациялық** міндеттер іздерді табу мен зерттеу кезінде іздің топтық және тектік қатыстылығын анықтауға және оны классификациялық жүйенің ғылымына жатқызуға бағытталған.

**Ситуациялық** міндеттер із қабылдайтын объектінің шарттарын, механизмін, уақытын анықтау үшін қажет. Олар іздің пайда болу механизмін,

басқа объектімен өзара қатынасын, іздердің пайда болу кезектілігін анықтайды.

**Идентификациялық** міндеттері із қалдырылған нақты объектіні (адамның, жануарлардың, бұзу құралдарының іздері, көлік іздері) жекелендіруге бағытталған. Сол сияқты, морфологиялық және өзара байланысты ерекшеліктеріне қатысты толық объектіні теңдестіруге бағытталған.

### **11.1. Адам іздерінің сараптамасы**

Адам іздеріне әдетте қолдың, аяқтың, тістің, аяқ киімнің, дененің жеке бөліктері, адам денесінің өзге де іздері жатады. Тәжірбиеде қолдың, аяқ киімнің іздері жиі кездесетін болса, тістің, адам денесінің жеке бөліктерінің іздері сирек кездеседі.

**Адам қолының іздері** – дактилоскопиялық сараптамада зерттеледі және диагностикалық және идентификациялық міндеттегі сұрақтарды шешеді. Мәселен:

- ұсынылған объектіде адам қолдарының папиллярлы өрнектері бар ма? және оларды із қалдырған адамның саусағымен идентификациялауға жарамды ма? (мұндай сұрақ сарапшыға криминалист-маманның тінту немесе оқиға болған жерді қарау кезінде қол іздері көрінбейтін заттарды алу кезінде орын алады);
- ұсынылған объектіде қол іздерінің папиллярлы өрнектері нақты адаммен қалдырылған ба ?
- әр түрлі объектіде табылған іздер бір тұлғамен немесе бірнеше тұлғамен қалдырылған ба ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға жіберіледі:

- 1) саусақ іздері бар заттар (олардың бөлшектері), қол іздері бар заттарды олардың алғашқы күйін өзгертіп алмау үшін абайлап алу керек;
- 2) аз көрінетін немесе мүлдем көрінбейтін іздер қалдырылған заттар. Оларды алу кезінде тозаңдандыруға, көшірмеге түсіруге болмайды, өйткені қолданылатын ұнтақтар ізді жояды;
- 3) заттар немесе олардың бөліктерінде қолдың папиллярлы өрнектері бар деп күдіктенгенде олар сараптамаға жіберіледі.
- 4) дактилоскопиялық пленкаға немесе масштабты суретке түсірілген іздер (негатив, позитив);
- 5) кейде қылмыстық істің өзге де материалдары: оқиға болған жерді қараудың хаттамасы, заттай дәлелдемелері алу туралы хаттамасы т.с.с.

Салыстырмалы зерттеу үшін дактилоскопиялық сараптамаға – экспериментальды үлгі ретінде қолдың папиллярлы өрнектері түсірілген дактилоскопиялық карта жіберіледі. Тергеуші қолдың папиллярлы өрнектері дактилоскопиялық картаға дұрыс нақты түсуіне бақылау жасауы керек.

Әсіресе, мәйіттердің қол саусақтарының іздері дактилоскопиялық пленкаға дұрыс түсірілуі үшін тергеуші маманның көмегіне жүгіне алады. Сол сияқты, тірі адамның саусақтарының іздерін қайталап алуға мүмкін болса, мәйіттердің іздерін қайталап алу мүмкін емес.

**Адамның аяғының және аяқ киімдерінің іздері.** Адамның аяқ киімінің мөлшерін, түрін, жалаң аяқ іздерінің мөлшері мен ерекшеліктері, сол арқылы сол ізді қалдырған адамның жынысын, жасын, жүрісін анықтайтын идентификациялық емес міндеттерді шешеді. Мұндай сұрақтарды криминалист-маман оқиға болған жерді қарау кезінде шешеді. Оқиғаның механизмін анықтау үшін сараптаманың алдына келесідей сұрақтар қойылады: ұсынылған із аяқ киіммен қалдырылған ба, оқиға болған жерде табылған аяқ киімнің, аяқ іздерінің пайда болу механизмі қандай (ауыр заттарды тасыған сәтте немесе сырғанау кезінде пайда болған іздер)?

**Идентификациялық** міндеттерді шешу кезінде нақты аяқ іздерінің, аяқ киім іздерінің теңдестіру мәселелері анықталады, сараптама алдына келесідей сұрақтар қойылады: оқиға болған жерден алынған аяқ киімнің іздері сезіктіден алынған аяқ киімімен қалдырылған ба, оқиға болған жердегі жалаң аяқпен қалдырылған іздер (оң немесе сол аяқ) сезіктіге, жәбірленушіге қатысты ма?

Сезіктің не жәбірленушінің қалдырған іздерінде не аяқ киімінде өзге де кірленулердің (немесе өзге заттардың) болуы сот-топырақ тану, сот-ботаникалық, криминалистикалық, сот-медициналық (қанның топтық және тектік қатынасын анықтау) сараптаманың жүргізуін қажет етеді.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға жіберіледі:

- 1) дактилопленкаға не өзге де құралдарға түсірілген немесе қандай-да бір заттарға қалдырылған үстірт іздер;
- 2) полимерлік және гипстік материалдардан жасалған көлемді іздердің көшірмелері.

Оқиғаның механизмі оны бекітудің әдістері, іздерді алудың уақыты, шарттары туралы мәліметтері бар қылмыстық істердің материалдарындағы іздердің фотосуреттері сараптамаға қосымша жіберілуі мүмкін.

Идентификациялық міндеттерді қою кезінде сараптамаға салыстырмалы материал-үлгілері жіберіледі, оларға:

- 1) сезіктінің (жәбірленушінің) оқиға болған жерде киген аяқ киімі;
- 2) сезіктінің (жәбірленушінің) экспериментальды іздерінің екі-үш көшірмесі (егер оқиға болған жерде көлемді іздер алынса);
- 3) экспериментальды көлемді іздерді нақты жалпы және жеке белгілерінің түсірілуін қамтамасыз ететін материалдар да алынуы керек. Егер сараптаманың объектісі жалаңаяқпен қалдырылған үстірт іздер болса, үлгі ретінде тексерілетін тұлғаның жалаңаяғының боялған іздері үлгі ретінде алынады (типографиялық бояуды қолдану арқылы);

- 4) сараптаманың объектісі жол іздері болса, сезіктінің (жәбірленушінің) эксперименталды алынған екі-үш жүрген із жолы. Эксперименталды жол іздерін алу кезінде сезікті (жәбірленуші) жіңішке қабатпен типографиялық бояумен қалдырылған жермен жүреді немесе оның аяқ киімінің табанын бояумен валик арқылы жүргізіп сезіктіге (жәбірленушіге) қағаз лентасының бойымен жүріп шығуын сұрайды, сол арқылы эксперименталды үлгі алынады.

Жоғарыда көрсетілгендей сезіктінің (жәбірленушінің) аяқ киімінің табанында басқан жерден алынған әр түрлі бөлшектер (жердің ұнтақтары, цемент, ұн т.с.с.) қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда тергеуші аталған бөлшектерді тиісті түрде бекітіп, қаптап заттай дәлелдеме ретінде сақтау үшін жағдайлар жасауы керек.

**Адам тістерімен қалдырылған іздерге қатысты диагностикалық және идентификациялық міндеттерді шешу кезінде тіс іздерін жәбірленушінің денесінде не азық-түліктерде (тістелген алмада) көруге болады. Аталған іздерді зерттеу кезінде сарапшы келесідей сұрақтарды шешеді:**

- із қалдырған адамның тіс аппарат құрылымының ерекшеліктері;
- іздердің пайда болу механизмі қандай және жәбірленуші мен қылмыскердің өзара қатынасы қандай?
- жәбірленушінің денесінде қалдырылған тіс іздері сезіктінікі ма (оқиға болған жерден алынған заттардағы тіс іздері)?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптама үшін қажетті материалдар:

- 1) тіс іздері бар заттар (мысалы, пломба т.с.с.), егер зат үлкен болса оны бірнеше бөліктерге бөлуге болады. Егер тіс іздері азық-түліктерде қалдырылса, оларды сараптамаға жеткізгенше сақтау қажет. Тіс іздері мәйітте қалдырылса, ізді алған кезде криминалист мамандармен қатар сот-медициналық қызметкерлер қатыстырылуы керек;
- 2) масштабты тәртіппен алынған тіс іздерінің фотосуреттері, әр бір із бойынша екі үш сурет жасаған жөн.
- 3) қылмыстық істің материалдары – оқиға болған жерді қараудың хаттамасы, мәйітті сот-медициналық зерттеулері, тірі адамды сот-медициналық куәландыру, алғашқы сот-медициналық және трассологиялық сараптамалардың қорытындылары.

Тіс іздерін сараптамаға салыстырмалы зерттеу үшін келесі үлгілер беріледі:

- 1) сезіктіге не жәбірленушіге тиісті тіс көшірмелерінің эксперименталды үлгілері. Үлгі ретінде пластикалық материалдарда қалдырылған (мысалы балауыз) тістеудің, тістеп алудың іздері алынады;
- 2) сезіктінің не жәбірленушінің жағының (челюсть) гипстік өзге де модельдері.

Үлгілерді алу кезінде маман ретінде – стоматолог дәрігері, тіс технигі, криминалист қатысқан дұрысырақ.

### **11.2. Жабылатын және сақтандырғыш құрал іздерінің сараптамасы**

Жабылатын сақтандырғыш құралдарына ойып орнатылатын, ілмек құлыптары, өзге де жабылғыш құралдар, оның ішінде арнайы магнитпен не чиппен ашылатын электронды жапқыш карточка-құралдары, пломбалар өзге де криминалистикалық техника бөлімінде көрсетілген құралдар жатады.

Жапқыш құралдарда немесе оқиға болған жердегі басқа да заттарда табылған іздер үш топқа жіктеледі: бұзуға бағытталған арнайы қалдырылған (отмычка, фомка т.с.с.), бөгеттерді бұзатын арнайы құралдар (ара, зілбалға) және кездесок заттар (тас, арматура сынығы т.б.).

Диагностикалық және ситуациялық міндеттерді шешу үшін сараптаманың алдына келесідей сұрақтар қойылады:

- бөгет қандай тәсілмен және құралдың түрімен ашылды ?
- зерттеуге ұсынылған құлып таңдалған кілтпен не қайқы кілтпен (отмычка) ашылды ма ?
- бұзу қай жағынан жасалған (үйдің, бөлменің ішкі жағынан не сыртынан ба) және қылмыскер әрекеттерінің жасалу реті?
- құлыпты бұзған тұлғаның арнайы дағдылары бар ма ?
- іздердің пайда болу механизмі қандай ?

Сараптамаға келесідей идентификациялық сұрақтар қойылады, олар:

- қару іздері қандай әрекеттердің нәтижесінде пайда болды ?
- іздердің пайда болуының жалпы механизмі қандай?
- оқиға болған жерде табылған іздер сезіктіден алынған құралмен қалдырылған ба?
- жабылғыш заттағы іздер бір немесе бірнеше құрал-саймандармен қалдырылды ма ?

Сезіктіден алынған құралдарда бөтен бөлшектерден қалған қабаттасулар алынуы мүмкін: есікті қысқан кезде ломикте қалдырылған бояудың іздері, балтаның лезвиясында қалдырылған іздер т.с.с. Мұндай жағдайда сараптама кешенді түрде трассологтардың қатысуымен жүргізіледі. Кешенді сараптамалық зерттеу үшін трассологиялық белгілері жеткіліксіз болса да, теңдестіру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптама үшін қажетті материалдар:

- 1) құрал-саймандардың іздері бар заттар. Егер оны толығымен ұсыну мүмкін болмаса, ізі бар бөлшектерін алдын-ала масштабты суретке түсіріп және олардың мөлшері мен орналасу сызбасын жасап ұсынуға болады;
- 2) оқиға болған жерден алу мүмкін емес заттардағы іздердің көшірмелері. Көшірмелер жасаған кезде полимерлік көшірмелерді қолданған жөн, өйткені олар іздердің ұсақ детальдарын көшіріп ала алады;

- 3) барлық іздердің және олардың орналасуын масштабты түрде суретке түсіру, іздердің мөлшері, олардың арасындағы қашықтығы, іздердің еденмен қашықтығы т.с.с. ;
- 4) сезіктіден алынған не оқиға болған жерден алынған құрал-саймандар;
- 5) оқиға болған жерді қараудың хаттамасы, заттай дәлелдемелерді алу хаттамасы т.с.с.
- б) сарапшыға оқиға болған жермен танысуға көмек көрсететін өзге де материалдар мен деректер.

Құрал-саймандарды және олармен қалдырылған іздерді алған соң оларды мұқият қарап шығу керек. Олардың беткі қабатында өзге де заттар болса, оларды сақтау және сараптамаға жіберуге қатысты барлық шараларды қамтамасыз ету қажет.

Оқиға болған жердегі іздерді және құрал-саймандарды алған кезде оларды бір-бірімен қосып бууға болмайды, өйткені объектілердің бір-бірімен өзара үйкелуінің нәтижесінде өзгерістер пайда болады.

Криминалист-маман сараптамаға жіберілетін материалдарды мұқият жинап, олардың дұрыс сақталуына және сараптамаға жіткізілуіне қатысты бақылауды жүзеге асыруы қажет.

Құлыптардың және өзге де құлыптап жапқыш құралдарына қатысты **диагностикалық және ситуациялық** міндеттерді шешу және сараптаманың алдына келесідей сұрақтарды қою:

- ұсынылған құлыптың механизмі жарамды ма, егер жарамсыз болса оның себебі неде ?
- есік бұзылғанда құлыптың күйі қандай болды ?
- есіктің құлыбы қандай әдіспен ашылды ?
- есіктің ашылуы онда қалдырылған зардаптың нәтижесінен пайда болған ба ?
- нақты осы бақылау құлпын оның қақпағының астындағы қағаз қосымшасын бұзбай ашуға болады ма ?
- құлыпта қалдырылған із бөтен кілттің немесе отмычканың әсерінен пайда болған жоқ па ?
- құлыптан немесе кілттен көшірме алынған жоқ па ?

Сараптамада келесі идентификациялық сұрақтар шешіледі:

- әр түрлі жерден алынған құлып бірдей әдіспен ашылды ма,
- есіктің құлпы сезіктіден алынған кілтпен немесе отмычкамен ашылған жоқ па,
- құлыптағы іздер сезіктіден алынған құрал-саймандармен қалдырылған жоқ па.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамалық міндеттерді тиімді шешу үшін, сараптаманы тағайындау туралы қаулыда құлыптың механизмі қандай күйде, жабылғыш заттардың күйі қандай, құлыпты ашу үшін қолданылған заттар қандай екенін көрсетуі қажет. Идентификациялық сұрақтарды шешу кезінде сарапшыға құлыптан

басқа, оны ашу үшін қолданылған құрал-саймандар (кілт, отмычка) жіберіледі. Құлыптарды қарау барысында металдан жасалған заттарды (кілт, сым) кілттің ұңғымасына салуға және құлыпты ашып жабуға тыйым салынады.

**Пломбаларды зерттеудің сараптамасы кезінде диагностикалық және ситуациялық міндеттерді шешу кезінде келесі сұрақтар шешіледі:**

- пломба ашылған ба және онда зақымдар бар ма ?
- пломба қандай әдіспен зақымдалды ?
- ұсынылған пломбада қандай құралмен із қалдырылды ?
- пломбаны қайта салу және ашудың нәтижесінен өзге іздер пайда болған жоқ па ?
- пломбаның бетіндегі сандық, әріптік және өзге де белгілердің мазмұны қандай ?
- сымда, лентада зақымдар бар ма және олар кесілген, жыртылған, сынған жоқ па ?

Сарапшы идентификациялық міндеттерді шешкен кезде келесідей сұрақтарды қояды:

- пломбаның бетіндегі көшірме аталған пломбалық тискілерінің матрицалық плашкісімен қалдырылған ба ?
- пломбаның бетіндегі көшірме сол пломбалық тискілерінің бірнеше матрицалық плашкілерімен қалдырылған ба ?
- ұсынылған пломбадағы зақымдар сезіктіден алынған құрал-саймандармен қалдырылған ба ?

**Жабылатын-пломбалық құралдар сараптамасының диагностикалық және ситуациялық міндеттерді шешуі үшін келесі сұрақтар қойылады:**

- ұсынылған жабылатын-пломбалық құралдар санкцияланбаған ашуға жатқызылады ма, егер жатқызылса оның ашу әдісі қандай және қандай құрал-саймандарды қолданудың көмегімен ашылды ?
- қойманы алғаш рет пломбалағанда жабылатын-пломбалық құралдардың құрылу ережесі бұзылған жоқ па ?
- қойманы алғаш рет пломбалағанда жабылатын-пломбалық құралдар ауыстырылған жоқ па ?
- оқиға болған жерден алынған жабылатын-пломбалық құралдардың дайындау фирмасы және құрылымы қандай ?

Идентификациялық міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады:

- зерттелуге ұсынылған объектілер жабылатын-пломбалық құралдар бүтіннің бөлшектері емес па?
- ұсынылған пломба-запор сезіктіден алынған құрал-сайманмен ашылған жоқ па ?

**Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Пломбалардың, жабылатын сақтандырғыш құралдарының трассологиялық сараптамасы жүкжіберуші мен жүкқабылдаушының тасушыға қойылатын талап-арыздарына қатысты сотта қаралатын істер бойынша тағайындалады. Мысалы, пломбаның түгел екендігінің дәлелдемесі тауардың жеткіліксіз болуын куәландыру т.с.с., аталған жағдайда жауапкершілік жүкжіберушінің мойнында, барлық басқа жағдайларда жүктасушы жүктің сақталуы үшін жауапты.

Сараптамаға келесі материалдар жіберіледі:

- 1) пломбалар немесе жабылатын сақтандырғыш құралдар, оларды бұзу құралының іздері бар және оқиға болған жерден алынған бөлшектері мен элементтері;
- 2) қылмыскермен пломба-тиекті шешу үшін қолданылған құрал-саймандар;
- 3) қолданылған пломба қысқыштар;
- 4) жаңа пломбалардың салыстырмалы үлгілері, жабылатын сақтандырғыш құралдар және сараптамалық эксперимент пен салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін оларды шешу үшін қолданылатын штаттық құралдар;
- 5) сарапшыға оқиға болған жердегі бұзу құралдарымен қалдырылған іздерге қатысты, олардың алынуы мен орналасқан жері туралы деректер беретін өзге де материалдар;

### **Жануарлар іздерінің сараптамасы**

Трассологиялық сараптамамен зерттелетін жануарлардың іздеріне хайуанаттардың табан, тіс, тырнақтарының, мойын-жіптен қалдырылған іздері жатады. Сол сияқты, таңбасы (тавросты), жануардың (сиыр, қой, ешкі т.с.с.) терісін жаңдырған таңбалары. Қазіргі таңда асыл тұқымды (породистый) жануарлар бар (бірнеше мың доллар тұратын бәйге аттары, ірі қаралар), оларды биркамен номерлейді.

Сараптамалық зерттеудің міндеттеріне із қалдырған жануарды анықтау (зақымның іздері жәбірленушінің денесінде және өзге де объектілерде болады), іздердің пайда болу механизімін анықтау, сол сияқты сот-тергеу тәжірибесінде жануарлардың іздеріне қатысты орын алатын жағдайларды шешуге байланысты өзге де міндеттерді шешу.

Жануарлардың табан іздерін зерттеу кезінде сараптаманың алдына идентификациялық міндеттерді шешетін келесі сұрақтар қойылады:

- оқиға болған жерден алынған іздер қай жанурдың іздеріне жатады;
- жол іздеріне қатысты жануардың қызметтік ершеліктерін анықтауға болады ма (аяғының орналасуы, аттауының мөлшері т.с.с.) ?
- тағаның қандай белгілері бар және ол қандай әдіспен жасалған;
- жәбірленушінің денесіндегі із жануардың тісімен қалдырылған ба?
- объектідегі тістің іздері қай жануармен қалдырылған ?
- жәбірленуші жануарға қарсылық көрсеткендегі олардың жағдайлары;

- жануардың денесіндегі таңбасы (тавросы) өзгеріске ұшыраған ба, егер ұшыраған болса таңбасының (тавросының) алғаш суреті қандай болды?

**Идентификациялық міндеттерді** шешу үшін сараптамаға келесі сұрақтар қойылады:

- із жәбірленушінің, талапкердің иелігіндегі нақты жануарымен қалдырылды ма (сиыр, қой, ешкі)?
- жануардың терісіндегі тавро зерттеуге ұсынылған тауарлық белгімен қалдырылды ма ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға жіберілетін материалдар:

- 1) гипстен дайындалған көлемді іздердің көшірмелері, оқиға болған жердегі үстірт іздерді пленкаға түсіру арқылы алынған көшірмелер;
- 2) іздердің фотосуреттері, іздердің табылу уақыты мен орналасуы т.с.с. туралы деректері бар қылмыстық істің материалдары;
- 3) идентификациялық сипаттағы сұрақтар құрастырылған кезде сараптамаға келесі салыстырмалы материал-үлгілер жіберілуі тиіс:
  - егер оқиға болған жерде көлемді іздер табылса, жануар табанының эксперименталды іздерінің екі-үш көшірмелері, мұндай іздер жалпы және жеке белгілерін нақты көрсететін материалдарда алынуы қажет, үстірт іздердің эксперименталды үлгілерін ұқсас етіп алу керек;
  - зерттеу объектісі ретінде жол іздері болса, олардың эксперименталды үлгісінің саны екі-үш болуы қажет.

Таңбаға және оның өзгеруіне қатысты мәселелерді шешу үшін, жануар терісінің үлгісі берілуі керек.

### **11.4. Киімдердің механикалық зақымдалуының сараптамасы**

Киімдердің механикалық зақымдалуының іздері зақым келтірілген қарудың топтық қатыстылығын, зақым тию салдарының механизмі мен шарттарын анықтауға мүмкіндік тудырады. Аталған сараптаманы жүргізу кезінде әр түрлі міндеттер шешіледі: классификациялық, диагностикалық, ситуациялық және идентификациялық, сарапшының алдына келесі сұрақтар қойылады:

- жәбірленушінің денесі мен киіміне зақым келтірген қарудың нысаны, мөлшері;
- денеге және киімге зақым келу кезінде жәбірленуші мен қылмыскер қандай жағдайда болған;
- сезіктіден алынған қарумен жәбірленушінің киіміне зақым келтірілді ма ?
- сезіктіден алынған бір қарумен жәбірленушінің киіміне механикалық зақым келтірілді ма ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптама үшін келесі материалдар жіберіледі: сезіктіден алынған зақымның белгілері бар киімдер. Киімдердің механикалық зақымдалған кезде сарапшы-трассолог істің материалдарымен (сот-медициналық сараптама) танысуы керек. Сол сияқты, сараптамаға басқа мамандардың қатысуы туралы (сот-медициналық сарапшысы, криминалист) мәселені шешу керек. Аталған мамандар келтірілген зақымдардың пайда болу себептерін өлшеу, салыстырмалы зерттеулер арқылы анықтайды.

#### **11.5. Жаппай өндіріс бұйымдарының сараптамасы**

Жаппай өндіріс бұйымдары трассологиялық сараптаманың объектісі ретінде өз құрамына келесі объектілерді жатқызады: прессформада қалдырылған үстірт іздер (матрицаның не пуансонның іздері) немесе машинаның оның бөлшектерінің іздері, дайындау мен жетілдіруге қолданылатын механизмдер.

Жаппай өндіріс бұйымдарының трассологиялық зерттеу сараптамасының міндеті дайындаудың әдісін, қайнар көздерін (дайындалу орны) өндірістік құрылымды теңдестіру, бүтінді бөлшектеп анықтау т.с.с.

Классификациялық және диагностикалық міндеттерді шешу кезінде сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылады:

- оқиға болған жерден алынған заттай дәлелдемелерді дайындаудың әдісі (түйме, шынының қалдықтары, пресс-формалар т.с.с.);
- оқиға болған жерден алынған заттар (заттай дәлелдемелер) зауыттық не қолдан жасалды ма ?
- жәбірленушінің киімінде табылған бөлшек нені білдіреді, егер ол бұйымның бір бөлігі болса, онда ол қандай бұйым болып табылады ?
- нақты зерттеуге ұсынылған зат қандай кәсіпорында дайындалған ?
- нақты зерттеуге ұсынылған зат қандай станокта және қандай құралдарды қолдану арқылы жасалған ?

Идентификациялық міндеттерді шешу кезінде сарапшының алдына келесі сұрақтар қойылады:

- аталған бұйымдар мен жартылай дайындалған өнімдер белгілі станокта оның нақты детальдарын қолдану арқылы дайындалды ма (пресс-форма, мөртаңба т.с.с.)?
- әр түрлі тұлғалардан және әр түрлі жерден алынған бұйымдар бір механизмді немесе құралдарды қолдана отырып жасалған ба ?
- зерттеліп отырған объектілер бір технологиялық режимді қолдана отырып жасалған ба ?
- заттың бөлшектері бір механизмді қолдана отырып жасалған ба (құрал)?
- объект нақты бұйымға жатады ма (түйме, белбеу т.с.с.) ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сезіктіден алынған заттың дайындалу орнын анықтауға қатысты идентификациялық міндеттерді шешу үшін нақты өндірістің болжамды мекен-жайы көрсетіледі. Сараптаманың міндеттерін шешу үшін оқиға болған жерде табылған заттар ұсынылады. Кейде бұйымдардың бөлшектерін теңдестіруге және олардың қайнар көздерін анықтауға үшін қатысты сұрақты шешу мақсатында сараптамаға басқа мамандар қатыстырылады (материалтану-сарапшы, тауартану-сарапшысы).

### **11.6. Бүтінді бөлшек бойынша анықтаудың трассологиялық сараптамасы**

Кейде трассологиялық сараптаманың шеңберінде бұйымның бөлшектерін теңдестіруге қатысты сұрақтарды шешу қажет. Әдетте мұндай бөлшектер оқиға болған жердегі мән-жайлардың нәтижесінде пайда болады. Табылған бөлшектер бөлінудің жалпы кесіндісіне ие болады. Егер бірлескен бөліну кесіндісі орын алмаса, бірақ олардың пайда болуының ортақ белгілері орын алса (дайындалуы т.с.с.), онда кешенді сараптама тағайындалады, мысалы, құжаттардың сот-техникалық сараптамасы, заттар мен бұйымдардың сот сараптамасы, сот биологиялық т.с.с.

Аталған сараптаманың диагностикалық-ситуациялық және идентификациялық сұрақтарын шешу үшін келесі сұрақтар қойылады:

- объектінің бөліну механизмі қандай ?
- бүтіннен бөлшектің бөлінуі қандай әсерлердің нәтижесінен пайда болды ?
- автокөліктің фара жарығын шашыратушы шынысының бүтін бөлшегі болған ба?
- не составляли ли ранее единый комплект или одно целое исследуемые объекты, изъятые с места происшествия и у подозреваемого (кинжал и ножны, статуэтка и подставка, детали замка и т.п.).
- зерттеліп отырған объектілер бұрын оқиға болған жерден және сезіктіден алынған зерттеліп жатқан объектілер бұрын бір топтаманы немесе бір бүтінді құраған жоқ па (қанжар мен қынабы, статуэтка мен астына қойғышы, құлыптың детальдары т.с.с.).

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптама үшін зерттеліп отырған материалдардың бөлшектері ұсынылады, мысалы: оқиға болған жерден немесе өзге де тергеу әрекеттерінің нәтижесінде алынған көлік фарасының сынықтары, құжаттың жыртындылары т.с.с.

### **12 тақырып. Қарулардың және оларды қолдану іздерінің сот сараптамасы**

Қарулардың сот сараптамасы екі үлкен топқа бөлінеді: сот баллистикалық сараптама, суық қарулардың сот сараптамасы.

## 12.1. Сот-баллистикалық сараптама

Сот-баллистикалық сараптаманың **объектілері** криминалистикалық техниканың саласы – сот-баллистикасында нақты көрсетілген, олар үш топқа бөлінеді:

1. атыс қарулары (пистолеттер, револьверлер, автоматтар, мылтықтар, винтовкалар, карабиндер);
2. оқ-дәрілер (патрондар, патрондардың компоненттері – гильзалар, оқтар, картельдер т.с.с) қарулар мен оқ-дәрілерді дайындау үшін қолданатын материалдар мен өнімдер;
3. атудың іздері.

Сот-баллистикалық сараптаманың **пәні** сот баллистика саласына оның ішінде атыс қаруына, оқ-дәрілерге және олардан қалатын іздерді зерттеуге қатысты арнайы білімдердің негізінде анықталатын кешенді құрайды. Аталған жағдайлар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот өндірісіндегі мән-жайларды анықтауға қатысты орын алады. Тәжірибеде мұндай мән-жайларды анықтау кісі өлтіру, дене жарақатын салу, қарақшылық, заңсыз ату қаруын жасау т.с.с. фактілер бойынша жиі кездеседі.

Сот-баллистикалық сараптаманың **міндеттері** идентификациялық және идентификациялық емес (диагностикалық, ситуациялық, классификациялық) мазмұнға ие.

**Атыс қаруға қатысты сот сараптамасы** іс бойынша оқиға болған жерде немесе өзге де тергеу әрекеттерінің нәтижесінде қару табылған жағдайда тағайындалады.

Классификациялық, ситуациялық және диагностикалық міндеттерді шешуге бағытталған сот сараптамасына келесі сұрақтар қойылады, олар:

- сараптамаға ұсынылған зат атыс қаруына жатады ма, атуға жарамды ма?
- аталған ату қаруының жүйесі (моделі, үлгісі) қандай ?
- ату қаруына жатқызылған аталған зат қандай тәсілмен (зауыттық немесе қолдан) жасалды ?
- қарудың қандай детальдары ауыстырылған және ол қирату күшінің шамасына әсер етеді ма ?
- қарудың құрылымына қандай өзгерістер енгізілді ?
- қару істеп тұрған жағдайда ма (зауыттық әдіспен жасалған) және атуға жарамды ма ?
- соңғы тазалаудан кейін қарудан ату жүргізілді ма ?
- соңғы атудан кейін қанша уақыт өтті (аталған қарудың, аталған гильзаның атудың ескіру мерзімі) ?
- екі ұңғылы аңшы мылтықтың қай ұңғысынан соңғы ату жүргізілді ?
- белгілі бір жағдайларда мылтықтың тартпасын баспай ату мүмкін ба ?
- осы пистолеттен ату кезінде оқтың атылмауы (осечка) қандай ақаумен байланысты?

- атыс қаруының екі ұңғысы бір ұңғы ретінде қолданылды ма ?
- қарудың белгілі бөліктеріндегі маркировкалық атаулар жойылған жоқ па, жойылса қандай әдіспен ?
- жойылған маркировкалық атаулардың алғашқы мәні қандай ? т.с.с.

Келесі сұрақтар идентификациялық міндеттерді шешуге бағытталған сұрақтар, олар:

- сезіктіден табылған қандай материалдардан, полимерлерден қарудың детальдары немесе ату қаруы жасалған ?
- сезіктіден алынған қандай қарулармен қарудың детальдары жасалған (ату қаруы) ?
- әр түрлі тұлғалардан алынған бір құралдар мен материалдардан қарудың детальдары жасалған ба ? т.с.с.

Қолдан жасалған ату қаруына қатысты жиі оның атуға жарамдылығы туралы мәселелер сот сараптамасы кезінде шешіледі. Ату қаруының атуға жарамдылығы туралы сұрақтар тек зауыттық әдіспен жасалған қаруларға қатысты қойылуы мүмкін.

**Оқ-дәрілердің сот сараптамасы** – іс материалдарында оқиға болған жерден немесе өзге де тергеу әрекеттерінің нәтижесінде алынған оқ, гильза, пыждар, патрондар болған кезде және соларға қатысты фактілерді анықтау қажет болған кезде тағайындалады.

Оқ-дәрілерді анықтауға қатысты сот сараптамасының классификациялық міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады, олар:

- оқиға болған жерден алынған оқ қандай атыс қаруынан атылған ?
- сараптамаға ұсынылған оқ (гильза) атылған ату қаруының жүйесі (моделі, үлгісі) қандай ?
- оқиға болған жерден немесе сезіктіден алынған патрондар бір немесе әр түрлі зауытта дайындалған ба ?

Аталған сараптама **диагностикалық және ситуациялық** міндеттерді шешуге бағытталған сұрақтарды шешеді, олар:

- зерттеуге ұсынылған патронның (гильза, оқ) үлгілері аталған қарудан атуға жарамды ма ?
- оқ (гильза) қолмен жасалған ату қаруынан атылған жоқ па ?
- аталған патрондар немесе оның жезінің жеке компоненттері: оқтар, гильзалар т.с.с. қандай әдіспен дайындалған ?
- патрон қандай дәрімен жабдықталған ?

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін, оқ-дәрілерді зерттеу сараптамасы бойынша келесі сұрақтар қойылады:

- оқиға болған жерде және сезіктіден алынған бытыра (картечь) бір массаны құрайды ма ?
- салыстырып отырған патрондар өзінің снарядталу мазмұны бойынша бір массаға жатады ма ?

- Н. есімді тұлғаның мәйітінен және сезіктіден алынған бытыра (картечь) өзінің дайындалу тәсілі және сақталу жағдайы бойынша бір массаны құрайды ма ?
- оқиға болған жерден тәркіленген және айыпталушыдан алынған пыждар (төсеме, бытыра) ұсынылған саймандар арқылы дайындалған жоқ па ?
- оқиға болған жерден және айыпталушыдан алынған патрондар бір құралмен жабдықталған жоқ па ?
- оқиға болған жерден және айыпталушыдан алынған пыждар (төсеме, бытыра) бір материалдан жасалған жоқ па ?
- оқиға болған жерден алынған оқтар айыпталушыдан алынған нақты формамен жасалған жоқ па (форманың мазмұнын және кімнен алынғанын көрсету керек) ?
- аталған қағаз пыж оқиға болған жерден алынған қағаздан, газет бетінен (басқа да материалдан) жасалған жоқ па ?
- әр түрлі оқиға болған жерден алынған оқтар (гильзалар) бір қарудан атылған жоқ па ?

Егер іс бойынша тергеуші оқтар, гильзалардан басқа оқиға болған жерден немесе өзге де тергеу әрекеттерінің нәтижесінен ату қаруын тапса, сараптама алдына сұрақтар өзгеше редакцияда қойылады, олар:

- оқиға болған жерден алынған оқтар мен гильзалар аталған ату қаруынан атылған ба (жүйені, номерді, кімнен алынғаны көрсету керек) ?
- мәйіттің (жәбірленушінің) денесінен алынған оқтар аталған ату қаруынан алынған ба (жүйені, номерді, кімнен алынғанын көрсету керек) ?

**Атудың мән-жайларын анықтау бойынша сот сараптамасы** – істің мән-жайларын анықтау қажет болғанда тағайындалады. Сол сияқты, тергеуші кейбір мән-жайларды сараптаманы тағайындамай ақ оқиға болған жерді қарау немесе тергеу экспериментін жүргізу арқылы анықтай алады. Тергеу экспериментін жүргізу мүмкін болмаса (денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіру жағдайы анықталса), сот сараптамасы тағайындалады.

Диагностикалық және ситуациялық міндеттерді шешу үшін аталған сараптама бойынша келесі сұрақтар қойылады, олар:

- келтірілген зақым ату қаруымен келтірілді ма ?
- қандай бағытта ату жүргізілді ?
- қандай қашықтықтан ату жүргізілді ?
- ату кезінде ату қаруы мен зақым келтірілген объектінің өзара орналасуы қандай болды ?
- ұсынылған оқтардың (гильзалардың) қайсысы бірінші атылды ?
- қай оқтың тесуі бірінші атумен келтірілді ?
- ұсынылған қолмен жасалған қарудан нысаналы ату мүмкін ба ?
- аталған ату қарудан белгілі калибрлі патрондар атылуы мүмкін ба ?

- аталған ату қаруымен жәбірленушінің өзі-өзін атуға техникалық мүмкіндік болды ма ?
- оқтың немесе гильзаның деформациялануының себебі неде ?
- қару ұңғысының жарылу себебі қандай?
- жәбірленушіге тигенге дейін оқтың рикошеті орын алған жоқ па ?
- калибрі сәйкес келмейтін (үлкен немесе кіші) қарудан оқ атылып, гильзасы лақтырылып тасталған жоқ па ?
- қалтаның кір болуы онда қаруды ұстаудың нәтижесі емес пе ?
- ату қаруынан атудан пайда болатын микро қатпарлар Н. есімді тұлғаның қолында бар ма?
- оқтағы іздер ұңғыны майлаудың нәтижесінен пайда болған жоқ па ?
- при каком взаимодействии частей данного самодельного оружия возможно производство выстрела и т.д.
- аталған қолдан жасалған ату қаруының қандай бөлшектерінің бір-бірімен өзара әрекеттесу нәтижесінен оқ ату мүмкін ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

**Ату қаруының сот сараптамасы.** Оқиға болған жерді қараудың, сезіктіні ұстау, тінтудің нәтижесінен ату қаруы табылса ол сол сәтте дер кезінде қаралып және қараудың нәтижелері хаттамаға бекітілуі керек. Ату қаруын хаттамаға тіркеу криминалистика оқулығының «Сот (криминалистикалық) баллистикасы» атты тарауында мұқият сипатталған. Ату қаруы сот сарапшыға табылған күйіндегі нысанда ұсынылуы керек. Бірақ, қауіпсіздікті сақтау үшін маман-криминалист ату қаруын жеткізу кезінде қарудың оқтарын алып тастауы қажет. Аталған жағдайдың себебінен оқиға болған жерді қарау хаттамасында ату қаруының мәйітке қалай орналасқандығын және онда оқтардың, гильзалардың болуы мән-жайлар мұқият тіркелуі керек. Револьверді табу және алу кезінде, оның барабанында атылған гильза болса, оны ол жерден алу қажет емес, әсіресе егер оқиға болған жерден немесе жәбірленушінің денесінен алынған оқ нешінші атудың нәтижесінен шығу сұрағын анықтау қажет болса. Егер ату қаруының қарудың тартпасын баспай ату мүмкіндігі туралы сұрақты шешу кезінде ату қаруын тексеріп ақтарудың қажеттігі жоқ. Сол сияқты ату қаруы ылғалды жерден табылса да оның каналының және ұңғысын сұрту қажет емес. Сарапшыға ату қаруын сақталу жағдайы туралы хабарлау керек. Мұндай ақпарат сарапшының ату мерзімін анықтауы үшін маңызды.

Ату қаруын қапталған және мөртаңбалаған күйінде сот сарапшыға жеткізу керек. Ату қаруының ствол каналының ұңғы бөлігіне қақпақ кигізеді. Ол ең алдымен сыртқы әсерлерден қорғау және газдың шығып кетпеуіне кепіл береді.

**Ату қаруына оқ-дәрілері** сот баллистика сараптамасының ең кең таралған объектілерінің бірі болып табылады.

Сот-баллистикалық идентификациялық зерттеулердің шешетін сұрақтарының бірі – оқ-дәрілердің жалпы пайда болу қайнар көздерін

анықтау. Пайда болу қайнар көздері дегеніміз – зерттеп отырған объектілердің мерзімі, орны және сақталуы, пайдаланылуы және дайындалуының өзге де жағдайларының сәйкестігін анықтауын айтамыз. Зерттелу объектілері дегеніміз – аңшылық патронның жабдықтары: атылған гильзалар, бытыра, пыждар, төсемелер, оқ-дәрілер немесе олардың жиынтығы – жабдықталған патрондардың жүйесі.

Оқиға болған жерден аңшылық патронның өзі немесе оның жеке компоненттері табылуына қатысты сараптаманың алдына сұрақтар қойылады.

Көп жағдайда сот-баллистикалық сараптаманың объектісі снаряд (дробь, картечь, оқ) болып табылады. Аталған объектілерді табу кезінде оларды сезіктіден немесе өзге де тергеу әрекеттерінің нәтижесінен алынған заттай дәлелдемелермен теңдестіру сұрақтары туындайды.

Пыждар мен төсемелер көп жағдайда қолдан жасалады. Пыждарды дайындау кезінде әр түрлі мақсаттарға тағайындалған киіз материалдарын қолданады. Төсемелер картоннан жасалады (ораушы картон, кітаптың қаптамалары т.с.с.).

Қолдан жасалаған оқтар қорғасын шыбықтардан, пластиналардан шабудың және кейін оны таптап тегістеу және соғу арқылы жасауға және балқытып құюға болады, яғни – бытыра-таптама. Шабылған және таптап тегістелмеген бытыра немесе картечь «сечка» деп аталады. Егер оқиға болған жерде осындай бытыра табылса, онда сезіктіден тінту кезінде дайын оқ-дәрілерден басқа оны жасаған саймандарды, материалдарды (тістеуіш, кескіш т.с.с.) алып және сараптамаға жіберу қажет.

Қолдан жасалған объектілер табылған жағдайда, онда ол объектілерді (оқ-дәрілер) дайындаған материалдарды (әр түрлі киізден жасалған картон өнімдері, т.с.с.) табу шараларын қолдану қажет. Кейде пыж немесе төсеменің орнына жай қағаздарды (кітаптың, дәптердің, газеттердің беттері) қолданады. Пыждар қандай материалдардан жасалғандығы туралы тергеушінің хабары болса, онда тінту немесе өзге де тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде жабдықталған патроннан басқа оны даярлаған материалдарды (кітап, дәптер, газет) іздеп алу қажет.

Көп жағдайда аңшылық патрондар қорғасын құймаларынан жасалу себебінен, (яғни металлдың тез деформациялануы) снарядта қалдырылған іздердің сақталуын қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қолданылуы керек. Қорғасын снарядтарды сақтау немесе жеткізу кезінде оларды бір қатарға екі қабат мақтаның арасына орналастырып қою керек.

**Ату іздері.** Тесіп өтудің, қисаю, снарядтың каналдары және өзге де ұқсас негізгі және қосымша іздерді ату іздеріне жатқызамыз. Ыстың, оқ-дәрінің дәндерін, металлдың бөлшектерін сияқты қосымша іздерді табу бірқатар қиындықтар туғызады. Мұндай объектілерді табу үшін лабораториялық құрал-жабдықтар қажет.

Аталған объектілерді зерттеу арқылы бірқатар сұрақтар шешіледі, олар: атудың қашықтығы, атудың бағыты, атудың кезектілігі, ату құралы мен

жәбірленушінің орналасу жағдайы т.с.с. Мұндай объектілерді табу үшін оқиға болған жерді қарауға сот-баллистика саласындағы мамандарды қатыстырған жөн. Объектілерді табу мен бекіту кезінде ондағы іздерді жоғалтпау немесе олардың өзгеруіне әкеп соғатын жағдайларды болдырмау қажет. Осыған байланысты оқ-дәрінің дәндерін табу үшін оқ тесіп өткен затты ақ парақ қағаздың үстінде қағып сілкіу керек деген ұсыным қате екенін мойындау қажет.

Ату қаруымен қалдырылған металдың шашыраңқы микробөлшектері арнайы зертханалық жағдайларда анықталады. Олар мысалы, атқан тұлғаны анықтау кезінде іздеу объектілеріне жатады. Бұл атыс өнімдері атқан адамның қолында, киім-кешегінде болуы мүмкін.

Аталған объектілердің тасушысы болған заттарды сақтау, жеткізу кезінде, олар жеке-жеке буып-түйіліп, бір-бірімен үйкелмеуі керек. Сол сияқты, атқан адамның қолында қалдырылған атудың іздері ұзақ уақыт сақталмайды. Қолда қалдырылған атудың іздері қолды жуып сұрткеннен кейін әдетте жойылады.

Атудың іздері сараптамалық зерттеудің объектісі ретінде ату қаруының өзінде, ұңғының каналында, револьвердің барабанында өзге де детальдарда қалдырылуы мүмкін. Ұңғыны сұрту кезінде атылған оқтардың іздері жойылуы мүмкін.

**Оқиға болған жерді қарау.** Ату қаруы қолданылған істер бойынша оқиға болған жер сот-баллистика саласындағы мамандардың қатыстырылуымен жүргізілуі керек, өйткені мамандар ату іздерін тез табылуына және олардың дұрыс алынып бекітілуін қамтамасыз етеді. Аталған мамандардың қатыстырылуы әсіресе оқиға болған жерде типтік емес ату қарулардың алынып, зерттеуі үшін (тайқып тию іздері) қажет болған кезде керек.

Қылмыстық істердің материалдары іс үшін өте маңызды, атап айтсақ: оқиға болған жердің хаттамалары (сызбалар, фотосуреттер), тергеу экспериментінің, куәландырудың хаттамалары (атқан адамның қолындағы атудың іздерін алғанда), сот-сараптамалық қорытындылар (мәйітті зерттеу, зақым келген тұлғаны куәландырылғанда).

Сот-баллистикалық сараптаманы жүргізудің жалпы жағдайы эксперименталды үлгілердің алынуы болып табылады. Ол үшін сарапшының алдына ату қаруының нақты данасын, зақым келген затты, патрон (оқиға болған жердегімен ұқсас), оқ-дәрілерді дайындау үшін қолданылған құрал-саймандар мен материалдарды ұсыну қажет.

## 12.2. Суық қарудың сот сараптамасы

Суық қаруды зерттеу сот сараптамасының **объектілері** суық қару немесе металдан жасалған өнімдер, суық қаруға ұқсас қылмысқа қатысты қарулар жатады.

Аталған объектілердің криминалистикалық сараптамасының **заты** заттай дәлелдемелерді сараптамалық зерттеу арқылы анықтайтын қылмыстық немесе әкімшілік істердің мән-жайлары, фактілі деректері. Сараптама арқылы алынған фактілі деректер кісі өлтіру, денсаулығына зақым келтіру, қару және оның айналымы туралы заңдылықтарды бұзу істері бойынша кеңінен қолданылады.

Сот сараптамасымен шешілетін **міндеттер** келесі топтарға бөлінеді, олар: идентификациялық емес (диагностикалық, классификациялық) және идентификациялық.

**Классификациялық міндеттер** келесі сұрақтарды шешеді:

- жәбірленушінің (сезіктінің) киімінде табылған бөлшектердің табиғаты қандай, олар суық қаруға жатады ма ?
- сезіктіден алынған зат (пышақ, кастет т.с.с.) суық қаруға жатады ма ?
- сезіктіден алынған заттар суық қарудың қандай типіне жатады ?
- өнімдер (пышақ, кастет т.с.с.) қолмен жасалған бұйымдардың тобына жатады ма ?
- пышақтың (кастет т.с.с.) тұтқасы қандай металдан немесе құймадан жасалған ?
- оқиға болған жерден алынған зат суық қарудың қандай типіне жатады ?

**Диагностикалық, ситуациялық міндеттер** келесі сұрақтарды шешеді:

- тасушы-объектіде (жәбірленушінің киімі т.с.с.) металданудың іздері бар ма ?
- Н.,К. есімді сезіктіден алынған заттар (фин пышағы, кастет т.с.с.) қандай тәсілмен жасалған ?
- нақты заттар (фин пышағы, кастет т.с.с.) және жәбірленушінің киімі өзара үйкелген жоқ па ?

**Идентификациялық міндеттер** келесі сұрақтарды шешеді:

- жәбірленушінің жарасынан табылған металдың бөлшектері сезіктіден алынған заттың (фин пышағы, кастет т.с.с.) бөлшектері болып табылады ма ?
- салыстырылып отырған заттар (фин пышағы, кастет т.с.с.) мен сезіктіден алынған заттың жасалу әдісі (дайындау зауыты) мен шығу тегіне қатысты ортақ белгілері бар ма ?
- нақты пышақтың тұтқасы сезіктіден алынған металл мен құймадан жасалған жоқ па ? т.с.с.

Істің мән-жайларына қатысты сарапшының алдына өзге де сұрақтар қойылады.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға істің мән-жайларына байланысты келесі материалдар жіберіледі:

- пышақ, кастет, стилет, сюрикендер т.с.с. оқиға болған жерден алынған заттар;

- механикалық зақым келтірілген жәбірленушінің киімдері;
- металлдану іздерінің болу мүмкіндігі бар объект-тасушылар (сезіктің киімі);
- сезіктіден тінту кезінде алынған өнімдер, металлдар, пластмассалар т.с.с.

Пышақ пен киімнің өзара әсер ету контактісін анықтау кезінде, жәбірленушінің киіміндегі талшық материалдарында пайда болатын микроқабаттар, пышақтағы қан іздері зерттеу объектілері болып табылады. Мұндай жағдайда кешенді сараптама тағайындалады, аталған жағдайда зерттеудің дұрыс реттілігін анықтау қажет. Мәселен, ең алдымен талшық заттарын зерттеп, одан соң сот-медициналық сараптама тағайындау керек, соңына суық қаруды зерттеу жүргізген жөн.

Әр бір нақты жағдайға қатысты, шешілетін сұрақтарға сәйкес сараптамаға жіберілетін материалдар тергеушімен (сотпен) анықталады.

### 13 тақырып. Сот-фонографиялық сараптама

Сот фонографиялық сараптаманың **объектілері** – бұл әр түрлі магниттік тасушыларда бекітілген ақпараттар (мәліметтер): катушкадағы магниттік ленталар, аудио- және бейнежазбалар, қатты дискісі, компакт-дискілер, дыбыс жазу құралдары.

Сот фонографиялық сараптаманың **пәні** азаматтық, қылмыстық және әкімшілік өндірістерінің фактілі деректері, аталған деректер дыбыс ақпараттарын арнайы білімді пайдалану арқылы зерттеледі. Бұл сараптаманың нәтижесінде алынатын фактілі деректер экономика саласында жасалатын қылмыстар бойынша кеңінен қолданылады. Атап айтсақ, бөтен мүлікті пайдалану, талан таражға салу, қызметтік жағдайын теріс пайдалану, алаяқтық т.с.с., сонымен қатар аталған сараптама кейде кісі өлтіру, адамды тонау т.с.с. фактілер бойынша тағайындалады.

Фонографиялық зерттеудің **міндеттері** екі үлкен топқа бөлінеді, олар: идентификациялық және идентификациялық емес (ситуациялық, классификациялық, диагностикалық).

**Классификациялық** міндеттер – дыбыстың пайда болу табиғатын анықтаумен байланысты, яғни, дыбыстың қайнар көзін анықтау, оны қайнар көздің белгілі-бір типіне жатқызу (телефонның дыбысы, көлік құралының дыбысы, көліктің қозғалтқышының дыбысы т.с.с.). классификациялық міндеттерді шешеу барысында сарапшының алдына келесі сұрақтар қойылады:

- дыбыс жазуы сараптамаға ұсынылған аппаратурамен жазылған ба ?
- дыбыстың қайнар көзі жәні сипаты қандай ?
- ұсынылған фонограмманың (фонограммалар) қайсысы түпнұсқа және қайсысы көшірме ?, егер көшірмелері анықталса, олардың реті қандай ?

**Диагностикалық және ситуациялық** міндеттер келесі мән-жайларды

анықтайды, олар:

- қолайсыз акустикалық жағдайларда жазылған сөйлеу ақпараттарының сөзбе-сөз мазмұнын анықтау;
- фонограмманың дайындалу тәсілі (түпнұсқа немесе көшірме ме);
- жазу кезінде немесе аяқталғаннан кейін жалғандық белгілерді анықтау;
- сөйлеген адамның жеке және кәсіби немесе психофизиологиялық мінездемесін анықтау (сөйлеудің диалектісі, әлеуметтік жағдайы, эмоционалды жан-күйі, ауруы, сөйлеу дефектілері, сауаттылығы);
- сөйлеу типін анықтау – кенеттен немесе алдын-ала дайындалып сөйлеу;
- сөйлеуге қатысушылардың санын анықтау.

Аталған міндеттерді шешу үшін сарапшының алдына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- фонограмманы дайындау барысында қоршаған жағдай қандай болды (далада немесе бөлмеде орын алды) ?
- сөйлеген тұлғалардың жынысы өзге де анатомиялық ерекшеліктері қандай ?
- сөйлеушілердің әлеуметтік жағдайы қандай (сауаттылығы, сөйлеу мәдениеті)?
- зерттелуге ұсынылған «...» сөздің басталуы мен «...» сөзбен аяқталатын сөйлесуге неше адам қатысты ?
- фонограммада ұсынылған сөздер немесе олардың үзінділері алдын-ала жатталған немесе ерікті түрде болды ба ?
- зерттелуге ұсынылған «...» сөздің басталуымен «...» сөзбен аяқталатын сөздердің мазмұны қандай ?
- фонограммадағы дыбыс үзіліссіз немесе үзіліспен жазылды ма (магнитофон, бейнежазба, диктофон)?
- ауызша сөздерін жазу барысында тұлғаның эмоционалды жан-күйі қандай ?
- субъект фонограммаға жазылған өзінің дауысын әдейі өзгерткен жоқ па ?
- субъект фонограммада Н. есімді тұлғаның дауысына ұқсас етіп өзінің дауысын жазған жоқ па ?

**Идентификациялық** міндеттер фонограммада жазылған тұлғаның ауызша сөйлеуін (дауысын) сараптамаға үлгі ретінде ұсынылған сезіктінің дауысымен, сөйлемімен тепе-теңдігін немесе айырмашылығын анықтауға бағытталған. Сол сияқты, фонограммадағы тұлғаның дауысын, бірнеше сөйлеу процесі кездерінде анықтайды.

Идентификациялау міндеттерін шешу барысында сараптамаға қойылатын типтік сұрақтар:

- зерттелуге ұсынылған фонограммадағы «...» сөздің басталуымен «...» сөзбен аяқталатын сөздер Н. есімді субъектінікі ма ?

- зерттелуге ұсынылған фонограммадағы «...» сөздің басталуымен «...» сөзбен аяқталатын сөз Н. немесе К. есімді субъектінің сөйлеміне жатады ма ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу**

Сараптамаға келесі материалдар жіберіледі:

- сөйлеу және өзге де дыбыс ақпараттары бекітілген тасушы материалдар, басқа да дыбыс жазатын құралдар;
- сараптамалық зерттеу үшін қажет дауыстар мен сөздердің үлгілері (эксперименталды және еркін үлгілер);
- жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысындағы бейне, дауыс жазбаларды қайтарудың немесе тапсыру хаттамаларының көшірмелері;
- дауыс немесе сөздің салыстырмалы үлгілерін алу хаттамаларының көшірмелері;
- фонограмманы тыңдау хаттамаларының көшірмелері (жедел жазудың стенограммасы);
- зерттеліп отырған фонограмма бойынша маманның қорытындысы (егер зерттелетін фонограмма мәтінінің сөзбе-сөз мазмұны анықталса);
- егер техникалық құралдардың монтажи және диагностикасына қатысты сұрақ анықталуы қажет болса, дыбыс жазбаның техникалық құралдарын ұсыну керек (алғашқы не салыстырмалы жазба жазылған).

Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда келесі мән-жайлар көрсетіледі:

дыбыс тасушының типі, оның маркасы, зерттелетін мәтін сөзінің шекаралары (қандай сөзбен басталып қандай сөзбен аяқталуы), дыбыс жазбаның акустикалық жағдайы, зерттеліп отырған фонограмманың алыну жағдайы – егер жазба кезінде тұлғаның психофизиологиялық жағдайы туралы мәліметтер болса (маскүнем, есірткі немесе наркотикалық заттар қолдану күйі, ауыру т.с.с.), сөйлеу материалын алдын-ала жаттап айту сияқты мәліметтер туралы сарапшыға хабарлау қажет.

Эксперименталды үлгілерге келесі талаптар қойылады:

- тасушыда үлгілерді алуға қатысты процессуалдық рұқсаты көрсетілуі керек;
- нысаны бойынша ауызша мәтіндер еркін түрде баяндалуы қажет (өмірбаяны, әңгімелесу, іс бойынша сұрақтарға жауап беру), парақтан оқу немесе өз өмірбаянын айтуға тыйым салынады;
- ауызша сөйлеу уақытының ұзақтығы 10 минуттан кем болмауы керек;
- кейбір жағдайда үлгілер үш реттік сөз айтудан болуы мүмкін (жылдам, орташа, баяу темпте айтылады), даулы фонограммадағы жеке сөздер немесе сөйлемдер әр түрлі темпте айтылады;
- зерттеліп отырған фонограммадағы дауыс не сөз үлгілерінің тілі бірдей болуы керек, егер жазба кезінде тұлғалар қазақ тілінде сөйлесе, үлгілер сол тілде ұсынылуы керек, егер аралас тілде сөйлесе, онда сөйлеген әр

тілге үлгі алу кезінде барлық талаптар сақталуы қажет (әр тілдің сөйлеу ұзақтылығы 10 минуттан кем болмауы);

- техникалық жағдайларының ұқсас болуы (егер дыбыс диктофонмен жазылса, үлгі дәл осындай құралды қолдану арқылы алынады).

Сарапшы келіп түскен материалдарды алдын-ала тексеруді келесі түрде жүзеге асырады:

- ұсынылған дыбыс тасушыларда зерттелуге жататын фонограммалардың болуы;
- фонограмманың сапасын (түскен дыбыс сигналдардың деңгейін, репликаның түсінікті болуын т.с.с.);
- сөйлеудің тілін (қазақ, орыс, ағылшын);
- зерттелуге жататын фонограмманың жазылу жағдайын;
- салыстыру үшін алынған фонограмманы зерттелетін фонограммамен ұқсас болуын.

Жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаса, сарапшы ол кемшіліктерді жою туралы сұраныс жасай алады, кері жағдайда сараптаманы жүргізуден бас тарта алады.

#### **14 тақырып. Материалдардың, заттардың және бұйымдардың сот сараптамасы**

ҚР Әділет министрілігінің 2002 жылғы 24 қазандағы № 158 бұйрығымен бекітілген ҚР Әділет министрілігінің Сот сараптама орталығында өндірістік соттық сараптама және мамандандырылған зерттеулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулығына сәйкес, аталған сараптама өз құрамына келесі сот сараптамалық зерттеулерді кіргізеді, атап айтсақ: лакпен боялған материалдар, қабаттар мен полимер материалдары, мұнай өнімдері мен жанар-жағар май материалдары, металл мен құймалар, топырақ, талшық пен олардан жасалатын бұйымдар, құрамында спирті бар заттар, арнайы химиялық заттар.

Сол сияқты, жоғарыда көрсетілген сараптамалық зерттеулерге өзге де заттарды жатқызуға болады, мәселен, шыны заттары, парфюмерлік және косметикалық өнімдер, есірткі және психотропты заттары, дәрі-дәрмек заттары т.с.с. Бұл заттар қылмыстық оқиғамен байланысты болуы керек және олар арнайы химиялық және физикалық әдістермен зерттеледі.

##### **14.1. Боялған материалдар мен қабаттардың сот сараптамасы**

Боялған материалдар мен қабаттар сот сараптамасының объектілері ретінде келесі заттар болып табылады:

- нақты заттар мен олардың бөлшектерінің боялған қабаттары;
- ортақ қайнар көзден шығуы мүмкін (дайындалу орны, сақтау орны, пайдалану орны бойынша) боялған материалдарының нақты көлемдері;

- боялған материалдарының жеке компоненттерін құрайтындар (пигменттер, толтырғыштар т.с.с.), нақты боялған материалды дайындау үшін қолданылуы мүмкін.

Боялған материалдар мен қабаттардың сот сараптамасының **пәні** заттай дәлелдемелерді сараптамалық зерттеу арқылы анықтайтын қылмыстық істің мән-жайлары, фактілі деректері құрайды. Мұндай заттай дәлелдемелерге боялған материалдар және қабаттар жатады және оларды арнайы химиялық, техникалық әдістермен зерттейді. Аталған заттарға сәйкес сот сараптамасы кісі өлтіру, денеге зақым келтіру, зорлау, жол-көлік оқиғасына және өзге де фактілер бойынша тағайындалады.

Боялған материалдар мен қабаттар сот сараптамасының **міндеттері** идентификациялық және идентификациялық емес (ситуациялық, классификациялық, диагностикалық) болып екі топқа бөлінеді.

Сот сараптамасының классификациялық міндеттері келесі сұрақтарды шешеді, олар:

- боялған материалдар мен қабаттардың маркісі (типі, түрі);
- салыстырылып отырған материалдар мен қабаттар ортақ (топтық) белгілерге ие емес пе ? (ие болса нақты белгілері);
- зерттелуге ұсынылған үлгілер қолдан жасалған бояуларға немесе материалдарға жатады ма?

**Диагностикалық** деңгейдегі міндеттер шешілгенде келесі сұрақтар қойылады, олар:

- аталған зат боялған материал немесе қабат болып табыла ма ?
- объект-тасушыда боялған материал ( қабат) бар ма ? болса нақты қандай ?
- нақты затқа боялған зат қалай жағылған (қолмен немесе зауыттық әдіспен) ?
- беті боялған затты қолдануының жағдайы қандай ?

**Ситуациялық** деңгейдегі міндеттер шешілгенде келесі сұрақтар қойылады, олар:

- беті боялған зерттелуге жататын зат қайта боялған жоқ па ?
- нақты заттар өзара байланыста болған жоқ па ?

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін қойылатын типтік сұрақтар:

- зерттелуге жататын заттың боялған қабаты бұрын оқиға болған жерден алынған бөлшекпен бір бүтінді құраған жоқ па ?
- зерттелуге жататын боялған материалдар мен қабаттар боялған нақты заттың бөлшегін құрайды ма ?
- салыстырылып отырған боялған материалдар мен қабаттар дайындау жеріне қатысты ортақ па (боялған материалдар мен қабаттардың дайындалған зауыт-өндірушісі) ?
- салыстырылып отырған объектілер нақты зауыт-өндірушісінің ортақ өніміне жатады ма ?

Істің мән-жайларына қатысты сараптаманың алдына өзге де сұрақтар қойылады.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға жіберілуі қажет заттар:

- оқиға болған жерден алынған немесе бояуға ұқсас объект-тасушы (жәбірленуші немесе сезіктінің киімі, көлік құралының деталі);
- боялған қабатта зақымның іздері бар идентификацияланатын объект. Тасушы-объектінің қабатынан микробөлшектерді тек олардың жойылып кетуі мүмкін болған жағдайларда алынады және аталған бөлшектерді алу кезінде оларды абайсызда кірлетуге жол бермеу керек. Тасушы-объектіден микроқабаттарды алу алдында оларды мұқият түрде сипаттау керек (мөлшерін, сыртқы түрін, орналасқан жері туралы деректер).

Боялған заттың үлгілерін өткір кесу құралдарымен (скальпель, пышақ) кесу арқылы алу қажет. Егер зерттеу объектілері сұйық заттар болса, сараптамаға боялған затты бар ыдыс жіберіледі. Үлкен көлемдегі бояу заттарынан оларды мұқият араластырғаннан кейін бірнеше сынама алынады.

Сараптамаға қойылған сұрақтарды толық шешу үшін, заттай дәлелдемелер мен салыстырмалы үлгілерден басқа келесі мәліметтер хабарлануы керек, олар:

- заттың боялу мерзімі (мысалы, көліктің шыққан жылы), боялған заттың дайындалу тәсілі;
- зат боялуының технологиялық ерекшеліктері (зауыттық немесе зауыттық емес жағдайлары, қолданылған материалдары, құралдар т.с.с);
- боялған заттың қолдану жағдайлары (мысалы, көлікпен қандай заттар тасымалданды);
- боялған заттың сақталу жағдайлары (мысалы көлік цемент болған қорада сақталған);
- оқиға болған кезден тергеуші алғанға дейін объектіде болған өзгерістер;
- оқиға болған кезде боялған заттың басқа заттармен өзара байланыста болуы;
- объекті тергеушімен алынған, бекітілген кездегі жағдайлары т.с.с.

Әр бір жағдайға қатысты сараптамаға жіберілетін объектілердің көлемі тергеушімен (сотпен) анықталады. Бірақ, тәжірибе тергеушілердің жоғарыда аталған мәліметтерге көңіл бөлмейтіндігін және сарапшылардың сұраныстарына жауапты дер кезде бермейтінін көрсетеді.

Жол көлік оқиғаларына қатысты, әсіресе көлік жаяу жүрушіні басқан кезде материалдарды сараптамаға дайындау барысында тергеуші (сот) сараптама арқылы контактілі өзара байланысу фактісінің анықталуын ескеруі қажет. Мұндай фактінің анықталуын тек боялған заттар мен қабаттардың криминалистикалық сараптамасы шешпейді, сол сияқты, трассологиялық және өзге де зерттеулердің нәтижелерін қолдану арқылы шешіледі.

Көлік құралы мен жәбірленушінің киімімен өзара контактілік байланысының болу фактісін анықтау кезінде, көлік құралының детальдарында киімнің талшықтары қалуы мүмкін, сол сияқты

жәбірленушінің киімінде боялған қабаттар, полимер материалдарының, шыны қалдықтарының қалуы мүмкін.

Аталған істер бойынша сараптаманың тиімділігі көп жағдайда зерттеу үшін дайындалған материалдарға қатысты. Зерттеу дұрыс жүргізілуі үшін, заттай дәлелдемелер сараптамаға табылған күйінде жіберілуі керек. Заттай дәлелдемерді алу кезінде келесі талаптар сақталуы қажет:

- оқиға болған жерде табылған боялған қабаттардың бөлшектері арнайы картоннан, шыныдан жасалған ыдысқа салынуы керек, (тасымалдау кезінде қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі);
- әр бір зат, үлгі жеке буып-түйіледі және жеке-жеке қолмен, мөрмен бекітіледі;
- ылғалды объект-тасушылары алдын-ала бөлме температурасында кептіріледі;
- буылу үшін заттай дәлелдемелерді кірлетпейтін материалдар қолданылуы қажет (полиэтилендік пленка, таза оралым қағазы).

Бояу заттардың бар болуы мүмкін деген заттай дәлелдемелер микробөлшектерді алу мақсатында ең алдымен зерттеледі, содан кейін басқа сараптамаларға жіберіледі.

#### **14.2. Талшықтық объектілердің сот сараптамасы**

Талшықтық объектілердің **объектілері**: бірлік талшықтар, талшықтардың жиынтығы, талшық көлемі, жіптің бірлік кесілімі (иірілген жіптер), жіптердің жиынтығы (иірілген жіптер), жіптер көлемі (иірілген жіптер), нақты киім заты, нақты киім жинағы, киім затының бөлшектері.

Талшықтық объектілер сот сараптамасының **пәні** заттай дәлелдемелерді сараптамалық зерттеу арқылы анықтайтын қылмыстық істің мән-жайлары, фактілі деректері құрайды. Аталған заттарға сәйкес сот сараптамасы кісі өлтіру, денеге зақым келтіру, зорлау, жол-көлік оқиғасына және өзге де фактілер бойынша тағайындалады.

Талшықтық объектілер сот сараптамасының міндеттері идентификациялық және идентификациялық емес (ситуациялық, классификациялық, диагностикалық) болып екі топқа бөлінеді.

Сот сараптамасының міндеттері келесі мән-жайларды анықтайды, олар:

- талшық бөлшектерінің объект-тасушыда орналасу орны (локализация) және олардың тергеліп отырған жағдайға қатыстылығы;
- талшық бөлшектерінің (текстильді талшық, жіптер, маталар, трикотаж және өзге де талшық объектілері) нақты топтық, тектік және жеке қатыстылығы;
- талшық объектілердің және киімдегі кірленген іздері (микроіздер) бойынша киім жинағының өзара үйкелу (контакт) фактісін анықтау;

- киім жинағының қылмыс қаруымен (пышақ т.с.с.) немесе көлік құралымен өзара үйкелу (контакт) фактісін анықтау (текстильді талшық микроіздерінің басқа микроіздермен үйкелуіне қатысты), мысалы, боялған металл бұйымдарының бөлшектері;
- киім затының алғашқы күйі, өзге де субъектілердің жанып кеткен қалдықтар бойынша талшық объектілерінің алғашқы күйін анықтау;
- бүтінді (нақты матаның бөлігі, киім заты) бөлшек (матаның бөлшегі, жібі бар түйме) бойынша анықтау, жеке заттар бойынша киімнің жинағын (белбеудің күртешесін белгілеу т.с.с.) анықтау;
- материалдардың жиынтығы бойынша (талшық, бояғыштар) киімнің затын теңдестіру.

Аталған жағдайлардан басқа да міндеттер сараптаманың алдына қойылады: нақты және жалпы шығу тегі, дайындалу әдісі, текстиль материалдарына (киімдер) келтірілген зақымдардың себебі мен жағдайлары.

Осыған қатысты **классификациялық** міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар сот сараптамасының алдына қойылады, олар:

- талшықтар сезіктінің немесе жәбірленушінің киімдерімен топтық қатыстылығы бар ма (заттар көрсетіледі) ?
- бөтен бөлшектердің (объект-тасушысы көрсетіледі) қабаттары бар ма ? болса олардың орналасқан жері (локализациясы);
- табылған талшықтардың бөлшектері матаның, трикотаждың қай түріне жатады ?
- күлде (алынған орны көрсетіледі) жанып кеткен матаның (киім заттарының детальдары, өзге де талшық объектілері бар заттар) қалдықтары бар ма ?, болса олардың табиғаты мен қолдану мақсаты.

**Диагностикалық және ситуациялық** міндеттерді шешу сарапшы үшін келесі сұрақтарды анықтауды қажет етеді, олар:

- жәбірленуші киімінің зақым келу себебі қандай ?
- сезіктінің не жәбірленушінің киіміндегі талшықтың бөлініп кету механизімі қандай ?
- егер өзара ауысып өту талшықтары болса, киім жинағы (киімнің заты және оның нақты тұлғаға қатыстылығы көрсетіледі) нақты киім жинағымен контактілі байланысуда болды ма (киімнің заты және оның нақты тұлғаға қатыстылығы көрсетіледі) ?
- егер өзара ауысып өту талшықтары болса, киім жинағы (киімнің заты және оның нақты тұлғаға қатыстылығы көрсетіледі) қылмыс қаруымен (нақты қару көрсетіледі) көлік құралымен (нөмері, маркасы) контактілі байланысуда болды ма ?

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады, олар:

- табылған шалбардың (күртеше т.с.с.) талшығы сезікті не жәбірленушіге жатады ма ?

- оқиға болған жерде табылған талшық (киім, жіп т.с.с.) сезіктіден алынған талшықтың бүтінін құрай ма ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға материалдарды дайындау кезінде келесі талаптарды орындау қажет, олар:

- жәбірленушінің киімі (мәйіттің киімі) тергеуге кіріскен сәттен бастап дер кезінде тергеушімен алынады;
- сезіктінің киімі толық жинағымен алынады;
- алу, бекіту кезінде сезікті мен жәбірленушінің киімдерін бір-бірімен араластырмау қажет (сол киімдерді алу мен қарауды жүзеге асыратын тұлғалардың киімімен де араластырмау керек);
- әр бір киім бөлек буып түйіледі, ол үшін арнайы қатты қағаз қолданады (целлофан, полиэтилендік пакет т.с.с.);
- егер мән-жайға сәйкес киімдердің орналасу жерін анықтау қажет болса, онда әр бір киімді екі қағаздың арасына салып, абайлап орау қажет;
- заттай дәлелдемелерді қарау мен зерттеу целлофан, калька, полиэтилендік пакет жайылған стол үстінде жүргізіледі;
- киімдерді қағуға, жууға өзге де талшықтың қабаттарын жоғалтуға әкеп соғатын әрекеттер жасауға тыйым салынады;
- киімдерді алумен қатар сезіктінің не жәбірленушінің (мәйіттің) тырнағын қиып алу керек және жеке қаулымен сот сараптамасына (сот-медициналық, сот-биологиялық сараптамаларға) жіберілуі керек;
- пышақ өзге де қылмыстың қаруларын қарау кезінде талшық объектілерімен араласпауы керек, олар киімдерді алумен қатар буып түйіледі және талшық бөлшектерін зерттейтін сот сараптамасына жіберіледі;
- талшық қабаттары болуы мүмкін деген заттарды (суық қару, көлік құралдарының жеке детальдары) тасымалдау кезінде зақым келмейтіндей етіп буып-түйілуі керек;
- көлік құралдарында қалдырылған қабаттарды, өзге де объектілерді тексеру жұмыстарын маманның қатысуымен жүргізу қажет.

Сараптаманың қорытындысы шынайы, толық болуы үшін зерттелетін объектілердің сақталу, қолдану және тасымалдану жағдайы туралы деректерді сарапшыға хабарлаған дұрыс. Мәселен, киімнің өзара контактіде болу фактісін анықтау кезінде, жәбірленушінің, сезіктінің киімдері қылмыс болған сәттен сараптамаға жіберілгенге дейінгі сақталу жағдайы туралы деректері қажет. Атап айтсақ, киімнің киілуі, жуылуы, тазалануы, сақталуы туралы деректер сарапшы үшін маңызды. Сарапшыға зерттелуге жататын киімдер, мысалы жәбірленушінің киімі ұқсас талшық материалдары бар (сезіктінің) киімдермен оқиға тергелгенге дейін және кейін араласпағандығын айту қажет.

Егер бүтінді бөлшек бойынша анықтайтын идентификациялық сараптама тағайындалса, қай бөлшек іс бойынша бүтін болып табылатындығын көрсету керек, кейін бүтіннің сипаттамасына (матаның

оралымы, бөлігі, киімнің заты, жіптің бөлігі) қарай олар туралы деректерді хабарлау керек. Мысалы, киімнің шығарылу жері, мерзімі, оларды сатып алу, нақты детальдарын өзгерту (бояу, реставрациялау), пайдалану т.с.с.

### **14.3. Есірткі және психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы**

Аталған сараптаманың **объектілері** есірткі құралдары және психотропты заттар мен прекурсорлар болып табылады.

Мұндай объектілер келесі күйде болуы мүмкін:

- өсімдік немесе конопля, мак, эфедра өсімдігінің ұнтақталған бөлігі ретінде, конопля өсімдігінен (марихуана, гашиш, смола, каннабиса, опиум т.с.с.) алынып, қолмен жасалуы мүмкін;
- заңсыз синтетикалық және жартылай синтетикалық (героин, амфетамин және оның туындылары);
- қолдан жасалған (героиннің, эфедронның, опияның сұйықтығы);
- зауыттық әдіспен дайындалған дәрі-дәрмектер немесе құрамында есірткі, психотроп заттары бар дәріханалық жүйеде дайындалған дәрі-дәрмектер;
- есірткі құралдары не психотроп заттардың аналогтары;
- дайындау, сақтау, тасымалдау кезіндегі әр түрлі объект-тасушылардағы есірткі құралдары не психотроп заттардың микроқабаттары;
- құрамында есірткі құралдары не психотроп заттардың болуы мүмкін деген табиғаты анықталмаған заттар.

Сол сияқты, объекті ретінде есірткі құралдары не психотроп заттарды дайындаған құрал-саймандар, аталған объектілердің өсу жері бола алады.

Есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасының **пәні** Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279-1 Заңына сәйкес, тыйым салынған заттарды таратуға, дайындауға қатысты фактілі деректерді анықтау. Аталған заттарға сәйкес сот сараптамасы есірткі құралдарының, психотроп заттардың, прекурсорлардың контрабандасы, оларды заңсыз тарату, дайындау, кісі өлтіру, денеге зақым келтіру, зорлау, жол-көлік оқиғасына және өзге де фактілер бойынша тағайындалады. Сол сияқты, аталған сараптама әкімшілік, азаматтық сот өндірістерінде де қаралады. Есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың зерттеулері сот-биологиялық, фармацевтикалық, токсикологиялық, сот-медициналық сараптамалардың шеңберлерінде де жүргізіледі.

Сот-биологиялық сараптаманың **пәні** өсімдіктерді зерттеуге қатысты мән-жайлар болып табылады. Сонымен қатар, аталған өсімдіктер өз құрамында галлюциногендік, депрессивті заттардың бар болуын қарастырады. Оларды жіктеу үшін ботаника ғылымына сай, өсімдіктердің

уақытша сипаттамалары анықталады (жинау мерзімі, вегетация фазасы т.с.с.).

Фармацевтикалық сот сараптамасының пәні фармпрепараттарға қатысты мән-жайларды анықтау болып табылады. Сонымен қатар, олардың құрамына жоғарыда аталған Заңның тізіміндегі препараттардың және олардың ҚР Мемлекеттік фармакопөясына және өзге де нормативті актілердің талаптарына сай болуы анықталады.

Токсикологиялық және сот-медициналық сараптамалардың пәні адамның денсаулығына улы заттардың, сол сияқты, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың және прекурсорлардың әсер етуіне қатысты мән-жайлардың анықталуы жатады.

Есірткі құралдары және психотропты заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасының міндеттері келесі топтарға бөлінеді, олар:

- белгісіз заттың табиғатын анықтау және оның «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279-1 Заңының 1,2,3, Кестесінде көрсетілген заттарға жатқызылуын анықтау;
- есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың іздерін объект-тасушыда бар жоғын анықтау;
- есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың дайындалу әдісін анықтау;
- салыстырылып отырған объектілердің (есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың) бір массаға, бір көлемге, шығу тегіне, сақталуына, дайындалу технологисына қатысты қайнар көздерінің ортақ болуын анықтау;

Есірткі құралдары және психотроп заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасының идентификациялық емес міндеттерін шешу үшін келесі сұрақтар сарапшы алдына қойылады:

- аталған зат есірткі құралдарына және психотроп заттар мен прекурсорларға жатады ма ?
- аталған зат есірткі құралдарының және психотроп заттар мен прекурсорлардың қай түріне, тобына жатады ?
- зерттеуге ұсынылған есірткі құралдарының және психотроп заттар мен прекурсорлардың мөлшері;
- объект-тасушаларда есірткі құралдарының және психотроп заттар мен прекурсорлардың іздері бар ма ?, болса қандай ?
- зерттеуге ұсынылған өсімдіктер есірткілік болып табыла ма ?
- нақты есірткі құралдарының және психотроп заттар мен прекурсорлардың дайындалу әдісі;
- зерттеуге ұсынылған темекі бұйымдарының құрамында есірткі заттары бар ма ?, болса нақты қандай ?
- есірткі құралдарының немесе психотроп заттардың көлемі қандай ?

- құрамында есірткі құралдар немесе психотроп заттар бар дәрі-дәрмек маркировкалық мән-жайларға сай келе ма ?
- зерттеуге ұсынылған дәрі-дәрмектің арнайы қолданылуы және дозировкасы қандай ?
- есірткі құралдардың немесе психотроп заттардың дайындалу технологиясы қандай ?
- нақты құрал есірткі құралдарын немесе психотроп заттарды дайындау үшін қолданылды ма ?
- вегетацияның қай мерзімінде аталған құрамында есірткі құралдары бар өсімдіктің жиналуы орын алды ?
- жабайы сора (конопля) өсімдігі қандай табиғи-климат зонасында өскен ?  
*Идентификациялық* міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады, олар:
- нақты жабайы сора (конопля) өсімдіктері бұрын бір экология-географиялық зонада өскен ба ?
- жабайы сора (конопля), көкнәр өсімдігі нақты мекен-жайда өсірілген ба ?
- нақты есірткі құралдары шикізаттық пайда болуына қатысты ортақ па ?
- әр түрлі тұлғалардан алынған есірткі құралдары (психотроп заттары) дайындалу технологиясына қатысты бірдей ма ?
- нақты есірткі құралдары (психотроп заттары) сақтау орнына қатысты бірдей ма ?
- әр түрлі тұлғалардан алынған есірткі құралдар (психотроп заттар) бұрын бір массаны құраған жоқ па ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Есірткі құралдарының құрамындағы көптеген заттар органикалық, сондықтан олар сақтау нәтижесінде біршама өзгерістерге ұшырайды. Осыған қатысты есірткі құралдарды дер кезінде сот сараптамасына жеткізу керек.

Үлкен көлемде есірткі құралдары (өсімдік) алынса, сараптамаға 4-5 үлгі ретінде жіберу қажет, әр біреуі 10-20 г. құрау керек. Үлгілер әр түрлі тереңдіктен және жерлерден алынады (әр бұрыштан және орталықтан). Сусымалы нысандағы үлгілер әр бір орамадан 5-10 г.-нан квартование әдісін қолдану арқылы алынады. Сұйық нысандағы үлгілер алдын-ала араластырылып, ортақ үлгі ретінде 20-50 мл. жеке ыдысқа салынады.

Есірткі құралдарды дайындау әдісіне қатысты сұрақтарды шешу үшін табылған затпен бірге оны жасау үшін қолданылған құрал-саймандар сараптамаға жіберілуі керек (пресс-форма, елек т.с.с.).

Есірткі құралдарды қолдан дайындау мәселесін шешу кезінде құрал-саймандарды, заттарды, құрал-жабдықтарды сол сияқты, ұсталған тұлғалардың өзге де заттарын сараптамаға жіберудің алдында оларда микробөлшектер бар жоғын анықтау қажет.

Құрамында есірткі құралы бар өсімдіктің өсу жерін анықтау сұрағын шешу барысында сарапшы алдына салыстыру үлгілерін ұсыну қажет.

Аталған үлгілер сезіктіден заттай дәлелдеме алған сәттен бастап ауданның учаскісінен алынады.

Есірткі құралдарын қолдан жасау дерегін анықтау барысында сарапшының алдына заттай дәлелдемелерді қарау хаттамасын ұсыну керек. Бұл хаттамада есірткі құралдарының табылған жері, заттың агрегатты күйі, оның буып-түйілуі, түсі, иісі сипатталуы керек.

Заттай дәлелдемелерді тиянақты буып-түю қажет, өйткені, кері жағдайда оларды тасымалдау кезінде олардың күйі мен нысаны өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Сұйық заттарды буып-түю үшін қақпағы сүргішпен немесе парафиндік қақпақпен жабылатын шыны ыдыстар қолданылады. Қатты және ұнтақ заттарды буып-түю үшін полиэтилендік пакет, қатты қағаздан жасалған конверттер және объектінің қауіпсіздігін сақтайтын ыдыстар қолданылады.

Өсімдік массалары бұзылмау үшін алдын-ала кептіріледі. Жаңадан жұлынған өсімдіктер 6-8 сағат кептіріледі. Олар зерттеуге қағазға оралынған күйінде жеткізіледі. Смоладан жасалған заттар қағазбен контактіге түспеу қажет. Буып-түюден кейін әр объект маркировкаға жатады.

Есірткі құралдарының және психотроп заттар мен прекурсорлардың көлемін анықтау үшін, дәрі-дәрмектің стандартты үлгілері (эталондық) сараптаманы тағайындаған тұлғамен ұсынылады.

#### **14.4. Жанар-жағар майлар (ЖЖМ) мен мұнай өнімдерінің (МӨ) сот сараптамасы**

Аталған сараптаманың зерттеу объектілері мұнайдан өндірілген заттар, жанар-жағар май материалдары, олар мұнайдан өндірілген заттардан басқа таскөмір, смола тақтатастарынан өндірілген өнімдер бола алады. Сол сияқты, химиялық өндірісте синтезделген заттар да бола алады (эфирлер, жартылай силикондық сұйықтықтар) т.с.с.

Мұнайдан өндірілген заттар, жанармай заттары сыныптарының көлемі үлкен, олар бірнеше сыныптарға бөлінеді, олар:

- тез балқытылатын мұнай өнімдері, олар көбінесе өртке, мәйітті жаңдыруға, жарылысқа қатысты істер бойынша зерттеледі. Сол сияқты, тез балқытылатын мұнай өнімдері олардың тауарлық қолдан жасау (фальсификация) жөніндегі істер бойынша зерттеледі;
- жанармайлар материалдары бойынша зерттеулер жол-көлік оқиғасы бойынша, суық және ату қаруларын қолдану, оқ-дәрілерді пайдалану істері бойынша жүргізіледі. Бұл сұйық мұнай өнімдерінен жасалған заттардың бір объект-тасушыдан екінші объектіге өту қабілеттілігімен түсіндіріледі;
- қатты мұнай өнімдерін зерттеу кісі өлтіру, ұрлау фактілері бойынша жүргізіледі.

Мұнайдан өндірілген заттар, жанармай материалдары сот сараптамасының пәні криминалистік зерттеу және арнайы білім әдістемелерінің жалпы жағдайларымен анықталатын фактілі деректерді

құрайды. Олар: мұнай химиясы, мұнайды өндіру технологиялары, хроматография т.с.с.

Сараптама өртке, кісі өлтіруге, қоршаған ортаға зақым келтіруге, мұнай ұңғымаларын заңсыз өңдеуге қатысты істер бойынша тағайындалады. Олар әкімшілік, азаматтық сот өндірістерінде де қарастырылады (контрабанда, сапасыз мұнай өнімдері мен жанар майларды сату).

Мұнайдан өндірілген заттар, жанармай материалдары сот сараптамасының **міндеттері** идентификациялық және идентификациялық емес (ситуациялық, классификациялық, диагностикалық) болып екі топқа бөлінеді.

**Диагностикалық, классификациялық және ситуациялық** міндеттер зерттелетін заттың мұнай химиялық табиғатын, олардың түрін, маркасын анықтау болып табылады. Аталған міндеттерді шешу үшін сараптамаға келесі сұрақтар қойылады, олар:

- оқиға болған жерде табылған заттарда мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының іздері бар ма ?
- зерттеуге сұйықтық, дақтар, объект-тасушыларында қабаттар ретінде ұсынылған заттарда мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының іздері бар ма ?
- зерттеуге ұсынылған мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының қолданылу саласы мен мақсаты;
- мұнай өнімдері мен жанармай материалдар үлгілерінің рецептуралық құрамы қандай ?
- мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының түі (маркісі, сорты);
- оқиға болған жерде табылған мұнай өнімдері мен жанармай материалдары сезіктіден алынған қабаттар, сұйықтық заттармен топтық немесе тектік қатыстылығы бар ма ?
- сезіктіден алынған заттардағы қоспаларда мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының көлемі қандай ? т.с.с.

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылады, олар:

- оқиға болған жерде алынған мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының қабаттары сезіктіден алынған ыдыстардағы заттармен шығу тегіне қатысты ортақ белгілерге ие ма (эксплуатациялық, технологиялық т.с.с. жағдайлары нақты көрсетіледі)?
- оқиға болған жерде алынған мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының қабаттары немесе қалдықтары сезіктіден алынған көлемнің бөлігін құрай ма (мысалы, канистра) ?

Алғашқы сұрақты шешу барысында мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының белгілері олардың өндіру технологиясы, сақталу, тасымалдау жағдайы, пайдаланылуы, тергеліп отырған істің мән-жайлары және өзге де жағдайлармен байланыстылығы анықталады. Топтық белгілері тектік белгілерімен салыстырғанда, тар мағынадағы белгілерді анықтауға

бағытталған. Мәселен, 96 сынамалы бензиннің өзгеруі сақталу жағдайына байланысты, мотор майы пайдаланылу белгілері бар қозғалтқыш картерінде орын алған. Егер жалпы топтық қатыстылығын анықтау үшін қажет болса, онда сұрақ нақты түрде қойылады. Ол қылмыстық істің мән-жайларымен байланысты (оқиға болған жерді қарау, жауап алу хаттамалары), олар зерттеліп отырған объекті туралы деректерді құрайды. Мысалы, оның пайда болу табиғаты, алынған жері, қолдан жасау фактілері т.с.с.

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының тектік қатыстылығын анықтау барысында сарапшыға қосымша деректерді ұсыну қажет. Олар мысалы, көлік құралының маркасы, типі, ату қаруының типі т.с.с. аталған деректер сарапшыға объектінің идентификациялық белгілерін толық және дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Сол сияқты, тәжірбиеде аталған объектілердің жеке тепе-теңдігін анықтау жағдайлары орын алады. Мәселен мұндай жағдайлар, мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының материалды ортамен байланысу барысында пайда болған іздердің жеке тепе-теңдігін анықтау кезінде орын алады.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдары сот сараптамасының тиімді болуы үшін, тергеуші сараптамаға объектілерді толық және мұқият дайындауы қажет. Дайындық шаралары өз құрамына келесі әрекеттерді енгізеді:

- мұнай өнімдері мен жанармай материалдары басқа объектілерде іздерін қалдыруы мүмкін деген заттарды анықтай білу;
- мұнай өнімдері мен жанармай материалдары бар ыдыстарды анықтай білу;
- заттай дәлелдемелердің күйін бекіту;
- мұнай өнімдері мен жанармай материалдарының пайда болу, сақтау, қолдану және объектілерде із қалдыру механизмдерін анықтай білу;
- объектілерді сараптамаға дайындау (буып-түю, маркировка);
- сараптамалық зерттеудің түрі мен міндеттерін анықтау, сұрақтарды сарапшыға дұрыс қою;
- тасымалдануға жатпайтын объектілермен сарапшының жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау.

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдарды сараптамаға жіберу үшін бірқатар талаптар сақталуы қажет. Мысалы бензин, керосин, дизель отыны т.с.с. заттардың құрамында тез ұшатын заттардың болуы, оларды сараптамаға жіберу кезінде герметикалық ыдыстарға құйылуын қажет етеді. Үлгілерді тоңазытқышта немесе салқын қараңғы жерде сақтау керек. Егер бензин, керосин т.с.с. заттарды толық герметизациялануға жатпаса, оның негізгі бөлігін ыдысқа құйып, ал қалғаның полиэтилендік дорбаға құю қажет, кейін байлап немесе жабыстырылуы керек және дереу сараптамаға жіберіледі.

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдардың жабысқақ үлгілерін (май, пластикалық жабысқақ) шыныдан жасалған ыдысқа құю керек. Оларды қағаздан жасалған пакеттерге, шырпы қорабына т.с.с. материалдардан жасалған ыдыстарға салуға болмайды.

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдарды объект-тасушыларда орын алса, сараптамаға сол объект-тасушылардың өзін жіберу қажет.

Қатты үлгілерді сараптамаға жіберу кезінде оларды полиэтилендік пакеттерге салып, байлап немесе жабыстыру керек.

Жол қабаттарынан үлгі алу кезінде сот сараптамасын тағайындау туралы қаулымен қатар үлгілерді алу туралы хаттаманы және оларды алудың кестесін жіберу қажет.

Мұнай өнімдері мен жанармай материалдары бар заттай дәлелдемелер органалептикалық түрде табылмайды, ал иіс арқылы алынып герметикалық ыдысқа құйылады да сараптамаға жіберіледі. Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда оқиға болған сәттен заттай дәлелдемелерді алғанға дейінгі уақытты көрсету керек. Сол сияқты аталған қаулыда заттай дәлелдемелерді сақтау немесе қолданылу уақытынан тергелген оқиғаға дейінгі уақытын көрсету тиіс.

Көптеген мұнай өнімдері (тез өртенетін мұнай өнімдері) өзінің құрамын тез өзгертуге қабілетті. Мәселен, оларды табиғи жағдайда сақтау кезінде көптеген компоненттері ауаға ұшып кетеді, сондықтан сараптамалық зерттеулер жүргізуге жарамсыз болып қалады. Осыған байланысты, заттай дәлелдемелер тез арада герметикалық ыдыстарға салынып зерттелуге жіберілуі қажет. Аталған жағдай сот сараптамасының толық, дұрыс қорытынды беруге кепіл болады. Мұнай өнімдері мен жанармай материалдардың іздері бар заттарды ең алдымен криминалистік сараптамаға, кейін өзге де сараптамаларға жіберу керек (сот-медициналық, сот-баллистикалық, трассологиялық т.с.с.).

Сараптаманың тиімді болуы сарапшыда зерттеліп отырған объект туралы көп мәліметтердің болуында жатыр (сақталу жағдайы, оқиға болған жердегі материалды жағдаймен өзара әсері т.с.с.). аталған мәліметтер қарау, жауап алу хаттамаларында өзге де іс материалдарында болуы мүмкін. Мұндай материалдар міндетті түрде сот сараптамасына қаулымен қатар жіберіледі.

#### **14.5. Металл, шыны және өзге де материалдардың сот сараптамасы**

Сараптаманың **объектілері** қымбат, жартылай қымбат және металл, құймалардан, полимерлерден өзге де материалдардан жасалған бұйымдар болып табылады. Аталған объектілер қылмыстың материалды ортаның элементі немесе қылмыстық қол сұғушылықтың не өзге де қылмыстың құралы ретінде орын алады.

Сот сараптамасының **пәні** аталған объектілерге қатысты қылмыстық істің мән-жайлары, сол сияқты пәннің қарастыратын объектілеріне қатысты

технологиялық, химиялық, техникалық ғылымдарды қолдана отырып анықталатын деректер құрайды. Сараптама кісі өлтіру, денеге зақым келтіру, зорлау, жол-көлік оқиғасына және өзге де фактілер бойынша тағайындалады. Сол сияқты, аталған сараптама әкімшілік, азаматтық сот өндірістерінде де қаралады.

**Диагностикалық және классификациялық** міндеттерді шешу үшін сараптамаға келесі сұрақтар қойылады:

- оқиға болған жерде табылған бөлшектердің табиғаты қандай ?
- объект-тасушыда (жәбірленуші немесе сезіктінің киімінде) металл, шыны т.с.с. бөлшектері бар ма ?
- оқиға болған жерде табылған бөлшектер қандай бұйымға жатады ?
- шыны бөлшектері көліктің жарықты шашыратқышының (алдыңғы әйнегінің) шынысы ма?
- фара шынысының бөлшектері көлік құралының қай түрінікі ?
- шыны бөлшегі бөтелке немесе өзге де бұйымдағы шыныларға жатады ма ?
- зерттеуге ұсынылған бұйым шынысының құрамында қорғасын тотығы бар ма ? болса оның пайыздық мөлшері қандай ?
- бөлшектің химиялық құрамы қандай ?
- бұйым жасалған металдың құймасы қандай ?
- зерттеуге ұсынылған бұйымның металы қымбат немесе жартылай қымбат металлға жата ма ?
- зергерлік бұйым металлының құрамында алтын бар ма ? болса оның пайыздық мөлшері қандай ?
- әр түрлі оқиға болған жерден алынған салыстырмалы үлгілердің тектік (топтық) қатыстылығы бар ма ?
- болса нақты қандай ?
- ұсынылған бұйымның (заттар) физико-химиялық талаптары ұсынылған құжаттар мен нормативті талаптарға сай ма ?

**Ситуациялық** мазмұндағы міндеттерді шешу үшін сот сараптамасына келесі сұрақтар қойылады:

- бұйым материалы сынуының себебі;
- бұйым металы термикалық (механикалық, химиялық) әсер етудің нәтижесінен бұзылған жоқ па ?
- бұзуға әкеп соққан шыны қай жағынан соғылған ?

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін сот сараптамасына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін ?

- оқиға болған жерден алынған бөлшектер бұрын бір бүтінді құраған ба ?
- жәбірленушінің жарасынан алынған шыны, металл бөлшектері зерттеуге ұсынылып отырған пышақтың, бөтелкенің бөлігі ма ?
- салыстырылып отырған металл, шыны бөлшектері дайындау жеріне қатысты ортақ белгілері бар ма (дайындаған зауытын анықтау қажет) ?
- сезіктіден алынған алтындар бір жерден алынған ба ?

Істің мән-жайларына қатысты өзге де сұрақтар сот сараптамасына қойылуы мүмкін.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Істің мән-жайларына қатысты сараптамаға келесі материалдар жіберіледі:

- оқиға болған жерден алынған металлдың, шынының бөлшектері немесе қабаттардың іздері қалдырылған объект-тасушылар (жәбірленушінің немесе сезіктінің киімі, бұзу құралы, көлік құралдарының детальдары т.с.с.);
- бұзудың белгілері идентификацияланатын іздер (пышақ, шыны бөлшектері т.с.с.).

Объект-тасушының бетінен тез жойылып кететін микробөлшектерді алған жөн және олардың кірленуіне жол бермеу керек. Мұндай микробөлшектерді алу барысында олардың алу ретін, мөлшерін, орналасу жерін (локализация) көрсету қажет.

Сараптамаға жіберілетін материалдардың көлемі істің мән-жайларына қатысты тергеушімен (сотпен) анықталады.

### **14.6. Топырақтанудың сот сараптамасы**

Аталған сараптаманың **объектісі** әр түрлі қалыптасқан жерлер учаскілерінің топырақтары болып табылады.

Топырақтану сот сараптамасының **пәні** топырақтарды биологиялық, химиялық әдістерді қолдана отырып зерттеу арқылы анықталатын фактілі деректер құрайды. Олар қылмыстық іспен байланысты болуы керек. Сараптама кісі өлтіру, зорлау, денеге зақым келтіру, ұрлау т.с.с. фактілер бойынша тағайындалады. Сол сияқты азаматтық сот өндірісінде де қарастырылады.

Топырақтану сот сараптамасының **міндеттері** келесі мән-жайларды анықтайды: объект-тасушыға топырақтың пайда болу механизмін анықтайды, қабаттардың объект-тасушыда нақты учаскіден келіп түсуін анықтау (сол сияқты салыстырылып отырған объектілердің тектік, топтық қатыстылығын анықтау) т.с.с.

**Диагностикалық** және **классификациялық** міндеттерді шешу үшін сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылады:

- жәбірленушінің не сезіктінің тырнағының астындағы микробөлшектер топырақтан пайда болды ма ?
- сезіктінің аяқ киімінің табанынан алынған топырақтың бөлшегі химиялық улармен өңделген ба ?
- жәбірленуші не сезіктінің киімінен алынған топырақ қабаттарының құрамында құрылыстық қоқыстар жоқ па ?
- оқиға болған жерден (мекен-жай, көлік протекторынан) табылған топырақтың типі қандай ? т.с.с.

**Ситуациялық** міндеттерді шешу үшін сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылады:

- объект-тасушыда (жәбірленуші не сезіктінің киімінде) топырақтың пайда болу механизмі қандай ?
- объект-тасушыда (жәбірленуші не сезіктінің киімінде) топырақтың пайда болу мерзімі қандай ? т.с.с.

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін сот сараптамасына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін ?

- объект-тасушыдағы зерттеуге ұсынылған үлгідегі жер учаскісінің топырақ қабаттары қалдырылған ба ?
- жәбірленушінің киіміндегі топырақ қабаттары №... жертөленің топырағы емес па ?
- № ... автокөліктің дөңгелектерінде анықталған топырақ Н. есімді азаматтың мәйіті табылған жер телімінің топырағына жатады ма?
- сезікті мен жәбірленушінің аяқ киімдеріндегі топырақ үлгілері бір жер учаскісінен алынған кескіндер емес па ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Істің мән-жайларына қатысты сараптамаға келесі материалдар жіберіледі:

- объект-тасушылардағы (көлік құралдары, киімдер, аяқ киімдер, зақым келтіру қарулары т.с.с.) топырақтың қабаттары;
- нақты жер учаскісінің салыстырмалы және бақылау үлгілері;
- заттай дәлелдемелерді алу туралы хаттамалар;
- оқиға болған жерді қарау туралы хаттама (учаскіні сипаттау, мұндағы өсімдіктер мен техногендік заттарды сипаттау) т.с.с.

Топырақтың салыстырмалы үлгілері жер учаскісінің белгілі шекарасынан не іс материалдарына қатысты тергеушімен белгіленген шекарадан алынады.

Бақылау үлгілері оқиға болған жерге жақын учаскілерден алынады.

Сот сараптамасын тағайындау барысында келесі талаптар орындалуы керек:

- топырақтың қабаттарын объект-тасушымен бірге жіберу (киім-кешек, қару);
- заттай дәлелдемелерді буып түю объект-тасушылардағы топырақ қабаттарын сақтайтындай болуы керек;
- учаскінің бетінен топырақ үлгісін алған кезде оның тереңдігінің мөлшерін сақтау керек (бір үлгінің салмағы 50-100 гр);
- салыстыру үлгілерінің саны зерттеу үшін жеткілікті болуы керек (5 үлгіден кем емес);
- оқиға болған жерді қарау туралы хаттамада жер учаскісі мұқият түрде сипатталуы керек (улы химикаттрмен өңделуі, метео жағдайлары т.с.с.);
- нақты әр бір үлгіні алған жерді кестеде бекіту.

### **15 тақырып. Жол-көлік оқиғаларының және көлік құралдарының сот сараптамасы**

Аталған сараптаманың **объектілері** күрделі және көп кешенді, сондықтан өз құрамына көлік құралдарын, жүргізушіні, жолаушыларды, жол-көлік оқиғасы және қозғалыс болған қоршаған ортаны қамтиды. Соңғысының өзі бірнеше бөліктерден тұрады, олар: жол беті, жол қабатының орналасуы, жаяу жүргінші.

Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) мен көлік құралдары сот сараптамасының **пәні** арнайы білімдерді қолданудың нәтижесінен ЖКО, оның менханизіміне, көлік құралының техникалық жағдайына, жолдың жағдайына т.с.с. жағдайларға қатысты анықталатын фактілі деректер.

Сараптама көбінесе азаматтық істерді қарау барысында жол-көлік құқық бұзушылығына қатысты тағайындалады. Сол сияқты қылмыстық істер бойынша кісі өлтіру, ұрлық жасау, тонау т.с.с. фактілер орын алған кезде тағайындалады.

Жол-көлік оқиғасының сот сараптамасы инженерлі-көліктік сараптаманың класына жатады. Олар өз алдына топтарға бөлінеді. Олар өзінің пәндеріне қатысты ерекшеленеді және әр бір түрінің өз зерттеу әдіснамалары бар. Олар:

- көлік құралдарының техникалық күйін (жағдайын) анықтау (автотехникалық диагностика);
- жол-көлік оқиғасы жағдайларын анықтау;
- көлік-трассологиялық сараптама.

### **15.1. Көлік құралдарының техникалық күйінің сот сараптамасы**

Көлік құралдарына жатады: механикалық және тоқпен жүретін көліктер. Оларға: жеңіл көліктер, мотоцикл, моторолер, мопед, мотоколяска, троллейбус, трамвай, трактор өзге де қозғалатын механизмдер (өзен, мұхитта жүзетін көліктер, теміржол көліктерінен басқа).

Зерттеудің объектілері зауытта дайындалған механикалық көлік құралдарымен қатар қолдан жасалған көлік құралдары да т.с.с. жатады (жалпы түріне, құрылымына байланысты емес).

Көлік құралдарының техникалық күйін анықтауға қатысты сараптаманың міндеттері диагностикалық және ситуациялық мазмұндағы мән-жайларды анықтайды, олар:

- көлік құралдарының техникалық күйін анықтайды (механизм, бөлшектерін) және оның техникалық нормалар мен қауіпсіз қозғалыстың, оның қолданылуының нормаларына сай келуін анықтайды;
- көлік құралы сыңуының себебін анықтайды (механизм, бөлшектерін);
- көлік бұзылуының себебі мен оның пайда болу мерзімін анықтайды;
- көлік бұзылуының жол-көлік оқиғасымен байланыстылығын және жол-көлік оқиғасының пайда болу мен орын алу себебін анықтайды;
- көлік бұзылуының жол-көлік оқиғасымен себептік салдарын анықтайды (соғылу, басып кету);

- көлік құралының жол-көлік оқиғасы болған кездегі техникалық жағдайы және ЖКО болдырмау мүмкіндігін анықтау;
- көлік сынуының дер кезінде анықтау мүмкіндігінің болу-болмауын анықтау т.с.с.

Аталған сараптаманың түрлеріне көлік құралдары детальдарының **химия-металлографиялық** сараптамасы жатады, олар келесі міндеттерді шешеді:

- бұзылуының сипаттамасын анықтайды;
- металл ақауларын анықтау;
- коррозияны анықтау;
- ЖКО кезінде фараларының қосулы тұрғанын анықтау мақсатымен, қызу жіптерінің және ұстаушыларының термикалық өзгерістерін анықтау;
- көлік детальдерінің материалдары жобалау-есептеу және өзге де нормаларға сәйкес келуін анықтайды.

Диагностикалық міндеттерді шешу үшін келесі типтік сұрақтар қойылуы мүмкін:

- тежеу жүйесі, рульдық басқару, көліктің қозғау бөлігінің жарамсыздық болуының себебін анықтауы мен оның пайда болу мерзімі;
- көлік құралы үшін жауапты тұлға оның жарамсыз детальдарын қозғалғанға дейін білуі мүмкін болды ма ?
- анықталған жарамсыздық қозғалыс режимінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін ба ? (жолдан шығып кету, аударылу т.с.с.)

**Ситуациялық** міндеттерді шешу үшін келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- көліктің анықталған бұзулылары жол-көлік оқиғасымен себеті ма ?
- көлік фарасының шамы оқиға болған кезде жану күйінде болды ма?
- электр лампасы сынған кезде көліктің қай шамының түрі (алысты, жақынды көрсететін) жанып тұрған ?

ЖКО жағдайларына қатысты өзге де сұрақтар қойылуы мүмкін.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Объект ретінде сараптамаға жіберіледі:

- көлік құралы, оның бөлініп кеткен детальдары, бөлшектері мен олардың жарқыншақтар т.с.с.;
- көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалау материалдары;
- көлік құралдарын, ЖКО қараудың хаттамалары;
- ЖКО кестелері, фотосуреттері, куәлер, жәбірленуші, сезіктілерден жауап алудың хаттамалары;
- өзге де тергеу сот әрекеттерінің хаттамалары;
- басқа мамандық бойынша сараптамалардың қорытындылары.

Басқа сараптамалардың қорытындылары тергеу экспериментінің хаттамасы сияқты алғашқы материалдар ретінде қаралады.

Көлік құралы сарапшыға ЖКО кейін өзгермеген күйінде ұсынылуы керек немесе сол жерде сақталуы қажет. Механизмдерді реттеу, оларға қандай да бір өзгерістер жасауға жол берілмейді. Көлік құралынан бөлініп кеткен детальдар, бөлшектер мен олардың жарқыншақтары т.с.с. сараптамаға жіберу кезінде оларды қауіпсіз тасымалдаудың барлық талаптары орындалуы керек.

### **15.2. Жол-көлік оқиғасы мән-жайларының сараптамасы**

Жол-көлік оқиғасының (бұдан әрі – ЖКО) мән-жайларына қатысты зерттелетін объектілер өз құрамына жолды, қиылысты, жазық өзге де жерлерді қарастырады. Аталған объектілер ЖКО, ондағы қатысушылармен (жүргізуші, жүргінші т.с.с.) міндетті түрде себепті байланыста болуы керек.

Жол-көлік оқиғасы мән-жайларының сараптамасы ЖКО механизміне қатысты келесі түрлерге бөлінеді, олар:

- көлік құралдарының (бұдан әрі – КҚ) қақтығысу жағдайын зерттеу;
- жылжымайтын объектіні басуды зерттеу;
- жүргіншіні, велосипедшіні қағып кетуді зерттеу;
- КҚ аударылуын зерттеу;
- жолаушының КҚ-нан ұшып кетуі және өзге де ЖКО.

**Көлік құралдарының қақтығысу жағдайын зерттеу, жылжымайтын объектіні басуды зерттеу кезінде *диагностикалық және ситуациялық міндеттер шешіледі:***

- ЖКО басталуынан аяқталуына дейінгі процессті анықтау;
- соғылғанға дейінгі КҚ қозалысы мен сипатының траекториясын анықтау;
- әр бір орын алған оқиға фазасының техникалық сипаттамасын анықтау;
- КҚ нақты учаскіні өтуді және соқтығысу жерін анықтау;
- оқиға болғанға дейінгі КҚ жылдамдығын анықтау (тоқтау жолы іздері бойынша немесе олардың болмауына қатысты);
- соқтығысу кезінде КҚ бір-біріне орналасу жағдайын анықтау;
- қозғалыс үшін қауіпті жағдайдың мерзімін анықтау;
- жүргізушінің ЖКО болдырмаудың техникалық мүмкіндігін анықтау т.с.с.

***Жүргіншіні, велосипедшіні қағып кетуді зерттеу*** кезінде ***диагностико-ситуациялық*** міндеттер:

- жүргіншіні қағып кеткенге дейінгі КҚ траекториясын және қозғалыс сипатын анықтау;
- жүргіншіні қағып кеткен жерді анықтау;
- жүргіншіні қағып кеткенге дейінгі КҚ жылдамдығын анықтау т.с.с.

***КҚ аударылуын зерттеу*** кезіндегі ***диагностико-ситуациялық*** міндеттер:

- аударылғанға дейінгі траектория мен қозғалыс сипатын анықтау (сол сияқты КҚ жылдамдығын анықтау);
- КҚ тұрақтылығын жоғалтуының себебін анықтау.

ЖКО барлық жағдайларында КҚ жүргізушінің әрекеттеріне қатысты *диагностико-ситуациялық* міндеттер келесі мақсаттар үшін шешіледі, олар:

- жол қауіпсіздік ережелеріне сай жүргізушінің жасайтын міндетті әрекеттерін анықтау;
- жол қауіпсіздік ережелеріне, көлікті қолдану және техникалық талап нормаларына сәйкес жүргізушінің фактілі әрекеттерін анықтау;
- тергеушімен (сотпен) анықталған себепті байланысының КҚ жүргізушінің көлікті басқаруының және оқиғаның техникалық салдарының фактілі әрекеттерін анықтау (қақтығысу, аударылуы);
- жүргізушінің жол жүру ережелеріне сәйкес оқиғаны болдырмауының техникалық мүмкіндігін анықтау т.с.с.

ЖКО барлық жағдайларында жолдың, жол жабдықтарының, сыртқы факторларының техникалық жағдайларын анықтау үшін келесі міндеттер шешіледі:

- жолдың, жол жиегінің, жол қабаттарының күйін анықтау;
- КҚ, ЖКО өзге де объектілердің параметрлері мен коэффициенттерінің мәнін анықтау;
- жол оқиғасының жағдайын ескере отырып жүргізушінің отырған жерінен көру жағдайларын анықтау (көру мүмкіндігін шектейтін кедергілерді анықтау);
- жол оқиғасының жағдайын ескере отырып (жол белгілері) ЖКО болдырмаудың техникалық мүмкіндігін анықтау;
- жүруге кедергі болған (жол белгілерінің болмауы) және ЖКО тудыруға себеп болған жағдайларды анықтау т.с.с.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін келесі редакцияда сұрақтар сараптама алдына қойылуы керек:

- тоқтауға дейінгі КҚ жүру жылдамдығы;
- жолды көру және бұрылу кезінде тұрақтылықтың сақталуы үшін қауіпсіз жылдамдығы;
- оқиға болған жердің жағдайларына сай КҚ тоқтау жолы;
- КҚ қақтығысу жерінен нақты жағдайларда орналасқан қашықтығы (жүргіншінің жол бойынан өтуді бастаған сәттен т.с.с.);
- белгілі жағдайларда (жолдың жағдайына қауіпсіз жылдамдықпен жүру) жүргізушінің қақтығысты тоқтату арқылы болдырмаудың техникалық мүмкіндігі болды ма ?

- ЖКО сай көлік құралдарының бір-біріне қатысты қауіпсіз ара қашықтығы қандай ? т.с.с.

Көлік қатты жылдамдықпен келе жатып жүргіншіні басып кетудің себебін анықтау үшін келесі сұрақтар қойылады:

- іс материалдарында көрсетілген жылдамдық бойынша, жүргіншіні қағып кетпеуге көлік жүргізушісінің техникалық мүмкіндігі болды ма ?
- жүргізушінің көлікті жүргіншіні басып кеткен жерге дейін жеткізбей (өзге де жағдайларға сәйкес) көлікті тоқтатуға техникалық мүмкіндігі болды ма ?
- жүргізуші нақты жағдайда жол жүру ережелерінің талаптарына сәйкес, көлікті тоқтатуға техникалық мүмкіндік туғызу үшін және жүргіншіні қағып кетпеу үшін қандай әрекеттер жасау керек болды ?

Аталған сұрақтарды шешу, сарапшыға көлік құралының жылдамдығы мен одан пайда болған салдардың себебін анықтауға мүмкіндік береді.

Сот және тергеу тәжірибесінде сарапшылардың жүргізушінің әрекеттері мен ЖКО салдарына қатысты қорытындылары алуан-түрлі талқыланады. Аталған қорытындылар қылмыстың құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың көлік жүргізушісінің әрекеттерін, көлік құралының техникалық жағдайларын анықтау, КҚ аударылуы, соғылуы т.с.с. жағдайлардың себепті салдарының анықталуы туралы қорытындылары қылмыстың құрамын белгілеуге әсер етеді.

Тергеуші (сот) және сарапшылар үшін, көлік жүргізушісінің қауіпті жағдайдың алдын-ала білуі туралы фактілерді анықтау күрделі. Мұндай жағдайларды анықтау ол тұлғаның субъективті психофизиологиялық ерекшеліктеріне қатысты болады. Аталған факторларды анықтау үшін психофизиологиялық сараптамалар тағайындалуы қажет.

Көлік жүргізушісінің нақты ЖКО болдырмауға мүмкіндігін анықтау үшін Жол жүру ережесінің талаптарына сай белгілі уақыт мерзімінің ішінде жүргізуші белгілі әрекеттерді жасай алды ма деген жағдайды анықтау қажет.

Аталған сұрақты анықтау барысында жүргізуші ЖКО болдырмауға қатысты әрекеттерді қанша уақыт мерзімінде жасауымен қатар, оның сол қауіптілікке қатысты реакциясының және өзге де субъективті мазмұндағы жағдайлардың туындауын ұмытпауы керек.

Мамандардың пікірінше, автотехник-сарапшысы тек қауіптіліктің туындаған уақыты мен көлік жүргізушісінің қауіп туындаған сәттен болдырмауға мүмкіндігі болды ма, жоқ па, соны анықтайды. Себеп-салдарына қатысты сұрақтар техникалық мазмұны жағынан, сот пен тергеу органдарының құзыреттілігіне және себеп-салдардың қылмыстық-құқықтық ұғымына араласпай шешіледі

**Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Объектілер ретінде сараптамаға қылмыстық немесе азаматтық істердің материалдары ұсынылады: ЖКО кесте-сызбалары, оқиға болған жерді қарау туралы және өзге де тергеу әрекеттерінің хаттамалар, басқа мамандық бойынша сараптамалардың қорытындылары.

Жауап алу өзге де тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қарама-қайшы келетін фактілер орын алса, сараптама үшін тек сараптаманы тағайындаған орган қаулыда сараптама үшін алғашқы материал бола алатын фактілерді көрсетуі қажет және тек аталған жағдай жоғарыдағы объектілерді сараптама үшін ұсынуға қажет. Өзге де сараптамалардың трассологиялық, медициналық т.с.с.) қорытындылары сараптама тағайындаған органмен алғашқы материал ретінде ұсынылуы қажет.

Техникалық, әдістемелік әдебиеттердегі ғылыми-техникалық анықтамаларды (техникалық нормативтер, коэффициенттер, ГОСТ-тар) сарапшы өз бетімен қолдана алады.

Сарапшыға келесі алғашқы материалдар ұсынылуы керек:

- жол жүру бойының күйі, оның қашықтығы, жаяу жолдардың, жыраның (кювет) болуы т.с.с.;
- көлік құралының техникалық жағдайы, типі, моделі, жаяу жүргіншінің жылдамдығы т.с.с.;
- іздердің ұзындығы (КК), олардың сипаттамасы;
- шыны, әйнек сынықтарының табылған жері;
- көлік құралдарының орналасу жағдайы, табылған заттар, зардап шеккен тұлғалар;
- жолдың көріну жағдайы;
- жүргізушінің қауіпті алдын-ала көріп ЖКО болдырмауының жағдайы;
- жүргізушінің көлікті жедел тоқтату;
- кедергіні көрген сәттен оны соққанға дейінгі ара қашықтық және соққан жерден көліктің толық тоқтатылған жері мен қашықтығы т.с.с.

ЖКО көп жақтылығына қатысты сарапшыға берілетін материалдардың толық тізімін беру мүмкін емес, өйткені әр жағдайда олардың толық тізімі тергеуші немесе сотпен кейде сарапшымен кеңескен соң анықталады.

Сол сияқты, сарапшының зерттеу жүргізу барысында анықтаған фактілерді тергеушіге хабарлағаны жөн және аталған әрекетті сарапшы сараптама қорытындысын шығарғанға дейін жүзеге асыруы керек. Бұл тергеушіге сарапшымен анықталған фактіні бағалауға, қажет болса сарапшыға қосымша сұрақтар қоюға, қосымша материалдар ұсынуға мүмкіндік береді.

### **15.3. Көлік-трассологиялық сараптама**

Көлік-трассологиялық сараптама көліктің жаяу жүргіншіге, қоршаған өзге де объектілерге зақым келтіруден пайда болатын іздерді зерттеумен

айналысады. Аталған сараптама классификациялық міндеттерді шешуге бағытталған, оның ішінде көліктің дөңгелегімен немесе өзгеде жұлынған детальдарымен қалдырылған із бойынша көліктің моделін, түрін анықтайды.

**Диагностикалық және ситуациалық** міндеттер – соқтығысу жерінің қозғалыс бағытын анықтау, соқтығысу бұрышын анықтау т.с.с. бұл міндеттер сот көлік-трассологиялық сараптамасы бойынша дайындығы бар сарапшы-автотехникпен жүргізіледі.

**Идентификациялық міндет** – көліктің ізі, өзара контактілеу іздері, бөлініп қалған детальдары бойынша көлікті теңдестіруге бағытталған. Аталған зерттеулер криминалист-трассологтармен кейде криминалист-материаловедтермен жүргізіледі.

Көлік дөңгелектерінің іздерін зерттеу кезінде келесі классификациялық сұрақтар шешілуі мүмкін:

- ұсынылған іздер көлік құралы дөңгелегімен қалдырылған ба ?
- жеңіл немесе жүк құралымен із қалдырылды ма, көліктің моделі (мотоцикл, велосипед т.с.с.) ?
- шинаның моделі;
- қай детальмен (бөлшек) із қалдырылды ? т.с.с.

**Диагностикалық** міндеттерді шешу үшін қойылатын сұрақтар:

- КҚ қай бағытта қозғалды ?
- КҚ тоқтату немесе бұрылыс жасады ма ?
- із қалдырған шинаның ақауы (дефект) бар ма ? (ақауы, дәрежесі)
- іздердің пайда болу механизмі қандай ? (сырғу, соғу)
- көлікте қалдырылған іздер басқа көлікпен соқтығысудан пайда болған жоқ па ?

**Ситуациалық** міндеттерді шешу үшін қойылатын сұрақтар:

- жәбірленушінің денесіндегі зақымдар КҚ-ң қай бөлшектерімен қалдырылды ?
  - соқтығыс болған кезде жәбірленушінің орналасқан жері (салон, кузов т.с.с.);

**Идентификациялық** міндеттерді шешу үшін қойылатын сұрақтар:

- зерттеуге ұсынылған КҚ деталімен із қалдырылған жоқ па ?
- бір немесе бірнеше КҚ із қалдырылды ма ?
- аталған КҚ-н із қалдырылған жоқ па ?
- оқиға болған жерде табылған шыны қалдықтары зерттеуге ұсынылған шам шынылардың бүтінін құрайды ма ? т.с.с.

Кешенді сот-медициналық, трассологиялық және автотехникалық сараптамалармен анықталады:

- жаяу жүргіншіні басқан КҚ типі, моделі, маркасы;
- дене жарақаттарына, киім-кешектеріндегі іздер бойынша көлікті жүргізген адамның жеке тұлғасы;
- жүргінші мен көліктің соқтығысу кезіндегі орналасқан жағдайы; т.с.с.

Заттай дәлелдемелерде (мысалы жәбірленушінің киімінде КҚ бояуларының іздері, ал көлікте жәбірленуші киімінің қалдығы қалдырылуы мүмкін. Аталған жағдайда заттар мен материалдар және бұйымдарды зерттеу саласындағы криминалист-мамандары қатысуы мүмкін.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сараптамаға жіберіледі:

- көлік құралы мен оның детальдары. Сарапшы онда қалдырылған іздерді зерттей отырып іздердің пайда болу механизмін анықтай алады;
- КҚ детальдары (гайка, болттар, жарық шамдарының қалдықтары т.с.с.);
- жәбірленушінің киімдері;
- оқиға болған жерден алынып бекітілген іздердің көшірмелері;
- жалпы көріністі бейнелейтін криминалистермен түсірілген панорамды фотосуреттері;
- қылмыстық істің материалдары: ЖКО өзге де тергеу әрекеттердің хаттамалары, өзге сараптамалардың қорытындылары.

Салыстырмалы үлгілер ретінде зерттеуге ұсынылады:

- дөңгелектер немесе шинаның эксперименталды үлгілері;
- шам шынылардың қалдықтары және өзге де КҚ детальдары мен бөлшектері;
- КҚ немесе оның бояуы бар бөлшек т.с.с.

КҚ іздері бойынша жүргізілетін сараптама үшін ЖКО хаттамалары мен сызбалары дұрыс және жан-жақты сипатталуы маңызды. Оқиға орнында көлемді іздер табылса оларды масштабты суретке түсіріп, олардың көшірмелерін гипс немесе полимер арқылы жасау қажет.

Сол сияқты КҚ қандай күйде табылса сол күйінде сараптамаға жіберілуі тиіс (мысалы, майысқан жерлері түзелмеу керек). Егер КҚ сараптамаға дейін жөнделген, боялған немесе деталь-бөлшектері ауыстырылған болса, ол туралы сарапшыға міндетті түрде хабарландырылуы қажет. Өйткені тек аталған жағдайларды ескере отырып, сарапшы зерттеудің тәртібін және алынған нәтижелерді дұрыс бағалай алады.

## **16 тақырып. Өрт-техникалық сараптама**

Өрт-техникалық сараптаманың зерттеу объектілері термикалық зақымға ұшыраған ортаның орны, термикалық от әсеріне ұшыраған заттар мен материалдар, механизмдер мен құрал-жабдықтар, сол сияқты фактілі деректер, оның ішінде оқиға болған жерді қарау туралы, тергеу экспериментінің хаттамалары, суреттер мен сызбалар т.с.с. заттай объектілер өрт туралы мәліметтің тасушысы болғандықтан тергеушімен алынады немесе

объектілердің ірі габаритті болуына қатысты суретке түсіріліп сарапшыға жіберіледі немесе сарапшымен сол жерде зерттеледі.

Аталған сараптаманың заты өрт-техникалық сараптаманың әдістерімен өрттің пайда болу себебін (өрттің пайда болу жағдайын) анықтайтын кешен болып табылады. Өрт-техникалық сараптаманың заты өрт болғанға дейін және кейін объектілердің күйін, оның орын алуына себеп болған жағдайлар туралы мән-жайларды жатқызамыз. Сараптама өрт, кісі өлтіру, ұрлық т.с.с. фактілерге қатысты жүргізіледі. Сол сияқты, залалды өтеуге қатысты азаматтық істер бойынша тағайындалады.

Аталған сараптаманың келесі түрлері бар, олар:

- Жанудың ошағын және таралу бағытын анықтау сараптамасы.
- Электр қондырғылардың өрттің пайда болуына қатысты байланысын анықтау сараптамасы.
- Әр түрлі жылу көздерінің өрттің пайда болуына қатысты байланысын анықтау сараптамасы.
- Материалдар мен заттардың өз-өзінен жану мүмкіндігін анықтау сараптамасы.
- Жануды үдеткіштердің болуына қатысты өрттің байланысын анықтау сараптамасы.

Аталған сараптаманың **міндеттерін** (барлық міндеттер диагностикалық-ситуациялыққа жатады) шешу үшін келесі жағдайларды анықтау қажет, олар:

- өрттің ошағын және өрттің таралуын, оның таралу уақыты мен ұзақтығын;
- жылу беру мен қызу жабдықтарының техникалық күйін, электр құралдар, өрт зонасында орын алған механизмдер, объектілердің өртпен өзара байланысын;
- қысқа тұйықталудың пайда болуын;
- қатты қызған беттерден әр түрлі тұтану және энергияның әсерінен жанар майлардан жануы т.с.с.

Сараптаманың міндеттеріне сол сияқты лауазымды тұлғалардың, өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдар әрекеттерін зерттеу де жатады.

### **16.1. Ошақты және жанудың таралу бағытын анықтау сараптамасы**

Аталған сараптаманың мақсаты өрттің пайда болу себебін анықтау болып табылады. Өйткені ол жанудың пайда болу механизмін анықтайды.

Ошақты және жанудың таралу бағытын анықтау сараптамасының алдына келесі сұрақтар қойылады, олар:

- өрттің қайнар көзі қай жерде болды ?
- нақты жер өрттің қайнар көзі болып табылады ма ?
- жанудың бағыты қандай ?

Оқиға болған жер туралы алғашқы материалдар келесі мәліметтерді көрсету керек:

- материалдар мен құрылымдарға термикалық әсер етудің сипаттамасы;

- кірпіштің қалауының бұзылуы туралы;
- темірбетон құрылымдарының түсі мен құрылымының өзгеруі;
- еден бетінің материалдарының күйі туралы;
- жанудың белгілері бар қоршаған ортаның жеке үзінділерінің сипаттамасы т.с.с.

Өрттің қайнар көзін сол сияқты жанып кеткен құрылымдарды, плиталарды, өзге де бұйымдарды сараптамалық зерттеу арқылы анықтауға болады.

Аталған объектілерді жеткілікті көлемдегі жерлерден алған жөн.

Өрт болған жердегі қоршаған ортаны оқиға болған жерді қарау туралы хаттамаларда, сызбаларда, суреттерде бекіту керек. Жоспар-сызбаларында зерттеу үшін ұсынылған объектілердің алынған жерлері көрсетілуі тиіс.

## **16.2. Электр қондырғылардың өрттің пайда болуына қатысты байланысын анықтау сараптамасы**

Электр қондырғылар ретінде электр энергиясын өндіруге, өңдеуге, тасымалдауға, беруге, бөлуге арналған машиналардың, аппараттардың, жүйелер мен көмекші құрал-жабдықтардың (олар орнатылған құрылыстар мен үй-жайларды қоса алғандағы) жиынтығын айтамыз.

Аталған сараптамаға келесі сұрақтар қойылады, олар:

- электр қондырғылардың техникалық күйі мен өрттің пайда болуының себепті байланысы бар ма ?
- электр сымдардың балқуы неден пайда болды (өрттің температурасы, тоқтың қысқа тұйықталуы) және өртке дейін немесе кейін бе ?
- өрт кезінде зерттеу үшін ұсынылған электр қорғаушылар жарамды күйінде ме ?
- аталған қорғаушылар қандай номиналды тоққа арналған ?
- ұсынылған қорғаныштардың балқу қосымшасының (плавкие вставки) бұзылу себебі қандай ? т.с.с.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Оқиға болған жерді қарау туралы хаттамада келесі мән-жайлар көрсетілуі қажет: өрт болған жерде қандай электр қондырғылар болды, олардағы зақымдар суретке түсіріліп, сипатталу керек, олардың жанармай материалдармен орналасуының қашықтығы көрсетілуі қажет және жоспар-сызбаларда қашықтықтары көрсетілуі тиіс.

Қосу және сөндіру құралдарды алу кезінде оқиға болған жерді қарау туралы хаттамасында олар «жағылған» немесе «сөнген» күйінде алынған ба сипатталуы керек. Балқу іздері бар электр қыздырғыштар және электр жарық беру құралдарын олардың сымдарымен бірге (шнур) алу керек.

Қорғау аппараттары – оның ішінде тез балқитын қорғаушылар, автоматтар т.с.с. сымдарымен бірге алынады.

Алынған электротехникалық құралдарды буу-түю кезінде оларды қатты қағазға салып, кейін шпагатпен байлап және картон не фанерадан жасалған қорапқа салу керек.

Қораптың сыртында оның ішіндегі заттың атауы, оны алудың орны мен уақыты және тергеушінің, (анықтаушы), куәгерлердің қолы, сол сияқты оны куәландыратын мөртаңбасы болу керек.

Алынған электр техникалық құралдармен және оқиға болған жерді қарау туралы хаттамамен қатар келесі қосымша материалдар болу керек, олар:

- электр қуаттардың құрылымдары мен материалдарында жанудың белгілері бар фотосуреттер (жарық, электр қыздырғыш құралдары, қозғалтқыш) ақаулар учаскелері бойынша және қолданылатын қуаттары бойынша;
- таратушы құрылымдар және электр құрылымдарды қорғау жері мен типі;
- қорғаушы және таратушы құрылымдардың қорғанышты құрастыру орны мен типі;
- қорғаушы және таратушы құрылымдардың күйі туралы;
- жүйелердің құрылымдық атқарылуы туралы.

Оқиға болған жердегі электр құралдарды тергеуші қарау барысында олардың сөнуі туралы көз жеткізу керек. Қарау кезінде хаттамада келесі мән-жайлар көрсетілуі керек:

- қорғаныштардың және өзге де қорғау аппаратуралардың типтері, олардың күйі;
- сақтандырғыштардың, сөндірушілер, қайта қосу приборларының т.с.с. қарау кезіндегі күйі;
- электр сымдар төселімдерінің тәсілі, қандай құрылым бойынша олар жиналды, сол сияқты оларды ғимаратқа, құрылыстарға енгізудің тәсілдері;
- электр құралдардың, коммутациялық және электр жарық бергіш аппаратураларының жасалу тәсілі;
- сымдар мен кабельдердің қолдану типі;
- электр құралдардың, жанғыш, жарық беретін электр құралдардың техникалық сипаттамасы, олардың бұзылу және балқу себебі т.с.с.

Егер электр сымдардың бұзылуы өрттің пайда болу себебі болса, онда объектінің электр сымдарын құрастырған жөн. Мұнда өрттің ошағы, оның таралу бағыты т.с.с. қарастырылуы тиіс.

Заттай дәлелдемелерді қарау кезінде жанған объектілерді мұқият зерттеу жүргізіледі. Оларды кейін сараптамаға жібереді. Заттай дәлелдемелер ретінде балқыған электр сымдар алынады. Алынған сымдардың ұзындығы 20 см. кем болмау керек. Олар мыс сымдары болуы керек және алюмин сымдары 25 кв. мм болуы керек. Алынуға жататын сымдардың ұзындығы 100-150 см. болуы керек. Сымдарды байқап, оларға зақым келтірмей шешу керек. Егер электр сымдар құбырда болса, оны құбырымен бірге алу керек.

Ажыратқыш, босатқыш, үзгіш т.с.с. автоматтарды шешу кезінде олардың қай күйде болғанын суреттерге түсіріп алу керек.

Алуан-түрлі электр құрылымдық бұйымдарды (электр патрондар, штепсель, тарату қорабтары, сөндіргіштер) қосылған сымдарымен бірге алу керек. Егер электр құрылымдар өзінің габариттері мен массаларына қатысты алу мүмкіндігі болмаса, олар суретке түсірілуі керек.

Өрттің пайда болу қайнар көзін анықтау үшін, электр сымдардың жарамсыздығы туралы келесі мәліметтерді сарапшыға хабарлау керек: өрт болғанға дейін бір күн бұрын жұмыстың аяқталу уақыты, қандай электр құралдар жұмыс күйінде болды, электр сымдардың жарамсыздығы туралы, қандай бұзушылықтар өртке дейін орын алды, электр жарық құралдарының өшірілуі туралы т.с.с.

### **16.3. Әр түрлі жылу көздерінің өрттің пайда болуына қатысты байланысын анықтау сараптамасы**

Сараптаманың алдына қойылатын сұрақтар:

- жылу және қыздырғыш құралдарда жарамсыздықтар бар ма ?
- зерттелуге жататын қыздырғыш және жылу құрылдары өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келе ме ?
- анықталған факт (техникалық бұзылу, нақты қолдану жағдайы) өрттің пайда болуымен байланысты ма ?
- нақты материалдардың немесе заттардың (дәнекерлеу жұмыстары жүргізілген сәтте пайда болатын ұшқындар, шырпыдан т.с.с.), алғашқы мәліметтерде көзделген жағдайларда болуы мүмкін бе ?

#### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Қойылған сұрақтарды шешу үшін заттай дәлелдемелермен қатар келесі мәліметтер ұсынылуы керек:

- оқиға болған жерде өрт болғанға дейін жылу құралдары болды ма, болса, олардың маркасы, саны, уақыты мен қолдану жағдайы;
- табылған жердегі жанармай материалдарының қыздырғыш құралдар бетіндегі материалдарға қатыстылығы;
- жылу әсер ететін жердегі жанармай заттарының болуы және оның қыздырғыш құралдарды тапқан жермен қашықтығы.

Егер қыздырғыш құрал ретінде пеш қолданылса, келесі қосымша мәліметтер қажет:

- пештің құрылымының ерекшеліктері, жанармай материалдарына дейінгі қашықтығы, құрылымы;
- жануға дейін орналасқан беттің материалының күйі;
- отынның сапасы мен табиғаты;
- оттың жану ұзақтығы мен режимі т.с.с.

Сөндірілмеген темекінің, шырпының т.с.с. материалдардан пайда болған өртті анықтау үшін тезжанғыш заттардың, олардың табиғаты, өрт болған жерде орналасуы туралы оқиға болған жерді қарау хаттамасында көрсетілуі қажет.

Жанармай материалдарының үлгілері сарапшыға салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін жіберілуі тиіс.

#### **16.4. Заттар мен материалдардың өзінен-өзі жану мүмкіндігін анықтау сараптамасы**

Сараптаманың алдына қойылатын сұрақтар:

- бастапқы мәліметтерде көрсетілген жағдайларда нақты заттардың жылулық, химиялық, микробиологиялық өзінен-өзі жанудың пайда болуы мүмкін ба ?
- алғашқы деректерде көрсетілген объектілердің сақталуы өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес пе ?
- зерттелетін объектілердің өзінен-өзі жануы үшін қолайлы жағдайлар болып табылады ?

#### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Өрт болған жерді қарау туралы хаттамада оқиға болған жерге термикалық әсер етудің сипаты және сол жерде материалдар мен заттар қалай сақталғандығы туралы көрсетілуі керек.

Ауылшаруашылық объектілерінде өсімдік жемдік азық-түліктердің микробиологиялық өзінен-өзі жануын сараптамалық түрде анықтау үшін келесі мәліметтер көрсетілуі керек:

- жем қандай шөптерден дайындалғандығы;
- жемнің дайындалу, кептіру және тасымалдау кезіндегі ауа райы (метеорологиялық анықтама қажет);
- шөптің далада кептірілуінің ұзақтығы (шаруашылықтың агро-зертханасының мәліметтерімен немесе куәгерлердің жауабы бойынша анықталады).

Өсімдік объектілерінің қоймаға қою және сақталу технологиясы туралы мәліметтер өз құрамына мыналарды енгізеді:

- қоймаға қоюдың әдісі туралы мәліметтер, өсімдік массасының көлемі туралы, оның орын алған жерінің аумағы туралы (үй-жайдың төбесі мен қабырғаларына дейінгі арақашықтығын көрсетуімен);
- белсенді вентиляциялау жүйелері немесе ауаны алмастыру үшін арналған вентиляциялық каналдардың болуы, олардың көлемі және арақашықтығы туралы мәліметтер;
- жемнің температурасын өлшеу нәтижелері, жиілігі, тәсілдері мен сол үшін қолданылған құралдар;
- сақтау қоймасында күлдің аккумуляциялануына себепші болған жағдайлардың пайда болуы туралы мәліметтер (үй-жай жиі тексерілді

ма, есіктері мен люктері қанша уақыт ашық тұрған, шатыр мен қабырғалардағы тесіктерден жаңбыр суы ішке кіруі мүмкін бе).

Тұтандыру қайнар көздерінен жанармай материалдарының жану мүмкіндігі туралы сұрақтар қойылу кезінде сараптамаға сол материалдардың үлгілері жіберіледі.

Өзінен-өзі жану мүмкіндігін анықтау үшін сарапшы сақталған материалдар туралы, олардың аталуы, сақталу жағдайлары, температурасы, ылғалдылығы және жақын арада болған қыздырғыш қайнар көздер туралы мәліметтерді білуі қажет.

Егер материалдар жылулық өзінен-өзі жануға бейім болса (мысалы қағаз, ағаш), онда қыздырғыш қайнар көздері туралы деректерді хабарлау керек (мысалы, пеш, электр қыздырғыш құралдары).

Қоймаларда өрт болған кезде, онда сақталған материалдардың (жем, шөп, шөптік дәрумендік ұн) сақталу, жинау кезінде барлық талаптар сақталды ма, қандай жағдайда, қанша уақыт олар сақталғандығын анықтау керек.

Заттардың химиялық өзінен-өзі жануға ұшырау мүмкіндігін анықтау үшін (аммиакты немесе калийлі селитра) жоғарыда көрсетілген мәліметтермен қатар, жақын арада болған минералды қышқылдардың (күкірт қышқылы), минералды тыңайтқыштардың (суперфосфат, тотияйын) және жанғыш материалдардың (ағаш, қағаз) болуы туралы көрсетілуі керек.

Өсімдік немесе малдың майымен сіңіп қалған майдаланған немесе талшық заттарының өзінен-өзі жануға ұшырау мүмкіндігін анықтау барысында сарапшыға олар қандай өсімдік немесе жануар майымен сіңдірілуі, жақын жерде қыздырғыш заттар орын алуы туралы мәліметтер көрсетілуі қажет.

### **16.5. Үдеткіштің көмегімен жану дерегін анықтау сараптамасы**

Тергеуші өрттің пайда болуына қатысты алуан-түрлі болжаулар құрастырумен қатар, өрттің мұнай өнімдері мен жанармайлар материалдарын қолдану барысында пайда болған өрттер туралы да болжауларды шетте қалдырмайды. Мұндай болжауларға қатысты сұрақтарды шешу өрт-техникалық сараптаманың және заттар мен материалдарды криминалистік зерттеу сараптамасының құзыреттілігіне кіреді. Сондықтан, екі түрлі сараптама тағайындалады.

Сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылады:

- ұсынылған жану объектілерінде үдеткіштер – оңай тұтанатын, жанармай сұйықтықтардың белгілері бар ма ?
- егер болса, олардың табиғаты қандай ?

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Үдеткіштің болуымен жанған объектілерге ерекше зақымдар тән болады. Олар іс материалдарында көрсетілуі тиіс: жанудың бірнеше локализацияланған жерлері болады, материалдар қатты зақымданады, баяу

жанатын материалдарда тесіп өткен жанудың болуы, үдеткіш ретінде қолданылған заттардың ерекше иісі. Мұндай заттар өртенбеген жерлерде де сақталуы мүмкін.

Сараптама үшін өрт болған жерде төгілген жанармайлар көздері бар тасушы-заттар да ұсынылуы қажет. Оларға: оңай тұтанатын заттардың үлгілері, жанармайлардың сұйықтықтары т.с.с.

Сараптамаға жіберілетін заттар ағып кетпеуі үшін тиісті түрде буып-түйілуі керек. Жоспар-сызбаларда алынған объектілердің жерлері көрсетілуі керек.

Өрт-техникалық сараптаманы тағайындау барысында тергеушімен ғимараттың архитектуралық-құрылыстық сипаттамасы берілуі тиіс, объектінің жоспары, еденнің материалдары мен құрылымдары, қабырғалардың, төбелердің, есік пен терезелердің құрылымдары, өртпен зақым болған заттардың дәрежесі мен сипаты т.с.с. көрсетілуі керек. Осыған қатысты мұқият түрде жанып кеткен құрылымдар мен материалдар, онда қалдырылған іздер, металл заттарынан жасалған құрылымдардың және құралдардың зақымдану ерекшелектері көрсетілуі тиіс.

**Оқиға болған жерде маманның қатысуы барлық жағдайда қажет.** Егер сараптама тағайындалса, тергеулік қараумен қатар сараптамалық қарау да қажет, өйткені ол сараптамалық зерттеудің бірден-бір сатысы болып табылады. Өрт болған жер статикалық және динамикалық күйде қаралуы керек. Статикалық қарау кезінде өрт болған жер өзгеріссіз сақталады. Бұл сатының негізгі міндеттері өрт болған жерді зерттеп, бекітуден тұрады.

Динамикалық сатыда құрылысты бірте-бірте қарау жүргізіледі, өрттен қалған қоқыстарды жинайды, едендерді тазартады. Бұл сатыдан кейін қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру қажет.

Өрт болған жерді зерттеу кезінде суретке түсіру керек. Фотосуретке криминалистік суретке түсірудің барлық ережелерін сақтай отырып түсірілуі тиіс.

Оқиға болған жерді қарау хаттамасын сызба-жоспармен қатар жасалу қажет. Толығымен жанып кеткен объектілерді, материалдарды, құралдарды олармен жақын тұрған заттарды сипаттау қажет.

Сарапшыға сұрақтарды шешу үшін қажет, бірақ оқиға болған жерді қарау туралы хаттамада орын алмаған, мәліметтер тергеуші қаулысының сипаттау бөлімінде көрсетілуі керек.

Мысалы, өрттің пайда болуын және оның таралуын анықтау үшін өртке себеп болған қоршаған ортаны сипаттап материалдар мен құралдардың орналасқан жерлерін көрсету керек.

Өндірістік процесстердің салдарынан туындаған өртті анықтау үшін хаттамада құралдардың немесе монтаждың өртке қауіп келтіретін жағдайларын, құралдардың техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуын (бұзылуын), технологиялық процесстердің сақталу ерекшеліктерін, құралдардың жұмыс режимін, сақтайтын және қорғайтын бақылау құралдарының күйі т.с.с. сипаттап көрсету тиіс.

Сонымен, ұсынылатын материалдардың көлемі сараптамаға қойылатын сұрақтарға қатысты болады. Зерттеу жан-жақты, толық және шынайы болу үшін сарапшыға оқиға болған жерді қараудың хаттамасын, жоспарсызбаларын, объектілердің фотосуреттерін, өрт туралы инспектордың актісі, электр құралдарын тексеру туралы Мемлекеттік өрт-қадағалау және Мемлекеттік энергия-қадағалау органдарының актілер ұсынылуы қажет.

Өрт-техникалық сараптаманың міндеттері дұрыс шешілуі оған ұсынылған объектілердің күйіне қатысты (заттай дәлелдемелер, үлгілер) және олардың жеткілікті көлемде болуы, тергеушімен ұсынылатын алғашқы деректердің (Мемлекеттік органдардың өртке қатысты актілері) орын алуы қажет.

## **Тақырып 17. Сот экономикалық сараптама**

Қазақстан Республикасының Әділет Министрінің 2002 жылғы 24 қазандағы № 158 бұйрығымен бекітілген ҚР Әділет Министрлігінің Сот сараптама орталығында Сот сараптамасын және арнайы зерттеулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулығына сәйкес, сот-экономикалық сараптамалар келесі түрлерге жіктеледі:

- сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеулер;
- сот-сараптамалық шаруашылық операцияларды зерттеу;
- сот-сараптамалық қаржы-несиелі зерттеулер;
- сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеулер;
- сот-сараптамалық экономика-құқықтық зерттеулер.

Барлық жоғарыда көрсетілген сараптамалардың түрлері қаржы-шаруашылық операцияның көпжақты объектілерін біріктіреді. Олар заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлермен жүзеге асырылады, бірақ әр бір сараптама өзінің пәніне, міндеттері мен зерттеу объектілеріне ие. Бұл – шаруашылық қызметтің (бухгалтерлік есеп) немесе шаруашылық қызметтің несиені немесе бюджеттік құралдарды қолданудағы бекітетін формальды жағы.

### **17.1. Сот-бухгалтерлік сараптама**

Зерттеу объектісі бухгалтерлік есеп шеңберіндегі субъектілердің шаруашылық қызметі болып табылады. «Бухгалтерлік есеп туралы» ҚР Заңының 6, 7 баптарына сәйкес, шаруашылық субъектілердің барлық қаржы-шаруашылық қызметі жазбаша немесе электронды түрде көрсетілуі қажет. Зерттеудің тікелей объектілері бухгалтерлік есептің құжаттары – алғашқы құжаттар, есептік регистрлер (ордер-журналы, ведомосттері) қаржы есебінің құжаттары жатады.

Сот-бухгалтерлік сараптаманың пәні – арнайы білім негіздерін қолдана отырып анықталатын деректер, олар кәсіпорындарда, фирмаларда т.с.с. шаруашылық қызметтерінің бухгалтерлік құжаттарында қалай орын алғандығын көрсетеді және қандай операциялар бойынша бухгалтерлік есеп бұрыс көрсетілгенін анықтайды.

Сот-бухгалтерлік сараптама экономикалық сараптамалардың ішінде ең кең таралған түрі болып табылады. Ол жиі қылмыстық сот өндірісінде экономикалық қылмыстарды тергеген кезде тағайындалады. Сол сияқты, экологиялық нормалар бұзылған сәтте әкімшілік сот өндірісінде де, азаматтық сот өндірістерінде де тағайындалады.

Аталған сараптаманың міндеттері үш топқа бөлінеді.

Бірінші топқа алғашқы құжаттағы деректердің есеп регистрлеріне, есептерге сәйкес келмеуіне қатысты жағдайларды анықтау жатады. Аталған міндетті шешу үшін сарапшының алдына келесі сұрақтар қойылады, олар:

- есеп регистріндегі жазбалар алғашқы құжаттарға сәйкес келе ме, егер жоқ болса, онда жол жіберілген ауытқу шығыс соммалардың жоғары (кем) болуында қалай көрсетілген ?
- синтетикалық есептің деректері аналитикалық есептің, алғашқы құжаттың деректеріне сай ма, егер жоқ болса, қандай сомманы бұрмалайды ?
- қорытынды көрсеткіштер өнімнің шығыс құжаттарындағы деректерге сәйкес пе, егер жоқ болса, жіберілген ауытқу көрсеткіші қандай ?
- есепте жол берілген бұрмалау қандай шаруашылық қызметпен байланысты ?
- алынған құжаттарға сәйкес жетпеген сомма қандай ?
- мүліктік құндылықтардың кірісі туралы (немесе шығысы) алғашқы және есепке алу құжаттарында анықталған ауытқулар нақты қандау уақыттың ішінде орын алған т.с.с.

Сот-бухгалтерлік сараптаманың екінші тобының міндеттері тауар-материалдық құндылықтардың, бухгалтерлік есептегі ақшалай қаражаттардың қабылдау, сақтау және сатылуын анықтайды.

Аталған топ бойынша келесі сұрақтарды қоюға болады:

- материалдарды есептен шығару құжаттармен дұрыс рәсімделді ме ?
- белгілі кезеңдегі материалдардың түсуі бухгалтерлік есепте көрсетілген бе ?
- регистрдегі қандай жазбалар алғашқы құжаттармен бекітілген жоқ?
- қандай кезеңде және қандай соммаға құндылықтар қажетті құжаттарсыз рәсімделген ? т.с.с.

Аталған сараптаманың үшінші тобының міндеттері бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін және құралдардың жеткіліксіз немесе артық болуына қатысты жағдайларды анықтайды.

Сарапшы алдына келесі сұрақтар қойылады:

- нақты шаруашылық қызмет бойынша алғашқы, жиынтық құжаттар дұрыс рәсімделді ме ?
- құндылықтарды қабылдау және тапсыру кезінде қандай есептің талаптары орындалған жоқ ?
- шоттардың корреспонденциясы сақталды ма ?
- аналитикалық есеп кезінде қандай ережелер сақталған жоқ ?

- бухгалтерлік есепті жасау кезінде қандай бұрмалаушылықтар орын алды ?
- калькуляция кезінде қандай ережелер сақталған жоқ ?
- бухгалтерлік есепті жүргізу барысында оның әдістемесі сақталды ма ? т.с.с.

Жоғарыда көрсетілген сұрақтар типтік сұрақтарға жатады. Белгілі жағдайға қатысты басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін. Сараптаманы тағайындау кезінде барлық талаптар сақталуы қажет, оның ішінде сарапшыға қойылатын сұрақтар оның құзыреттілігінде болып және анық түрде қойылуы керек. Сарапшының алдына құқықтық мазмұнға ие сұрақтар қоюға тыйым салынады, мысалы, бухгалтерлік есептің қателіктерін кім жасады немесе лауазымды тұлғалардың нақты қайсысы материалды залалды өтейді т.с.с. мұндай сұрақтарды шешу тергеушінің (сот) құзырында.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Жоғарыда аталған сұрақтарды дұрыс шешу үшін тергеуші сараптамаға алғашқы құжаттарды ұсынуы керек, оларға: есеп регистрлері (журналдар, ордер, бас кітапшасы), баланстар, есептер жатады.

Аталған құжаттардан басқа, сарапшыға электронды тасушы құралдарын да ұсыну қажет (деректері бар дисктер). Олар ҚР ҚІЖК баптарында қарастырылған талаптарға сәйкес алынуы керек. Қажетті құжаттардың қатарына жедел есеп материалдары, статистикалық есеп құжаттары, мүліктерді түгендеу актілері, материалды жауапкершілікке қатысты шарттар, еңбек шарттары жатады.

Ревизияның актілері, материалды-жауапты тұлғалардың түсініктемелері, жауап алудың хаттамалары, аудиторлық қорытындылардың сарапшыға ұсынылатын құжаттардың ішіндегі орны ерекше.

Сараптамаға ұсынылатын құжаттардың тізімі нақты жағдайға қатысты.

Материалдардың толық болуы үшін тергеу әрекеттеріне мамандарды қатыстырған жөн. Олар сараптама үшін қандай құжаттарды жіберу және ол құжаттардың бір-бірімен байланыстылығын, сарапшыға қандай сұрақтарды қою қажеттілігіне қатысты кеңестер береді.

Сараптама үшін құжаттарды жинау ең жауапты сатылардың бірі. Егер сарапшы қажетті материалдарды толық сарапшыға ұсынбаса, сараптамалық өндіріс тоқтатылады. Мәселен, ҚР Әділет Министірлігі жанындағы Сот сараптама орталығының тәжірибесі көрсеткендей, тіпті 100 % жағдайында аталған сараптаманың тағайындалуы қосымша материалдарды қажет етеді.

## **17.2. Қаржы-экономикалық сараптама**

**Зерттеудің объектісі** субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметтері болып табылады.

Аталған сараптаманың **пәні** кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың экономикалық және қаржылық жай-күйіне қатысты мән-жайлар болып табылады. Яғни бұл сараптаманың пәні бухгалтерлік сараптаманың

пәніне қарағанда кеңдеу. Аталған сараптама жалған банкроттық, әдейі банкротқа ұшырау, салықтарды төлемеу, несиені қайтармау т.с.с. фактілер бойынша тағайындалады. Сол сияқты, қаржы-экономикалық сараптама азаматтық, әкімшілік сот өндірістерінде де тағайындалады.

Аталған сараптама міндеттеріне қатысты екі топқа бөлінеді:

1. Қаржы-несиелік зерттеулер.
2. Қаржы-бюджеттік зерттеулер.

**Қаржы-несиелік сараптама** ақшалай қорды дұрыс шығындау, несиелерді негізді таратуға қатысты зерттеулерді жүргізеді.

Осыған қатысты келесі сұрақтар қойылады:

- банктен несие алудың мақсаты негізделген бе ?
- несие алу үшін банкке қандай жалған деректер ұсынылды ?
- несие құралдары дұрыс шығындалған ба ?
- айыппұлдарының соммасы, несиені мерзімінен бұрын қайтарып алу негізделген ба ?
- несие бойынша пайыздары дұрыс тағайындалған ба ?
- несиелер бойынша %-ды есептеу үшін залал соммасы қандай?
- кәсіпорын несие бойынша дұрыс төлемдер жасады ма ?
- қаржы-несие жоспарлары дұрыс ресімделген ба, егер жоқ болса, себептері қандай т.с.с.

**Қаржы-бюджеттік сараптама** бюджеттік қаражаттардың дұрыс шығындалуын, салық есептерінің және өзге де құжаттардың дұрыс рәсімделуін зерттейді.

Аталған сараптамаға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін, олар:

- экономикалық көрсеткіштердің есептері дұрыс жасалған ба ?
- смета дұрыс құрастырылған ба ?
- жұмысшылар мен қызметкерлерге жалақы, сыйақы дұрыс төленген бе ?
- шығындардың бағалау нормаларына сәйкес па, егер жоқ болса, абсолютті көрсеткіштердегі ауытқулар қандай?
- материалдар мен шикізаттардың құны дұрыс есептелген бе ?
- тұрақты өндірістік шығындар есептері дұрыс жүргізілген бе ?
- өзіндік құнын есептеу дұрыс жүргізілген бе ?
- бюджеттік құралдар мақсатына сәйкес пайдаланылды ма ?
- бюджетке салық және өзге де міндетті төлемдердің мөлшері т.с.с.

### **17.3. Экономикалық-құқықтық зерттеулердің сараптамасы**

Сот-сараптамалық экономико-құқықтық зерттеулер шарттық қатыныстардың сол кезеңдегі орын алатын заңдылықтарға сәйкестігін анықтайды. Аталған сараптама қылмыстық сот өндірісінде лауазымды тұлғалардың өз құзырынасыра пайдалану деректері бойынша тағайындалады. Сол сияқты, жалған банкроттық, әдейі банкротқа ұшырау, салықтарды төлемеу, заңсыз жекешелендіру жағдайлары бойынша тағайындалады. Сол

сияқты, қаржы-экономикалық сараптама азаматтық, әкімшілік сот өндірістерінде де тағайындалады.

**Зерттеудің объектісі** шаруашылық және өзге де құқықтық қатынастар жатады. Олар келесі бағыттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- мемлекеттік сатып алуда пайда болатын қатынастар;
- банктік қызметтің жүзеге асырылуына қатысты қатынастар;
- салық және өзге де міндетті төлемдерге қатысты қатынастар;
- лицензиялауға қатысты қызметтерді жүзеге асыру қатынастары;
- жекешелендіру процесінде пайда болатын қатынастар;
- зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы қатынастар;
- шаруашылық субъектілердің әр түрлі шарттарға сәйкес экономикалық өзара есептесуге т.с.с. азаматтық-құқықтық қатынастар.

Экономикалық-құқықтық зерттеулер түрлерінің шеңберінде келесі сұрақтар шешіледі, олар:

***Шартқа негізделген азаматтық-құқықтық қатынастарды зерттеу:***

- шарттардың, контрактілердің жасалу негізділігі мен оның рәсімделу дұрыстығы;
- шарттың, келісімнің, контрактінің экономикалық тиімділігін анықтау.

***Бюджетке қатысты салық және өзге міндетті төлемдерді төлеуге қатысты шаруашылық қызмет субъектілердің қарым-қатынастарын зерттеу:***

- субъект белгілі салық түрін төлеудің төлемшісі болып табылады ма ?
- резидент емес тұлғалардың салық төлеу мәселесі;
- әр түрлі шаруашылық қызмет субъектілерінің шарттық қатынастарға сәйкес шаруашылық операцияларының негізділігі.

***Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы пайда болатын қатынастарды зерттеу:***

- зейнетақыны төлеу негізділігіне қатысты сұрақтар;
- зейнетақы соммасына қатысты сұрақтар.

***Лицензиялау қызметін жүзеге асыруға қатысты пайда болатын қатынастарды зерттеу:***

- тұлғаға белгілі бір қызметті жүзеге асыру үшін лицензия қажет па?
- лицензияны беру немесе қайтып алу тәртібі нормативті құқықтық актілермен бекітілген тәртіпке сай ма ?

***Жекешелендіру процесінде пайда болатын қатынастарды зерттеу:***

- мемлекеттік меншікті жекешендіру процесінде оның негізділігі мен жүргізу тәртібіне қатысты пайда болатын сұрақтар.

***Банктік қызметті жүзеге асыруға қатысты зерттеулер:***

- шаруашылық субъектілердің жүзеге асыратын қызметі банктік қызметке жатады ма ?

### ***Мемлекеттік сатып алу процесінде пайда болатын қатынастарды зерттеу:***

- мемлекеттік сатып алуға қатысты жүргізіліп жатқан тендердің шарттары сол кезеңде қолданыстағы ҚР заңдылықтарға сай ма ?
- мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаздың анықталуы негізді ма ?
- тендердің өткізілу тәртібі сол кезеңде қолданыстағы ҚР заңдылықтарға сай ма ?
- мемлекеттік сатып алудың нақты әдісі негізді ма ?

Экономикалық сараптаманың барлық түрлері бойынша сұрақтар типтік болып табылады және нақты жағдайға, іс материалдарына қатысты басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін, сонымен қатар олар сот сарапшысының құзырынан тыс шығып кетпеуі керек.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Аталған сараптамаларды тағайындаған кезде оларға дайындалатын материалдардың саны сот-бухгалтерлік сараптамамен салыстырғанда көлемірек. Мәселен, құрылыс фирмасымен материалдар ұрланған кезде келесі материалдар ұсынылуы қажет: құрылыс қаржы жоспары, құрылыс-монтаждық жұмыстар жүргізудің журналы, жасалған жұмыстарға қатысты анықтамалар мен актісі, бақылау өлшеудің актілері, құрылыс-монтаждық жұмыстарды жасау кезінде қолданылған материалдар мен өзге де шығындардың бекітетін журнал ордері, қаржыландырудың реквизиттері т.с.с.

Материалдарды сараптамаға дайындау кезінде тергеушіге тергеу әрекеттерін (алу, тінту т.с.с.) жүргізу барысында маманды қатыстырған жөн. Маманның көмегі сараптама үшін қажетті материалдарды дұрыс және толық көлемде ұсынуға көмектеседі.

## **18 тақырып. Сот-тауарлық сараптамалары**

Сот-тауарлық сараптаманың **зерттеу объектісі** әрқашанда сату-сатып алу саласына қатысты болады. Аталған сараптаманың объектілері көпжақты, күрделі және көп қызметті. Тауар тануда және сот-тауарлық сараптаманың теориясында көптеген жіктелу жүйелері орын алады. Мысалы, тауарлар материалды және материалды емес активтер деп бөлінеді.

**Бірінші топ объектілеріне:** жылжитын мүліктер: тауарлық-материалды құндылықтар, көлік құралдары, өндіріс құралдары т.с.с. жатады. Жылжымайтын мүліктерге: жер, жер қоймалары, жер телімдері, өндірістік және азаматтық құрылыстар, инженерлік инфрақұрылымдар, арнайы мақсатқа арналған құрылыстар, аяқталмаған құрылыстар т.с.с. жерге қатысты объектілер жатады.

**Екінші топ объектілеріне:** жұмыстар, қызметтер, шығармашылық және интеллектуалды қызметтің нәтижелері, өндірістік меншіктің

объектілері (патентер, тауар белгілері, қызмет ету белгілері); өндірістік меншіктің тіркелмейтін объектілер (ноу-хау, гудвилл, ғылыми есептер, монография, технологиялық құжаттар, макеттер, модельдер, тәжірибелі үлгілер, қолдану жөніндегі нұсқаулар); қалдырылған шығындар (ұйымдастырушылық шығындар, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты шығындар), құжаттар мен материалдар (фотосуреттер, бейнежазбалар) т.с.с.

Жалпы жіктемелік сызба мен сот сараптамасының үш түрге бөлінуін негізге ала отырып сот-тауарлық сараптаманы келесі түрлерге бөлеміз:

- азық-түлік емес тауарларды зерттеу;
- азық-түлік тауарларын зерттеу;
- көлік-тауарлық зерттеулер;
- құрылыс-тауарлық зерттеулер;
- контрафактілі өнімдерді зерттеу.

**Сот-тауарлық сараптаманың пәні** тауарлардың сипаттамасын, тұтынушылық және өзге де құндырына әсер ететін активтердің сипаттамасын анықтайтын фактілі деректер. Сараптама контрабанда, бөтен мүлікті иелену немесе талан-таражға салу, сапалы емес өнімдерді сату, алаяқтық т.с.с. фактілер бойынша тағайындалады.

Аталған сараптаманың **міндеттері идентификациялық емес** (диагностикалық, классификациялық, ситуациялық) және идентификациялық болып бөлінеді.

**Классификациялық міндеттер** тауардың түрін, оның артиклін, мөлшері мен бағасын, тегін анықтауға бағытталған.

**Диагностикалық міндеттер** келесі жағдайларды анықтайды, олар:

- тауарды дайындау тәсілі;
- нақты тауардың стандарттарға, сапасына немесе көлемдік көрсеткіштеріне сәйкестігі;
- тауардың мүліктерді түгендеу немесе құнсыздану актілеріне сәйкестігі;
- буып-түю әдісі, оның стандарттар мен өзге де нормативтерге сәйкестігі;
- тауарды сақтау, тасымалдау т.с.с. нормативтерге сәйкестігі.

**Ситуациялық міндеттерге** жатады:

- материалды және материалды емес активтер сипаттамасының шығындық, салыстырмалы және пайдалылық дәрежесін қолдана отырып ситуациялық талдауды жүргізу;
- активтердің құны мен түрлерін анықтау (тұтынушылық, нарықтық, баланстық, кедендік қалпына келтіру, кепілдік т.с.с. құндары);
- келтірілген залалдың көлемін анықтау т.с.с.

**Идентификациялық міндеттері:**

- әр түрлі тұлғалардан (сезікті) алынған тауарлардың (заттай дәлелдемелер) жалпы қайнар көзін анықтау;
- нақты бір затқа тиесілілігін, топтамаға қатыстылығын анықтау;
- тауарды дайындаған елді анықтау т.с.с.

### **18.1. Азық-түлікке жатпайтын тауарларды (өндірістік) және азық-түлік тауарларды зерттеу**

Аталған сараптама жеңіл өндірістік (киім-кешек, аяқ-киім); галантереялық, зергерлік бұйымдарды; гигиеналық тауарларды (парфюмерия, косметика); мәдени-тұрмыстық тауарларды (спорт, демалысқа арналған тауарлар); шаруашылық тауарлар (жиһаз, ыдыс-аяқ, кеңсе тауарлары, тұрмыстық химия т.с.с.); жанармай материалдары т.с.с. тауарларды зерттейді.

Сол сияқты, азық-түлік тауарлардың тауартану сараптамасы ет, сүт, жұмыртқа, бакалея, ұн, дәмдік концентрат т.с.с. тауарларды зерттейді.

Аталған объектілерді зерттеу барысында келесі сұрақтар қойылады:

- тауардың аталуы;
- тауар қандай шикізаттан жасалған, бұйымды жасау кезінде қолданылған материалдар, олардың сапасыздығы неде;
- аталған тауардың сапасы қандай мемлекеттік стандарттарға сай, техникалық немесе шарттық жағдайларға сай ма ?
- тауардың аталуы мен сипаттамасы этикетіндегі маркировкалық көрсетішіне, таңбаларына сай ма, сәйкес еместігі неде ?
- тауар қандай әдіспен жасалған (қолдан, зауыттық) ?
- аталған бұйымдар отандық әлде шет мемлекетте жасалған ба ?
- тауарды сақтау, тасымалдау стандартқа сай ма, стандарттық талаптардың бұзылуы тауардың бұзылуына әкеп соққан жоқ па ?
- тауардың бұзылу залалының мөлшері;
- тауардың нақты құны қандай, бұйымның бірлігі үшін бағасы;
- тауардың сақтау барысындағы залал нормасы қандай ?
- нақты тауар нормативті-техникалық, нұсқаулық және өзге де құжаттарға, талаптарға, экологиялық қауіпсіздікке сай ма ?
- нақты бұйымның ақауы бар ма ?
- тауардағы ақаудың пайда болу себебі;
- олардың пайда болу уақыты т.с.с.

Аталған сұрақтар нақты іс материалдары мен жағдайға қатысты сарапшының алдына қойылады. Мысалы, есептен шығарылған материалды құндылықтарға бөтен мүлікті ұрлауға қатысты олардың бұзылуының дәрежесі анықталады, сапалы емес тауарларға қатысты тергеуші маман арқылы олардың стандарт талаптарына сәйкестігін анықтайды.

Кейде тауартану сараптамасы өзге де мамандардың қатысуымен қаралады, атап айтсақ – технолог, химик, биолог т.с.с.

### **18.2. Көлік-тауарлық сараптамасы**

Аталған сараптама көлік құралдарын, олардың агрегаттарын, детальдарын, қосалқы бөлшектерін, боялған беттерін т.с.с. зерттейді.

Көлік-тауар сараптамасының алдына келесі сұрақтар қойылады, олар:

- көлік құралының нарықтық бағасы;
- көлік құралын жөндеудің бағасы;
- көлік құралының тауарлық түрін жоғалтудың құны;
- көлік құралы жүргізушісіне зақым келтірудің нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшері.

### 18.3. Құрылыс-тауралық зерттеу

Аталған сараптама құрылыс материалдарын, бұйымдарды, құрылымдарды, өндірістік, азаматтық және әкімшілік құрылыстарды зерттейді.

Құрылыс-тауарлық сараптаманың алдына қойылатын сұрақтар:

- өндірістік, азаматтық және әкімшілік құрылыстардың нақты бағасы қандай ?
- құрылыс материалдардың, бұйымдардың нақты бағасы қандай ?
- құрылыс материалдарын сақтау мерзімін ескере отырып қалдық соммасы қандай ?
- құрылыс материалдардың, бұйымдар мен құрылымдардың сақтау, тасымалдау жағдайы стандарт талаптары мен техникалық жағдайларына сәйкес пе?
- ұсынылған жылжымайтын мүліктің нарықтық бағасы қандай ? т.с.с.

#### Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:

Сот-тауарлық сараптаманы тағайындаған кезде келесі материалдарды ұсыну керек:

- зерттеу объектілері (заттай дәлелдемелер);
- қылмыстық іс материалдары;
- объектілерді алу хаттамасы;
- зерттеу объектілерінің сапалық, сандық, ассортиментін бекітетін құжаттар;
- технолог, маркетолог т.с.с. мамандардың қорытындылары;
- үлгі-эталондар;
- салыстырмалы үлгілер;
- бухгалтерлік құжаттар;
- құқық беретін құжаттар;
- техникалық құжаттар т.с.с.

Экономикалық котрабанданы тергеу кезінде әр бір тауар үшін оларды алу әдістемелері бар: мұнай үшін – бір, жанармай материалдары үшін – басқа т.с.с. Кейде түпнұсқа тауарлардың үлгілерін алу қажеттігі туындайды. Олар: кемшіліктерін көрсететін бұйымның үлгілері, эталон – үлгілері, үлгілері – эталондар (әсіресе сапасыз тауарларды зерттегенде орын алады).

Тергеуші кейде тауарлардың жоқ болуына қатысты фактілерге тап болады. Мұндай жағдайда сот-тауарлық сараптаманың тағайындалуы алуан-түрлі бухгалтерлік құжаттардың зерттелуін талап етеді. Оларға: шот-

фактуралар, тауар-көліктік қағаздар, қабылдау актілері т.с.с. тауардың сапасы мен сандық көрсеткіштерін бекітетін құжаттар жатады.

Сол сияқты, дайындау технологиясын, қоймашының кітабы, сақтау кітапшасы т.с.с., санитарлық-эпидиомологиялық станцияның анықтамалары, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы, ветеринардың қорытындысы, іс материалдары – тергеу әрекеттерінің хаттамалары т.с.с. зерттеу жүргізу үшін қажет болуы мүмкін. Сараптамаға нақты жіберілетін материалдардың тізімі қылмыстың жасалған түрі мен істің мән-жайларына байланысты болады.

#### **18.4. Контрафактілі өнімдерді зерттеу**

Сыртқы экономикалық қызметтің кеңеюіне және атақты фирмалардың тауарларын жалған жасауға қатысты сәйкес тауарлық сараптамаларды жүргізудің қажеттілігі туындайды.

Аталған сараптамалардың объектілері:

- азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар және виртуалды ақпарат тасушылары (аудио, бейнекассеталар, дисктер) олардың бөлшектері;
- тауарлардың қорабы мен олар туралы ақпарат тасушылары, олар келесі түрлерге бөлінеді: тауар мен қораптың реквизиттері, тауар мен қораптың материалдары, техникалық құралдар, тауар мен қорапқа жазылатын реквизиттер.

**Тауар мен қораптың реквизиттері:** дизайні, қораптың футляры мен қосымша беті (авторлық және сабақтас құқықты қорғаудың белгілері), тауарлық белгі, географиялық жабыстырғыштар фирманың логотипі мен жеке штрих коды т.с.с.

**Тауар мен қораптың материалы:** бұйымның материалы, қорап пен қосымша беттің футляры (қағаз, картон, желім; бояғыш өзге де географиялық жабыстырғыштардың материалдары, дизайн мен басу мәтіндерін жазудың бояулары).

**Техникалық құралдар:** акциз маркілерін, қосымша беттерді, штрих-кодтарды, этикеткаларды, құлақшаны (ярлык) дайындау үшін қажетті құралдар. Сол сияқты, лицензиялық өнімдерді, контрафактілі өнімдерді дубликаттарды тираждау үшін қолданылатын техникалық құралдар.

**Сараптаманың міндеттері:** идентификациялық емес (диагностикалық және классификациялық) болып жіктелінеді:

- өнімнің жасалу жағдайын анықтау, жазу тасушысын рәсімдеу (реквизиттердің мазмұны, қолданылған материалдардың құрылымдық, түрлік ерекшеліктерін анықтау, құқық иеленушінің құқықтарын қорғайтын белгісі мен құралы), қорғау құралын енгізудің көрінісі мен дайындалуы;
- шығармашылық жазу тасушысында маркировка белгісінің бар жоғын анықтау;

- тасушыда шығармашылық жазбаны дайындау жағдайы мен оның сипаттамасы (аналогтық немесе сандық жазба ма, түннұсқа немесе көшірмесі ме, жазбаның сапасы, форматы т.с.с.).

***Идентификациялық міндеттер:***

- жазу тасушысының рәсімделу бұйымының лицензияланған өнімнің аналог-үлгісі бойынша идентификациялау (құрылым мен материалдарының ерекшеліктері, құқық иеленушінің құқықтарын қорғау құралы);
- жазу шығармашылығын тасушысының лицензияланған өнімнің аналог-үлгісі бойынша идентификациялау;
- жазу шығармашылығын тасушысының маркировкасына қолданылған техниканы және оған жататын құралдарды идентификациялау;
- шығармашылық жазудың тасушысындағы лицензияланған өнімнің аналог-үлгісі бойынша идентификациялау т.с.с.

Аталған сараптаманың шеңберінде келесі сұрақтар шешіледі:

- «...» атты аудиовизуалды шығарманың дыбыс жазуының сыртқы бетінің жасалу тәсілі салыстыру үшін ұсынылған лицензиялы ұқсас-үлгіге сәйкес келеді ма;
- «...» атты шығарманың жазу тасушы өнімнің сыртқы бетіне дизайн суреттері қандай тәсілмен жасалған;
- «...» атты шығарманың жазу тасушы өнімнің сыртқы бетіне салынған дизайн суреттерін салу тәсілі лицензиялы өнімнің ұқсас-үлгісіне салу тәсілімен сәйкес келеді ма;
- «...» атты шығарманың жазу тасушы өнімнің сыртқы бетінде меншік иесінің белгілер мен құқықтарын қорғау құралдары бар ма;
- «...» фирмасы логотипінің голографиялық суреті бар жапсырмасы осы өнімді шығарған кәсіпорынымен жасалған ба;
- дыбыс жазу өнімінің мақсаты және сыртқы бетін жасау үшін пайдаланылған дизайн материалдарының тегі қандай;
- шығармалардың дыбыс жазу тасушыларының өнімдерін жасау және дизайн суреттерін оған салу үшін пайдаланылған материалдарының жалпы шығу тегі бір ма;
- зерттеліп жатқан тасушыдағы шығарманың жазулары (суреті, дыбысы, бейнесі) салыстыру үшін ұсынылған ұқсас-үлгінің дәл осындай жазылу көрсеткіштеріне техникалық және сапалық көрсеткіштері сәйкес келеді ма;
- зерттеуге ұсынылған «...» деп аталатын аудиовизуалды шығарманың дыбыс жазуының көшірмесі шығарылуына лицензия берілмеген шығарманың «экранды, көрсетуге арналған, жұмысшы» көшірмесі болып табылады ма;
- «...» деп аталатын аудиовизуалды шығарманың дыбыс жазу көшірмесі лицензиялы шығарылған өнімнің көшірмесінен басып алынған ба;

- тасушыдағы фонограмманың дыбыс жазуы аралық аппаратураны пайдаланып, дыбыс жазудың әр түрлі үлгілерінен топтап жинап, монтаждау арқылы жасаған жоқ па;
- тасушыдағы шығарманың дыбыс жазуы түпнұсқа немесе көшірмесі болып табылады ма, егер көшірмесі болса, онда көшірменің «номері» - «қайта жазудың номері» қандай;
- зерттеліп жатқан тасушыдағы жазылған фонограмманың қасиеттері мен варианттары тасышу-үлгідегі басылған фонограмманың қасиеттері мен варианттарына сәйкес келеді ма;
- зерттеліп жатқан фонограммалардың дыбыс жазулары бір аппараттық кешенде жасалған ба (яғни салыстырылып отырған объектілер бір өнім болып табылады ма);
- зерттеліп жатқан дыбыс жазуында (компакт-дискіде) маркалаушы белгілері бар ма, жоқ болса, олар механикалық әсер етумен жойылмаған ба;
- зерттеліп жатқан тасушылар (компакт-дискілер) нақты технологиялық құрал-жабдықтарды пайдалану арқылы жасалған ба;
- зерттеліп жатқан тасушыларға дыбыс жазулары нақты аралық аппаратурасы қолданылып, көшірмесі жасалды ма.

### **Материалды дайындау мен рәсімдеу:**

Контрафактілі өнімді (виртуалды ақпаратты тасушы – аудио, -бейне және компакт-дискілер және олардың қосалқы бөлшектері) зерттеу үшін ұсынылады:

- алдын-ала контрафактілі екендігі анықталған әр түрлі тасушылардан алынған рәсімделу өнімі бар аудио өнімдер (қорап футляры, қосымша беттері);

- әр түрлі анықтамалық ақпараттар: өнімді рәсімдеу стандарттары, оның қызметінің ҚР аумағында лицензиялануы, ҚР аумағында көшірмелерінің тираждануы мен таралуы;

- нақты іс бойынша ақпараттар: аудиовизуалды шығарманың алу қайнар көзі, заңсыз дайындалған көшірмелерінің саны, көшірмелерінің тираждану мен таралу саны.

Контрафактілі өнімді сараптамаға ұсыну кезінде келесі шарттар сақталуы қажет:

- сараптама тағайындалғанға дейін : аудиовизуалды шығарманы алдын-ала қарамау, тек аудио және бейнекөріністерді көрсететін құралдарда "Play" режимінде ғана қарауға болады;

- алынған өнімдер арнайы пакеттерге буып-түйілуі қажет және онда арнайы жазбалар болу керек;

- қораптың футлярына, аудиовизуалды шығармаға қандай да бір механикалық әсер етуге тыйым салынады;

- аталған объектілерді қорғау үшін барлық шаралар жасалуы керек (электр, магниттік қайнар көздерден сақтау);

- қосымша құжаттар сараптама тағайындалғанға дейін жүргізілген барлық сатылар туралы мәліметтерді енгізу қажет.

## 19 тақырып. Сот-құрылыстық сараптамасы

Сот-құрылыс сараптамасының **объектісі** күрделі және көп компонентті – бұл ғимараттар мен басқа да құрылыстар, құрылыс жұмыстары үшін тікелей пайдаланылатын құрылыс механизмдері, сонымен қатар ғимараттарды, құрылыстарды жобалау, құрылысын жүргізу, жөндеу жұмыстарын көрсететін істің материалдары.

Сот-құрылыс сараптамасында екі негізгі түрі бар:

1. құрылыс-экономикалық сараптама;
2. құрылыс-техникалық сараптама.

Құрылыс-экономикалық сараптаманың **пәні** арнайы ғылыми білімдердің негізінде жүргізілген жұмыстардың нақты құнын, жүргізілген есептемелердің дұрыстығын, есеп беру іс-құжаттарының жүргізілуін анықтау бойынша деректі мәліметтерді нақтылауымен байланысты, бұл жағдай тәжірибеде келесі жағдайлардың анықталуын қажет етеді:

- құрылыс жобасының экономикалық негіздемесі;
- жобалардағы техникалық-экономикалық қателіктер;
- құрылыс материалдары шығындарының экономикалық негіздемесі;
- коммуникациялардың құрылыс жұмыстарына арналған шығындардың экономикалық негіздемесі;
- сметалық есептемелердегі және атқарылған жұмыстарды қабылдау-актілеріндегі есептердің сәйкестігі;
- ұсынылған құжаттардағы мәліметтерге орындалған құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарының құны мен көлеміне сәйкестігі;
- құрылыс материалдарына арналған шығындардың сметалық бағануына сәйкестігі;
- құрылысшылар мен тапсырыс берушілер арасындағы өзара есептесулерінің дұрыстығы;
- нақты орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін анықтау;
- жылжымайтын мүлік объектілерінің нақты құнын анықтау;
- жылжымайтын мүлік объектілерін қайта жабдықтаудың нақты құнын анықтау;
- су басу, өрт кезіндегі жөндеу жұмыстарының құнын анықтау.

Сараптамаға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- сауалнамалық іс-құжаттар дұрыс және негізді жасалған ба, ол Мемлекеттік стандартқа сәйкес па ?
- сметаларды, қабылдау актілерін жасау кезіндегі бағалау дұрыс және негізді ма ?
- құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған келісімдік баға негізделен ба?

- объектінің нақты құны қандай ?
- объектінің нарықтық құны қандай ?
- орындалған жұмыстардың құны мен көлемі қандай ?
- құрылыс материалдарының құны қандай ?
- құрылыс материалдарының шығындарын асыра қолдану бар ма ?
- жүргізілген есептемелер негізді ма ? және т.б.

Құрылыс-техникалық сараптаманың **пәні** келесі жағдайларды анықтауымен байланысты:

- құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарының сапасын, қолданылған құрылыс материалдарының сапасы мен жарамдылығын;
- құрылыс жобаларының ғылыми-техникалық негізділігін (құрылыс орнын таңдаудың дұрыстығы, жобалау және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері, жобадағы есептемелердің ғылымның жетістіктеріне, құрылыс тәжірибесіне сәйкестігі және т. б.);
- құрылыс процесінде техникалық қателерін, техникалық жобалардың кемшіліктерін анықтау мүмкіндіктерін;
- құрылыстың белгіленген (немесе өзгертілген) мерзімдерінің негізділігін;
- техникалық жобалардың кемшіліктері мен орын алған себеп-салдары арасындағы байланыстарын (құрылыс сапасыздығы мен апаттың, қайғылы оқиғаның);
- еңбек қауіпсіздігінің ережелерін сақтау бойынша нақты құрылыс ұйымының өндірістік іс-әрекеттерін;
- оқиғаның механизмін, яғни құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі апаттардың техникалық себептерін анықтау;
- құрылыс нормаларын және ережелерін (СНиП) бұзуға себепші болған деректерді.

Сот құрылыс-техникалық сарапшының құзырына келесі мақсаттарды шешу жатады:

- құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізуге арналған жобалау-сметалық іс-құжаттарды қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестікте жасаудың негізділігін анықтау;
- құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде авторлық қадағалау журналдарының, көрінбейтін жұмыстар актілерінің және басқа атқару-техникалық іс-құжаттарның дұрыс толтырылуы қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестігін анықтау;
- құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізуді техникалық және авторлық қадалаудың қолданыстағы тәртіпке және құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестігін анықтау;
- құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу сапасының бекітілген жобалау-сметалық құжаттарға, сонымен қатар

- қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестігін анықтау;
- қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкес құрылыс алаңдарының инженерлі-топогеологиялық зерттеу қорытындыларының сапасын анықтау;
  - құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде техникалық есептердегі құрылыс материалдарын есептен шығаруға арналған қолданыстағы нормалардың дұрыс қолданылғанын анықтау;
  - қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкес құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғау талаптарының дұрыс қолданылғанын анықтау;
  - құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу кезінде уақыт пен балаудың біріңғай нормаларының (ЕНиР – единых норм времени и расценок), уақыт пен балаудың ведомстволық нормаларының (ВНиР – ведомственных норм времени и расценок), сонымен қатар біріңғай аудандық жеке бағалаудың (ЕРЕР – единых районных единичных расценок) дұрыс қолданылғанын анықтау;
  - құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде мемлекеттік стандарттары және техникалық шарттары бұзылып жасалған құрылыс материалдары мен бұйымдарының қолданылғанын анықтау;
  - қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкес құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу жобасын жасаудың сапасын анықтау;
  - құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау туралы материалды-техникалық және мемлекеттік есептің дұрыс жасалғанын анықтау;
  - қолданылған құрылыс материалдары мен бұйымдарының сапасын, сонымен қатар ғимараттар мен құрылыстардың жеке бөлшектерінің (олардың қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкес сапасын анықтау;
  - технологиялық процестің еңбек қауіпсіздігін сақтау ережелеріне, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, кейбір жұмыс түрлерінің қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасауға сәйкестігін анықтау;
  - өндірістік тапсырманы орындау үшін барлық қажетті құралдармен жұмысшылардың қамтамасыз етілуін анықтау;
  - құрал-жабдықтардың, машиналардың, станоктардың, механизмдердің, қорғау құралдарының, сақтандырғыш қондырғылардың техникалық жағдайын анықтау;
  - оқиғаның механизмін, яғни құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі апаттардың техникалық себептерін анықтау;

- өндірістің нақты жағдайларындағы жұмысшы мен лауазымды тұлғаның әрекеттерін және олардың қауіпсіздік ережелеріне сәйкестігін анықтау;
- үй салу немесе жер телімі техникалық бөлінуінің мүмкіндіктерін анықтау және т.б.

Сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- нақты орындалған құрылыс-монтаж немесе жөндеу-құрылыс жұмыстарының көлемі қандай;
- орындалған құрылыс-монтаж немесе жөндеу-құрылыс жұмыстарының сапасы қандай;
- орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының қазіргі нормаларға сәйкес келеді ма;
- қолданылған құрылыс материалдарының сапасы қандай және олар талап етілген нормаларға, жобаға сәйкес келеді ма;
- құрылыс-монтаж жұмыстары жобаға сәйкес келеді ма, егер жоқ болса, онда ауытқулардың сипаты қандай;
- жобадан ауытқулардың салдары қандай болуы мүмкін;
- жобамен қарастырылмаған құрылыс материалдарын қолданудың салдары қандай болуы мүмкін;
- объектінің құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қандай техникалық кемшіліктерге жол берілді, олар ненің себептері: жобаның немесе құрылыс-монтаж жұмыстарының ба;
- техникалық жоба мен объектідегі орын алған бүліну арасында себепті байланыс бар ма;
- объектінің бүлінулері құрылыс-монтаж жұмыстарымен байланысы бар ма;
- құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігінің ережелері сақталды ма;
- құрылыс материалдарының сертификаттары сынақ нәтижелеріне сәйкес па;
- жобада құрылыс конструкцияларына салмақтың түсуі қарастырылған ба;
- құрылыс материалдарының сапасы оларды пайдалану процесінде өзгеруі мүмкін ба;
- санитарлы-техникалық және құрылыс нормаларына сәйкес жоспары және үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылыстардың мақаты қандай;
- осы жер телімінде құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде құрылыс нормалары мен жер актілерінің бұзылуы орын алды ма;
- әр тарапта нақты үлесі болған кезде, үй салу немесе жер телімдерінің техникалық бөлінуінің мүмкіндіктері қандай және т.б.

Сарапшының алдына сұрақтарды қою кезінде қате жібермеу үшін, және атап айтқанда, тергеушінің құзырына жататын, керісінше сарапшының құзырына жатпайтын сұрақтарды қоймау үшін, сарапшының құзырынан тергеушінің құзырын бөліп тұратын шекараны анықтап алған маңызды. Олар

сараптаманың пәнімен және сарапшының құзырымен анықталады, басқаша айтқанда құрылыс-техникалық сараптаманың көмегімен шешілуі тиіс және шешіле алатын нақты сұрақтар.

Құрылыс сот-техникалық сараптаманың алдына қойылуы мүмкін сұрақтардың толық тізімін беруге болмайтынын ескеру қажет. Олар әр бір нақты жағдайда, дәлелденуі тиіс істің мән-жайларымен анықталады.

Осылайша, егер апаттың себептерін, материалдардың жеткіліксіз мүмкінді беріктігінен ғимараттың (құрылыстың) бұзылуы қашан орын алғанын анықтау қажет болса, онда сарапшыға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- жобада материалдарға түсетін салмақ негізді анықталған ба және оның мөлшері артып кеткен жоқ па;
- жобада материалдың беріктігі негізді анықталған ба және жасаушы-кәсіпорыннан материалдың қажетті сапасына тапсырыс берілді ма, жасаушы-кәсіпорынның және сараптамалық сынақтардың сынақ мәліметтері бойынша материалдың сапасы қандай және сынақтардың нәтижелері қандай;
- жасаушы-кәсіпорынның құжаттарында тіркелген сынақтардың нәтижелеріне паспорттағы (сертификаттағы) мәліметтері сәйкес келеді ма;
- материалдармен құрылыста жұмыс істеу процесінде (арту-түсіру жұмыстары, өңдеу және т.б.) оның сапасын өзгерткен факторлар пайда болуы мүмкін ба, және атап айтқанда қандай; материалдың сапасы пайдалану процесінде өзгерді ма және қандай себептердің әсерінен;
- пайдалану кезінде нормалардың бұзылуы жоқ па және т.б.  
Тас қалау жұмыстарын жүргізу кезінде ереже бұзуға жол берілген жағдайларда, соның салдарынан тас қабырғаның құлауынан адамдардың денсаулығына зиян келтірілсе, немесе адам өліміне әкеп соқса немесе басқа да ауыр зардаптар орын алса, құрылыс сот-техникалық сараптаманың алдына келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:
- тас қабырғаларды тұрғызу бойынша жұмыстары жұмыстарды ұйымдастыру жобасына сәйкестікте (тәсілі, материалдың сапасы, бекіткішті таңдау, кептіру тәсілі және т.б.) жүргізілді ма;
- тас қалау жұмыстарын жүргізу кезінде қажетті раствор сапасы (маркасы) қолданылды ма;
- тас қалау жұмыстарын жүргізудің тәртібі дұрыс таңдалған ба;
- нақты тас қалау жұмыстарын жүргізу үшін арнайы төсеме тақталар қажет болды ма, құрылыс учаскесі олармен қамтамасыз етілді ма және олар Мемлекеттік стандарттарға сәйкес болды ма;
- тас қалаушының жұмыс орны құрылыстағы техника қауіпсіздігінің ережелерін сақтау тұрғысынан дұрыс ұйымдастырылды ма.

Егер құрылыс ережелерін бұзу технологиялық жабдықтау және құрал-саймандарды пайдалану кезінде жол берілген болса, сұрақтар келесі мәтінде болуы мүмкін:

- тұрғызылған құрылыс сатылары (леса) қандай типке жатады, олардың техникалық көрсеткіштері (салмақты көтеруі, бекіту түрлері), сонымен қатар құрылыс алаңында оларды орнату жұмыстарды ұйымдастыру талаптарына сәйкес келеді ма;
- құрылыс сатылары (леса) тиісті сападағы материалдан жасалды ма, олардың салмақ көтеру көрсеткіштері қандай, ол құрылыс сатыларын (леса) пайдалану барысында жоғарылатылған жоқ па, техника қауіпсіздігі ережелеріне құрылыс сатыларын (леса) немесе олардың кейбір элементтерін (щиттерін, белағаштарын, төсемдерін) бекітілуі сәйкес па;
- құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) және жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану ережелерінің талаптарына сәйкестікте технологиялық жабдықтарды пайдалану жүргізілді ма.

Құрылыс машиналарын және басқа да жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезінде жол берілген кемшіліктермен байланысты істер бойынша мысалды сұрақтардың тізімі келесі болып табылады:

- кран немесе оның қандай-да бір механизмі істеп тұр ма (көтеру биіктігін, жүк көтергіштігін шектеу құралы, кран қозғалысын тоқтатушы, тежеуші, дыбыс беру, ілу жүйелері және т. б.);
- кран жұмыстарды ұйымдастыру жобасымен сәйкестікте орнатылған ба (орны, биіктігі). Бұл жағдайға қатысты қандай ауытқуларға жол берілді, олар орын алған салдарға ықпал етті ма (авария, қайғылы оқиға және т. б.).

Тергеу және сот тәжірибесінде әр түрлі монтаж, жер қазу жұмыстарын жүргізу кезіндегі, ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу кезіндегі құрылыс нормалары мен ережелерін (СНиП) бұзу туралы істерде кездестіруге болады. Осы категориядағы істер бойынша құрылыс-техникалық сараптаманың алдында келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- жұмыстарды жүргізу тәсілі (монтаж, жер қазу, ғимараттарды бөлшектеу және т.б.) жұмыстарды ұйымдастыру жобаларының нұсқауларына және құрылыс нормалары мен ережелерінің (СНиП) сәйкесінше бөлімдеріне сәйкес келеді ма;
- ауытқулар қандай және олар нақты салдардың орын алуына (қайғылы оқиға және т.б.) қалай ықпал етті;
- жұмыстарды жүргізге қолданылған тәсілі құрылған құрылыстардың, беріктігін, сонымен қатар жұмысшылар мен қоршаған қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етті ма;
- монтаждалатын конструкциялардың (плиталар мен басқа да детальдар) беріктігі мен көлемдері жобаға сәйкес па, олардың құрылымында жобан қандай ауытқушылықтар бар және олар құрылыс беріктігінің өзгеруіне қалай ықпал ете алды;
- егер жұмыстарды жүргізу тәсілдері (монтаж, жер қазу және т.б.) құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкес келмесе, онда жол

берілген құрылыс нормалары мен ережелерінің (СНиП) және орын алған салдардың арасында объективті себепті байланыстар бар ма.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сарапшыға оқиға орнын қарау туралы (хаттамалар, жоспарлар, кестелер, фото суреттер), механизмдерді, құрал-саймандарды қарау туралы қылмыстық істің материалдары, сарапшының алдына қойылған сұрақтарға жауап беру үшін қажет болуы мүмкін жұмыстарды атқару журналы, технологиялық карталары сараптаманы беру үшін қажетті барлық материалдар ұсынылуы тиіс.

Сот құрылыс-техникалық сараптаманың негізгі зерттеу материалдары келесі болып табылады:

- белгіленген тәртіппен бекітілген құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттары;
- қолданыстағы қағидаларға және құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестікте атқару техникалық іс-құжаттары (жұмыстардың журналдары, авторлық қадағалау журналдары және т.б.);
- қолданыстағы күрделі құрылыс жұмыстары туралы заңнамалармен сәйкестікте құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшарттар;
- құрылыс учаскелерінің инженерлі-топологиялық зерттеулер қорытындылары;
- қолданыстағы қағидаларға және құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) сәйкестікте құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге тапсырыс берушінің жағынан (құрылысты салушы) техникалық қадағалау материалдары;
- құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу жобалары;
- объектінің құрылысы мен жобасы үшін арналған жер телімдерін бөлу туралы актілер мен шешімдер, жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге арналған архитектуралық-жоспарлау тапсырмасы және т.б.;
- актілер: атқарылған жұмыстарды бақылау өлшеу, қабылдау, сапасыз жүргізілген құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын зерттеу, құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге сапасыз дайындалған және қолданылған құрылыс материалдары мен бұйымдарды зерттеу;
- орындалған құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін ақысын төлеуге нарядтары;
- қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (СНиП) және жобалау-сметалық құжаттарына сәйкестікте ғимараттар мен құрылыстардың кейбір бөлімдерінде қолданылған құрылыс материалдарын және бұйымдарын тексеру материалдары (оларды ашып тексеруімен);

- құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу бойынша материалды-техникалық есептер;
- құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі құрылыс материалдарын есептен шығаруға арналған материалды-техникалық есептер;
- құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізудің жылжымалы сипатымен байланысты қосымша үстемелерді төлеу туралы материалдары;
- зерттеліп жатқан объектіде құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қайғылы оқиғалар мен апаттардың техникалық себептерін зерттеу актілері.

Егер апат немесе қайғылы оқиға техникалық құрал-жабдықтар ақауының немесе оны дұрыс пайдаланбау себептерінен орын алса, сарапшыға құрал-жабдықтың техникалық мәліметтерін сипаттайтын материалдары (қабылдау сынақтарының, техникалық тексерулердің актілері және т.б.), сонымен қатар құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде өңделген немесе пайдаланылған шикізаттар, дайын өнімдер туралы мәліметтері ұсынылады.

Сонымен қатар, құрылыста жұмыс істеп жатқан жұмысшылардың кәсіби дайындығы туралы мәліметтерді ұсыну қажет, мысалға: зардап шеккен адамда арнайы дайындықтың бар екенін куәландыратын куәлігі, мысал үшін краншы, арқаншы болып жұмыс істеу үшін арналған; жоғары биіктікте немесе қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін денсаулығының жағдайы туралы құжаттар және т.б. Алғашқы мәліметтері бар құжаттар ретінде келесі актілер ұсынылуы тиіс: арнайы ведомстволық тексерудің актісі; жазатайым оқиға туралы акт; сот-медициналық сарапшының қорытындысы; зардап шегуші адам жұмыстың қауіпсіз әдістері бойынша нұсқаулықтан өтуі туралы растайтын құжаттары (нұсқаулықтарды есепке алу журналдары); құрылыс нормалары мен ережелерінен (СНиП) және нақты іс бойынша басқа да нормативтік материалдардың, техника қауіпсіздігі ережелерінен, қадағалаушы мекемелердің ұсынымдарынан көшірмелер және т.б.

## 20 тақырып. Сот-технологиялық сараптамасы

Сот-технологиялық сараптамасының **объектілері** күрделі, көп жоспарлы, көп функционалды және көп құрамды; «технология» түсінігінің анықтамасына сәйкес, осы сараптама түрінің объектісі ретінде соңғы өнімді, сонымен қатар, шикізатты, материалды, жартылай дайындалған өнімді өндіру процесінде жүзеге асырылатын шикізатты, материалды, жартылай дайындалған өнімді өндіру, өңдеу, жасау, сақтау, ерекшеліктерінің, түрлерінің өзгеру әдістерінің жиынтығы деп санау керек.

Объектілердің сот-технологиялық сараптамасының **пәні** өндіру, өңдеу, жасау, сақтау, пайдалану туралы технологиялардың және физикалық,

химиялық, техникалық ғылымдардың мәліметтерін пайдалана отырып, шикізат, материалдар, жартылай дайындалған өнімдер, дайын өнім болып табылатын – айғақты заттарды сараптамалық зерттеу арқылы анықталатын азаматтық немесе қылмыстық істің немесе әкімшілік өндірістің нақты мәліметтері, жағдайлары құрайды.

Қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін тауарлар табылған кезде, тұтынушыларды алдау, экологиялық талаптар бұзылған, салықтарды, кедендік төлемдерді төлемеу және т.б. кездерде қозғалған істер бойынша сот-технологиялық сараптамасын тағайындау қажеттілігі туындайды. Технологиялық сараптамасы бухгалтерлік, қаржылық сараптамалардың, аудиторлық тексерулердің немесе ревизия жүргізудің алдында болуы мүмкін. Бірақ, солармен бірге де тағайындалуы мүмкін. Технологиялық сараптамасының нәтижелері ревизия, бухгалтерлік, қаржылық сараптамаларды жүргізу үшін бастапқы деректер болуы мүмкін. Өз кезегінде, тауарлық сараптамасының нәтижелері технологиялық сараптаманы жүргізу үшін арналған бастапқы деректер ретінде болуы мүмкін.

Технологиялық зерттеудің **міндеттері** екі топқа бөлінеді: идентификациялық емес (диагностикалық және ситуациялық) және идентификациялық болып бөлінеді.

*Диагностикалық міндеттер* табиғатын анықтаумен байланысты, яғни технологиясына байланысты процедурасын танып білу немесе өнімді, жартылай дайындалған өнімді, шикізатты нақты шығу тегінің типіне жатқызу.

*Ситуациялық міндеттер* өнімді, жартылай дайындалған өнімді, шикізатты өңдеу, жасау, сақтау технологиясындағы өзгерістерді анықтауға және жазып алуға, зерттеліп жатқан объектілерде нақты қасиеттердің пайда болуына әкеп соққан белгілі факторлардың әсер ету уақытын және механизмін анықтауға, өндіріс технологиясындағы кезеңдердің реттілігін анықтауға бағытталған және т.б.

Диагностикалық және ситуациялық міндеттер, әдеттегідей, **КЭМВИ** сарапшыларымен, тауартанушылармен, биологтармен бірлесе отырып, инженер-технологты тарту мүмкіндігімен қоса технологтармен орындалатын кешенді сараптама арқылы шешіледі. Бұл міндеттер келесі сұрақтарды тұжырымдау кезінде шешіледі:

- осы өнімді жасау технологиясы өндірістің қандай кезеңдерінен тұрады;
- технологиялық құжаттарға сәйкестікте өнімнің осы сапасын жасау кезінде өндірістің қанша кезеңдері қарастырылуы тиіс;
- өнімнің осы сапасын жасау кезінде қандай технологиялық құрал-жабдықтар қолданылуы тиіс;
- осы өнімнің қасиеттерін немесе өнімдегі қоспаларды анықтау үшін қандай өлшеу құралдары қолданылды;
- өнімді сақтаудың қандай жағдайлары өнімнің бұзылуына жол бермеуді қамтамасыз ету тиіс;

- бұйымның бір данасын жасау үшін қандай өнімдердің түрлері және қандай мөлшерде жұмсалған;
- шығындар осы өнімді жасау үшін бекітілген нормаларға сәйкес келеді ма;
- осы өнімді жасау кезінде қандай өндіріс технологиясының бұзылуына жол берілген;
- осы өнімді жасау кезіндегі нақты қандай қалдықтар мен басқа да өндірістік шығындар орын алды;
- технологиялық құжаттарда өндірістің кезеңдері көрсетілген ба;
- технологиялық құрал-жабдықтар істеп тұрған жағдайда ма, егер жоқ болса, онда ол қандай және ол өнімнің сапасына әсер етеді ма;
- кәсіпорын қолданған өлшеу құралдары істеп тұрған жағдайда ма;
- өнімді сақтау жағдайлары қамтамасыз етілген ба, олар өнімнің бұзылуына себепші болды ма;
- ұсынылған өнім өңдеудің толық кезеңінен өтті ма, егер өтпеген болса, онда өндірістің қай кезеңінде технологиялық процесс бұзылған және т.б.

**Идентификациялық міндеттер** сот-технологиялық сараптамасының аясында келесі жағдайларды анықтауға бағытталған:

- өнімді, жартылай дайындалған өнімді, шикізатты оларды жасау, сақтау немесе басқа да технологиялық кезеңдерінің қайнар көзі бойынша ұқсастығын;
- өнімді, шикізатты, материалдарды жасап шығарған нақты цехты, филиалды немесе жалпы алғанда кәсіпорынды;
- өнімдер, шикізаттар, материалдар сақталған нақты қойманы анықтауға.

Идентификациялық міндеттердің шешілуі келесі сұрақтарды қою кезінде жүзеге асырылады:

- ұсынылған материалдар, жартылай дайындалған өнімдер, шикізаттар өңдеудің бірінғай кезеңінен өткен ба;
- әр түрлі субъектілерден алынған өнімдер, материалдар бірінғай технология бойынша жасаған ба;
- өнімдер, материалдар осы кәсіпорында (цехта, шеберханада) жасалған ба және т.б.

### **Материалдарды дайындау мен рәсімдеу:**

Сарапшыға келесі материалдар ұсынылуы тиіс: өнім немесе оның орташа сынамасы, шикізаттардың, жартылай дайындалған өнімдердің үлгілері, құжаттары (өнімге қатысты техникалық жағдайлары), шикізат пен материалдардың бекітілген шығын нормалары, технологиялық процесті көрсететін цех журналдары, зертханалық талдаудың мәліметтері, технологиялық құрал-жабдықты тексеру хаттамалары, қызметкерлерден жауап алу хаттамалары, сарапшылардың (тауартанушының, химиктің, биологтың және т.б.) қорытындылары.

## 21 тақырып. Сот-биологиялық сараптамасы

Сот-биологиялық сараптамасы тірі құрылымдардың түрлеріне байланысты келесі түрлерге бөлінеді: сәйкесінше биологиялық сараптама, агротехникалық және агробиологиялық, зоотехникалық және мал дәрігерлік сараптама.

### 21.1. Сот-биологиялық сараптама

Сот-биологиялық сараптамасының объектілері ретінде келесілер қарастырылады: әр түрлі деңгейдегі тірі құрылымдар – бір клеткалы организмдерден бастап биологиялық қоғамдастыққа дейін, өсімдіктер және жануарлар немесе олардың бөлек бөлшектері, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік әрекетінің өнімдері, сондай-ақ, өсімдік және жануар шикізаттарын қайта өңдеу өнімдері. Тірі организмдердің алуан түрлігін ескере отырып, келесі жолдармен сараптамалық зерттеудің тікелей объектілерінің тізімін анықтауға болады, яғни олар:

- нативті (өзгермеген) организмдер және олардың фрагменттері: өсімдіктер және олардың бөлшектері – сабағы, жапырағы, тамыры, гүлі, ұрығы, гүл тозаңы, қабығы; өсімдіктердің шайыры (смола), сүттіген шырыны (млечный сок), гүл тозаңы, крахмал, жемістері;
- жануарлар немесе денесінің кейбір бөлшектері (жүні, терісі, сүйегі, мүйізі) және органдары; жануарлардың қиы (экскременты), ішкі секреция органдарынан бөлінетін заттар немесе органдарының өзі, өт қаптары және тастары, жыныс бездері және олардың секрециялары;
- құстар және олардың организмдерінің бөлшектері;
- балықтар – жеке түрлері және олардың бөлшектері;
- үлкен жәндіктер, олардың личинкалы кезеңдері, хитинді скелетінің бөліктері; жәндіктердің бөлу заттары – өрмекшінің торы, пілләсі (кокон), прополис, балы;
- тергеліп жатқан оқиғаға байланысты емес түрде (мысал үшін, мәйітті табу орны), нақты жердің табиғи биологиялық кешенін құрайтын өсімдіктер мен жануарлардың жиынтығы;
- адамның өндірістік іс-әрекеттерімен, сондай-ақ қылмыс жасаған тұлғалардың нақты әрекеттерінің механизмімен шартталған биологиялық объектілердің жасанды жиынтығы: ағаштан, өсімдік шикізатынан жасалған бұйымдар, ағаш үгінділері, пішен, силос массалары және комбикорм, дәнді дақылдар, темекі өнімдері және темекі заттары, қағаз өнімдері, өңделген тері және олардан жасалған бұйымдар, жүн, терісі, қой терісінен тігілетін тонның шикізаты, мүйіз және сүйек шикізаттарынан жасалған бұйымдар және т.б.

Сот-биологиялық сараптамасының **пәнін** сарапшылармен сот биология саласындағы арнайы ғылыми білімдерінің негізінде анықталатын азаматтық, қылмыстық істің, әкімшілік өндірістің нақты мәліметтері, жағдайлары құрайды. Сараптаманың көмегімен алынған деректі мәліметтер адам өлтіру, дене жарақатын салу, қарақшылық, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалардың ережелерін бұзу, браконьерлік деректерін тергеген кезде пайдаланылады.

Сот-биологиялық сараптамасы шешетін **міндеттері** идентификациялық емес (диагностикалық, классификациялық, ситуациялық) және идентификациялық болып бөлінеді.

Осы сараптамалық зерттеу түрінің **диагностикалық және классификациялық міндеттері** келесі жағдайлармен басланысты: шығу тегі бойынша зерттеліп отырған жануардың немесе өсімдіктің табиғатын анықтау және оны нақты таксономиялық топтарға жатқызу (отряд, топ, түр), сонымен қатар салыстырылып жатқан объектілердің жалпы түрі, жалпы тобы бойынша ажырату. Оларды шешу кезінде мысалға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- тасушы-затта табылған микро бөлшектер шығу тегі бойынша өсімдік (жануар) объектілеріне жатады ма;
- осы өсімдік объектісінің түрі, тегі, жасы, жынысы қандай;
- осы объектінің бір бөлшегі болып табылатын жануар организмінің түрі, тегі, тұқымдастығы, отряды, жасы, жынысы;
- өсімдіктер объектілерінің құрамдық компоненті қандай;
- ұсынылған өсімдіктердің салыстырмалы зерттеу үшін алынған үлгілермен жалпы тектік (топтық) ұқсастығы бар ма;
- ұсынылған жануар бөлшектері салыстырмалы зерттеу үшін алынған үлгілермен жалпы тектік (топтық) ұқсастығы бар ма;
- оқиға орнында (немесе тасушы-затта) табылған талшықтар жануардың жүні болып табылады ма; олар қай жануарға тиесілі және т.б.

Осы сараптамалық зерттеу түрінің **ситуациялық міндеттері** қылмыс объектісі мен оқиғаның арасындағы себеп-салдарлық баланыстарын; зерттеліп отырған объектінің тергеліп жатқан оқиғамен уақыттық байланыстарын анықтаумен байланысты. Бұл міндеттерді шешу үшін мысалға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- жануар жүнінің немесе сабақтан жапырақтың, сабақтың тамырда ажырау механизмі қандай;
- ұсынылған өсімдік (жануар) объектісі қандай әсерге ұшыраған (механикалық, термикалық, биологиялық, химиялық);
- ұсынылған биологиялық объектілерде қоршаған ортаның әсер ету факторларының белгілері бар ма (сақтау, тасымалдау, биологиялық зақымдау);

- шығу тегі биологиялық объектілерге қарағанда, олардың тасушы-затта жағылуы қашан орын алған; олардың нақты субъектіге (тасушы-затқа) жағылу уақыты қылмысты жасау уақытына сәйкес келеді ма;
- нақты тұлға көмілген жердің қабатындағы биологиялық комплекске қарағанда, оны көмген уақыттан беру қанша сағат өтті, және т.б.

Осы сараптамалық зерттеу түрінің *идентификациялық міндеттері* салыстырылып отырған объектілердің жалпы немесе жеке (нақты) шығу тегіне тиесілігін, сонымен қатар шығу тегі бойынша нақты өсімдік немесе жануар объектісінің тепе-теңдігін анықтаумен байланысты (яғни, объект бөлшегінің бүтінге тиесілігін).

Жағдайға байланысты келесі идентификациялық сұрақтар қойылуы мүмкін:

- табиғаты бойынша биологиялық объектілер тасушы-затта оқиға болған жердің нақты учаскесінен пайда болған ба;
- биологиялық объектілердің (ағаш, ши тоқыма, тері, жануар денесінің бөлшектері) бөлшектері бөлінгенге дейін бір бүтінді құрады ма;
- ұсынылған өсімдіктің бөлшектері нақты өсімдікке тиісті ма;
- жануардың жүні нақты бір бұйымның бөлігі болып табылады ма;
- ұсынылған биологиялық объектілер (сабан, комбикорм, жүн, дәнді дақылдар) бірінғай массаға тиесілі ма.

Сот-биологиялық сараптамасының қарауына ұсынылуы мүмкін сұрақтардың толық тізімін келтіру мүмкін емес, себебі оның зерттейтін объектісі көп қырлы және зерттеліп жатқан оқиғаның саласына қатысты болуымен байланысты.

## 21.2. Агробиологиялық және агротехникалық сараптама

Агробиологиялық және агротехникалық сараптаманың **объектілері** ауылшаруашылық дақылдарымен байланысты биологиялық объектілердің тізімін толықтырады, яғни оларға ұрық себу және егу материалдарын, ауылшаруашылық өнімдерін, жер қыртысын, тыңайтқыштарды, химикаттарды, суару суларын жатқызады.

Бұл объектілердің сот сараптамалық **пәнін** сарапшылармен сот агробиологиялық және агротехникалық зерттеулердің саласындағы арнайы ғылыми білімдерінің негізінде анықталатын азаматтық, қылмыстық істің, әкімшілік өндірістің нақты мәліметтері, жағдайлары құрайды.

Сот агробиологиялық және агротехникалық сараптамасы шешетін **міндеттері** идентификациялық емес (диагностикалық, классификациялық, ситуациялық) және идентификациялық болып бөлінеді.

*Диагностикалық және классификациялық міндеттері* дәннің немесе басқа да ауылшаруашылық дақылдарының табиғатын, түрін, сұрыптық ерекшеліктерін, салыстырылып жатқан жиналған өнімнің немесе олардың өңделген заттарының жалпы түрге, жалпы топқа тиістілігін

анықтауға бағытталған. Оларды шешу кезінде мысалға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- ұсынылған дәнді дақыл күздік немесе жаздық болып табылады ма;
- ұсынылған ауылшаруашылық дақылдарының (немесе оның өңдеу өнімдерінің) аталуы және сапалық белгілері қандай;
- аталған егістік алқабында қандай дақылдар қолданылған;
- ұсынылған дақылдар (мысалға, бидай) осы жылғы немесе өткен жылдардың өнімі болып табылады ма және т.б.

*Ситуациялық міндеттері* ұрықтардың себуге дайындау, оларды өсіру, сақтау, дәндерді тасымалдау ережелерінің сақталуын, ұрықтардың сапасыз болу, өнімнің шықпау және шығындалу себептерін анықтауға бағытталған. Оларды шешу кезінде мысалға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- белгілі ауылшаруашылық дақылдарын нақты аумаққа себу кезіндегі себу нормалары қандай және нақты түрде қандай норма қолданылған;
- егілген егін тұқым сапасының бекітілген стандарттарына сәйкес болды ма;
- сұрыптау және қосымша әзірлеу кезінде қалдыққа дәнді дақылдарды есептен шығару жұмыстары дұрыс жүргізілді ма;
- егуге дайындалған ұрықтар сұрыптауға, дәрілеуге, жібітуге және баптауға ұшырады ма;
- көрсетілген аумақта көрсетілген ауылшаруашылық дақылының нақты көлемі себілгені (егілгені) туралы құжаттардағы (қандай екенін көрсету керек) мәліметтер шындыққа жанасады ма;
- ауылшаруашылық дақылдарын өңдеу технологиясы сақталды ма (егу нормасы, ұрықтарды егу тереңдігі, егу мерзімдері, егінді баптап-күту, суғару нормалары т.б.), бұл технологияның бұзылуы қандай салдарға әкеп соғуы мүмкін еді (әкеп соқты);
- қолайлы жағдайлар жасалған кезде осы аумақтан белгілі бір ауылшаруашылық дақылының қандай өнімі жиналуы тиіс еді;
- егіннің опат болу (сиректігінің) себептері қандай; сапасы төмен өнімді (тауарлық емес) алу себебі қандай ауылшаруашылық дақылдарына тыңайтқыштың нақты түрлері берілді ма, қандай көлемде;
- топырақ құнарлығының төмендеу себебі қандай; көп мөлшердегі улы химикаттарды (гербицидтерді) немесе тыңайтқыштарды қолданумен байланысты емес па; тиісті талаптардан ауытқу неде байқалды; ол қандай салдарға әкеп соқты (әкеп соғуы мүмкін еді); егінге мал түсуден (малдың егінді таптауынан) қандай шығын келтірілді;
- егінді жинау және астықты бастыру агротехникалық ережелерге сәйкес келеді ма; егіннің ысырап болуы орын алды ма, егер орын алған болса, ол қандай көлемде және қандай себептермен орын алды;

- тамырлы және түйнекті жемістерді сабанмен жабу технологиясы сақталды ма; кейбір компоненттерінің құрамы бойынша жемнің сапасы нормативті концентрацияларға сәйкес па;
- сақталып отырған ауылшаруашылық өнімнің бүліну себептері қандай; сақтау кезіндегі табиғи шығын ретінде дәнді дақылдың осы көлемінің есептен шығарылуы негізді ма;
- егінді нақты химикаттармен дәрілеу (қандай түрімен екені көрсетілсін) жұмыстары дәннің массасына әсер ете алды ма, егер әсер етсе, нақты қалай;
- егіннің немесе басқа да ауылшаруашылық өнімнің тамырында немесе егінді жинау кезінде бүлінуі агротехникалық ережелердің бұзылу себептері болып табылды ма, егер сол болса, онда нақтысында қандай;
- осы егіннің немесе басқа да ауылшаруашылық өнімнің бүліну дәрежесі қандай, дәнді дақылдар пайдаланыла алады ма, егер пайдаланыла алатын болса, онда нақтысында қалай; өнімнің бүлінуі оны сақтау ережелерінің бұзылуымен байланысты емес па;
- бұл шаруашылықта дәнді дақылдардың бүлінуінен және қамба зиянкестерінің зақымдауынан сақталуын қамтамасыз ететін қажетті шаралары қолданылды ма және т.б.

**Идентификациялық міндеттер** шығу тегі бойынша нақты өсімдіктің тепе-теңдігін анықтауға бағытталған (яғни объект бөлшегінің бір бүтінге тиістілігін немесе шығу тегін анықтауға). Жағдайға байланысты келесі идентификациялық сұрақтар қойылуы мүмкін:

- ұсынылған ауылшаруашылық өнімі осы егін алқабынан (учаскесінен) жиналуы мүмкін бе;
- әр жерлерден алынған дақылдар (бидай, ұн) бір массаға тиісті емес па және т.б.

### 21.3. Мал дәрігерлік және зоотехникалық сараптама

Сот мал дәрігерлік және зоотехникалық сараптамалардың **объектілері ретінде** жануарларды өзі, сонымен қатар айғақтық дәлелді заттар да болып табылады (қайтыс болған немесе өлтірілген жануарлардың мәйіттері, шығу тегі жануарлық өнімдер, жемдер т.б.).

Бұл объектілердің сот сараптамалық **пәнін** сарапшылармен сот мал дәрігерлік және зоотехникалық зерттеулердің саласындағы арнайы ғылыми білімдерінің негізінде анықталатын азаматтық, қылмыстық істің, әкімшілік өндірістің нақты мәліметтері, жағдайлары құрайды.

Сот мал дәрігерлік және зоотехникалық сараптамасы шешетін **міндеттері** диагностикалық-ситуациялық және идентификациялық болып бөлінеді.

**Диагностикалық-ситуациялық міндеттері** малдың өлімге ұшырау, қырылу; эпизоотияға қарсы, емдеу-профилактикалық, санитарлы-зоогигиеналық, карантинді ережелердің бұзылу; жануарларды баптап-күту және оларға жем беру ережелерінің бұзылу жағдайларын; жалған жем-шөп

өнімдерін жасаудың, жануарлардың ауруға шалдығу себептерін; жануарларды, құстарды (сонымен қатар үй жануарларын) қырып союдың және әдейі жарақаттаудың; табиғи қорықтарда жануарларды, құстарды, аңдарды, балықтарды тыйым салынған құралдармен және тәсілдермен және тыйым салынған уақытта заңға қайшы сойылу немесе аулану жағдайларын; жануар етінің пайдалану үшін жарамдылығын анықтауға бағытталған және т.б. Бұл міндеттерді шешу үшін мысалға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- жануардың өлу себептері қандай; жануар қашан қайтыс болған; жануардың өлуіне қандай сыртқы жағдайлар себепкер болды немесе себепші болды;
- жануарда қандай-да бір аурулары болды ма, егер болса, онда ауруының басталуы қай уақытқа жатады, оның себебі қандай;
- жануарларды ұстау, бағу, баптау және пайдалану жағдайлары сақталды ма;
- малшаруашылық (құс, аң өсіру) үй-жайларына іргелес жатқан аумақтарда, сонымен қатар жайылымдарда, бауларда, бақшада, егін алқабында, орманда дезинфекциялық, мелиоративтік, агрономдық, құрылыс және басқа да іс-шаралар кезінде пайдаланылған құралдар жануарлардың ауруға шалдығу және өлу себептері болып табыла алады ма; осы іс-шараларды жануарлардың (құстардың, бал араларының, балықтардың, аңдардың) қауіпсіздігіне кепіл болатын басқа да құралдармен және тәсілдермен өткізуге мүмкін ба еді;
  - жануарлардың (құстардың, мамық жүнді және басқа аңдардың) жағдайы сол уақытта антигельминтті және басқа іс-шараларды өткізуге мүмкіндік берді ма; бұл іс-шараларды кешірек мерзімдерде өткізуге болаты ба еді;
  - ауру малдың патологиялық материалдарының өлген немесе мәжбүрлі өлтірілген жануарлардың гистологиялық немесе серологиялық, биохимиялық, бактериологиялық, химико-токсикологиялық және т.б. зертханалық тексерудің салыстырмалы нәтижелері қандай; жем, сусын, су қалдықтарының кешенді зертханалық тексеру нәтижелері қандай және т.б.;
  - шаруашылықтағы жемдерді және қоректендіргіш құралдарды сақтау, сонымен қатар оларды құрама жем зауыттарында сақтау және жасау жағдайлары дұрыс па; жануарлардың (құстардың) ауруға шалдығуы шаруашылықтың өзінде бүлінген жем берудің нәтижесі болып табылмайды ма;
  - ауруға шалдыққан жануарларға қатысты емдеу іс-шаралары (алдын алу және басқа да ауруға жол бермеу шаралары) уақытылы және дұрыс жүргізілді ма; олардың мәні қандай, қандай дәрілер, қандай мөлшерлерде қолданылды.

Жануарлардың (құстардың, бал араларының, балықтардың, аңдардың) жұқпалы ауруларының пайда болу себептерін анықтауға бағытталған сұрақтар:

- жануарлар арасындағы жұқпалы ауруларды жою бойынша эпизоотикалық, емдеу-профилактикалық, санитарлы-зоогигиеналық, карантинді және басқа шаралар қаншалықты уақытылы және толық жүргізілген;
- эпизоотикалық, емдеу-профилактикалық, санитарлы-зоогигиеналық, карантинді және басқа шараларды жүзеге асыру ережелерінің бұзылуы орын алды ма, қарастырылып отырған жұқпалы аурудың пайда болуына немесе ары қарай таралуына ол себепші болды ма.

Жануарларды ұстаудың, жем-шөп берудің, пайданудың және күтіп-баптаудың қанағаттанарлықсыз жағдайымен байланысты өлу себептерін анықтауға бағытталған сұрақтар:

- жануардың ауруға шалдығу себептері қандай; алдын алу және емдеу бойынша емдеу-профилактикалық және санитарлы-зоогигиеналық іс-шаралар уақытылы жүргізілді ма;
- жануарға қажетті мал дәрігерлік көмек көрсетілді ма, оны өлімнен құтқарып қалуға болатын ба еді;
- жануардың арықтауы орын алды ма;
- жануарлардың, құстардың ауруға шалдығуы немесе қырылуы сапасыз жем берудің нәтижесінен орын алған жоқ па.

Жануарларды дұрыс пайдаланбаумен байланысты аурудың пайда болу және өлу себептерін анықтау кезіндегі сұрақтар:

- жұмысшы және өнімді жануарларды пайдаланудың қалыпты тәртібі бұзылған жоқ па; тәртіп бұзу қандай және ол ерте жарамсыздануға немесе өліміне әкеп соғатын асқынған немесе созылмалы ауруды тудырған жоқ па;
- жұмыста қолданылатын жүктеме жануардың денсаулық жағдайына сәйкес болды ма; жануардың ауруға шалдығуы және өлуі ауыр жүктеменің нәтижесінде орын алған жоқ па;
- қарастырылып отырған жануар нақты аурумен ауырады ма, ауру қалай пайда болды; осы аурудың дамуы жануарды дұрыс пайдаланбаудың себебі болып табылған жоқ па;
- ауруға шалдыққан жануардың демалу режимінде қандай кемшіліктерге жол берілген; олар оның денсаулығына қалай әсер еті;
- жануарға қарау жұмыстары тапсырылған тұлға оның денсаулық жағдайының нашарлағанын байқауы мүмкін ба еді, егер мүмкін болса, онда қандай белгілері бойынша; жануарлардың қырылуына немесе ауруға шалдығуына жол бермеу үшін қандай шаралар қолданылуы тиіс болатын.

Жануарлардың (құстардың, балықтардың, аңдардың) улану себептерін анықтауға байланысты сұрақтар:

- жануарлардың өлу себептері не болып табылды – ауруы немесе улануы, егер улану болса, онда қандай заттан улану орын алды;
- жануардың улануынан өлуіне дейін қанша уақыт өткен;

- өлікті сою кезінде анықталған мәйіттің органдарындағы байқалған клиникалық өзгерістердің белгілері удың әсерінен болуы мүмкін ба, егер мүмкін болса, онда ол қандай удың әрекетіне тән;
- емдеу-профилактикалық, дезинфекциялық, агрономдық, құрылыс жұмыстары және басқа да іс-шараларды жүргізу кезінде қолданылған улы заттар жануарлардың улану себебі болып табылады ма, егер сондай болса, осы іс-шараларды жануарлардың қауіпсіздігіне кепіл болатын басқа да құралдармен және тәсілдермен өткізуге мүмкін ба еді;
- жануарлардың улану жағдайлары туындауы мүмкін болған, әр түрлі дәрілік, заласыздандыру құралдарын, минералды тыңайтқыштарды және ауылшаруашылық дәрілерді тасымалдау, сақтау, беру, дайындау және пайдалану кезінде қандай-да бір тәртіп бұзушылықтарға жол берілді ма (мысалға, улы химикаттарды, ал соңынан жемдерді тасымалдау үшін бір ыдыстың пайдаланылуы);
- жануардың организміне улы заттар қалай түскен;
- сапасыз жемнің улы қасиеттері оның дұрыс дайындалмауымен немесе сақтаудың қанағаттанарлықсыз жағдайларымен түсіндірілетін (ботулизмнің жұғу, саңырауқұлақты токсиндердің пайда болуы, ашу процесінің басталуы, жемдердің ауылшаруашылық дәрілерімен араласуы) жануарлардың улануы сапасыз жем берудің нәтижесі болып табылмайды ма;
- нашар заласыздандырылған өндіріс қалдықтарын (мақтаның, қышаның күнжарасы (жмых), улы өсімдіктері мен олардың ұрығы бар жемдерді (сабан, дән қалдықтарын), улы заттары бар минералды қоректендіргіштерді берудің нәтижесінде улану орын алған жоқ па;
- жануарлардың улану жағдайларын алдын алу бойынша профилактикалық және басқа да шаралар, ауруға шалдыққан жануарларға қатысты емдеу шаралары уақытылы өткізілді ма.

Механикалық зақымдардан жануарлардың қырылуы немесе ауруға шалдығу себептерін анықтау кезіндегі сұрақтар:

- жануардың мәйітінде өмір сүру барысында алған зақымдары бар ма, егер бар болса, онда олардың сипаты қандай және орналасуы; жануардың денесіндегі жарақаттар қарудың қандай түрімен жасалған (доғал, кескіш, тескіш затпен және т.б.);
- жануардың өлімі оның алған жарақатының нәтижесі болып табылады ма; жарақат алғаннан кейін жануардың өлуі қанша уақыттан кейін орын алған;
- жануардың денесінде табылған жарақаттардың ауырлығы қандай, олар оның өмірі үшін қауіпті ма, олардың кейінгі салдары қандай (жарымжан болуы, жүріп-тұру және өнімділік қабілетінен айырылуы);
- жануардың денесінде табылған жарақаттарды ол өзіне өзі салуы мүмкін ба; жануардың денесіндегі жарақаттары басқа жануармен салынған жоқ па;

- жануарға көрсетілген мал дәрігерлік көмек оның өлуіне жол бермеуі мүмкін ба еді;
- жарақат алған жануарлардың пайдалану құндылығы төмендеген ба және еңбек ету қабілетін жоғалту немесе өнім беруінің күрт төмендеу себебінен олар жарамсыз деп танылуға жатады ма;
- жануардың организміне бөгде зат тірі кезінде әлде өлгеннен кейін түсті ма, егер тірі кезінде болса, онда өлгенге дейін қандай уақытта.

### **Материалдарды дайындау және рәсімдеу:**

Сот-биологиялық сараптамасы тірі табиғаттың кең ауқымды объектілерін зерттейді. Бұл объектілерді сараптамалық зерттеуге дайындау үшін белгілі бір ережелерді сақтау қажет. Тіршілік ету жағдайындағы және даму кезеңінің немесе қоршаған орта факторларының, температуралық өзгерістердің, инсоляциялардың әсерінен бұзылуы, белгілерінің өзгеруі мүмкін сараптамалық зерттелуге жататын биологиялық объектілер мейлінше қысқа уақытта жеткізілуі тиіс.

Шығу тегі бойынша жануарлардан пайда болған тірі объектілер ауа кіруі қамтамасыз етілген көлемді заттарға кіргізілуі керек. Шығу тегі бойынша жануарлардан пайда болған қатты өлі объектілерін және олардың бөлшектерін сынуға жол бермеу үшін қораптарға салу керек.

Жұмсақ денелі объектілерді қатырушы сұйықтықтарға (формалин, спирт) салу немесе тұзбен сеуіп тастау (терілер, сүйектер, асқазандағы заттар) керек.

Қатты өсімдікті объектілерді (жапырақтарды, сабағын, тамырларын, ағашты, сабанды, құрама жемді) қағаз пакеттерге салады.

Біріңғай мәліметтері бар (мысалға, оқиға орны туралы) ботаникалық объектілердің комплекстерін (биологиялық), бөлудің қажеті жоқ, керісінше сапалық құрамын көрсететін салыстырмалы үлгілерді толық көлемде алу керек.

Суда және ылғалдылығы жоғары жерлерде өмір сүретін өсімдіктер және жануарлар, сараптамаға сол субстратымен – суымен, жерімен, құмымен бірге ұсынылуы тиіс.

өсімдіктермен немесе тасушы-объектілердегі олардың бөлшектерімен салыстыру үшін арналған жердің оқшауланған учаскелерінен алынған өсімдіктерді бүтін күйінде алу және әр түрді бөлек пакетке салу қажет.

Үлкен көлемді биологиялық үлгілерді алу және зерттеуге жолдау кезінде (сабан бумасы, құрама жемнің немесе дәнді дақылдардың қоймаларынан) олар бүкіл массаның құрамын көрсетуі тиіс, яғни үлгілер ауқымды болуы тиіс.

Егер өсімдікті және жануарлар дүниесінің (бір дана жүн, өсімдіктің, балдырлардың, гүл тозаңының дақтары) тасушы-заттарында микро іздердің (микро көлемдердің) бар болуы болжамдалса, оларды іздеу, бекіту және зерттеу жұмыстарын биолог-мамандарына тапсыру қажет. Тасушы-заттардың бетіндегі биологиялық материалдың микрокөлемдері өте нашар

ұсталатынына байланысты, микро іздердің болуы қарастырылған жерлерді таза қағазбен немесе пленкамен желімдеп тастау немесе ақ матамен тігіп тастау қажет. Айғақты заттардың бұлайша дайындалуы сарапшының алдына іздің өзі (оның пайда болу механизмі, мерзімі) туралы мәселесі қойылған болса қажет.

Қажет болған жағдайда, сараптамалық зерттеуге келесі заттар жолданылуы тиіс:

- оқиға орнынан алынған бақылау үлгілері;
- коллекциялық материал (гербарий, ұрықтардың коллекциясы, іскерлік ағаш);
- анықтамалық ақпарат көздері – ілеспе ақпараттар, атластар, Мемлекеттік стандарттар, нұсқаулы анықтамалар (рецептурные справочники);
- оқиға орнын қарау, айғақты заттарды алу хаттамалары, сараптама пәніне қатысты қылмыстық істің материалдары.

Сараптамаға ұсынылатын материалдардың сипаты істің жағдайына, мән-жайларына және қойылған сұраққа байланысты.

## Ұсынылған әдебиеттер

1. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативті құқықтық актілер (өзгертулерімен және толықтыруларымен).
2. ҚР Конституциясы, Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 13.12.1997 ж. № 206-I (өзгертулерімен және толықтыруларымен).
3. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. 13.07.1999 ж. № 411-I (өзгертулерімен және толықтыруларымен).
4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 30.01.2001 ж. № 155-II (өзгертулерімен және толықтыруларымен).
5. ҚР «Сот сараптамасы туралы» Заңы. 12.11.1997 ж. № 1888-I (өзгертулерімен және толықтыруларымен).
6. Закон РК от 12.02.2010 г. «О судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан».- Казахстанская правда от 2.02.2010 г., №241-IV
7. О государственной судебно-экспертной деятельности в Российской Федерации: Федеральный Закон РФ от 31 мая 2001 г. № 73-ФЗ // Интернет-сервер “АКДИ Экономика и жизнь”, 2001.
8. Постановление Верховного суда Республики Казахстан № 12 «О судебной экспертизе по уголовным делам» от 26 ноября 2004 г.
9. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 1989 г. N 14 «Об экспертизе по гражданским делам» (с изменениями, внесенными нормативным постановлением Верховного Суда).
10. Нормативное постановление Верховного Суда РК от 13 декабря 2001 г. № 21 // Казахстанская правда. 2001. 14 нояб. «О подготовке гражданских дел к судебному разбирательству».
11. Инструкция по производству судебных экспертиз и специализированных исследований в Центре судебной экспертизы Министерства юстиции Республики Казахстан (с последующими изменениями, внесенными приказом Министра юстиции РК). Утверждена приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 24 октября 2002 г. N 158.
12. Инструкция по организации и производству судебно-медицинской экспертизы. – «Казахстанская правда» от 25.09.2010 г.
13. Перечень видов экспертиз, производимых в Центре судебной экспертизы Минюста РК, и экспертных специальностей, квалификация по которым присваивается Минюстом РК: утв. приказом Минюста РК от 14.06.1999 г. № 44 (с изм. и доп.) // Сборник законодательных актов. Алматы: Юрист, 2002.
14. Об утверждении Правил исчисления сроков производства судебных экспертиз в зависимости от категории их сложности и определения категорий сложности судебных экспертиз Приказ Министра юстиции

Республики Казахстан от 20 апреля 2010 года № 123. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 мая 2010 года № 6228". Казахстанская правда" от 11.11.2010 г., № 303-305 (26364-26366).

15. Об утверждении Инструкции по организации производства комплексных судебных экспертиз. Приказ И.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 22 апреля 2010 года № 134. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 мая 2010 года № 6227. Собрание актов центральных исполнительных и иных центральных государственных органов Республики Казахстан № 15, 2010 года (дата выхода тиража 25.11.2010)
16. Об утверждении Правил разработки, апробирования и внедрения методик судебно-экспертных исследований. Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 20 апреля 2010 года № 124. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 6 мая 2010 года № 6210. "Казахстанская правда" от 11.11.2010 г., № 303-305 (26364-26366); Собрание актов центральных исполнительных и иных центральных государственных органов Республики Казахстан № 15, 2010 года (дата выхода тиража 25.11.2010); "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 30 қарашадағы № 506-512 (26355).

#### **Негізгі:**

1. Бычкова С.Ф., Бычкова Е.С., Калимова А.С. Судебная экспертология. Курс лекций: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2005.
2. Бычкова С. Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Теория и практика судебной экспертизы: Учеб. пособие. Т. 1. Алматы: Жеті жарғы, 1999.
3. Бычкова С. Ф. Становление и тенденции развития науки о судебной экспертизе. Алматы, 1994.
4. Бычкова С. Ф. Судебная экспертиза: научные, организационно-правовые и методические основы. Теория и практика судебной экспертизы: Учеб. пособие. Т. 2. Алматы: Жеті жарғы, 2002.
5. Исаев А.А. Теоретические и правовые проблемы применения специальных знаний для квалификации преступлений. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.
6. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Подготовка и назначение в уголовном и гражданском процессах: Практ. пособие. – Алматы, 1999.
7. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе: Практ. пособие. – М., 1996.
8. Шакиров К.Н. Судебная экспертология. Курс лекций. – Алматы, 2008.
9. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики.- Алматы: Аркаим, 2002.
10. Шляхов А. Р. Судебная экспертиза. Организация и проведение. – М.: Юрид. лит., 1979.

### **Қосымша:**

11. Аверьянова Т. В. Содержание и характеристика методов судебно-экспертных исследований. Алма-Ата, 1991. 19. С. Абдуллаев Криминалистическая экспертиза в Казахстане. // Фемида, 2003
12. Агушевич А. М., Мозговых Г. А., Шакуров К. Н. О состоянии качества расследования дорожно-транспортных происшествий в Республике Казахстан // В кн.: Вопр. использования специальных знаний в уголовном и гражданском судопроизводстве: Сб. информ. писем для работников правоохранительных органов. Алматы, 1994. Вып.1.
13. Аубакиров А.Ф., Гинзбург А.Я., Лившиц Ю.Д. Значение экспертизы в расследовании преступлений: Уч. пособие. Караганда, 1991-100 с.
14. Аубакиров А. Ф., Мозговых Г.А., Шакуров К.Н. Криминалистическое исследование холодного оружия: Метод, разработка. Алма-Ата: КазНИИСЭ, 1991.
15. Белкин Р. С. Курс криминалистики: В 3 т. М.: Юристъ, 1997.
16. Винберг А. И., Малаховская Н. Т. Судебная экспертология – новая отрасль науки // Соц. законность. 1973. № 11. С. 49
17. Винберг А.И., Малаховская Н.Т. Судебная экспертология: общетеоретические и методологические проблемы судебных экспертиз. – Волгоград. 1979.
18. Энциклопедия судебной экспертизы./ Под ред Аверьяновой Т.В., Россинской Е.Р. – М.: Юрист, 1999.

### **Интернет көздері:**

19. ҚР Жоғарғы сотының ресми сайты: <http://www.supcourt.kz/>
20. РФ Жоғарғы сотының ресми сайты: <http://www.VSRF.supcourt.ru>
21. ҚР Бас прокуратурасының ресми сайты: <http://www.procuror.kz>
22. ҚР Әділет министрлігінің ресми сайты: <http://www.minjust.kz/sit>
23. [www.expert.ru](http://www.expert.ru);
24. [www.expert.com.ua](http://www.expert.com.ua);
25. [www.forensic.ru/sude.expert.html](http://www.forensic.ru/sude.expert.html)

### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Шакиров Каримжан Нурумович – заң ғылымдарының докторы, профессор**

**Тапалова Роза Баишевна – заң ғылымдарының кандидаты, доцент**

**Мергембаева Нұргүл Берғалиевна - заң ғылымдарының кандидаты, доцент**

